



“Мәдени мұра”

Мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары  
Қазақстан Республикасының  
тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың  
бастамасы бойынша шығарылды

Астана

2011

«МӘДЕНИ МҰРА» ҰЛТТЫҚ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОБАСЫН  
ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

---

Әшімбаев Мәулен, *кеңес төрағасы*  
Асқаров Әлібек, *жауапты хатшы*

Абдрахманов Сауытбек  
Атабаев Қамбарбек  
Аяған Бүркітбай  
Әбжанов Хангелді  
Әбусейітова Меруерт  
Әжіғали Серік  
Әлімбаев Нұрсан  
Байпақов Карл  
Байтанаев Бауыржан  
Балықбаев Тахир  
Дүйсембаев Еркін  
Есім Ғарифолла  
Жақып Бауыржан  
Жұмағалиев Асқар  
Жұмағұлов Бақытжан  
Қасқабасов Сейіт  
Қозыбаев Ілияс  
Құл-Мұхаммед Мұхтар  
Құрманбайұлы Шерубай  
Мұхамадиұлы Арыстанбек  
Мыңбай Дархан  
Нысанбаев Әбдімәлік  
Салғараұлы Қойшығара  
Самашев Зейнолла  
Сұлтанов Қуаныш  
Тұяқбаев Қанат  
Шаймерденов Ербол  
Шеңгелбаев Бақытжан

# БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫҚ

Қытайдағы қазақ фольклоры (12)

*Қара өлең*



УДК 398  
ББК 82.3 (5 Қаз)  
Б 12

*Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитетінің «Әдебиеттің әлеуметтік  
маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылды*

**«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының  
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қасқабасов С.А. (*төраға*), Қорабай С.С. (*төрағаның орынбасары*),  
Жұмасейітова Г.Т. (*жауапты хатшы*), Өзібаева Б.У., Күзембаева С.А.,  
Әлібеков Т., Қосан С., Мамыраев Б.Б.

**Томды басуға М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының  
Ғылыми кеңесі ұсынған**

**Томның редакция алқасы:**

Әлібеков Т. (*жауапты редактор*), Қасқабасов С.  
Қирабаев С., Қосан С., Еркінбаев Ұ.

**Томды құрастырып, баспаға дайындағандар:**

Әлібеков Т., Қосан С. (*жауапты шығарушы*), Райыс Ғ.

**Б 12** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. — Астана: «Фолиант», 2011.  
Т. 71: Қара өлең. — 416 б.

ISBN 978-601-292-368-1

«Бабалар сөзі» сериясының 71-томына Қытай қазақтары арасынан  
жиналған қара өлеңдер енгізіліп отыр.

УДК 398  
ББК 82.3 (5 Қаз)

ISBN 978-292-368-1 (т. 71)  
ISBN 9965-619-60-3

© Әдебиет және өнер институты, 2011  
© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2011

## ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарияланып отырған «Бабалар сөзі» сериясының жүз томдық ғылыми басылымын әзірлеуді одан әрі жалғастыруда.

Серияның бұған дейін баспаға ұсынылған жетпіс томына ұлттық фольклорымыздың сан-алуан жанрлары: эпостық шығармалар, шежірелер, жұмбақтар мен мақал-мәтелдер енген болатын. Дәлірек айтқанда, бүгінге дейін «Хикаялық дастандардың» — он үш, «Діни дастандардың» — жеті, «Ғашықтық дастандардың» — он бір, «Шежірелік дастандардың» — бір, «Тарихи жырлардың» — он бір, «Батырлар жырының» — жиырма, «Жұмбақтардың» — бір және «Мақал-мәтелдердің» — бес және «Қара өлеңнің» бір томы баспаға ұсынылды. Бұл басылымдардың он бір томын Қытай қазақтарының фольклорлық мұралары қамтыды.

Қалың оқырман мен ғылыми көпшіліктің назарына ұсынылып отырған 71-том қазақ фольклорының ең көне, көркем жанрларының бірі қара өлеңге арналды. Қара өлең, әдетте, он бір буынды, төрт тармақты бір шумақпен қысқа қайырылып, халық өмірі мен оның тыныс-тіршілігін, арман-аңсары мен әлеуметтік ахуалын, адамның көңіл-күйін, ғашықтық сезімі мен айнала қоршаған табиғатқа қатысты ой-пікір, іс-әрекетін көркем тіл, айшықты теңеулермен бірде шынайы, енді бірде астарлай суреттейтін халықтық шығармалардың шағын түріне жатады.

Қара өлең үлгілері қазақ поэзиясында ерте замандардан-ақ кең қолданыс тапқан және көбінесе белгілі бір сазды әуенге қосып айтылатын болған. Қазақ поэзиясының бұл түрі өзінің синкретті сипатымен ерекшеленеді. Сондықтан да қазақтар қара өлеңдерді жиын-тойларда, қыз ұзату, шілдехана, келін түсіру, бастаңғы, діни мерекелер секілді сан-алуан дәстүрге қатысты салттық және рәсімдік жоралғылар үстінде айтқан. Дайын қалыптардың болуы қара өлеңді кез келген жанның жанынан шығаруына да, жадынан алып айтуына да мол мүмкіндік туғызған. Тіпті, қара өлеңді домбыраға қосылып та, жеке дауыспен аспаптың сүйемелінсіз де айту дәстүрге жат емес.

Шындығында, осы домбырасыз, кез келген әуенге қосып айта беруге бейім қарапайымдылық қасиеті үшін де халқымыз оны «қара өлең» деп атауы әбден мүмкін. Қара өлеңнің фольклорға тән басты белгілерінің бірі — оның көп нұсқалылығы болып табылады. Бұл орайда көптеген мәтіндердің жекелеген тармақтары өзгерместен, яки аздаған құбылтулармен қайталана беретіндігі — үйреншікті жайт. Ондай «дайын шумақтар» халықтық туындыларда ғана емес, өткен ғасырлардағы белгілі халық композиторларының әндерінде де жиі қолданыста болғандығы белгілі. Әрине, көп жағдайда алғашқы қос тармақ түрліше қайталауларға ұшырағанымен, ақындар келесі екі өлең жолына айтар ойын жинақтап, тың теңеулер арқылы тегеурінді сөз сабақтап, діттеген мақсатына жетіп отырған. Осы әдісті айттыскер ақындарымыз да күні бүгінгі дейін қолданып келе жатқандығы аян. Қара өлең, әсіресе қыз бен жігіт арасындағы қайым айтыс үлгілерінде жиі ұшырасады. Мұнда да ақын жігіт қыздың айтқан өлеңінің алғашқы жолдарын дәлме-дәл қайталай отырып, өз кезегінде қарсылас құрбысына ұтымды жауап табуға ұмтылады.

Қара өлең — қазақ жерінің барлық өңірлеріне кең тараған өнімді поэзиялық жанр. Фольклор зерттеушілері халық

туындыларының бұл түрінің Жетісу мен Қытай қазақтары өмір сүретін көршілес аймақтарда, сондай-ақ Қазақстанның орталық және шығыс өлкелерінде жақсы дамығанын жазады.

Жалпы, қара өлеңдер екі томға жоспарланып, оның алғашқысына (70-том) кезінде этнограф-ғалым, профессор А.Сейдімбек құрастырған «Мың бір маржан» (1989) және көрнекті қазақ ақыны О.Асқар жариялаған «Қара өлең» (1997) жинақтары, сондай-ақ ұзақ жылдар бойы ел арасынан жиналып, ҚР БҒМ ОҒК мен М.О.Әуезов атындағы ӨӘИ сирек қорларында қолжазба күйінде сақталған қара өлең мәтіндері енген болатын. Ал кезекті 71-томға Қытайдағы қазақтар арасында кең тараған, кезінде Үрімжі қаласындағы «Шинжаң халық» баспасынан жарық көрген қара өлең жинақтарында басылған мәтіндер қамтылды. Бұлардың арасында ел арасынан жалпылама жиналғандары да, жеке-леген автономия аудандарынан жазып алып, жариялаған қара өлең үлгілері де кездеседі. Атап айтқанда, 1993 жылы Текес аудандық халық ауыз әдебиеті топтамаларының редакция алқасы құрастырған және 1989 жылы Үрімжі қаласында жарық көрген «Жігітке өнер де өнер, өлең де өнер» атты жинақтар осындай бағалы басылымдардың қатарында аталады.

Томды баспаға әзірлеу барысында мәтіндер төте-араб әліпбиінен қазіргі қолданыстағы кирилл әрпіне көшіріліп, «Бабалар сөзі» сериясының ұстанымдарына сай жүйеленді және шетелдегі отандастарымыздың тілінде кездесетін жергілікті, кәсіптік, диалектілік ерекшеліктері толықтай сақталды.

Топтаманың ғылыми ұстанымдарына сәйкес, мәтіндер ғылыми қосымшалармен қамтамасыз етіліп, реттік санмен нөмірленді. Томның ғылыми қосымшалары: томға енген мәтіндерді жазып алушылар мен жариялаушылар және басылымдар туралы мәліметтер, томға енген мәтіндерге

ғылыми түсініктеме, сөздік, жер-су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен діни атаулардың түсініктері, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және томның орыс, ағылшын тілдерінде жазылған түйіндері.

Томның жалпы көлемі — 26 б.т.





МӘТІНДЕР





# Қара өлеңдер

1. Адырдан «айт-айт» десе, қашар түлкі,  
Қолындағы қулық бие өсер жылқы.  
Үйірі қысырақтың көбейсе екен,  
Қаракөл, күміс құйрық малдың көркі.
2. Айтайын, айт дегенде төрт түлікті,  
Айыр өркеш түйеден жылқы мықты.  
Жылқының күштілігі сол емес пе,  
Адамды алпамсадай алып ұшты.
3. Айтайын, айт дегенде теріскейді,  
Қойларым теріскейді өрістейді.  
Қой келді, малыңды сау, қалқатайым,  
Отыру бекер қарап келіспейді.
4. Айтамын бірден санап көп атымды,  
Басқа емес мініп жүрген өз атымды.  
Жасынан жүлде бермес жүйрік еді,  
Айтамын өлең қылып боз атымды.
5. Айдап салдым жылқымды ошағанға,  
Салсам құрық жетпейді қашағанға.  
Қалқам-ау, жылқышыны еске аларсың,  
Жаудырап екі көзің қой сауғанда.
6. Аласаны тағы да аласаны,  
Аласаны жайылып мал асады.

Қыратынан қиқулап салсам өнге,  
Малға толы жайлауға жарасады.

7. Ақ серке ай мүйізді қой бастайды,  
Алшандап қой ішінде ойқастайды.  
Мал бағып кешке таман оралғанда,  
Алыстан сәулетайым көз тастайды.
8. Асау сүйреп әкетті көнегімді,  
Жел ұшырып әкетті желегімді.  
Сиыр теуіп сындырды шелегімді,  
Күнде сауып алушы ем керегімді.
9. Ат қайда Ақбақайдай шаппай желген,  
Ақырға жем жерінде өзі келген.  
Түскенде талай рет қыз қуарға,  
Өнерін Ақбақайдың қыздар көрген.
10. Атымның кекіліне үкі тақтым,  
Болсын деп малым семіз, тауға бақтым.  
Қалқаның ауылына барғанымда,  
Атымның басын тартып жорғалаттым.
11. Ауыл көркем көрінер жотадағы,  
Жарасар таққан үкі ботадағы.  
Ұры менен бөріден аман болсын,  
Қорадағы қойымыз отардағы
12. Атымды арқандаймын қазық қағып,  
Сақтаймын ұрылардан бағып-бағып.  
Атымды арқандаулы үркітерсің,  
Шашыңа сылдырлатып шолпы тағып.
13. Атыңыз аунақшиды, шеміршек пе?  
Ем дайын бұл ауылда шеміршекке.  
Атыңның шеміршегін алып берер,  
Жалынсаң ауылдағы келіншекке.

14. Атымды астымдағы тағаладым,  
Тағалап өзен суды жағаладым.  
Болсын деп жылқым аман ит пен құстан,  
Үйірін қысырақтың араладым.
15. Ауылым көшіп барады Аққауланға,  
Жабағы арық, тай семіз көп сауғанға.  
Айналсоқтап қасыңнан шыға алмаймын,  
Ақ білекті сыбанып қой сауғанда.
16. Базардан алып келген қызыл күлше,  
Қамшылап жылан бауыр дүлдүл мінші.  
Жез таңдай, бұлбұл көмей ақын болсаң,  
Шығыпты сиыр қайдан, соны білші?
17. Базардан алып келген ақшым бөз бар,  
Ішінде ақшым боздың ырғай кез бар.  
Кем ақыл сен білмейсің, мен айтайын,  
«Шығыпты сиыр судан» деген сөз бар.
18. Базардан алып келген қызыл күлше,  
Қамшылап жылан бауыр дүлдүл мінші.  
Көсілген көмекейің ақын болсаң,  
Шығыпты қойлар қайдан, соны білші?
19. Базардан алып келген ақшым бөз бар,  
Ішінде ақшым бөздің ырғай кез бар.  
Қалқатай, сен сұрасаң, мен айтайын,  
«Шығыпты қой бейістен» деген сөз бар.
20. Базардан алып келген қызыл күлше,  
Қамшылап жылан бауыр дүлдүл мінші.  
Алдыңа ақын болсаң, сала айтайын,  
Шығыпты жылқы қайдан, соны білші?
21. Базардан алып келген ақшым бөз бар,  
Ішінде ақшым бөздің ырғай кез бар.  
Кем ақыл, сен білмейсің мен айтайын,  
«Шығыпты жылқы желден» деген сөз бар.

22. Базардан алып келген қызыл күлше,  
Қамшылап жылан бауыр дүлдүл мінші.  
Жез таңдай, күміс көмей ақын болсаң,  
Шығыпты ешкі қайдан, соны білші?
23. Базардан алып келген ақшым бөз бар,  
Ішінде ақшым бөздің ырғай кез бар.  
Қалқатай, сен білмесең, мен айтайын,  
«Шығыпты ешкі тастан» деген сөз бар.
24. Базардан алып келген ақшым бөз бар,  
Ішінде ақшым бөздің ырғай кез бар.  
Кем ақыл, сен білмесең, мен айтайын,  
«Шығыпты түйе сордан» деген сөз бар.
25. Барғанда саржайлауға көтерем қой,  
Түбінде мал болмайды жөтелген қой.  
Бар болса ауылыңда осындай қой,  
Қалқатай, жинап алып тойыңа сой.
26. Бастаған мың жылқыны қайқаң бие,  
Көтерген ауыр жүкті атан түйе.  
Кеткенде ауылың алыс, қимас қалқам,  
Түйемді көшкен сайын сен жетеле.
27. Басынан қой суардым мөлдір бұлақ,  
Маңырар, енесі өлсе, жетім лақ.  
Жұмбағын мал өлеңнің айтсам бірден,  
Шешімін табу сізге қиынырақ.
28. Боз атым жас күнінде қаракөк-ті,  
Қара көк жылқы ішінде болар текті.  
Айта бер боз атыңды бір-бір бастан,  
Өлеңші жан екенсің сөзге епті.
29. Боз аттың бойдай талай бой денесі,  
Адамның қолқа, жүрек — жан денесі.  
Боз аттың бар мүшесін өлең қылсам,  
Шықпасын әріптестің сонда есі.

30. Боз аттың бойдай талай белдемесі,  
Қолқа, жүрек — адамның жан денесі.  
Боз аттың бар мүшесін өлең қылсам,  
Қозады шын ақынның делебесі.
31. Боз аттың бойдай талай басындайсың,  
Емілдің орқаш-орқаш тасындайсың.  
Кез болған қиуада, қос әріптес,  
Қара өлеңге келгенде тасқындайсың.
32. Боз аттың секілдісің арқасындай,  
Сырың бар қатпарланған құз тасындай.  
Келгенде қара өлеңге дес бермейсің,  
Қияның құзғын ұшпас жартасындай.
33. Боз аттың бойдай талай жалындайсың,  
Ешкімнен өлең сұрап жалынбайсың.  
Кез болған қиуада, қос әріптес,  
Өлең сөзге келгенде арындайсың.
34. Боз аттың бойдай талай құйрығысың,  
Сайраған сахараның бұлбұлысың.  
Кез болған қиуада, қос әріптес,  
Өлеңнің шалдықпайтын дүлдүлісің.
35. Боз аттың бойдай талай тіліндейсің,  
Қырмызы қызыл гүлдей күлімдейсің.  
Қорымнан аңдып басқан қаракердей,  
Қара өлеңге келгенде сүрінбейсің.
36. Боз аттың бойдай талай боғындайсың,  
Келіншектің тана-моншақ шоғындайсың.  
Әріптес, тілің шешен, сөзің өткір,  
Мырыштың дәлдеп атқан оғындайсың.
37. Боз аттың бойдай талай жүгіндейсің,  
Жайлаудың жаңа ашылған гүліндейсің.  
Кез болған қиуада, қимас қалқа,  
Елжіретіп жүректі күлімдейсің.

38. Боз аттың бойдай талай сауырысың,  
Сауырға жарамасаң, жауырысың.  
Көз алмай саған қарап отырғаным —  
Құрбының өзің теңдес тәуірісің.
39. Боз аттың бойдай талай тұяғысың,  
Жайқалған саздауыттың қияғысың.  
Шын көңіл, шын пейілім ауды өзіңе,  
Сөзінде уағдалы тұрамысың?
40. Боз аттың бойдай талай құлағысың,  
Жайлаудың қаулап өскен құрағысың.  
Әншейін айта салған сөз болмасын,  
Әуелі, өзің сертте тұрамысың?
41. Боз аттың бұлаңдайсың құйрығындай,  
Кім көнбес Жаратқанның бұйрығына-ай!  
Қаласаң, іліп ала жөнелер ем,  
Алтайдың ақиықты қыранындай.
42. Боз аттың бойдай талай таңдайысың,  
Кім біледі бар екен қандай ісің.  
Қырандай мені іліп жөнелетін,  
Басқа қыздан, батырым, қорқамысың?
43. Боз аттың бойдай талай маңдайысың,  
Сұлудың кім сүймейді таңдаулысын.  
«Аңдып бас аяғыңды» деген қайда,  
Кім білед бар екенін қандай ісің.
44. Боз аттың бойдай талай тісіндейсің,  
Әріптес, мені неге түсінбейсің.  
Қалтырап, қусырылмай жақын отыр,  
Жылынсаң қызуыма үсінбейсің.
45. Боз аттың бойдай талай көзіндейсің,  
Ақ шағи саудагердің бөзіндейсің.  
Шын көңіл, шын пейілің менде болса,  
Әріптес, не себепті көрінбейсің?



46. Боз аттың бойдай талай танауысың,  
Жігіттің көрдім мен де таңдаулысын.  
Ұсынсам жүрегімді қолыма алып,  
Қуаныштан от болып жанбаймысың.
47. Боз аттың бойдай талай үлпершегі,  
Адамның мандымайды еріншегі.  
Кез болған қиуда, қимас қалқа,  
Боласың әлде кімнің келіншегі?!
48. Боз аттың бойдай талай жағындасың,  
Бұлдырап көрінетін сағымдайсың.  
Болғанда сөзің өткір, ойың асқақ,  
Келгенде қара өлеңге жалындайсың.
49. Боз жорға арықтаған бір шөл жерде,  
Жасында таныс еді-ау әрбір жерге.  
Үстінен ер, мойнынан жал кеткен соң,  
Көңілі толып жатыр қайғы-шерге.
50. Боз жорға мүлде арықтап жүре алмаған,  
Адамға қадірі жоқ сыр алмаған.  
Жылайды, кісінейді күндіз-түні  
Жанына шипа тілеп бір Алладан.
51. Боз жорға, аяғы ақсап тауда қалды-ау,  
Қайтейін қайырымсыз жауда қалды-ау.  
Мінгендер күйі барда келе ме деп,  
Қараумен бейшараның көзі талды-ау.
52. Боз жорға сорлы болдың жал түскенде,  
Көрмеске иең сені ант ішкен бе?  
Жаныңды дауалайтын емші қайда,  
Жүре алмай аяғыңа қан түскенде?
53. Болсын деп тайым жорға шаужайлаймын,  
Қойымды семіртеп деп тау жайлаймын.  
Малымды тойындырсам жаздың күні,  
Болғанда қыстың күні қиналмаймын.

54. Дәйім менің мінгенім жирен қасқа,  
Жүйрік болса, шаппай ма тау мен тасқа.  
Жиренім өзі жуас, өзі жорға,  
Мал емес шадыр мінез алақашпа.
55. Дәйім менің мінгенім ақ боз атым,  
Ақ боз ат болар менің қос қанатым.  
Ақ бозым жиын-тойда жүлде алып жүр,  
Асырып иесінің салтанатын.
56. Дәйім менің мінгенім жүйрік бөрте,  
Бөртемен барып қайтам бүгін, ертең.  
Араға жаушы салып айттырармын,  
Егер де талабымды мақұл көрсең.
57. Дәйім менің мінгенім құлагерім,  
Күнде той, күнде думан жүрген жерім.  
Ән десе бәйге атындай елеңдеймін,  
Ежелден әнге құмар бір мінезім.
58. Ендеше, айтагенің айт дегенді,  
Әріптес төгілдіріп айтты өлеңді.  
Дәстүрлі қара өлеңнің бір бұтағы,  
Азырақ айтайықшы ат өлеңді.
59. Жаз міндім жеңіл жылқы биебауға,  
Сондықтан бара алмадым жайлау тауға.  
Жылқыдан құры атымды ұстап мініп,  
Барамын ауылыңды аралауға.
60. Жақсы атты әдемілеп кезімдейді,  
Байласа ат ақырға, не жемейді?  
Аяғың бір нәрседен шалыс болса,  
Көп дұспан көре алмаған не демейді!
61. Жетер ме, салсам құрық телкүреңге,  
Жорға, жүйрік мал еді телкүрең де.  
Кеткенде ауылың шалғай, қалқатайым,  
Мінерсің телкүреңге бір күн сен де.

62. Жетер ме, салсам құрық көк дөненге,  
Көк дөнен кез болмасын көлденеңге.  
Кеткенде алыс аулың, қимас қалқа,  
Көк дөнен де ат болар өлмегенге.
63. Жүйріктің жалын сүзіп, үкі тақтым,  
Арқандап бекіткелі қырға бақтым.  
Желігіп желдей есіп жүре алар ма ем,  
Астымда болмаса егер жүйрік атым.
64. Жүйрік пенен жорға менің таңдағаным,  
Асауды ала арқанмен шамаладым.  
Адырдан асыр салып жылқы жинап,  
Жаңғыртты тау, даланы салған әнім.
65. Жылқыда бір құлын бар тай секілді,  
Тұяғы сол құлынның ай секілді.  
Малшыға мен секілді аты шыққан,  
Көңілі қалқатайдың бар секілді.
66. Жылқы деген мал жақсы күзеткенге,  
Сымдай болар тал құрық түзеткенде.  
Бәйге атындай тықыршып тұра алмаймын,  
Дәл қасымнан, қалқатай, сіз өткенде.
67. Жылқы мінез желігім ырықты алып,  
Қашағанға ұмтылдым құрықты алып.  
Асау кердей алшаңдап жүрген басым,  
Сабасынан барады асып-тасып.
68. Жылқы деген мал жақсы аман болса,  
Халық неге бағады, жаман болса?!  
Бозторғай қой үстіне жұмыртқалап,  
Жылқы өсір дәл осындай заман болса.
69. Жылқыда аман болсын телқара атым,  
Көмбеге жүлделі боп тең баратын.  
Барасың алыс отар, қиыр шетке,  
Мінсе — жел, көпсе — көлік, қос қанатым.

70. Жылқыдан аман болсын жирендерім,  
Сен барда жақын деуші ем жүрген жерім.  
«Жылқыға жұт келді» деп естігенде,  
Қобалжып күні-түні үйге енбедім.
71. Жылқыда аман ба екен құла атым-ай?  
Алысқа талмай жетер, қанатым-ай!  
Көзімнен бұлбұл ұшып кетесің бе,  
Қолымда көртейгенше тұра тұрмай.
72. Жылқыда аман болсын күреңдерім,  
Саудырап бос қалар ма жүгендерім.  
Сұрасам елден көш ат, ер арқалап,  
Болмай ма көшкен сайын бір өлгенім.
73. Жылқыда аман болсын, көктерім-ай,  
Шынымен таусылды ма шөптерің-ай!  
Байлатпас жан торсықты, жануарым.  
Қанды етті қанжығаға бөктердім-ай!
74. Жылқыда аман болсын биелерім,  
Босап жүр сендерді ойлап жүйелерім.  
Жайлауға аман жетіп, бие байлап,  
Жатсам деп армандап жүр иелерің.
75. Жылқыда аман болсын дөнендерім,  
Жібермей жаздай мінген көбеңдерім.  
Ақпанның аязында не болды деп,  
Қыс бойы жатпай-тұрмай елеңдедім.
76. Жылқыда аман ба екен құнандарым?  
Бәйге сап ала жаздай қуанғаным.  
Босап ең сартоқым боп балалардан,  
Не күйде жүргеніңді біле алмадым.
77. Жылқыда аман ба екен, тайларым-ай,  
Жаз бойы сендерді де байладым-ай!  
Қыс қатты, жайылым жоқ ел маңында,  
Амалсыз алыс отар айдадым-ай!

78. Жылқыда аман ба екен құлындарым?  
Құндыздай жылтыраушы ең бұрын бөрің,  
Күлтелі құйрығыңнан айналайын,  
Сүрінбей мықты жүр ме буындарың?
79. Зеңгі баба табынның бұқасы екен,  
Ет пен майға өн бойы тұтас екен.  
Шопан ата отардың қошқары екен,  
Егіздетіп жылда төл қосқан екен.
80. Кекілі кербестінің тарам-тарам,  
Желпінер кербестіге мінген адам.  
Жылқының күзетінен қайтқан кезде,  
Өлеңмен таң алдында сені оятам.
81. Кербесті құлынында керім еді,  
Барғанда нағашыма беріп еді.  
Бәйгеге шоқтап барып қосқанымда,  
Алдында бес жүз құнан келіп еді.
82. Кербесті мен сияқты жетім еді,  
Сүтімен көк сиырдың жетіп еді.  
Сыншыға құнанында сынатқанда,  
«Бәйгені бермейді» деп кетіп еді.
83. Кер атым жұлынады желген сайын,  
Орғиды еті қызып шапқан сайын.  
Жалындай кер атымның ұзын екен,  
Көрінер шашың сұлу өрген сайын.
84. Көкекте ақ інгенім боталаған,  
Ботасын ертіп жонды жоталаған.  
Ботасы аз-ақ күнде атан болар,  
Жүгіңді көші-қонда артсаң соған.
85. Көрдің бе сұлу жирен су өрлеген,  
Аяғын шалыс қылып шідерлеген?  
Секемшіл жылқы мінез жан екенсің,  
Батпаққа басқан ізің білінбеген.

86. Көшкенде жылқы айдаймын қызылменен,  
Күлтелі құйрық-жалы сүзілмеген.  
Болғанда қыстың күні қансонарда,  
Бүркіт ап аңға шығам қызылменен.
87. Көшкенде жылқы айдаймын белеңменен,  
Арғымақ өзі сұлу дөненменен.  
Дөненім бесті болар келер жылы,  
Ат болар онан кейін үкілеген.
88. Көшкенде жылқы айдаймын бестіменен,  
Көкбестім сетер еді үкілеген.  
Бестімен ұзақ жолға жүргенімде,  
Жануар алды аяңдап, арты желген.
89. Көшкенде жылқы айдаймын белеңменен,  
Қаракөк өзі көбең дөненменен.  
Ішінде төрт түліктің жылқы жақсы,  
Қызады қымыз ішкен жігіт-желең.
90. Көшкенде жылқы айдаймын қиқу салып,  
Қолыма бір солқылдақ шыбық алып.  
Жіберем тоқпақ жалды торайғырды,  
Алдына қысырақтан үйір салып.
91. Көшкенде жетектедім тоғыз тайлақ,  
Бекітейін тайлақты талға байлап.  
Сапырып сары қымызды, ішейінші,  
Құдағи отыр екен бие байлап.
92. Кім екен таңертеңгі қозы ағытқан,  
Мен едім боз жорғамен орағытқан.  
Қалқатай, ары қарамай, бері қара,  
Мырзамын өр жайлауда жылқы баққан.
93. Қайың құрық, тал құрық, мойыл құрық,  
Қашағанды көп қудым зорықтырып.  
Жоқ қарадым сандалып көптен бері,  
Көп шиырға кетіп жүр жолықтырып.

94. Қаратау басы биік жайлағанға,  
Жас құлын кісінейді байлағанға.  
Жүгірер сиыр сасық суды көрсе,  
Тышқақтап түзу жүрмей айдағанға.
95. Қара атқа шідер салдым кетпесін деп,  
Басына жемдорба ілдім жеп тұрсын деп.  
Кеш болса, қара атыма ер саламын,  
Малға да, қалқаға да қарайын деп.
96. Қойды айдап өткіздім қара судан,  
Қоныс таптым тоғайдың арасынан.  
Қымыз ішіп қызара бөртіп жүрмін,  
Жеңгемнің сырты сырлы шарасынан.
97. Құнан керім, тай керім, дөнен керім,  
Үгіп-үгіп мінесің аттың терін.  
Желдік салып, қос тартпа тізгін ұста,  
Керімнің өзі-ақ білер барар жерін.
98. Қырға айдадым үйірін қысырақтың,  
Құлагерге мәпелеп үкі тақтым.  
Арда емген асауды ұстап мініп,  
Қысы-жаз ұйқы көрмей жылқы бақтым.
99. Мал жайылар қыстауда қарасынға,  
Қар жатпайды желді жер даласында.  
Астымда тобылғы тор ойнақтайды,  
Шапқан ат ілеспейді жорғасына.
100. Мал жайылар жотаның жолы қиыр,  
Балаусалы шалғыны соны биыл.  
Жылқы деген мал жақсы жылыстаған,  
Мінсең-түссең, көзге ыстық, жаныңа үйір.
101. Мал жақсы жылқы деген айдағанға,  
Асау тай жуасиды байлағанға.  
Ішінен бір жорғаны таңдап мініп,  
Жігітке бұл бір орай ойнағанға.

102. Мал жақсы жылқы деген бағып жүрсе,  
Мойнына үкі, тұмар тағып жүрсе.  
Көңілі ер жігіттің көтерілер,  
Үкілеп бір жорғаны мініп жүрсе.
103. Мінемін көшкен сайын бөкен санды,  
Қайтып тастап кетесің баққан малды.  
Өзіңді айттыруға көңілім ауды,  
Берейін қорамдағы барлық малды.
104. Мінгенің астыңдағы қақпанбелің,  
Жарасар әшекейлеп жапқан кежім.  
Қақпанбел астыңдағы аман болса,  
Сайрандап жүретұғын келді кезің.
105. Мінемін ел көшкенде ақтан керді,  
Ақтан кер алды аяндап, арты желді.  
Бүйірі ақтан кердің қызғанда,  
Талғамай шабушы еді ылди-өрді.
106. Мінгені қалқатайдың түйе ме екен,  
Жануар, жақсы-ақ екен түйе деген.  
Түйені үлкен тұрғай, жас бала да,  
Тізіп ап бұйдасынан жетелеген.
107. Мінгенім астымдағы шыбар тайым,  
Білесің шыбар тайдың өзің жайын.  
Әкетем мінгестіріп тірі болсам,  
Шыбар тай ат болғанда тұрсаң дайын.
108. Мінсем — ат, артсам — түйе, шыбарым-ай,  
Мал қайда дүниеде шыбарымдай?  
Мойны ұзын, қамыс құлақ, майда жалды,  
Сымбаты Жырғалаңның шыбарындай.
109. Мінсем — ат, артсам — түйе, сүркіігім,  
Ішінде таңдаулысы төрт түлігім.  
Қабырғалы, жоталы, өзі күшті,  
Сол ғана алал еттен бар көлігім.



110. Мінсем — ат, артсам — түйе, торшолағым,  
Ұзақ жыл серік болған сол шолағым.  
Мал еді шолақ құйрық, тоқпақ жалды,  
Қайшылап жүруші еді қос құлағын.
111. Мінсем — ат, артсам — түйе, кершолағым,  
Шолақтың шабысына таң қаламын.  
Болғанда қыстың күні қансонарда,  
Күніне алты-жеті түлкі аламын.
112. Мінгенім дәйім менің қашаған кер,  
Керімнің алды аяңдап, арты желер.  
Келгенде зар бабына қашаған кер,  
Аспанда ұшып жүрген құсқа жетер.
113. Мінгенім дәйім менің көктөбелім,  
Көктөбел жылқысы еді Көктөбенің.  
Астымда көктөбелім аман болса,  
Баруға жақын болар алыс жерің.
114. Мінгенім дәйім менің қызыл сары,  
Келісті өзінің де құйрық-жалы.  
Сары атым әрі жорға, әрі жүйрік,  
Болсашы дәл осындай малдың бәрі.
115. Мінгенім дәйім менің айғай күрең,  
Жұлқынар, топтан шықса, айғай-сүрен.  
Күреңің анадайдан кісінейді,  
Қыз көрсе ен далада қаңғып жүрген.
116. Мінгенім таулы жерде ақ қояным,  
Ауылыңның арт жағына ат қоямын.  
Атымды ұры-қары алмасын деп,  
Төрт бөліп түн ұйқымды оянамын.
117. Мінгенім астымдағы жирен едің,  
Жирен ат, сен шідерге үйренбедің.  
Оятып, ұйықтап қалсам, кісінеген,  
Адамнан ана-мына ақылды едің.

118. Мінгенім ақжал торы, жез қанатым,  
Дүбірі шапқан сайын жер жаратын.  
Қатырсам жануарды мейіздей қып,  
Әр жолы бас бәйгені өзі алатын.
119. Мінгенім дәйім менің шағыр қасқа,  
От шығар, тисе тұяқ шағыл тасқа.  
Жылқыда жүйрік те бар, жорға да бар,  
Бірақ та шағырымның орны басқа.
120. Мінгенім үкілі кер секектеген,  
Жануар желісіне жел жетпеген.  
Кетуші ем алыс жолға керімменен,  
Қосарға ап бір жүйрікті жетектеген.
121. Мінгенмін сені таңдап, сары құнан,  
Иеңнің қайда кетті пары құнан.  
Құнаным үшқыр еді тызылдаған,  
Жете алмай қалушы еді қыздар құған.
122. Мінгенім астымдағы торы бесті,  
Торы бесті жыл сайын толып өсті.  
Өзіңмен алғашқы рет танысқанда,  
Туылған құлын еді осы бесті.
123. Мінгенім дәйім менің қасқа құнан,  
Жетпейді оған тіпті басқа құнан.  
Қалқатай, сен білмесең, мен айтайын,  
Атасы құнанымның болар құлан.
124. Мінгенім астымдағы көлбеген көк,  
Бәйгеге бұл көгімді қоспадым көп.  
Күн сайын көлбегенді ерттеп мініп,  
Барайын саумал сұрап шөлдеген боп.
125. Мінгенім астымдағы қарала аяқ,  
Қалқатай, қаралаға үкіңді тақ.  
Төрт бөлем түн ұйқымды мал дегенде,  
Барамын күннен-күнге аттан жарап.

126. Мінгенім астымдағы құла бедеу,  
Басына биік құмның шығар селеу.  
Жылқыда қашағанды көп қуам деп,  
Арықтап тулақ болды-ау қайран бедеу.
127. Мінгенім астымдағы жетім шыбар,  
Шыбарым дәл бабына келген шығар.  
Шыбармен саят құрып шықсам аңға,  
Түлкінің сасқалақтап есі шығар.
128. Мінген атым астымда ақтабаным,  
Жел қанат деп атымды мақтағаным.  
Томар қақса, сүрінбес топ бұзарым,  
Жолдасым, жан серігім, қос қанатым.
129. Мінгенім дәйім менің сұлу бөрте,  
Бөртеңің құйрығы ұзын, жалы келте.  
Тұра сап таң бозынан жоқ қарауға,  
Бөртемен жөнелемін күнде ерте.
130. Мінгенім дәйім менің ала құнан,  
Жылқы ішпес ылай судың аяғынан.  
Бел шешпес түн баласы ыстық үйде,  
Жатпайтын жылқышымын баяғыдан.
131. Мінгенім астымдағы сұрша құнан,  
Көгеннің қозы ағыттым бұршағынан.  
Тозады, хайуан болса, тұяғынан,  
Жүдейді, адам болса, құлағынан.
132. Мінгенім дәйім менің сұлу сары,  
Жүргенде сусылдайды аттың жалы.  
Сұлудың су төгілмес жорғасын-ай,  
Болсашы, дәл осындай аттың бөрі.
133. Мінгенім дәйім менің қарагерім,  
Жарасар қарагерге алтын ерім.  
Мінем де қарагерге, сейілдеймін,  
Өзімнің алтын бесік туған жерім.

134. Мінгенім астымдағы сары болса,  
Төгілген судыраған жалы болса,  
Бермес ем ат үстінен ханға сәлем,  
Менің де төрт түлігім толы болса.
135. Мінгенім астымдағы жорға шыбар,  
Шыбардың аяғында тағасы бар.  
Не жетсін тіршілікте қолда барға,  
Дейді екен: «бардан тамыш, балдан жұғар».
136. Мінгенім дәйім менің теңбіл шыбар,  
Шыбарым, міне, биыл алты жасар.  
Тегіннен шыбар мініп аңға шықсам,  
Қолыма құс алушы ем ұябасар.
137. Мінгенім астымдағы сұлу жирен,  
Жоқ болса бағар малың, өнер үйрен.  
Ыржақтап кешке дейін ауыл кезбей,  
Отырып малын сауар ақыл білген.
138. Мінгенім дәйім менің құла қасқа,  
Амандық болсын деймін мал мен басқа.  
Ауылдың мал мен басы аман болса,  
Қашан да жаман болмас екі жасқа.
139. Мінгенім дәйім менің қарагерім,  
Шығады шаппай қайтіп қара терің.  
Ас-тойда ат шаптырған бәйге болса,  
Өнерін көрер едің қарагердің.
140. Мінгенім дәйім менің сары жорға,  
Табылар сары жорға түссе жолға.  
Мал еді дуда қызар, басы қатты,  
Тізгінге ие болам әрең зорға.
141. Мінгені жылқышының ала құнан,  
Үркеді ала құнан құлағынан.  
Мініп ап құнанына жылмың қағып,  
Жылқышы тағы келді жоқ қараған.

142. Мінгенім дәйім менің жирен қасқа,  
Басады жирен қасқа тастан-тасқа.  
Үкілеп жиренімді мініп жүрсем,  
Арманым болмас еді-ау онан басқа.
143. Мінгенім астымдағы торы тұсаң,  
Келгенде қайқаң жерге белі босаң.  
Танырсың тұсаңымды қараңғыда,  
Малшының мал өсірген қызы болсаң.
144. Мінгенім астымдағы қара қасқа ат,  
Қанатым, сүйенішім осы қасқа ат.  
Үкілеп қасқа атымды мініп жүрсем,  
Көңілім бұрынғыдан болады шат.
145. Мінгенім көшкен сайын құла тайым,  
Мен неге басқа тайды ұнатайын.  
Бітімі жануардың малдан бөлек,  
Құла тай үдей түсер шапқан сайын.
146. Мінгенім астымдағы ұзын құла ат,  
Ауылыңда болмас сенің мұндай жақсы ат.  
Алыстан қалың жылқым шөлдеп келді,  
Бар ма еді ауылыңда малға суат?
147. Мінгенім дәйім менің күрең жорға,  
Күреңім жорғалайды түзу жолда.  
Үкілеп, жалын сүзіп күреңімді,  
Жорғаға қоспақшымын осы тойда.
148. Мінгенім дәйім менің сусыл сары,  
Сусылдар шапқан сайын аттың жалы.  
Армансыз дүниеден өтер адам,  
Болса егер жақсы аты мен жақсы жары.
149. Мінгенім дәйім менің құлагерім,  
Жорға емес, жүйрік емес алым-берім,  
Ауылың көшіп, жылқыңды айдағанда,  
Кісінеп тоқтамады-ау құлагерім.

150. Мінгенім дәйім менің артар жирен,  
Жиреннің алды аяндап, арты желген.  
Жиренім әрі жорға, әрі жүйрік,  
Бәйгеден талай рет озып келген.
151. Мінгенім астымдағы сұры ат тағы,  
Көрінер жайылған мал қыраттағы.  
Келмейді зар бабына баптамасаң,  
Тимеген тоқым табы құры ат тағы.
152. Мінгенім астымдағы тайлы керім,  
Жайына мал бағудың жайлы керім.  
Қойменен бірге өрістеп, бірге жусап,  
Үстінен ала жаздай алмай ерін.
153. Ойсылқара келенің бурасы екен,  
Буралығын білдірген шудасы екен.  
Қамбар ата үйірдің айғыры екен,  
Құлындатып көбейткен байлығы екен.
154. Отарда жылқым жатыр Қобы қыстап,  
Қуамын қашағанды құрық ұстап.  
Қасыңа батып сенің бара алмадым,  
Мінезің шәркез екен жылқыға ұқсап.
155. Өңкілдетіп өгізбен ойға келдім,  
Қыз-келіншек жиылған тойға келдім.  
Сиыр бағып сидаңдап қырға шығып,  
Семіздікті көтерер деп қойға бердім.
156. Салғаным сал торыға өмілдірік,  
Көшкенде кезімдеймін төгілдіріп.  
Жардай боп артқан түйең семіреді,  
Жеп қойса шөппен қосып алакүлік.
157. Тайынша міндім, тай міндім қылтылдатып,  
Тақымымды қыстым да бұлтыңдатып.  
Жылқы бақтым, қой бақтым, сиыр бақтым,  
Жотаменен заулаттым бұрқылдатып.

158. Үйге зейнет болады қойдың жүні,  
Бие қымыз болады жаздың күні.  
Түйе шіркін артқанға қандай жақсы,  
Сиырдың бар қызығы күздің күні.
159. Шаруаның бір пірі — Шопан ата,  
Қойларды топалаңнан өзің сақта.  
Саулықтары егізден қозы тауып,  
Көбейсін қой түлігі қора-қора.
160. Шаруаның бір пірі — Жылқышы ата,  
Тілегенде өзің бер ақтан бата.  
Үйір-үйір жылқыны шұрқыратып,  
Ойдан-қырдан арқансыз әкеп мата.
161. Шаруаның бір пірі — Ойсылқара,  
Түйені өсір, жарылқап болсын пана.  
Ит-құс, пәле, індеттен аман сақтап,  
Топ-топ қылып боталат аруана.
162. Шаруаның бір пірі — Зеңгі баба,  
Сиыр берсең, сүтті бер өңкей мама.  
Кең өріске шұбыртып өзің бағып,  
Кешке жақын қораға әкеп қама.
163. Ішінде көп жылқының ақ маңдай бар,  
Желісі жануардың шапқандай бар.  
Жақсы ат пен тату жолдас болса бірге,  
Төрінде туған жердің жатқандай бар.
164. Керімнің алды желіс, арты жорға,  
Шыдайды жүрісі де ұзақ жолға.  
Тұлғаңнан тай күнінде-ақ үміт еткем,  
Осқырып қараушы едің оң мен солға.
165. Тайбурыл құлыннан бапталған ат,  
Тұс-тұстан атбегілер мақтаған ат.  
Тайбурыл аузыменен тістері анық,  
Аспанда аққу бірге қақса қанат.

\*\*\*

166. Ауылым көшіп барады Қараспанға,  
Түтін салып қоямын адасқанға.  
Бір көруге өзінді құмар едім,  
Қуанамын жұбымыз жарасқанға.
167. Ауылың көшіп барады Көлмекөлге,  
Алыс дейді Көлмекөл көрмегенге.  
Алыс болса, Көлмекөл жаяуға алыс,  
Аты барға алыс жер дегенің не?
168. Ауылым қонған жайлаудың тайпағына,  
Құндыз ұстап киемін байпағыма.  
Есіркеуін ешкімнің қаламаймын,  
Тие бермей, аулақ жүр сайтаныма.
169. Ақ тайым, арғымағым, күміс тайым,  
Бәйгеге қоспай қалай құры ұстайын?  
Жаратып, кекіліңе үкі тағып,  
Жалынды, құйрығыңды дұрыстайын.
170. Ақ тайым, арғымағым, еліктейсің,  
Шығандап шапқылаудан зерікпейсің.  
Қаңтарып мамағашқа байлап қойса,  
Алатын көздің жауын көріктейсің.
171. Ақ тайым, беріктігің емендейсің,  
Жортамын, жорғалаймын, желем дейсің.  
Сүйініп қылығыңа мақтау айтсам,  
Сөзімді ұғатындай елеңдейсің.
172. Астымда ақтанау кер аршындаған,  
Шапқанда найзағайдай жарқылдаған.  
Бәйгеге мың жүйрікпен қосылса да,  
Барлығы ақтанаудан артылмаған.
173. Ат жетпес ақ боз атқа астымдағы,  
Жануар баптап мінген жастың бағы.  
Кез болып ойда жоқта, қуғанымда,  
Тақымын аш бөрінің аштырмады.



174. Ауылым көшіп барад Қособаға,  
Жылқы ел үріккен тоса ала ма?  
Менімен айтыссаң, таңға айтыс,  
Боталайтын түйедей бошалама.
175. Алатаудың ауылым кемерінде,  
Жыламай ма жас бала емерінде.  
Бізге салған қолқаңыз өлең болса,  
Құлшына бер өлеңге кенелуге.
176. Ауылым көшіп барады Алдиярға,  
Арқандаулы ат жақсы мал жаярға.  
Жазатайым жаманға ісің түссе,  
Жарамайды қолыңа су құярға.
177. Ауылымның қонған жері Қарабұлақ,  
Ауылыңды өрең таптым елден сұрап.  
Естуге лебізіңді құмар едім,  
Өр сөзің айтқан сайын барады ұнап.
178. Ауылым өзен-судың аңғарында,  
Кей жаман талтаңдайды мал барында.  
Ауылыңа осы кеште жетсем керек,  
Мойнында шымкүреңнің жал барында.
179. Ауылым Жақсыбайдың жырасында,  
Сөзіңде уәделескен тұрасың ба?  
Толқымай, сөз түйінін бір-ақ айтшы,  
Жүрегім түссін, жаным, ұясына.
180. Ауылымның жайлауы бел болады,  
Бел жағалай қаз-қатар ел қонады.  
Қашан саған қолым бір жетеді деп,  
Қапаланған көңілім жер болады.
181. Ауылым асқар таудың етегінде,  
Жақсы адам жүрмес кісі жетегінде.  
Көңілдің қалауымен қарманып қал  
Денің сау, басың аман-есенінде.

182. Ауылым Өтебайдың қырасында,  
Бірде қар, бірде жаңбыр бұрқасында.  
Мойныңа ақ білекті орай салсам,  
Алмасам өзім жазып, қырқасың ба?!
183. Ауылыңды бетке аламын тарланменен,  
Қайтамын түк өндірмей барғанменен.  
Күлейін, ойнайыншы десем-дағы,  
Барады дәурен өтіп арманменен.
184. Ауылым Алатаудың аясында,  
Теңейін, құрбым, сені қай асылға!  
Алдыңнан ақ түлкідей қылаң етсем,  
Қыран боп қанатыңды жаясың ба?!
185. Ауылым отыр Таластың шұңқырында,  
Мін болмайды сұлудың мықынында.  
Қадірге бір жетер деп үміттенем,  
Еш кінәрат жоқ еді тұқымыңда.
186. Ауылым Айғайтастың кесегінде,  
Баласы келіншектің бесігінде.  
Барында қызығыңның құдай жайна,  
Келмейді неге шамаң осы күнде.
187. Ауылым асқар таудың қуысында,  
Қалампыр, талшын гүлі уысымда.  
Өзіңе берген сертті орындауға  
Барамын келер айдың туысына.
188. Ауылымның қонғаны Қоғалыкөл,  
Ойды төмен, тау жақты жоғары дер.  
Қалқатайдың аулына беттегенде,  
Қоңыр салқын алдымнан соғады жел.
189. Ауылымның қонғаны ой болса екен,  
Өретін ойдан қырға қой болса екен.  
Армансыз өзіңменен айтысатын,  
Әр күні дәл осындай той болса екен.

190. Ауылымның қонғаны тастақ төбе,  
Жарайды қаймақ барда қаспақ неге.  
Бірге өскен кішкентайдан, беу, қарағым,  
Жүргенің өзімсініп қандай неме?!
191. Ауылымның қонғаны Қаракемер,  
Қара інгенді айналып тайлақ емер.  
Сатыменен өзіңе кезім келді,  
Өлеңді жібектейін сәнді өрер.
192. Ауылым қонған Алтайдың адырына,  
Жылқымды айдап салдым балдырына.  
Өлеңді ақындықпен біз айтпаймыз,  
Айтамыз көпшіліктің қадырына.
193. Ауылым қонған Таластың бүгіліне,  
Жусанның қой тоқтамас түбіріне.  
Барында тіршіліктің күліп-ойна,  
Келмейді неге шамаң бұл күніңде.
194. Аулың көшіп алысқа қонды жырақ,  
Ат шаптырым арада біздің тұрақ.  
Жеңіл қарап жастықтың жалынына,  
Жер шалғай деп ұмытып кетпе бірақ.
195. Ауылым көшіп жатыр, қонып жатыр,  
Уығын сыртылдатып жонып жатыр.  
Бірге өскен кішкентайдан, беу, қарағым,  
Арманым саған айтар толып жатыр.
196. Ауылымның қонғаны бел болады,  
Жаңбыр жауса, аққан су сел болады.  
Уәделі жеріне келмей қалсаң,  
Күте-күте көңілім жер болады.
197. Ауылым көшіп барады қыр басына,  
Болар ма сырын айтпас құрдасына.  
«Екі асар ебін тапқан» дегендейін,  
Болар ма ебін таппас бір басына.

198. Ауылым көшіп барады Ылайқаққа,  
Жарасар жайсам кілем нар тайлаққа.  
Көңілің шыныменен болса менде,  
Жамылып ала шапан, шық аулаққа.
199. Ауылым көшіп барады кең жайлауға,  
Келіп-кетіп жүре гөр сайрандауға.  
Көрген жерден ұнаған, беу, қарағым,  
Асығамын ақыры сөз байлауға.
200. Ауылым көшіп барады дулы құмға,  
Құрлықтың мұз қатады баулығына.  
Бір жұмыс екі қолға табылады,  
Денімнің қуанамын саулығына.
201. Ауылым көшіп қонды Керменкөлге,  
Керменкөл — келісті жер серуендеуге.  
Басымнан қайғы бұлты ыдырады,  
Қалқатай, уәдеңді берген жерде.
202. Ауылым көшіп барады Белтұрғанға,  
Желпілдейді түңілік жел тұрғанда.  
Ауыстырман мен сені өзгелерден,  
Ақ бетіңде жарасып мең тұрғанда.
203. Ауылым көшіп барады белден асып,  
Бұлтпен белден асқан араласып.  
Бірге өскен кішкентайдан, қалқатайым,  
Айрылдым қандай күні қара басып.
204. Ауылым көшіп барады таудан асып,  
Таулардың тасырлаған тасын басып.  
Құрбыжан, жеңілгеннің белгісі ме,  
Орныңнан қайда кеттің тұра қашып?
205. Ауылым көшіп барады Көлмекөлге,  
Көлмекөл алыс дейді көрмегенге.  
Мұншама азабыңды тартпас едім,  
Бұл жерге тағдыр айдап келмегенде.

206. Ауылым көшіп барады Кіндіктасқа,  
Емес пе жекеліктен бірлік басқа.  
Қолымнан қағаз алып, қағаз берші,  
Айтысқан уағданы бұлжытпасқа.
207. Ауылым көшіп барады Құмкөшуге,  
Тегінде түйе жақсы мінгесуге.  
Кеткенде ауылың алыс, беу, қарағым,  
Ешкіммен көңілім соқпас тілдесуге.
208. Ауылым көшіп барады Құрайкөлге,  
Жарасар дүрия мешпет қынай белге.  
Кеткенде ауылың алыс, сәулетайым,  
Көзіңнен айналайын, жылай көрме.
209. Ауылым көшіп барады Көкқауланға,  
Жабағы арық, тай семіз көп сауғанға.  
Екі жастың тілегін беріп тағдыр,  
Қосып-қосып қоймашы көңілі ауғанға.
210. Ауылым көшіп барады Ошағанға,  
Үйіріп құрық салдым қашағанға.  
Орнымнан жатсам-тұрсам сені тілеп,  
Мың мәрте жалбарынам Жасағанға.
211. Ауылым көшіп барады Алмалыға,  
Кім көнбейді Алланың салғанына?  
Не де болса, ойынды ашып айтшы,  
Көңілімнің қарамай қалғанына.
212. Ауылым көшіп барады Қарғалыға,  
Жарасар қара шекпен жорғалыға.  
Асығыс әр кеш сайын аттанамын,  
Аршын төс, алма мойын сырғалыға.
213. Ауылым көшіп барады Қоғалыға,  
Қоғалы төменде емес, жоғарыда.  
Шын болса әлгі сөзің, әй-ау, қалқа,  
Бір жерде күндіз-түні болалы да!

214. Ауылым көшіп барады Қызылжарға,  
Шығыстан таң рауаны сызылғанда.  
Осы өнге қоңырлатып сала бердім,  
Көңілім өзіңді ойлап бұзылғанда.
215. Барады ауылым көшіп Абақанға,  
Жарасар жапсам кілем ақ атанға.  
Шудасы ақ атанның майда-майда,  
Көрінген ақ бөкендей ауылың қайда?
216. Барады ауылым көшіп өзекпенен,  
Өзіңді жөн білер деп көздеп келем.  
Төпемей басқа, көзге салған жерден,  
Айтсаңшы сөзді тосып кезекпенен.
217. Барады ауылым көшіп Қособаға,  
Жарасар ақ сұңқарға жез томаға.  
Көңілің шыныменен болса менде,  
Аямай аттың терін кел қонаға.
218. Барады ауылым көшіп бел басына,  
Жарасар өрме жүген кер басына.  
Әріптес болсаң маған шалқаламай,  
Жамыл да орман ішік, кел қасыма.
219. Бәйгеден келген кезде кең көсіліп,  
Жүйрікке неге жұлде бермесін жұрт.  
Жалыңды тарап сұлу наз айтқанда,  
Басыңды тыңдаушы едің сен де шұлғып.
220. Бәсіре, жанға серік, жануарым,  
Өзгенің тең көрмеймін жабыларын.  
Тұрасың көрген сайын оқыранып,  
Көрмесем мен де бір сәт сағынамын.
221. Бойында отыр аулың Бөкенбайдың,  
Өзің барда бір соқпай кете алмаймын.  
Алыс жүрсем, әрқашан ойымдасың,  
Жақын жүрсең, жаныңа жете алмаймын.

222. Біздің ауыл Шыңбұлақ басында отыр,  
Адам бармас қып-қызыл тасында отыр.  
Шыныменен көңлің болса менде,  
Көшіп келіп үйімнің қасында отыр.
223. Біздің ауыл мазардың бүгілінде,  
Қой тоқтамас жусанның түбіріне.  
Оң жағында әкеңнің алқан-шалқан,  
Неге шарқың келмейді бүгініңе.
224. Біздің ауыл Шатырлы жайлаған жер,  
Асау құлын желіге байлаған жер.  
От жалындай көзіме көрінеді,  
Құлын-тайдай табысып ойнаған жер.
225. Біздің ауыл жоғары — Бесіктаста,  
Сәлем беріп кіріп кел, есікті аш та.  
Төрге шық та, қызықты сөзді баста,  
Асықпасаң, шапанды шешіп таста.
226. Біздің ауыл өзеннің бер жағында,  
Терістіктен соғатын жел жағында.  
Көзіндегі шын болса күлкің, жаным,  
Ел жатқан соң жамбастап кел жаныма.
227. Біздің ауыл Теректі жотасында,  
Қоңырау жүр түйенің ботасында.  
Аңсағаным, сен берсең жауабыңды,  
Үлкендердің алар ем батасын да.
228. Біздің ауыл жайлаудың төрін ала,  
Ойы жазық, күні ашық, жері дала.  
Күн құрғатпай қолымнан қымыз ішіп,  
Келіп-кетіп тұрсаңшы, сері бала.
229. Біздің ауыл сұрасаң, шыңнан биік,  
Қазинадан көйлегім сегіз қиық.  
Сен есіме түскенде, сенер болсаң,  
Жата алмаймын аунақшып, ішім күйіп.

230. Біздің ауыл Ақсудың басын ала,  
Басындағы жаулығың жасыл ала.  
Ат терлетіп алыстан келгенімде,  
Тым болмаса отыршы қасыңа ала.
231. Біздің ауыл тауды өрлеп, шың қонады,  
Жаяу жүрсем, етегім шаң болады.  
Сәті түсіп осындай кез келгенде,  
Аты-жөнің, айта отыр, кім болады?
232. Біздің ауыл жоғары — жотадағы,  
Таққан үкі жарасар ботадағы.  
Жауабымыз жақпаса, кешіріңіз,  
Біз емеспіз жігіттің сотанағы.
233. Біздің ауыл Үйгентас белінде отыр,  
Өзің көрген баяғы жерінде отыр.  
Әлгі сөзің шын болса, қимас қалқа,  
Сағат сайын көзіме көрін де отыр.
234. Біздің ауыл жоғары — майда құмда,  
Бота сұлу көрінер тайлағында.  
Оралыңа бір келсе, екі ойнап қал,  
Жігіт — алтын, қыз — күміс бойдағында.
235. Біз көштік сайдың бойын жоғары өрлеп,  
Күреңге тақтым тұмар алтын зерлеп.  
Ата жауым алдымнан шыға ма деп,  
Асықтым мінгенімше атымды ерттеп.
236. Бітпеген мұндай сұлу атқа мүсін,  
Ақбоз ат, ауылымның мақтанысың.  
Серіге олжа үлескен ел риза,  
Осындай сөйгүлікті баққаны үшін.
237. Дәйім менің мінгенім сұлу жирен,  
Сұлу жирен шашасы жерге тиген.  
Жел жетпейді желгенде желісіне,  
Арманы не жігіттің оны мінген.



238. Естідім де көшкенін ауыл тауға,  
Ақ құйрық шай аулыңа қылдым сауға.  
Қара басым сауында қам жемеймін,  
Күнде жиын, күнде той денім сауда.
239. Жаз жайлауды сағынып, қыс қыстауды,  
Көшіп қонған қазақтың бүкіл аулы.  
Жазы-қысы бір жерде мезі болмай,  
Мекен еткен қыста — ой, жазда тауды.
240. Жатақ болмай жайлауға көшіп пе едің,  
Жол-жөнекей рауғаш жесіп пе едің?  
Ат үстінде-ақ сәбиін емізеді,  
Келіншектер өңгерген бесіктерін.
241. Жүк сәулетті көрінер түйеге артқан,  
Белге салып жігіттер арқан тартқан.  
Суы да емес, жайлаудың гүлі де емес,  
Қызды ауылдың күші ғой көзді тартқан.
242. Жиренімнің алдынан ат өтпейді,  
Шабысына ұшқан құс, жел жетпейді.  
Жануардың бітісі малдан бөлек,  
Шоқтығына ұсынсам, қол жетпейді.
243. Көшкенде жүк артқаным сары тайлақ,  
Жібердім отасын деп қаққа айдап.  
Бірге өскен кішкентайдан, еркетайым,  
Жатар ма ек бір төсекте еркін жайлап.
244. Көшкенде жылқы айдаймын жалбаспенен,  
Орған жілік бітеді жамбаспенен.  
Көрмегелі көп айдың жүзі болды,  
Ауыл-аймақ аман ба мал-баспенен?
245. Көшкенде жылқы айдаймын дөненменен,  
Жаз жайлап, күз жіберген көбеңменен.  
Көргенде тілім батпас сөздерімді,  
Айтамын саған, қалқам, өлеңменен.

246. Көшкенде жылқы айдаймын кер төбелмен,  
Жайлауға таңдап қонар ерте келген.  
Жаңғырта жол-жөнекей ән салғанда,  
Жастардың көңілі өсіп бір кенелген.
247. Көшкенде жылқы айдаймын керкекілмен,  
Аймалап ауық-ауық жел бетімнен.  
Шырқата көш жөнекей ән салғанда,  
Шаттанып қыздың жаны тербетілген.
248. Көшкенде жылқы айдаймын жиренменен,  
Жаратып жал-құйрығын түйгенменен.  
Кісіге кісі жары жар болмайды,  
Құр ойнап, құрбысынып күлгенменен.
249. Көшкенде жылқы айдаймын тайкеріммен,  
Самауыр жарасады шөйнегімен.  
Кеткенде аулық алыс, қалқатайым,  
Қараймын сағынғанда әйнегімнен.
250. Көшкенде жылқы айдаймын сарыменен,  
Қос ауыз мылтық аттым дәріменен.  
Бетіңнің алақандай қызылы үшін,  
Аулықның араз болдым бөріменен.
251. Көшкенде жылқы айдаймын аламенен,  
Аулықа барушы едім даламенен.  
Түскенде сен есіме, сенер болсаң,  
Сағынып, сарғаямын санамменен.
252. Көшкенде жылқы айдаймын ақтабанмен,  
Болмайды жаман жақсы мақтағанмен.  
Айтпаса, ішкі сырды кім біледі,  
Не пайда сары алтындай сақтағанмен!
253. Көшкенде жылқы айдаймын ақтабанмен,  
Жасықты асыл болмас сақтағанмен.  
Сүймесең, сүйікті жар бола алмайсың,  
Келін боп босағаны аттағанмен.

254. Көшкенде жылқы айдаймын торыменен,  
Жігіттің болма жолдас қорыменен.  
Сөз айтсаң, кей жаманға қорқытады,  
Бопсалап өз қолында жоғыменен.
255. Көшкенде жылқы айдаймын қиқу салып,  
Қолыма бір солқылдақ шыбық алып.  
Ғашық жар, кетер болсаң, мені ала кет,  
Сиқым жоқ адам болар сенен қалып.
256. Көшкенде жылқы айдаймын құламенен,  
Бейсенбі болады егіз жұмаменен.  
Еріменен болмай ма әйел де егіз,  
Қызды ойласам, қызынар менің денем.
257. Көшкенде жылқы айдаймын тайкөкпенен,  
Жарасар жақсы шайың шәйнекпенен.  
Ақ, адал көңілімді қалдырмассың,  
Көркіңізге ақылың сай деп келем.
258. Көшкенде ер саламын қарагерге,  
Көңіліңе артық айтсам, ала көрме.  
Барында оралыңның ойна да, күл,  
Кірмейтін пенде бар ма қара жерге!
259. Ауылымның қонғаны бел болады,  
Жаңбыр жауса, аққан су сел болады.  
Уағдалы жеріне келмей қалсаң,  
Күте-күте көңілім жер болады.
260. Көшкенде жылқы айдаймын белеңменен,  
Қара көк өзі сұлу дөненменен.  
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,  
Жүремін жоқтай-жоқтай өлеңменен.
261. Көшіп жатыр ауылым, қонып жатыр,  
Қай дегені пенденің болып жатыр.  
Көпті көріп, көп жасап келсем дағы,  
Арман деген көңілде толып жатыр.

262. Көлік белі қайыспас жеңіл жүкке,  
Қоныс таңдап көшуден еріндік пе.  
Ауылыңның қасына еру болдық,  
Шақырар деп тым құрыса ерулікке.
263. Қонған жері ауылымның Қаратал-ды,  
Қарай-қарай жолыңа көзім талды.  
Уәдеңе осы айтқан болсаң берік,  
Аямас ем сен үшін шыбын жанды.
264. Мінгеніміз сәйгүлік өңкей саңлақ,  
Тұрамыз деп жайлаудан қоныс таңдап.  
Қыз-келіншек, алға оздық жігіт-желең,  
Ойын, күлкі жол үсті оттай жанып.
265. Мінгенім — астымдағы Ақтанау кер,  
Оза алсаң, бәсекеде мақтана бер.  
Құтырып Ақтанауға мінгенімде,  
Бірдей боп көрінеді ылди мен өр.
266. Сайран салып бір жүрдік Көлмекөлде,  
Көрмес ем ауылыңды келмегенде.  
Келесі жыл тағы да кездесеміз,  
Күн күркіреп, жаз шығар өлмегенге.
267. Сұрасаң, біздің ауыл Белтұрғанда,  
Ұзын ағаш ырғалар жел тұрғанда.  
Ауыстырман мен сені өзгеменен,  
Ақ бетіңе жарасып мең тұрғанда.
268. Тауға көшіп барады бай шөмекей,  
Ойдағыны жеткізер тіл, көмекей.  
Тойда өлең айтысып, біліс болдық,  
Танысып екі арада жол-жөнекей.
269. Таң атқалы бұл маңай абың-күбің,  
Көшіп жатыр аулымыз таудан бүгін.  
Өз үйіме жете алмай мен алаңмын,  
Қыз көшінің түзетіп ауған жүгін.

270. Тұлпарына, мініп дүлдүліне,  
Қаздай шуап қалың көш жүзді, міне.  
Емін-еркін жас-кәрі жайраңдасар,  
«Көш көлікті болсын!» деп бір-біріне.

\*\*\*

271. Ағаш үй кіріп барсам, әйнегіндей,  
Жарқырар Самарқанның шәйнегіндей.  
Көзіме от жалындай көрінесің,  
Табылар ма маған жар бір өзіндей.
272. Адырдан адам көрсе, қашар бөкен,  
Артынан сол бөкеннің қашан жетем.  
Жүсіп пен Зылиқаның айтсам зарын,  
Ғашықтық сарайымды ашар ма екен!
273. Адырдың андыздайды ителгісі,  
Бойжеткен бозбалаға икем кісі.  
Толған соң балиғатқа бикештердің,  
Келеді бозбалаға сүйкенгісі.
274. Адырдан айқайласа, қашар қоян,  
Жалған-ай, қызығыңа қашан тоям.  
Түскенде сен есіме, өттең, қалқа,  
Жұта алмай ішкен асты жерге қоям.
275. Адырдан айқай салса, қашар елік,  
Мен байғұс махаббатқа болдым жерік.  
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,  
Жүрерсің ұмытпасаң, келіп-кетіп.
276. Ажарың ақ түлкінің ажарындай,  
Жаманға салма, Тәңірі, назарымды-ай.  
Ауылдан қыз кеткен соң, қызық кетті,  
Бұзылған жәрмеңкенің базарындай.
277. Айналайын, қарағым, айдан аппақ,  
Жүре алмадым жаныңды аймалақтап.  
Жүрер едім жаныңда айғайлақтап,  
Шыға алмадың сертіңнен тайғанақтап.

278. Айтайын, айт дегенде әри-айдай,  
Етегі шыт көйлектің дәри-айдай.  
Көргенде ақ жүзінді, өттең, қалқам,  
Балқиды тұла бойым сары майдай.
279. Айналайын атыңнан, қарағым-ай,  
Жаутаң қағып неліктен қарадың-ай!  
Қиуада кез болған, қимас қалқам,  
Сені өзіме ежелден баладым-ай!
280. Айтайын айтагенің күнім деген,  
Артыңда басқан ізің білінбеген.  
Кеткенде аулың алыс, өттең, қалқа,  
Көзіңнен айналайын күлімдеген.
281. Айдап салдым жылқымды балағанға,  
Тегі шабан озбайды сабағанға.  
Айтпасаң да, сырыңды біле қойдым,  
Астыменен көзіңнің қарағанда.
282. Айтайын, айт деген соң әнім сауық,  
Үстіме шапан кидім шала қауып.  
Түскенде сен есіме, өттең, қалқа,  
Жығылдым салторы аттан есім ауып.
283. Айналайын атыңнан, екеуім-ай,  
Сенсіз жерде кетеді кетуім-ай.  
Ойнап-күліп оңаша табысайық,  
Мініп алып, еріп жүр жетегіме-ай.
284. Айтайын, айт дегенің әнім сауық,  
Шақырар сәресіде басқы тауық.  
Кеткенде аулың алыс, өттең, қалқа,  
Сағынам дауысыңды ауық-ауық.
285. Айналайын атыңнан, асылым-ай,  
Қиуада кез болған ғашығым-ай!  
Бағаласам, бағаңа жан жетпейді,  
Артық туған өзгеден нәсілің-ай!

286. Аяғыңа кигенің пұшық етік,  
Қандай олақ тікті екен пұшық етіп.  
Құсқа біткен қос қанат маған бітсе,  
Ауылыңа барар ем ұшып жетіп.
287. Айтайын айтагенің ағылайын,  
Мойныңа інжу, маржан тағынайын.  
Кеткенде аулың алыс, өттең, қалқа,  
Даусыңды сылдыраған сағынайын.
288. Айналайын атыңнан, ақын құрбым,  
Айтқаныңа болайын, мақұл құрбым.  
Шыныменен көңілің менде болса,  
Маған таман отыршы, жақын құрбым.
289. Айтайын айтагенің өңбе-дөңбе,  
Қонады бозша торғай құба дөңге.  
Кеткенде аулың шалғай, қимас қалқам,  
Сіңбейді ішкен асым сен дегенде.
290. Айналайын атыңнан, қаз мойыным,  
Ақ қайыңы секілді жар бойының.  
Қолда барда алтынның қадірі жоқ,  
Сен кеткелі серік жоқ, қалды ойыным.
291. Айтайын айтагенің әри-айдай,  
Білейін қайдан сені бойдай тал-ай!  
Арман не өзіңменен бірге отырып,  
Көңілді жадыратсам ішкен шайдай.
292. Айтайын айт дегенің айда-дайда,  
Жігіттің жақсы болар тілі майда.  
Арасын жер мен көктің арылсам да,  
Күлім көз өзіңдей жар маған қайда?!
293. Айналайын, қарағым, қиылған қас,  
Сені ойласам, көзіме келеді жас.  
Өзіңе арнап хат жазып жіберейін,  
Сағынғанда оқы да, баурыңа бас.

294. Айтайын, айт дегенде арман ашық,  
Сені ойласам көңілім кетер жасып.  
Қарай-қарай артыңнан көзім талды,  
Көлбең қағып кеткенде белден асып.
295. Айналайын атыңнан Бедел деген,  
Арманымды шығардым өлеңменен.  
Жандырасың, ішімді күйдіресің,  
Сағат сайын еске алам өлеңменен.
296. Айтайын, айт дегенде сұр қызылды,  
Көңілім сені ойлап бір бұрылды.  
Көрінер қараң қайдан сағынғанда,  
Қараған, қалқам, саған көз сүзілді.
297. Аяғы өзен-судың дидім-дидім,  
Жан сәуле, қызығыңа қашан тойдым.  
Айттырып атаң маған берерінде,  
Тойыңа тоғыз жасар атан сойдым.
298. Айтайын, айт дегенде қара сірік,  
Мінемін қара сұрды таң асырып.  
Кеткенде жерің шалғай, жан қалқатай,  
Төсекте жата алмадым аласұрып.
299. Айтайын, айт десеңіз арман асып,  
Көңілім, сені ойласам, кетер жасып.  
Артыңнан қарай-қарай көзім талды,  
Кеткенде көлбең қағып белден асып.
300. Айтайын, айт дегенде жирен сетер,  
Ойын-күлкі, қызыққа не бар жетер.  
Ауылың алыс көшкенде, қалқатайым,  
Құмар болған ішімде дертім кетер.
301. Айналайын көзіңнен, алтыным-ай,  
Нұр жүзіңді көргенде балқыдым-ай!  
Сен дәрия болғанда, мен — қоңыр қаз,  
Бауырым төсеп бетіңе балқыдым-ай!



302. Айналайын, қарағым, қара қасым,  
Қара мақпал жібектей қара шашың.  
Қыза келе еріксіз биге бастым,  
Сені ойласам, төгіліп көзден жасым.
303. Айналайын, қарағым, асыл айым,  
Мінезімді несіне жасырайын.  
Ырасыңмен көңілді берсең маған,  
Бала қаздай жем беріп, асырайын.
304. Айылын қара көктің тарта алмадым,  
Мойныңа ақ білекті арта алмадым.  
Кез болған қиуада, қимас қалқам,  
Айрылып сенен үйге қайта алмадым.
305. Айсызда ақ дидарың шам жаққандай,  
Өзгеше жан екенсің бір ақ маңдай.  
Несіне жасырайын, сен кеткенде,  
Төңірек болып кетті күн батқандай.
306. Айтылар «Ақау, айдай» сөз басында,  
Қалқатай, алыстамай, кел қасыма.  
Түскенде сен есіме, өттең, қалқа,  
Бетімді жуайыншы көз жасыма.
307. Айта алмас ешкім өлең өзімдей қып,  
Үй ағашшы шебердің тезіндей қып.  
Құрбылас, терің сіңген шытыңды бер,  
Күнде көріп жүрейін өзіндей қып.
308. Айналайын көзіңнен көріп тұрған,  
Көрген сайын көңілін бөліп тұрған.  
Сені берген Құдайға ризамын,  
Дәл осындай тойда әкеп жолықтырған.
309. Аспанда бір жұлдыз бар айдан жақсы,  
Арқада бір кедей бар байдан жақсы.  
Жаманға бір сөз айтсаң, қорс етеді,  
Балқыған қорғасындай қайран жақсы.

310. Айдап салдым жылқымды тепсең жерге,  
Сіздей адам табылмас ексем жерге.  
Намаздыгер, намазшам арасында  
Асыққаннан тимейді өкшем жерге.
311. Айтайын айтагенің аудыраған,  
Етекке таудың тасы саудыраған.  
Бергенде өзің көңіл, өттең, қалқа,  
Көзіңнен айналайын жаудыраған!
312. Айтайын айтагенің ән баяулы,  
Жігіттің жарлы болар жаны аяулы.  
Ойда-жоқта айрылып, ей, қарағым,  
Тастап кеттің көңліме бір қаяуды!
313. Айтайын айтагенің меңдей болып,  
Қалады кескен терек жеңдей болып.  
Кеткенде алыс аулың, өттең, қалқам,  
Көзіме кім көрінер сендей болып!
314. Әй, күнім, айналайын, денің сау ма,  
Шырмалған, ақ шабағым, жібек ауға?!  
Алыстан әдейі аңсап келдім ұшып,  
Болсын деп шыбын жаным саған сауға.
315. Аққу көлден ұшады майпаңдаған,  
Қалқа, бір сөзім бар айта алмаған.  
Қиуада кез болған, қалқатайым,  
Айналайын көзіңнен жаутаңдаған.
316. Айт дегенде, айтайын әри-айдай,  
Қабырғанды жабасың құнан қойдай.  
Сен алысқа кеткенде, сенер болсаң,  
Жүдеп кеттім өзіңді ойлай-ойлай.
317. Аяғыма кигенім — былғары етік,  
Аяғымнан барады ызғары өтіп.  
Жақсы болсаң, барамын судан өтіп,  
Жаман болсаң, кетемін мазақ етіп.

318. Айт дегенің айтайын әри-айдай,  
Сенің жүзің шалқиды дәри-айдай.  
Осы тойда өзіңмен бір айтыссам,  
Жүсіп пенен кешегі Мәриядай.
319. Айналайын, қалқатай, неден жаздым,  
Сар қурайдың сабағын белден қаздым.  
Аулың алыс кеткенде, іздеп барып,  
Ақ балтырдан ит қауыш, өле жаздым.
320. Айтайын, айт дегенде, ей, құдаша,  
Өлмейді суда балық жар құласа.  
Ертең жоқ, бүгін көрген деген сөз бар,  
Мен келдім, құшағыңды жай, құдаша.
321. Айдап салдым жылқымды тепсең жерге,  
Сендей адам таппаймын ексем жерге.  
Екінті мен ақшамның арасында,  
Қуанғаннан тимейді өкшем жерге.
322. Айдап келдім жылқымды бие бауға,  
Шешен жігіт көрінер кие дауда.  
Жалғыз тұрған жаһанда сен — бөйтерек,  
Бұтағыңа мен келдім ұялауға.
323. Айтайын, айт дегенің әри-айдай,  
Білейін қайдан сені бойдай талай.  
Арман не өзіңменен бірге өтіп,  
Көңілімді жадыратсам жаққан шамдай.
324. Айт дегенде, өлеңді аңырмаймын,  
Көлден ұшқан аққудай мамырлаймын.  
Күліп-ойнап қалайық бүгін кешке,  
Іздесең де ертең кеш, табылмаймын.
325. Айдап салдым жылқымды көк қауланға,  
Жабағы арық, тай семіз көп сауғанға.  
Қуанғаннан жүрегім жарылардай,  
Ақ білегін сыбанып қой сауғанда.

326. Аққу, үйрек ұшады көл дегенде,  
Бал татиды сілекей шөлдегенде.  
Алыс аулың кеткенде, қимас қалқа,  
У татиды ішкен ас сен дегенде.
327. Ақ қағазға хат жаздым білдірмей,  
Қапияда қалмаңыз бірін білмей.  
Жүрек сөзім қолыңа тиген шақта,  
Жылдам жібер жауабын, білдірмей.
328. Ақ шабақсың қармаққа ілінбеген,  
Басқан ізің басқаға білінбеген.  
Аулың шалғай кеткенде, қимас қалқа,  
Көп сағындым көзіңді күлімдеген.
329. Ақ қайың, жасыл шынар сайда өсер,  
Мәуелеп тасыр-тасыр жауса нөсер.  
Кетсең де жерің шалғай, аулың алыс,  
Емес қой әрбір сөзің ойдан өшер.
330. Аққу көлден ұшады майпаңдаған,  
Қалқа, бір сөзім бар айта алмаған.  
Алыс аулың кеткенде, қос қалқатай,  
Айналайын көзіңнен жаутаңдаған.
331. Ақ тісім — аузымдағы маржан тісім,  
Болсашы, жанның бәрі сүйген кісің.  
Сүйген кісің сүйкеніп өте шықса,  
Қазандай боп қайнайды сонда ішім.
332. Ақ тісің аузыңдағы тізіліп тұр,  
Аш белің құмырсқадай үзіліп тұр.  
Кез болған қиуада, қимас қалқа,  
Көңілім сізді көріп бұзылып тұр.
333. Ақ тісің — аузыңдағы маржан тісің,  
Арман не, сендей болса тапқан кісім?  
Кеткенде аулың алыс, қалқатайым,  
Қазандай бұрқ-сарқ болып қайнайды ішім.

334. Ақ үйден шыға келсе айдай болып,  
Теліген екі енеге тайдай болып.  
Сағынып өзіңді ойлап жүргенім-ай,  
Адасқан үйірінен қаздай болып.
335. Ақ жібек, көк жібекті иірейін,  
Тұрады сұлу қызға жігіт бейім.  
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,  
Хат жазып қарлығаштан жіберейін.
336. Аққу көлден ұшады қанат қағып,  
Отырдым бағанадан сізді бағып.  
Кез болған қиуада, қимас қалқам,  
Кеттің ғой махаббаттың отын жағып.
337. Ақ тісім аузымдағы меруерттей,  
Мінезі кей жаманның екі беткей.  
Кеткенде жерің шалғай, қимас қалқа,  
Қалдым ішім күйіп жанған өрттей.
338. Ақ бозым астымдағы болған көлік,  
Ақсайға ауылдарың қонар келіп.  
Қалайын сеніменен ойнап-күліп,  
Тұрғандай бұл дүние қолдан келіп.
339. Ақын алтау болғанда, керім сегіз,  
Өлең қайдан шығады ерінсеңіз.  
Қуанышым қойныма сыймай кетер,  
Аш кезеңнен қылт етіп көрінсеңіз.
340. Ақ дидарың көргенде тұра алмаймын,  
Сен болмасаң, салтанат құра алмаймын.  
Сен есіме түскенде, беу, қарағым,  
Жел ырғаған теректей бұраңдаймын.
341. Ақ үйден бір қыз шықты көзі күлген,  
Үстінде дүрия көйлек шәймен бүрген.  
Сол қыздың сұлулығын мен айтайын,  
Шаштарын он күн тарап, бес күн өрген.

342. Аққу көлден ұшады ұзай алмай,  
Мен қалқадан айрылдым, Құдай алмай.  
Алыс аулың кеткенде, қарағым-ай,  
Үш күн, үш түн аунадым шыдай алмай.
343. Ақ көйлек жыртылмайды кең болған соң,  
Сырласар екі жақсы тең болған соң.  
Сырымды саған айтпай, кімге айтамын,  
Көзіме көрінген жан сен болған соң.
344. Ақылсызды мақтасаң, есіреді,  
Көпіреді, бөседі, семіреді.  
Аулың шалғай қалғанда, ей, қалқатай,  
Көзіме жас нәсер болып төгіледі.
345. Аққудың азығы жоқ жайнағанмен,  
Құр тілдің пайдасы жоқ сайрағанмен.  
Ақылды ақымақпен бірдей емес,  
Жүрмейді шошқа жөнге айдағанмен.
346. Ақ жібек, қызыл жібек иірейін,  
Үстінен алтын тамның жүгірейін.  
Түскенде сен есіме, қимас қалқа,  
Артыңнан үкілі хат жіберейін.
347. Ақ тісің меруерттей тізіліп тұр,  
Аш белің құмырсқадай үзіліп тұр.  
Құриды ынтызарым сен дегенде,  
Көңілім түскен сайын бұзылып тұр.
348. Ақ көйлек жыртылмайды кең болған соң,  
Ойнайды екі құрбы тең болған соң.  
Сөзімді көңлімдегі айтқым келді,  
Тоқтаттым, өттең, қалқа, сен болған соң.
349. Ақ үйге ат байлады жанастырып,  
Кеттің бе ата дәулет, адастырып.  
Етің бал, қымызың шекер, қайран Арқа,  
Қойдың ғой қара суға таластырып.

350. Ақ дидарын көргенде тұра алмаймын,  
Сенсіз жерде салтанат құра алмаймын,  
Сен есіме түскенде, беу, қарағым,  
Кемесіндей дарияның бұраңдаймын!
351. Алтын ерді көтеріп атқа салдым,  
Атыңды атап, қалқатай, хатқа салдым.  
Алыс аулың кеткенде, қимас қалқа,  
Жанымды бір шыбындай отқа салдым.
352. Алтайдың теріп жүрмін шырғанағын,  
Сан рет өзеніңнен сырғанадым.  
Қалқатай, есіңде ме, сонда үзілген,  
Түймесін көйлегімнің сен қададың.
353. Алыс аулың кеткенде, беу, қарағым,  
Сенер болсаң, зарығып жол қарадым.  
Қалқатайдан бір хабар болар ма екен,  
Неге бүгін тартады оң қабағым.
354. Алтайдың теріп жүрмін таңқурайын,  
Бір жүр деп қалқатайға қол бұлғаймын.  
Бірге өскен кішкентайдан аяулым ең,  
Келмесең, маған түсер сар уайым.
355. Алып келген базардан күміс қасық,  
Көргенімше жүзіңді болдым асық.  
Көрмегелі көп айлар, көп жыл болды,  
Міне, бүгін жолықтым көңлім тасып.
356. Алтайдың теріп жүрмін қымыздығын,  
Ішпейді шөлдегенде қымызды кім.  
Сағынып бір өзіңді салған әнім,  
Зарындай алты тесік сыбызғының.
357. Алтайдың теріп жүрмін бектерінен,  
Айналып алтын қойнау, бөктерінен.  
Дәтімді саған айтпай, кімге айтамын,  
Өзіңсің жанарыма от көрінген.

358. Алтайдың теріп жедім саранасын,  
Өнімді отырған жұрт сараласын.  
Егер мен бұлт ішіне кіріп кетсем,  
Қалқатай, қайдан іздеп таба аларсың.
359. Алтайдың теріп жедім тошаласын,  
Желеді желмаядай қонсар атым.  
Ішімде бір арманым жатыр менің,  
Қалқатай, оны қалай шеше аласың.
360. Алтайдың теріп жедім бүлдіргенін,  
Қаз-үйрек қаршығама ілдіргенім.  
Қалқатай, әлі есімде бала кезден,  
Өзіңменен ойнап-күліп бір жүргенім.
361. Алтайдың теріп жедім қарақатын,  
Қаракөз қаратқан деп тарады атың.  
Аулыңа ат өксітіп келіп жүрмін,  
Жанымның жаза ма деп жарақатын.
362. Алтайдың теріп жесең ақ бұршағын,  
Демес ең «кешке дейін аш құрсағым».  
Кеткенде аулың алыс, беу, қалқатай,  
Ойымнан шықпай қойды аш құшағың.
363. Алтайдың аулым көшті өр басына,  
Жарасар күміс жүген ат басына.  
Шын көңлің, ынта-пейілің менде болса,  
Бұралып талшыбықтай, кел қасыма.
364. Алып келген базардан білте шам-ай,  
Бидай өңді аққұба, құдашам-ай!  
Сірө, менің көңілім басылар ма,  
Сақиналы қолыңнан ет асамай!
365. Алтайдың сай-саласы тал мен ырғай,  
Өтеді судан қойым салмай құрғай.  
Аялсыз ат жүздіріп өте шықсам,  
Қалқатай шақырған соң қолын бұлғай.



366. Алтайдың бетінде бар бойлақ бұршақ,  
Дүние шолақ екен ойлап тұрсақ.  
Өмірдің аз-көбіне көз жетпейді,  
Қалқатай, тіршілікте ойнап тұрсақ.
367. Алтай тауы көзіме көрінеді,  
Көңлім көрген сайын бөлінеді.  
Жүргенде қарағайдан атып,  
Қалқатай шайыр іздеп келіп еді.
368. Алтын жүзік жарасар бармағыңа,  
Солқылдайды қара жер салмағыңа.  
Алыс аулың кеткенде, асыл сәулем,  
Сағынышпен қараймын жан-жағыма.
369. Алмалының ар жағы мойынтал-ды,  
Қыз бозбала жиылып ойын салды.  
Сен алысқа кеткенде, қалқатайым,  
Қаршығадай қайрылып мойным талды.
370. Алмаймын ерімді өсте жай шағырдан,  
Мен түгіл сені, қалқа, тау сағынған.  
Өзімді көріп жүр деп беріп ең,  
Суырып жүзігіңді саусағыңнан.
371. Алыс кеттің, қалқатай, баяның жоқ,  
Жоқ болған соң баяның, амалым жоқ.  
Айрылмастай ант ішкен, қимас қалқам,  
Аз ғана күн болмаса, аялың жоқ.
372. Алшақтай аяңдайды айдын керім,  
Ауылым жағасында айдын көлдің.  
Сағынып тоқтай алмай жүргенімде,  
Аулыма, құрбыжаным, қашан келдің.
373. Алғаным базар барып алтын жүзік,  
Келісер жаңа отауға аппақ үзік.  
Маржандай аса сөзді өзім айтқан,  
Қалқатай жүрегіне алсын сызып.

374. Алушы едік күнде қазып таудан бекті,  
Қалқатай мені іздеп таудан кепті.  
Қызыл тіл арамызға от жақса да,  
Шығармай есіңізден берген сертті.
375. Алшаң-алшаң басады салқара атым,  
Жиырма бес қыз бен жігіт қарманатын.  
Толысқан екеуің де бойжеткенсің,  
Айтқан сөзді өздерің атқаратын.
376. Алысқа көшіп ауылым бара жатыр,  
Кербесті кекіл қағып далада тұр.  
Астынан алты қырдың ән салғанда,  
Алдында ақ боз үйдің қара да тұр.
377. Алып келген базардан алтын балдақ,  
Алтын балдақ жарасар алсаң қармап.  
Торы бестінің құйрығын талдап өріп,  
Жануарды жараттым саған арнап.
378. Алып келген базардан темір шелек,  
Ойнағаның, күлгенің елден бөлек.  
Өзің көңіл бөлгенде, өттең, қалқа,  
Айналайын көзіңнен дөп-дөңгелек!
379. Алып келген базардан кілемдерім,  
Өз қолыңа тиді ме, жібергенім?  
Шыныменен көңілің менде болса,  
Мен де сендік болуды тілеудемін.
380. Алма мойын ала үйрек ұшар сайдан,  
Жыл құсындай, сәулем-ау, келдің қайдан?  
Кетер болсаң, айтып кет мекеніңді,  
Жат болмағы адамның осындайдан.
381. Алыс жолдан келіп ем бір түн қатып,  
Кетейін деп өзіңе бір тіл қатып.  
Терезенді қақсам да, оянбадың,  
Қатты жауған жаңбырдай тырсылдатып.

382. Арбадай боп ендеше, арбадай боп,  
Қаратаудан күн шығар қарғадай боп.  
Бір ойнасам, сенімен мен ойнаймын,  
Сары майға бұлғаған жармадай боп.
383. Арғымақ кейде жалды, кейде жалсыз,  
Ер жігіт кейде малды, кейде малсыз.  
Дарияның жарға соққан толқынындай,  
Көз сүзген көрінгенге көңіл арсыз.
384. Аржағы Алмалының бел болады,  
Іргесі, екі жағы ел болады.  
Кеткенде ауылың алыс, беу, қарағым,  
Жылаған көзім жасы сел болады.
385. Аржағы ауылымның қара балшық,  
Үйіңе кіргізбейді қара қаншық.  
Ауылыңа түн жамыла барғанымда,  
Жамылып шапаныңды далаға шық.
386. Арқалап тұрған жерің алымсағын,  
Теңбілтас теріп жүрмін сарымсағын.  
Хатқа сап хабарыңды білдіре жүр,  
Басады жүрегімді сағынсам мұң.
387. Арасын екі ауылдың төтелейін,  
Маған бер, түйең басын жетелейін.  
Шын көңіл, ынта-пейілің менде болса,  
Қалайша қарызыңды өтемейін.
388. Ары астым-ау, белеңнің ойы-қырын,  
Айтады әркім көрген қасірет-шерін.  
Ай-жұлдызды қалқатаймен қол ұстасып,  
Кім білер көңіл қашан ашылады?
389. Арттағы, жуықтағы, шалғайдағы,  
Отыр ма еске түсіп қай-қайдағы.  
Албырттықпен көз сүзбейін,  
Жақсы әйел — ер жігіттің жан қайрағы.

390. Арасында гүл тердің жасыл қайың,  
Айтарымды өзіңнен жасырмайын.  
Бір өзіңе ғашық боп өлер болдым,  
Жаман-жұтық қыздарға бас ұрмайым.
391. Астыда бір атым бар көкаладан,  
Көрінер ауылыңыз анадайдан.  
Көңілің шыныменен менде болса,  
Кезігеміз, құдаша, қайсы арадан?
392. Астымда көк бестіні шаужайлаймын,  
Болсын деп қойға күзет, айғайлаймын.  
Кеткенде ауылың алыс, қимас қалқа,  
Жүректен тарқамайтын қайғы ойлаймын.
393. Астымдағы мінгенім — жауыр күрең,  
Бір өзіңді, құрбыжан, тәуір көрем.  
Қиуада кез болған, замандасым,  
Сізді көріп, әдейі төктім өлең.
394. Астымда мінген атым жайлақтаған,  
Беткейден түйе түсер тайлақтаған.  
Кеткенде ауылың алыс, қалқатайым,  
Көзіңнен айналайын ойнақтаған.
395. Асыл тастан, ендеше, асыл жастан,  
Күпіршілік ойлайды-ау көңілі асқан.  
Жерің шалғай кеткенде, қимас қалқам,  
Жібереің хат жазып қарлығаштан.
396. Аспанда ай мен жұлдыз жарқырайды,  
Көк өзен көк жайлауда сарқырайды.  
Қалқатай, қысы-жазы шырқасам да,  
Өлеңім саған деген сарқылмайды.
397. Аспанда ұшып жүрген ұлар ме екен,  
Баласын атып алсам, жылар ма екен?  
Айрылған асыл заттан қиын екен,  
Айырған екеуімізді Құдай ма екен?!

398. Аспанда бір жұлдыз бар айдан аппақ,  
Қасыңнан шыға алмадым тайғанақтап.  
Жапанда жалғыз өскен сіз бір ағаш,  
Басыңа шыға алмадым тайғанақтап.
399. Аспанда бір жұлдыз бар жылыстаған,  
Қолына батыр жігіт ту ұстаған.  
Жақсымен сөз байласып, басын қоссаң,  
Жар болар өмір бойы суыспаған.
400. Аспанда бір жұлдыз бар — алтын қазық,  
Бәйгеден ат келеді бауырын жазып.  
Бергенде өзің көңіл, өттең, қалқа,  
Көз нұрың болар еді-ау маған азық.
401. Аспанда бір жұлдыз бар айға жақын,  
Жанасар жарлы байғұс байға жақын.  
Шын болса осы айтқаның, қалқатайым,  
Барайық қол ұстасып сайға таман.
402. Аспанда бұлт тоқтайды меңдей болып,  
Қалады кескен ағаш жеңдей болып.  
Кеткенде ауылың алыс, өттең, қалқа,  
Көзіме кім көрінер сендей болып.
403. Астымда мінген атым шыбарым-ай,  
Жарасар әсем таққан тұмарың-ай!  
Құдайым жолдас қылса сеніменен,  
Өмірлік тарқар еді құмарым-ай!
404. Асты қорым дарияның, үсті қорым,  
Үстіндегі киімің ноғай порым.  
Қандай дұшпан өзіңді кемітеді,  
Алтын кірпік болғанда, аққу мойын.
405. Астымда мінген атым тор шолағым,  
Соқтырып ойдан-қырдан жер шаламын.  
Бұрыннан көңілім сүйген құрбым едің,  
Қуантып сені көрсем ән саламын.

406. Астымда мінген атым жайнақтаған,  
Болсын деп қойға күзет айтақтағам.  
Кеткенде ауылың алыс, өттең, қалқа,  
Көзіңнен айналайын жайтақтаған.
407. Аспанда бір жұлдыз бар айдан жақсы,  
Қара су, шөлдеп ішсең, майдан жақсы.  
Қалқаның ойда жатып берген хаты,  
Жіберген жетелетіп қайдан жақсы.
408. Аспанда ұшып жүрген темір қанат,  
Қарайды көз талдыра көп жамағат.  
Бергенде өзің көңіл, қимас қалқа,  
Көрмесем жүре алмаймын жарым сағат.
409. Атымды атап шақырдың бұлай-ай деп,  
Аттың басын мен бұрдым бұл қалай деп.  
Алыс ауылың кеткенде шалғай көшіп,  
Жата кеттім төсекке Құдай-ау деп.
410. Ат жақсы қамшылатпай жорғалаған,  
Ақын ба, өлең айтпай қорғалаған?  
Түскенде сен есіме, қимас қалқам,  
Көз жасым нөсер болды сорғалаған.
411. Атыңнан айналайын, күлме көзім,  
Мән-жайды отырсаң ғой біліп өзің.  
Ішімді сары майдай ерітеді,  
Аралас өзіл-қалжың айтқан сөзің.
412. Атыңнан айналайын, қара көзім,  
Бал татыр барған сайын айтқан сөзің.  
Сыртынан ауылыңның тосып тұрмын,  
Келсеңші, зарықтырмай жалғыз өзің.
413. Атыңнан айналайын, қыр мұрным,  
Күніне тотықұстай мың құбылдың.  
Кісіні қызықтырмай қылығыңмен,  
Қасыма жақындашы, асыл құрбым.

414. Атыңнан айналайын, әри-айдай,  
Болады сендей қайда бойдай талай.  
Селдеттім, сен кеткенде көздің жасын,  
Орныңа бойдай талай толсын қандай.
415. Өттең бәрі жүгірмес буырылдай боп,  
Жанның бәрі ойнамас құрбыдай боп.  
Құрбыласты сағынып жүргенімде,  
Даусы қайдан шығады бұлбұлдай боп.
416. Атыңнан айналайын, қарақтарым,  
Секілді ақ қазине тамақтарың.  
Бергенде өзің көңіл, өттең, қалқа,  
Мен дағы бір өзіңе талаптандым.
417. Атыңнан айналайын, сәулем едің,  
Көңілімнің қуанышы дәурен едің.  
Келмейді жатсам — ұйқым, тұрсам — күлкім,  
Басымды не сиқырмен әуреледің?
418. Атты жауыр қылды қашқан терлік,  
Басқа пайда бермейді асқан серлік.  
Жастықтың отын баса алмай көңілдегі,  
Ат өксітіп, қалқатай, іздеп келдің.
419. Ат туар айғыр салсаң кераладан,  
Көрінер ауылың алыс жер даладан.  
Кеткенде жерің шалғай, қимас қалқа,  
Жетер ме, сәлем айтсам бір баладан?
420. Атыңнан айналайын, алтыным-ай,  
Ақ жүзінді көргенде балқыдым-ай!  
Сіз — дария болғанда, мен — қоңыр қаз,  
Бауырым төсеп бетінде қалқыдым-ай.
421. Атқан жан құмартады насыбайды,  
Насыбай, су құймаса, ашымайды.  
Жүрелік ебі келсе, ойнап-күліп,  
Менікі болмасаң да басыбайлы.

422. Ауылым көшіп барады Белтұрғанға,  
Қисық ағаш қозғалар жел тұрғанда.  
Күн мен айын басқаның не қылайын?  
Талшыбықтай бұралып сен тұрғанда.
423. Ауылым Аршалының баурында,  
Белгісі жүйрік, өттең, сауырында.  
Кез болған қиуда, қимас құрбым,  
Келіп тұр, сағындырмай ауылыма.
424. Ауылымның қонғаны Ойқараған,  
Таңертеңгі кім екен қой қараған.  
Шынымен көңілің менде болса,  
Табысалық күзетте қой қорадан.
425. Ауылым қонған Алтайдың бұлағына,  
Жарасқан алтын сырға құлағыңа.  
Қалқатай, мәңгі естен шығармастай,  
Берейін атым жазып тұмарыңа.
426. Ауылым көшіп барады Қоғалыға,  
Бүркіт салған шығады обалыға.  
Келгенше жиырма беске тұрмыс құрмай,  
Қалды екен қандай адам обалыңа?
427. Ауылым қара судың жағасында,  
Қалқатай, шақырайын, барасың ба?  
Ауылыма шақырғанда келе алмасаң,  
Зар еңіреп артымда қаласың ба?
428. Ауылым көшіп барады Құрақтауға,  
Жақсы дейді Құрақтау тұрақтауға.  
Сен болсаң — жапанда өскен бір бәйтерек,  
Мен келемін бұтағыңа қонақтауға.
429. Ауылыңа барайын құр ат мініп,  
Қалқатай жүрген шығар құлақ түріп.  
Сағынғанда сен берген орамалмен,  
Көзімді талай сүрттім жылап тұрып.



430. Ауылым көшіп барады көк Қауланға,  
Жабағы арық, тай семіз көп сауғанға.  
Екі жастың тілегін берген Алла,  
Қосып-қосып қойсашы көңілі ауғанға.
431. Ауылым көшіп барады тау басына,  
Бұрау салдым түйемнің аумасына.  
Қиуада кез болған, қимас қалқам,  
Серт берем мен сенен қалмасыма.
432. Ауылым Алмалының төрінде отыр,  
Былтырғы өзің барған жерінде отыр.  
Шыныменен көңілің менде болса,  
Бейсенбі, жұма күні көрін де тұр.
433. Ауылым олай көшкен, бұлай көшкен,  
Бауырын ақ тайлақтының арқан кескен.  
Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқа,  
«Қош аман тұр» деген сөз кетпес естен.
434. Ауылым көшіп барады Ылайкөлге,  
Шағи бешпет жарасар қынай белге.  
Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқам,  
Екі көзің төрт болып жылай берме.
435. Ауылым қонды Қаратау белесіне,  
Мен үшін ат өксітіп келесің бе?  
Есім ауып жығылдым кер төбелден,  
Қимас қалқам, түскенде сен есіме.
436. Ауылым көшіп барады Құмкескенге,  
Асау торы ат жақсы екен мінгескенге.  
Ауылыңнан кеткені тым алысқа,  
Қиын болды-ау, біз үшін тілдескенге.
437. Ауылым көшіп барады Алмалыға,  
Алмалыға жылқы айдап, бармадың ба?  
Қашағанды қуалап жүргенімде,  
Қос жанарың қараумен талмады ма?

438. Ауылым көшіп барады Көлмекөлге,  
Алыс дейді Көлмекөл көрмегенге.  
Оралыңның барында ойна да күл,  
Күн күркіреп, жаз шығар өлмегенге.
439. Ауылым Ерен таудың қырқасында,  
Жүремін қырқасымен бұрқасында.  
Мойныңа ақ білекті арта салсам,  
Айырылмаса, қайтесің, қырқасың ба?
440. Ауылым көшіп барады Сарымсаққа,  
Шықпайды екен шыбын жан сағынсақ та.  
Кеткенде ауылың алыс, қимас қалқам,  
Жүрейік хат жазысып не қылсақ та.
441. Ауылыңды іздедім көк жайлаудан,  
Саған қарап, жан сәулем, көңілім ауған.  
Көп отырдым сүйеніп ақ құрыққа,  
Былтыр жазғы жұртыңда бие сауған.
442. Ауылым көшіп барады белден асып,  
Сенсіз жерде қалады көңілім жасып.  
Жерің шалғай болғанмен, көңілің жақын,  
Түн қатсаң да келіп жүр хабарласып.
443. Ауылымның қонғаны — Қызыл қайың,  
Сенен басқа кісіні не қылайын?  
Ауылыңды торимын күндіз-түні,  
Тарамайды бойыма ішкен шайым.
444. Ауылы қалқатайдың қонды бұрыс,  
Келгенде қыз он беске ноғай жүріс.  
Кеткенде сен алысқа, сенер болсаң,  
Өтпейді тамағымнан жалғыз күріш.
445. Ауылым көшіп барады Теріскейге,  
Кесте тіксе, келісер малскейге.  
Жерің шалғай кеткенде, қимас қалқам,  
Өзіңе арнап ән салсам келіспей ме?

446. Ауылым көшіп барады кең жайлауға,  
Барып-келіп жүрсекші сайрандауға.  
Алыс ауылың кеткенде, сағындырма,  
Асығамын ақырын сөз байлауға.
447. Ауылдан мен де шықтым, күн де батты,  
Ақбозат астымдағы ішін тартты.  
Боларын бір сұмдықтың сонда білдім,  
Ауылы бұраң белдің қашық тартты.
448. Ауылым көшіп барады Сарымсаққа,  
Қой айдаттым базарға алмасаққа.  
Ауылың алыс кеткенде, ей, қалқатай,  
Шықпайды екен шыбын жан сағынсақ та!
449. Ауылым Сартоғайдың ашасында,  
Тоғайдың жылқы тұрар тасасында.  
Көңілің шыныменен менде болса,  
Мені ертіп бүгін түнде қашасың ба?
450. Ауылым көшіп барады Қарақұмға,  
Біздің ауыл сол құмның балағында.  
Кел деген сөз аузыңнан шыға қалса,  
Құстай ұшып қасыңа барайын ба?
451. Ауылымның қонғаны Бүлдіргенді,  
Сенен шалғай кетерді кім білген-ді.  
Ұзақ таңда дөңбекшіп, көз ілмеймін,  
Өзіңменен ойласам бір жүргенді.
452. Ауылым көшіп барады шат басына,  
Күміс жүген жарасар ат басына.  
Шыныменен көңілің менде болса,  
Шағи шапан жамылып, жат қасыма.
453. Ауылым көшіп барады Ылайкөлге,  
Шағи мешпет жарасар қынай белге.  
Алыс ауылың кеткенде, қалқатайым,  
Айналайын көзіңнен, жылай көрме.

454. Ауылым көшіп барады Алмалыға,  
Кім көнбейді Алланың салғанына?  
Атып алған аққудай армандаймын,  
Айырылып мен өзіңнен қалғаным.
455. Ауылым көшіп барады Көлмекөлге,  
Алыс дейді Көлме көл көрмегенге.  
Қайта айналып келгенше, сәуле жаным,  
Шыбын жаным жүреді-ау, өлмегенге.
456. Ауылым көшіп барады Бабаулыққа,  
Бірғай кесіп аршыдым сабаулыққа.  
Неше барсам, бермеді әкең жауап,  
Қайту керек малды елім Қараулыққа.
457. Ауылым көшіп барады Аққауланға,  
Жабағы арық, тай семіз көп сауғанға.  
Алыс ауылың кеткенде, қимас қалқа,  
Кетіп қалма ұмытып көңілі ауғанға.
458. Ауылым қонды Ертістің қабағына,  
Жаяу жүрсем тас табар табаныма.  
Ат өксітіп ауылға түнде барсам,  
Жаным құрбым, бір хабар аламын ба?
459. Ауылым құнды Ертістің ар жағында,  
Салсам балық ілінеді қармағыма.  
Шалғай қалған ауылыңа бір бара алмай,  
Жасыдым-ау, жете алмай арманыма.
460. Ауылым көшіп барады қоңыр белге,  
Ауылың қосылар ма біздің елге?  
Кеткенде ауылың шалғай, қимас құрбым,  
Көңілім жұбанады сен дегенде.
461. Ауылыңа барып едім көк дөненмен,  
Сәті түсіп кезіктің көлденеңнен.  
Енді бүгін ауылың шалғай кетті,  
Шыбын жаным жүреді ғой шөлдегеннен.

462. Ауылым көшіп барады Сүптікөлге,  
Мінейін үкі тағып епті керге.  
Кеткенде ауылың алыс, өттең, қалқа,  
Бармайды қиып аузым кетті деуге.
463. Ауылым Өр Алтайдың қырқасында,  
Кейде қар, кейде жаңбыр бұрқасында.  
Ақ білекті мойныңа арта салсам,  
Айырылмаса ақ білек, қырқасың ба?
464. Ауылы қалқатайдың кетті басқа,  
Жүгіріп шыға келдім секі тасқа.  
Секип секі тасқа шыға келсем,  
Қаз қонды, үйрек ұшып аққан жасқа.
465. Ауылыңның қонғаны Талды ма екен,  
Жан сәулем мені есіне алды ма екен?  
Немесе жат біреумен серік болып,  
Ойыны қалай ғана қанды екен?
466. Ауылыңның қонғаны Бүрген бе екен,  
Мен келер деп құлағын түрген бе екен?  
Немесе жас біреуге бауыр басып,  
Қайғысыз ойнап-күліп жүрген бе екен?
467. Ауылың алыс кеткенде, қынай белім,  
Жолаушыдан жол тосып сұрай бердім.  
Сағынғаннан сарғайып, сенер болсаң,  
Көздің жасын көл қылып жылай бердім.
468. Ауылым көшіп алысқа, тұрдым жылап,  
Ат шаптырым арадан біздің тұрақ.  
Жеңіл қарап жастықпен күдер үзбе,  
Жер шалғай деп ұмытып кетпе бірақ.
469. Ауылым көшіп барады Жайсаңкөлге,  
Күміс белбеу жарасады үлкендерге.  
Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқам,  
«Хат апар» деп жалындым көк кептерге.

470. Ауылыңның, қалқашым, алысын-ай,  
Көздің жасын көлдетіп жыладым-ай!  
Екі жерде екеуін еңіретіп,  
Қоспай қойған біздерді Құдайым-ай!
471. Ауылым көшіп барады Жасылкөлге,  
Бес қаруы жарасар батыр ерге.  
Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқам,  
Сәлем айт деп жалынам соққан желге.
472. Ауылы қалқатайдың кетті басқа,  
Жүгіріп шыға келдім секі тасқа.  
Сағынғаннан сарғайып сенер болсаң,  
Қаз қонды, үйрек ұшып аққан жасқа.
473. Ауылым көшіп барады мөлдір көлге,  
Сусын болған мөлдір көл қонған елге.  
Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқам,  
Іздейін деп ер салдым қаракерге.
474. Ауылым Қара Ертістің жағасында,  
Шақырсам, ауылыма барасың ба?  
Ауылға шақырғанда келе алмасаң,  
Отына сағыныштың саласың ба?
475. Ауылым қонған Алтайдың бұлағына,  
Жарасқан алтын сырға құлағыңа.  
Атыңды жүрегіме жазып жүрмін,  
Бағалап ғашықтықтың тұмарына.
476. Ауылым көшіп барады Көкөзенге,  
Қоңыр қаз бен аққуы көп өзенге.  
Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқам,  
Аунақшып жата кеттім көк кезеңге.
477. Ауылым көшіп барады Сарөзенге,  
Сазаны мен шортаны бар өзенге.  
Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқам,  
Күнде шығам сағынып аш кезеңге.

478. Ауылым көшіп барады Шиліөзенге,  
Балығы мен бақасы тойылы өзенге.  
Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқам,  
Сағынып, сүлдерім жүр құр денемде.
479. Ауылым көшіп барады Алмалыға,  
Кім көнбейді Алланың салғанына?  
Атып алған арқардай армандамын,  
Қалқатайдан айырылып қалғаным.
480. Ауылым көшіп барады Самырсынға,  
Енесі тепкеннің еті ауырсын ба?  
Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқам,  
Қағаз қылып хат жаздым қауырсынға.
481. Ауылыңның қонғаны Іле деймін,  
Кеткеніңді Ілеге тілемеймін.  
Ауылың алыс кеткенде, есіл қалқа,  
Ұшқан құстан хат жазып жіберейін.
482. Ауылым көшіп барады Қайыңдыға,  
Жетім-жесір паналар қайрылғанға.  
Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқам,  
Деп жылаймын «Құдай-ау, айырдың ба?».
483. Ауылым көшіп барады шөпті көлге,  
Күміс тұрман жарасар қаракерге.  
Жерің шалғай кеткенде, қимас қалқам,  
Ауыз шіркін бармайды «кетті» деуге.
484. Ауылым көшіп барады Теректіге,  
Күміс шолпы жарасар желектіге.  
Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқам,  
Ұйқы-күлкі, үміттім көңілімде.
485. Ауылым көшіп барады Изендіге,  
Ақ бөкен ауып барады бізбен бірге.  
Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқам,  
Жата кеттім «үһілеп» күйрелгенде.

486. Ауылымның қонғаны құла қойтас,  
Құла шегір құнаным, ойнақтай бас.  
Ат өксітіп алыстан келгенімде,  
Жұмыртқадай шайқа да, баурыңа бас.
487. Ауылым көшіп барады сексеуілге,  
Тоқтау бар ма, сөйлесе, қызыл тілге.  
Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқам,  
Жатсам, ұйқым келмейді ұзақ түнге.
488. Ауылым көшіп барады Алмалыға,  
Алмалыға жылқы айдап бармадың ба?  
Ауылың алыс кеткенде, қарай-қарай,  
Қос жанарым көгеріп талмады ма?
489. Ауылым көшіп барады Арасанға,  
Қайырсыз бай жаралыға қараса ма?  
Бір күн жолдас болғанға қырық күн сәлем,  
Сағынбасам, қалқатай, жараса ма?
490. Ауылым көшіп барады өр басына,  
Күміс жүген жарасар кер басына.  
Ат арытып алыстан келгенімде,  
Тал шыбықтай бұралып, кел қасыма.
491. Ауылым көшіп барады шеткі көлге,  
Сасқалақ ер салдым епті керге.  
Ауылың алыс кеткенде, құрбыласым,  
Келмейді айтуға аузым кетті деуге.
492. Ауылым көшіп барады Ыстықкөлге,  
Ақ жауынның айналар арты селге.  
Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқам,  
Бір өзіңнен басқаға көңіл берме.
493. Ауылым көшіп барады Талдыжелге,  
Шешең көшке мінеді балды керге.  
Ұйықтасам да, түсімде сені көрем,  
Малшынамын қарадай қара терге.



494. Ауылымның қонғаны Талды ма екен,  
Тауда қалған ағайын малды ма екен?  
Қайда жүрсем есіме түсер қалқам,  
Сүйткен қалқа аузына алды ма екен?
495. Ауылым көшіп асады Қарғалыдан,  
Сенің түбек көрінер аржағыңнан.  
Жолы қиын көрінді, айтшы маған,  
Барайын ба жағалап, жар жағынан.
496. Әнім баяу ендеше, әнім баяу,  
Той дегенде келеді атты, жаяу.  
Мен есіңе түскенде, қимас қалқам,  
Жатыр ма екен төсекте ұйқылы-оая!
497. Әй, қалқа, ауылың алыс, ауылың алыс,  
Кісімен ауылы алыс болма таныс.  
Кісімен ауылы алыс болсаң таныс,  
Аяғың басылмайды шалкем-шалыс.
498. Ән нашына келмейді шырқап салмай,  
Жігіт сәні келмейді қаршыға алмай.  
Тұрғанда басыңда еркің, қауышалық,  
Айқасқан, самал соқса, өрім талдай.
499. Әй, қалқа, ақ жүзіңе таң қаламын,  
Сыртыңнан ғашық болып сандаламын.  
Ләйліге ғашық болған Мәжнүңдей,  
Ішімнен шығаруға арланамын.
500. Ән нашына келмейді шырқап салмай,  
Қыздың бағы жанбайды қайын алмай.  
Аңдыған арамызда өзөзіл көп,  
Қалқатай, қарманайық, қапы қалмай.
501. Әуеден ұшып жүрген бозша торғай,  
Ұшады бозша торғай мойын бұрмай,  
Көрмегелі, қалқатай, көп жыл болды,  
Сәлемде үш қайтара дұғай-дұғай.

502. Әуеден ұшып жүрген көкала үйрек,  
Ұшады көк ала үйрек көлге сүйреп.  
Қалайын осы арада ойнап-күліп,  
Сонан соң кездесер түн болар сирек.
503. Әуеден ұшып жүрген шіл, кекілік,  
Үзді ғой шідерімді ат секіріп.  
Кеткенде жерің шалғай, өттең, қалқа,  
Артыңда біз қалдық қой қатты өкініп.
504. Әуеден ұшып жүрген сарыала қаз,  
Қайтейін, екі қалқа, ғұмырың аз.  
Дегенге екі қалқа ғұмырың аз,  
Жүрмейік ойнап-күліп бір екі жаз.
505. Әуеден ұшып жүрген қара инелік,  
Қара инелік ұшады зар иленіп.  
Кеткенде ауылың шалғай, өттең, қалқа,  
Қалады ғой қабырғама қан иленіп.
506. Әуеден ұшып жүрген сарыала қаз,  
Көлбеңдеп көлде жүрсе болады мәз.  
Өртеді өзегімді ғашық отың,  
Қалқатай, жазсаң, осы дертімді жаз.
507. Әріптес, өлең десе, ағыламын,  
Көрмесем дидарыңды, сағынамын.  
Күл де ойна гүлің барда құрбыңменен,  
Адамды сенен басқа не қылайын?
508. Әуеден ұшып келген шіл, кекілік,  
Жем іздеп тастан-тасқа жүз секіріп.  
Келейін қос ат алып таңға жақын,  
Жеріңде уағдаңда айтқан түр бекініп.
509. Әнім сауық, ендеше, әнім сауық,  
Ақбоз аттан жығылдым есім ауып.  
Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқам,  
Сағынамын өзіңді ауық-ауық.

510. Әуеден ұшып жүрген шіл, кекілік,  
Бұтаға шыл, кекілік жүр бекініп.  
Уағдаңды байлар болсаң, мықтап байла,  
Артына арманда боп қалма өкініп.
511. Әуеден ұшып жүрген қарабайды,  
Қарабай құйрықтарын тарамайды.  
Түскенде сен есіме, сенер болсаң,  
Бойыма ішкен асым тарамайды.
512. Әуеден ұшып жүрген шіл, кекілік,  
Үздім ғой шылбырымды ат секіріп.  
Берік бол уағдаңа өзің айтқан,  
Қалмасын секем алып, біреу біліп.
513. Ән салсаң, өзімдей сал баяулатып,  
Бұрынғы өткен әнге таяулатып.  
Тұсынан ауылыңның ән салғанда,  
Шыдайды дәтің қайтіп, ояу жатып.
514. Әуеден ұшып жүрген ұлар ма екен,  
Даусы жануардың ұнамды екен.  
Қос атпен Семей жаққа қашып кетсек,  
Көңілім сонда барып тынар ма екен?
515. Әуеден ұшып жүрген қырандаймын,  
Өлеңді айтпасам мен, тұра алмаймын.  
Қызыл түлкі сен болып қырға шықсаң,  
Қыран бүркіт мен болып жұмарлаймын.
516. Әуеден ұшып жүрген ұлар ма екен,  
Ұнатып Ұлытауды қылған мекен.  
Қос атпен қалқатайды іздеп келсем,  
Жерінен уағдалы шығар ма екен?
517. Әуеден ұшып жүрген сұр кекілік,  
Шідерімді үзіпті ат секіріп.  
Сен алысқа кеткенде, қимас қалқа,  
Мен қалыппын артыңда қатты өкініп.

518. Әуеден ұшып жүрген ұлар ма екен,  
Баласын атып алсам, жылар ма екен?  
Кезінде қалқатаймен серт байлағам,  
Айнымай, айтқан сертте тұрар ма екен?
519. Әуезің әуезіме қосылысқан,  
Көрінер қос бәйтерек осы тұстан.  
Түскенде сен есіме, әттең, қалқа,  
Қойныма көздің жасы жосылысқан.
520. Әр ауылдан жолдастар келіп еді,  
Осындайда көңілдің семірмегі.  
Сағынысқан әріптес келген соң,  
Келді ғой сұлудан көңілдегі.
521. Әрине, салдым құрық тел күреңге,  
Телмірдім сен кеткен соң мен біреуге.  
Кеткенде ауылың алыс, әттең, қалқа,  
Жоқ болды қолда қамшым жер тіреуге.
522. Әнім сауық дегенде, әнім сауық,  
Мен сауықты сағындым ауық-ауық.  
Түскенде сен есіме, қимас қалқа,  
Жығылдым салтор аттан есім ауып.
523. Әуеден ұшып жүрген ақ кекілік,  
Үзді ғой шідерімді ат секіріп.  
Кеткенде сен алысқа, қалқатайым,  
Төсекке құлай кеттім қатты өкініп.
524. Әуеде ұшып жүрген қара шыбын,  
Нәрсенің қолдан шыққан бәрі — шығын.  
Кез болған қиуада, қимас қалқа,  
Көзіңнің айналайын, қарашығын!
525. Әуеде бір жұлдыз бар — Темір қазық,  
Бәйгеден жүйрік келер бауырын жазып.  
Қалқатай, ақ тамақтан бір сүйгізсең,  
Таусылмас болар еді бір жылғы азық.

526. Ән салсаң, өзімдей сал баяулатып,  
Ер жігіт мал табады жаяулатып.  
Астынан алты қырдың ән шырқасам,  
Шыдайды дәтің қайтіп, ояу жатып?
527. Әуеде ұшып жүрген ұлар ма екен,  
Баласын атып алсам, жылар ма екен.  
Кеткенде ауылың алыс, ей, қарағым,  
Өлеңге өстіп қоссам ұнар ма екен!
528. Әуеден ұшып жүрген көкек деген,  
Балапаны бауырында секектеген.  
Ойымда үш ұйықтасам, бар ма менің  
«Айырылып, қалқатайдан кетем» деген.
529. Ән шырқасам, көмейім күбірлейді,  
Сөзі дәмді кісіні «білгір» дейді.  
Өңім бе екен, бұл көрген түсім бе екен?  
Қарсы алдыңнан қалқатай күлімдеген.
530. Әуеден ұшып жүрген лашын-ды,  
Созайын бір өзіңе құлашымды.  
Емеспін жүре алатын, сірә, сенсіз,  
Жасырам сенен неге расымды.
531. Әуеден ұшып жүрген торғай ма екен?  
Күн жауса, балапанын қорғай ма екен?  
Бірге өскен кішкентайдан құрбым едің,  
Басқа адам бір өзіңдей болмайды екен.
532. Әріптес, сен ұй десең, мен бүй дейін,  
Ақ ұнын Шәуешектің нан илеймін.  
Түскенде сен есіме, әттең, қалқа,  
Түйедей ботасы өлген зар илеймін.
533. Әуеден ұшып жүрген жетім қарға,  
Жетім қарға, жейтұғын етің бар ма?  
Сағынып санаменен сарғайған соң,  
Алыстан ат өксітіп жеттім зорға.

534. Әуеде ұшып жүрген сары ала қаз,  
Айдын көлдің ортасы көкорай саз.  
Сен іздесең, қалқатай, мен сұраған,  
Күліп-ойнап қалайық бір-екі жаз.
535. Ақ белек көлдің астын көтереді,  
Көтерсең, көлдің беті нетер еді?  
Астынан ақ тамақтың бір сүйгізсең,  
Жолыма алты айшылық жетер еді.
536. Ән сал десең, салайын сал әуезге,  
Құлан барып жайлайды Аякөзге.  
Алыс ауылың кеткенде, қимас қалқам,  
Сағыныш пен жас келер қара көзге.
537. Әуеден ұшып жүрген ақсар ме екен?  
Баласын айтып алсам қақсар ма екен?  
Әніме майда қоңыр сала берсем,  
Даусына перизаттың ұқсар ма екен?
538. Әуеден ұшып жүрген лашын-ды,  
Жазып қал лашыным құлашыңды.  
Тұнжырап жүруші едім қамкөңіл боп,  
Көңілім көріп сені бір ашылды.
539. Әуеден ұшып жүрген күйкентай-ды,  
Ұялап мекен еткен үлкен сайды.  
Қоямын сен дегенде ішкен асты,  
Қалқатай, қайырыла бер, білсең жайды.
540. Әуеден ұшып жүрген ала кептер,  
Ұядан жаңа шыққан бала кептер.  
Барайын қосар алып ауылыңа,  
Қайтқанда қалқам мені ала кет дер.
541. Әуеден ұшқан бүркіт торға түсер,  
Жылқыны, шау жайласа, жорға түсер.  
Қалқатай, келмек болсаң, тезірек кел,  
Қор болып құрбың бір күн қолға түсер.

542. Өуеден ұшып жүрген сона ма екен  
Солқылдап ши басына қона ма екен?  
Кеткенде ауылың алыс, өттең, қалқа,  
Басқа жан бір өзіңдей болар ма екен?
543. Базардан өзім барып қазан алдым,  
Болсын деп іші майлы сазан алдым.  
Түскенде сен есіме, қимас қалқа,  
Дән өтпей тамағымнан назаландым.
544. Базардан алып келген жезді құман,  
Пәлеге ұшырайды сөзді құған.  
Бал жұтқан, шекер шайнап, беу, қарағым,  
Көзіңнен айналайын, ашып-жұмған.
545. Базардан алып келген алтын сырға,  
Жүгіріп жалаң аяқ шықтым қырға.  
Шын көңілің, ынта-пейілің менде болса,  
Кісіге менен басқа мойын бұрма.
546. Базардан алып келген темір қақпан,  
Өн шықты бір тамаша сіздің жақтан.  
Кеткенде жерің шалғай, әй, қарағым,  
Даусыңнан айналайын, сылдыр қаққан.
547. Базардан алып келген алтын жүзік,  
Жарасар ақбоз үйге оюлы үзік.  
Кеткенде ауылың алыс, қимас қалқа,  
Жүрсеші әріптестен күдер үзіп.
548. Базардан алып келген темір таяқ,  
Салмаймын салмағымды таяқты аяп.  
Кез болған қиуада, қимас қалқа,  
Сен үшін елден безіп болдым саяқ.
549. Базардан өзім барып өрік алдым,  
Өріктен ең тәуірін теріп алдым.  
Серттесіп ертеректе жүруші едік,  
Кеселді сенен келген көріп алдым.

550. Базардан алып келген ақшыл бозым,  
Өмірде ойнап қалар жастық кезің.  
Кеткенде ауылың алыс, қимас қалқа,  
Ұмытпай еске ала жүр, күлім көзім.
551. Базардан өзім барып сыр алайын,  
Сыр алсам, қалқатаймен бірге алайын.  
Кеткенде ауылың алыс, сырлас қалқам,  
Сағынбай сені қайтіп тұра алайын?
552. Алып келген базардан кілемдерім,  
Өз қолыңа тиді ме жібергенім?  
Шыныменен көңілің менде болса,  
Мен де сендік болуды тілеудемін.
553. Алма мойын, ала үйрек ұшар сайдан,  
Жыл құсындай, сәулем-ау, келдің қайдан?  
Кетер болсаң, айтып кет мекеніңді,  
Жат болмағы адамның осындайдан.
554. Алыс жолдан келіп ем бір түн қатып,  
Кетейін деп өзіңе бір тіл қатып.  
Терезенді қақсам да, оянбадың,  
Қатты жауған жаңбырдай тырсылдатып.
555. Арбадай боп, ендеше, арбадай боп,  
Қаратаудан күн шығар қарғадай боп.  
Бір ойнасам, сенімен мен ойнаймын,  
Сары майға бұлғаған жармадай боп.
556. Арғымақ кейде жалды, кейде жалсыз,  
Ер жігіт кейде малды, кейде малсыз.  
Дарияның жарға соққан толқынындай,  
Көз сүзген көрінгенге көңіл арсыз.
557. Аржағы Алмалының бел болады,  
Іргесі, екі жағы ел болады.  
Кеткенде ауылың алыс, беу, қарағым,  
Жылаған көзім жасы сел болады.



558. Ауылым көшіп барады белден асып,  
Сенсіз жерде қалады көңілім жасып.  
Жерің шалғай болғанмен, көңілің жақын,  
Түн қатсаң да, келіп жүр хабарласып.
559. Ауылымның қонғаны Қызылқайың,  
Сенен басқа кісіні не қылайын?  
Ауылыңды торимын күндіз-түні,  
Тарамайды бойыма ішкен шайым.
560. Ауылым Алатаудың ой жағында,  
Болады бота сұлу тайлағында.  
Өзіңмен тағы да бір айтысуға  
Жүремін қалмай барып тойлы ауылға.
561. Ауылым өрлей-өрлей өрге келген,  
Көрмеген ата-бабам жерге келген.  
Өркімнің туған жері — алтын бесік,  
Айрылып ел мен жерден неге келгем.
562. Ауылым көшіп барады кең жайлауға,  
Алып келіп жүрсекші сайрандауға.  
Алыс ауылың кеткенде, сағындырма,  
Асығамын ақырын сөз байлауға.
563. Ауылымның жайлауы Қарашоқы,  
Басылмайды жайылған малдың тоғы.  
Айтысамын дегенше меніменен,  
Менен келіп өлеңнен дәріс оқы.
564. Ауылым көшіп барады кең жайлауға,  
Келіп-кетіп жүре гөр сайрандауға.  
Көрген жерден ұнаған, беу, қарағым,  
Асығамын ақырғы сөз байлауға.
565. Ауылым Сартоғайдың ашасында,  
Тоғайдың жылқы тұрар тасасында.  
Көңілің шыныменен менде болса,  
Мені ертіп бүгін түнде қашасың ба?

566. Ауылым көшіп барады Қарақұмға,  
Біздің ауыл сол құмның балағында.  
«Кел» деген сөз аузыңнан шыға қалса,  
Құстай ұшып қасыңа барайын ба?
567. Әулиеге ұрынғай тиіп тұрар,  
Өзге таудан тұлғасы биік тұрар.  
Сен есіме түскенде, сәулетайым,  
Ішім жалын, сыртым от күйіп тұрар.
568. Әуеде ұшып жүрген лашын-ды,  
Созамын бір өзіңе құлашымды.  
Түрім жоқ сенсіз, сірә, жүре алатын,  
Жасырмай айтсам нағыз расымды.
569. Әріптес, сен үйдесең, мен бүйдейін,  
Ұнынан Шәуешектің нан илейін.  
Түскенде сен есіме сенер болсаң,  
Түйедей ботасы өлген зар илейін.
570. Әуеде ұшып жүрген торғай ма екен,  
Жауыннан балапанын қорғай ма екен.  
Бірге өскен кішкентайдан құрбым едің,  
Өзгелер бір өзіңдей болмайды екен.
571. Әуелі жүзік салдым бас бармаққа,  
Басқадан лайық бол асқан баққа.  
«Кішік бол, ұлық болсаң» дегендейін,  
Бөркіңді өскен сайын аспанға атпа.
572. Әуеде ұшып жүрген көкек деген,  
Бауырында балапаны секектеген.  
Ойымда үш ұйықтасам бар ма менің,  
Айырылып қалқатайым кетед деген.
573. Әуеде ұшып жүрген ұлар ма екен,  
Баласын атып алсам жылар ма екен.  
Кеткенде ауылың алыс, ей, қарағым,  
Өлеңге өстіп қоссам ұнар ма екен.

574. Әуеде ұшып жүрген сары ала қаз,  
Айдын көлдің ортасы көкорай саз.  
Сен іздесең, қалқатай, мен сұраған,  
Күліп-ойнап қалайық бір-екі жаз.
575. Ән салған екеу едік отардағы,  
Ет асып бер көжеңді қотар-дағы.  
Мойныңды боз жорға аттай бұрып салған,  
Қайтейін қылығыңды жатардағы?
576. Базардан сатып алған былғары айна,  
Құрбылас, бұлғақтайсың ауылың қайда?  
Білек бірге болғанмен, бармақ бөлек,  
Құлын-тайдай айқасып жүрмек қайда?
577. Базарда басы қымбат жібек жіптің,  
Қалқатай, жібек жіппен кесте тіктің.  
Кестеден күндіз-түні қолың тимей,  
Жеріңе уағдалы кеште шықтың.
578. Базардан өзім барып қант алайын,  
Қантымды шағатұғын балта алайын.  
Көңілің шыныменен менде болса,  
Аузыңнан айырылмастай дәм алайын.
579. Базардан базар барып, алдым жібек,  
Көре алмай бір өзіңді қалдым жүдеп.  
Шіркін, мәңгі ойнақтап тұрсаң еді,  
Алдымда атқан таңдай мәңгі үлбіреп.
580. Базардан алып келген сырлы тақтай,  
Дәм татқан сол тақтайдан қалқа мақтай.  
Кеткенде ауылың алыс, қимас қалқам,  
Жүресің ғашығыңды есте сақтай.
581. Базардан алып келген өрік пе екен,  
Өріктің бағы қандай көрікті екен?  
Өріктей өміріміз төтті өтетін,  
Қалқаның уағдасы берік пе екен?

582. Базардан алып келген мата ма екен?  
Матаны базарда арзан сата ма екен?  
Кеткенде ауылың алыс, мен сағынсам,  
Қалқатай есіне алып жата ма екен?
583. Базардан алып келген темір астау,  
Нақ сұлу келеді екен қиғаш қастау.  
Алыстан ат терлетіп келгенімде,  
Қиғаш қас талабымды тастамас-ау.
584. Базардан өзім барып шай алайын,  
Шайыма қосып ішер май алайын.  
Болсаң сен — махаббаттың бәйтерегі,  
Бұлбұл боп бұтағыңа саялайын.
585. Базардан базар барып қауын алдым,  
Болса да атыма ауыр, дәуін алдым.  
Шіркін-ай, жолым болып осы жолы,  
Күлім көз, оймақ ауыз тауып алдым.
586. Базардан өзім барып түйме алайын,  
Қарайын, түссе үзіліп, үй маңайын.  
Алыстан ат өксітіп келсең, қалқа,  
Күміспен кебісіңді құймалайын.
587. Базардан сатылады сарымсақ та,  
Жақсы мал жылқы деген әлімсақта.  
Шешеңнен сені тапқан айналайын,  
Өмірде бір жасайық, не қылсақ та.
588. Базардан өзім барып сырға алайын,  
Өзге алғанда, мен неге құр қалайын?  
Сырғаны салшы, қалқам, құлағыңа,  
Таңырқап дидарыңа бір қарайын.
589. Базарға қой айдаттым серкесімен,  
Бір сайдың бір сай шығар желкесінен.  
Жолымның болғандығы осы емес пе,  
Жолықтым бір ауылдың еркесімен.

590. Базардан өзім барып тәтті алғанмын,  
Ауылдан тәтті алам деп аттанғанмын.  
Өмірде кім ұмытар қалқатайдың,  
Ән салып, осы тойда шаттанғанын.
591. Базардан алып келген күміс қасық,  
Қалқатай, бермен отыр қол ұстасып.  
Шыдайық, басқа пәле жауса дағы,  
Қалайық осындайда бірге жатып.
592. Базардан алып келген темір шелек,  
Ауылың былтырғыдан әлі бөлек.  
Кеткенде алыс ауылың, қалқатайым,  
Көзіңнен айналайын дөп-дөңгелек.
593. Базардан алып келген білте шам-ай,  
Қара көз, бидай өңді, құдашам-ай!  
Дәл бүгін менің көңілім басылар ма?  
Қолыңнан сақиналы ет асамай.
594. Базардан алып келген темір шелек,  
Туыпсың анаңыздан сен бір зерек.  
Бергенде аузың көңіл, қимас қалқа,  
Берейін шыбын жанды, болса керек.
595. Базардан алып келген керден аяқ,  
Қалқатай, шай ішіңіз бұлданбай-ақ.  
Өзіңе, жөні келсе, айтам ба деп,  
Бір сөзге оңтайланып, жүрмін таяп.
596. Базарда басы қымбат жібек жіптің,  
Қалқатай, жібек жіппен кесте тіктің.  
Кестеден күндіз-түні қолың тимей,  
Уағдаласқан жеріңе кеште шықтың.
597. Басылмас қартайғанша жастық серпін,  
Жасымнан еркеледім емін-еркін.  
Келмейді тұрсам күлкім, жатсам ұйқым,  
Сіңірмес ішкен асты сенің дертің.

598. Базардан алып келген асыл жастық,  
Бетіне әсемдікке ою бастық.  
Өсірген әлпеншектеп қыз-мұңдықты,  
Сыртында ақ боз үйдің амандастық.
599. Базардан алып келген тақтай ма екен,  
Құрбылар өлең айтсам, мақтай ма екен?  
Ән салған мың құбылтып қалқатайдың  
Еңбегін екі жұрты ақтай ма екен?
600. Базардан алып келдім алтын тарақ,  
Шашыңды, жан қалқатай, жүрші тарап.  
Көргенде көздеріңді күлімдеген,  
Кетеді қайғы, дерттің бәрі тарап.
601. Базардан алып келдім алтын тарақ,  
Шашыңды, жан қалқатай, жүрші тарап.  
Кеткенде ауылың алыс, қимас қалқа,  
Мені ойлап тарағыңа жүрші қарап.
602. Базарда басы қымбат бас кілемнің,  
Өсетін мал мен басы қаскүнемнің.  
Сағынып құрбы даусын жүргенімде,  
Шығады даусы қайдан бұраң белдің?
603. Базардан алып келген бүйрек айна,  
Жем беріп арық тоқты үйге байла.  
Қалқатай, қабағыңа қарамаймын,  
Бар еді бір арманым түйген ойға.
604. Базардан алып келген қызыл кілем,  
Жағасы бұрынғыдан ұзын кілем.  
Көрмесем, жүре алмаймын, күнінде бір,  
Сәулемнің толған айдай жүзін күлген.
605. Базардан алып келген көк елеген,  
Жаманы жігіттердің сөз елеген.  
Бергенде көңіл өзің, өттең, қалқа,  
Көзіңнен айналайын дөңгеленген.

606. Базардан алып келген қарындашым,  
Тапсырған «алып кел» деп қарындасым.  
Бір көріп қалқатайды қуанғанда,  
Қалайша жас жүрегін жарылмасын.
607. Базардан өзім барып қоржын алдым,  
Толтырып қоржыныма торғын алдым.  
Ауылы қалқатайдың көшіп кетіп,  
Қос атпен қуа жортып, ізін шалдым.
608. Базардан өзім барып табақ алдым,  
Табаққа төтті-дәмді тамақ салдым.  
Қайтқанда ауылына қалқатайдың,  
Қарасы үзілгенше қарап қалдым.
609. Базардан өзім барып сандық алдым,  
Сандығым шағылар деп шандып алдым.  
Қалқатай ойда жоқта еске түсіп,  
Жеткенше сағыныштың әнін салдым.
610. Базардан бақша-бақша бөз келеді,  
Атқан оқ ажалдыға кез келеді.  
«Ән қосарсыз жүгірмес» деген сөз бар,  
Сені көрсем, қалқатай, сөз келеді.
611. Базарда басы қымбат алашаның,  
Желі бар азынаған қарашаның.  
Сағынып ән дауысыңды жүргенімде,  
Шығады даусы қайдан тамашаның?
612. Базарға өзім барып қазан алдым,  
Болсын деп атқа жеңіл арзан алдым.  
Түскенде сен есіме, өттең, қалқа,  
Теріс киіп тымақты, назаландым.
613. Базарда басы қымбат борлы аттардың,  
Жүрісі жайлы келер жорға аттардың.  
Сағынып ән, дауысын жүргенімде,  
Шығады дауысы қайдан бекзаттардың?

614. Базарда басы қымбат бас кілемнің,  
Өспесін мал мен басы қаскүнемнің,  
Сағынып өлең, даусын жүргенімде,  
Шығады дауысы қайдан қос күреңнің?
615. Базардан алып келген бас кілемнің,  
Үстінде балапандай бас түледім.  
Сағынып өлең, даусын жүргенімде,  
Шығады дауысы қайдан қос күреңнің.
616. Базардан алып келген қоймақпалдай,  
Біздің ел қоймақпалмен үй жапқандай.  
Ағалар айт деп өлең қинамашы-ай,  
Жас бала жаңа өспірім не тапқандай.
617. Базарда басы қымбат алашаның,  
Төменгі қызы сұлу қарашаның.  
Сағынып өлең, даусын жүргенімде,  
Шығады даусы қайдан балашаның?
618. Базарда базар қайда Семейдейін,  
Барғанда жәрмеңкесін серуендейін.  
Өзіңді сағынғанда, қос қалқатай,  
Аңдыған ақ маралды мергендеймін.
619. Базарда базар қайда Бейжіңдейін,  
Баруға кер арғымақ кезімдейім.  
Жер бетін жеті айналып іздесем де,  
Табам ба, қос қалқатай, өзіңдейін?
620. Базардан алып келген былғары айна,  
Қалқатай, бұлғақтама, ауылың қайда?  
Болғанда жаңа таныс, кетпей алыс,  
Құрбыңмен өзің теңдес күліп, ойна.
621. Базарда басы қымбат манаттардың,  
Төменгі қызы сұлу жанаттардың.  
Сағынып өлең, даусын жүргенімде,  
Шығады даусы қайдан қарақтардың?



622. Базардан алып келген алтын кежім,  
Отқа салып алғандай болды сезім.  
Жатсам-тұрсам ойымнан бір кетпейсің,  
Басқадан артық туған, қара көзім.
623. Базарда басы қымбат ақ табақтың,  
Төменгі қызы сұлу күнсадақтың.  
Сағынып өлең, даусын жүргенімде,  
Шығады дауысы қайдан ақ тамақтың?
624. Базарда бағасы артық алашаның,  
Келеді қызы сұлу қарашаның.  
Сағынып ән, даусын жүргенімде,  
Шығады даусы қайдан құдашаның?
625. Баянауыл басына түсер сағым,  
Сағынғанда қайда едің, ғашық жарым.  
Кәмшат бөрік басыңа жарасып тұр,  
Сенің сылқым болғаның — менің бағым.
626. Баянауыл басынан бұлт кетпес,  
Сайдағы түлкіге құсым жетпес.  
Ақбоз үйдің сыртынан шығарып сап,  
«Қош, ағатай!» дегенің естен кетпес.
627. Бәйтерек жапан түзде егіледі,  
Жел соқса, жапырағы төгіледі.  
Кеткенде ауылың алыс, беу, қалқатай,  
Қабырғам өзіңді ойлап сөгіледі!
628. Бай болар дұрыс тауып, малын баққан,  
Ешкімге жалынбайды өнер тапқан.  
Еске алып ұмытпай жүр, қалқатайым,  
Өсіп ек бір ауылдан бала шақтан.
629. Баянауыл басында балдың құсы,  
Ұшбұт қылып жасаған талдан мосы.  
Көптен іздеп өзіңді құмар болдым,  
Іздегенге сұраған деген осы.

630. Бақшадан өзім барып өрік алдым,  
Ішінен теріп жүріп таңдап алдым.  
Шын көңіл, ынта-пейілдің менде болса,  
Кетсе де басым сотқа көріп алдым.
631. Баққаным, баптағаным қара құнан,  
Мінемін алыс жерге, жара, құнан.  
Көп айлар, көрмегелі көп жыл болды,  
Бір хабар алмай тынбан қарағымнан.
632. Бала кезде мінгенім торы құнан,  
Үркуші еді жануар тобығынан.  
Ғашық болдым өзіңді көре салып,  
Қыз танылар қызықты бұрымынан.
633. Балғынболды, ендеше балғын болды,  
Суынан Балғынболдың алғым келді.  
Кеткенде ауылың алыс, қимас қалқам,  
Бөлініп ауылымнан қалғым келді.
634. Балқурай қалады ғой күзде солып,  
Шырынын жазда ара алған сорып.  
Қалқатай, берген сертім естен кетпей,  
Жүремін ауылыңды күнде торып.
635. Баласы ақ інгеннің құла мойын,  
Үкілер бойжеткен қыз тұла бойын.  
Қарайын ары өтсем де, бері өтсем де,  
Артына мені ойлап бұрар мойын.
636. Бал емген балалықтың қызығында,  
Таңғышын талай шештім босағаның.  
Жүрсем де түн жамылып, жыл сабылып,  
Басымды бір жастықта қоса алмадым.
637. Барады ауылым көшіп Ашылыға,  
Қосыпты кімді Құдай ғашығына.  
Жарқ етіп ай мен күндей шыға келсең,  
Шашар едім ақ күмісті шашуыңа.

638. Барады ауылым көшіп ұзай-ұзай,  
Айырған екеумізді Жаппар Құдай.  
Кеткенде ауылың алыс, қимас қалқам,  
Көл болды көздің жасы жылай-жылай.
639. Барады ауылым көшіп Блайкөлге,  
Жарасар дүрия мешпет қынай белге.  
Кеткенде ауылың алыс, қимас қалқам,  
Сел қылып көздің жасын жылай көрме.
640. Барады ауылым көшіп Талдысайға,  
Жарасар ер ерттесем ақжал сарға.  
Ант ішкен айырылмастай, қимас қалқам,  
Шыбын жан өлмеген соң қалды зорға.
641. Барады ауылым көшіп Алмалыға,  
Кім көнбейді Алланың салғанына.  
Ішім от, сыртым жалын лапылдаған,  
Айырылып қалқатайдан қалғаныма.
642. Барады ауылым көшіп Қамыскөлге,  
Қалқатай қалды кейін алыс жерде.  
Жүрсең де дүниенің қай шетінде,  
Бола ма жол алыстық намысты ерге?
643. Бар екен той ішінде бұрыл тұсақ,  
Тураса қойдың еті болады ұсақ.  
Алыстан ат өксітіп келгенімде,  
Жұртыңды арманда боп, қалдым сипап.
644. Барады ауылым көшіп Қамыскөлге,  
Мінейін үкі тағып шалыс керге.  
Кеткенде ауылың шалғай, қимас қалқа,  
Айтуға аузым бармайды алыс деуге.
645. Барады ауылым көшіп тау басына,  
Түйенің бұрау салдым аумасына.  
Түскенде сен есіме атың, қалқа,  
Түседі есалаңдық сау басыма.

646. Барады қыздар суға шелегі жоқ,  
Аларға су сүйеніп терегі жоқ.  
Кеткенде ауылың алыс, қимас қалқам,  
Кісінің сенен басқа керегі жоқ.
647. Барсаң, сәлем айта бар қос қалқаға,  
Не салады қос қалқа жанқалтаға.  
Алыс ауылың кеткенде, қимас қалқам,  
Өзің үшін саламын басты ортаға.
648. Барады ауылым көшіп Сарымсаққа,  
Шыбын жан шықпайды екен сағынсақ та.  
Шын көңілің, ынта-пейілің менде болса,  
Оңаша табысайық не қылсақ та.
649. Басы алтын өлеңімнің, бақайы жез,  
Өзіңе болдым бүгін оңынан кез.  
Іздеген сұрағанға ұшырасса,  
Әртүрлі ойда жүрген айтылар сөз.
650. Бардым да қарасуға қармақ салдым,  
Әнімді қалқатайға арнап салдым.  
Ән бастап бір-екі ауыз айтқаннан соң,  
Қостар деп қос қалқаға салмақ салдым.
651. Барады көшіп ауылым Шағылғанға,  
Жабырқау көңілім сені сағынғанға.  
Көргелі албыраған ақ жүзіңді,  
Бір шәншу қадалып тұр қабырғама.
652. Барады ауылым көшіп Ылайкөлге,  
Жарасар дүрия мешпет қынай белге.  
Бұтадай бірге өскен, тату құрбым,  
Кеткенде алыс ауылың жылай көрме.
653. Баркөлдiң қуанамын бұлтын көрiп,  
Бастаудан су iшпеймiн құртын көрiп.  
Көңiлiм қарап тұрып бұзылады,  
Қалқаның көшiп кеткен жұртын көрiп.

654. Барады ауылым көшіп Қызылжарға,  
Шолпан туар таң нұры сызылғанда.  
Қоңырлатып осы өнге сала бердім,  
Сені ойлап көңілім бұзылғанда.
655. Барады біздің ауыл таудан асып,  
Бұлтпенен таудан асқан араласып.  
Кеткенде жерің шалғай, қимас қалқа,  
Кетесің қандай жанға бауыр басып.
656. Барады ауылым көшіп Қамыскөлге,  
Сәлем айт ағайын-жұрт, таныс елге.  
Құрбың жоқ, жұмысың жоқ болса дағы,  
Келгің келіп тұрады екен таныс жерге.
657. Барады ауылым көшіп Қызылжарға,  
Шолпан туар таң нұры сызылғанда.  
Қайта-қайта осы өнге сала берем,  
Сені ойлап көңілім бұзылғанда.
658. Бара алмадым жол алыс, жота болып,  
Ойы — шалшық, қамысты қопа болып.  
Ат өксітіп барғанда, тезірек шық,  
Өз тұсыңнан сүйкенем бұта болып.
659. Барады ауылым көшіп Қоғалыға,  
Қоғалы төмен емес, жоғарыда.  
Шын болса айтқан сөзің, аяу қалқам,  
Күндіз-түні барып тұрам сол ауылға.
660. Барады ауылым көшіп Абаталға,  
Жарасар, кілем жайса, ақ атанға.  
Сағынып, айтсам өлең таң атқанша,  
Қалқаның салған дертін таратам ба?
661. Барады ауылым көшіп Ошағанға,  
Көп сәлем көк бедеулі қашағанға.  
Сәулетай, жатсам-тұрсам сені ойлаймын,  
Сен үшін жалбарынам Жасағанға.

662. Барайын ала ат мініп ауылыңа,  
Жарасар алтын шашақ сауырына.  
Алыстан ат өкісітіп келгенімде,  
Бассаңшы балапандай бауырыңа.
663. Барады ауылым көшіп кең жайлауға,  
Жүріңдер келіп-кетіп сайрандауға.  
Ойнайық көріскенде, беу, қарағым,  
Келісіп айырылмайтын сөз байлауға.
664. Бар ма екен сендей туған жан балдырған,  
Адамды салған өнің таң қалдырған.  
Ауылыңа алыс кеткен барайын деп,  
Атымды ерте тұрып, таңда алдырғам.
665. Барады ауылым көшіп Керуенкөлге,  
Керуенкөл келісті жер серуендеуге.  
Қайғының қара бұлты ыдырайды,  
Қалқатай, уағдаңды берген жерде.
666. Барады ауылым көшіп Алмалыға,  
Алланың кім көнбейді салғанына.  
Өңім бе, түсім бе деп армандаймын,  
Айырылып қалқатайдан қалғаныма.
667. Барады көшіп ауылым белден асып,  
Қалады, сыйласпасаң, көңіл жасып.  
Алысқа сапар шегіп кеткен кезде,  
Тұрарсың құрбыңменен хабарласып.
668. Барады ауылым көшіп Тоғалтауға,  
Жас, міндім жеңіл жылқы бие бауға.  
Бергенде көңіл өзің, өттең, қалқа,  
Қалдырман көңілімді денім сауда.
669. Барады қарға-құзғын бөрі алдында,  
Сөйлейді шешен жігіт төр алдында.  
Қолымда құнан атан шүйіншім бар,  
Ауылын қалқатайдың көре алдың ба?

670. Барады ауылым көшіп Бұлантайға,  
Қайырылып құрық салдым асау тайға.  
Бергенде өзің көңіл, өттең, қалқа,  
Көзіңнің қырын салшы біздің жайға.
671. Барғаны ауылым көшіп Балғынкөлді,  
Балығын Балғынкөлдің алғым келді.  
Кеткенде алыс ауылың, өттең, қалқам,  
Артыңнан қос ат мініп барғым келді.
672. Басынан Алатаудың аса алмадым,  
Жайқалтып жапырағын баса алмадым.  
Өсектің қармағына ілігер деп,  
Атыңды өлеңіме қоса алмадым.
673. Басынан Қаратаудың құлағаным,  
Кекілін кербестінің сылағаным.  
Кеткенде ауылың алыс, өттең, қалқа,  
Есімнен неге кетсін жылағаның!
674. Басы еді өлеңімнің Райымбек,  
Бәйгеге жүйрік қостым сынайын деп.  
Кеткенде ауылың алыс, қимас қалқа,  
Жас келеді қара көзден жылайын деп.
675. Басында Қаратаудың қалды қойым,  
Асыр сап ауылымда салдым ойын.  
Кеткенде ауылың алыс, қимас қалқа,  
Аралап мен іздедім Ертіс бойын.
676. Басында Қаратаудың бір топ үшқат,  
Қалқатай, бері таман кеп, қолыңды ұстат.  
Мен кетіп алыс жерге, сен қалғанда,  
Кетемін сені қиып қайтып тастап.
677. Басынан Қаратаудың гүл ап түстім,  
Сағынып қалқатайды жылап түстім.  
Кеткенде ауылың алыс түсіме еніп,  
Төрт аунап төсегімнен құлап түстім.

678. Басынан Қаратаудың қар борайды,  
Басына жетік молла сәлде орайды.  
Кеткенде ауылың алыс, аяу қалқам,  
Жүргенде келіп-кетіп нең құрайды.
679. Басынан биік таудың түсер сағым,  
Қайда едің сағынғанда, ғашық жарым.  
Көре алмай ақ жүзіңді аңсағанда,  
Осы еді саған арнап салған әнім.
680. Басында Қаратаудың бір топ шынар,  
Қалқатай, дидарыңа болам құмар.  
Арман зор көкіректе, дертім қалың,  
Қайткенде шерім тарап, көңілім тынар.
681. Басында Баянтаудың бір топ арша,  
Түбінде бір топ арша бір тұмарша.  
Армансыз дүниеден өтер едім,  
Сүйгенім өмір бойы бірге болса.
682. Басынан Қаратаудың қарай жаттым,  
Беліме қара айдарым орай жаттым.  
Кеткенде жерің шалғай, өттең, қалқа,  
Жол тасып жолаушыдан сұрай жаттым.
683. Басында Қаратаудың балалы елік,  
Көп күн болды жүргелі саған еріп.  
Шын көңіл, ынта-пейілің менде болса,  
Кешке жақын қонақ бол үйге келіп.
684. Басында Баянауылдың қалды-ау қойым,  
Жайладық қайта айналып Сырдың бойын.  
Сырғауыл Сыр бойынан мен бұтайын,  
Бал берсең, тәтті аузыңнан мен жұтайын.
685. Басынан Баянауыл тал кескенім,  
Айқасып құлын-тайдай бірге өскенім.  
Ойымнан үш ұйықтасам неге кетсін,  
Өзіңдей қалқатаймен кездескенім.



686. Басында Қаратаудың бұлттай жүр,  
Құрбыңды мұнан кейін ұмытпай жүр.  
Кеткенде ауылың алыс, өттең, қалқа,  
Көңілді бұдан былай суытпай жүр.
687. Басынан Баянауыл тұман кетпес,  
Түлкіге қиядағы құсым жетпес.  
Қалқатай, кетеріңде айтқан қошың,  
Ойымнан еш ұйықтасам, сірә, кетпес.
688. Басында Қаратаудың бір топ жиде,  
Береді кімге опа бұл дүние.  
Алыстан ат өксітіп барғанымда,  
Қалқатай жатыр екен қандай күйде?!
689. Басында Қаратаудың бір топ киік,  
Әріптес, шыққан тауың болсын биік.  
Ойнасаң осы тойда, бізбен ойна,  
Дұшпанның қала берсін іші күйіп.
690. Басында Қаратаудың бір топ марал,  
Жақсының атақ-даңқы күнде тарар.  
Кетсе егер қалқатайдың ауылы алыс,  
Қиылып кім бар бізге мұнда қарар.
691. Басынан Қаратаудың бұлт кетпес,  
Түлкіге қиядағы құсым жетпес.  
Кеткенде алыс ауылың, қимас қалқам,  
«Мен сендік» деген сөзің естен кетпес.
692. Басында Қаратаудың мөлдір бұлақ,  
Ағады сылдыр қағып таудан құлап.  
Кеткенде ауылың алыс, екі-ай қалқа,  
Табамын бұл жалғанда қайдан тұрақ.
693. Басында Қаратаудың ұлары бар,  
Ұлары бар сол таудың мұнары бар.  
Кеткенде ауылың алыс, өттең, қалқа,  
Өзіңсіз қайтіп бастан мұң арылар.

694. Басында Қаратаудың бір топ ақ тал,  
Қалқатай, етің аппақ, сен бір мақпал.  
Сағынып даусыңды жүргенімде,  
Шырқатып-шығандатып осы әнге сал.
695. Басында Қаратаудың қар борайды,  
Бауырында көкше қоян қорғалайды.  
Алыстан аңсап сені сағынғанда,  
Қойныма көздің жасы сорғалайды.
696. Басында Қаратаудың топ самырсын,  
Сағындым қалқатайдың ән, дауысын.  
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,  
Бір келмей ауылыма қайда жүрсің?
697. Басында Қаратаудың қайрақ жатыр,  
Қызыл тіл атыңды атап сайрап жатыр.  
Ауылың алыс кеткенде, қынай белім,  
Қолымды жұмыс шіркін, байлап жатыр.
698. Басында Қаратаудың бір топ қайың,  
Қара өлең шыға берер айтқан сайын.  
Ауылыңа ат артып бара қалсам,  
Қалқатай, қарсы алатын бар ма жайың?
699. Басында Қаратаудың аю жүрер,  
Көк қаршыға қанаты бедер-бедер.  
Ондай көңіл сен берсең, алма мойын,  
Ақ бетіңнен сүйгізсең, әкең не дер?
700. Басынан Қаратаудың ор қазайын,  
Біреуінен-біреуін зор қазайын.  
Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқам,  
Сарғайып сарымсақтай мен азайын.
701. Басымда бұлғақтаған үкім шоқтай,  
Басамын аяғымды тоқтай-тоқтай.  
Кеткенде ауылың алыс, өттең, қалқа,  
Жүремін өлеңменен жоқтай-жоқтай.

702. Басынан қыран ұшқан Қаратаудың  
Құйқалы қойнауынан қора салдым.  
Тартады лебің ыстық жұпар иісті,  
Суындай тәнге жылы арасанның.
703. Басынан Қаратаудың жылқы жидым,  
Тоңам деп қара сеңсең ішік кидім.  
Түскенде сен есіме, өттең, қалқа,  
Сағынып көздің жасын өрең тидым.
704. Басынан отын алдым Қаратаудың,  
Думанды алқапқа кең қала салдым.  
Қайтейін, кетсең алыс, қалқатайым,  
Айықпас жүрегіме жара салдың.
705. Басынан Қаратаудың құс қарадым,  
Үлгісін шағи көйлек нұсқаладым.  
Көңілімде көптен жүрген бір арманым,  
Қалқатай, білегіңнен ұстамадым.
706. Басымда ақ тымағым шоқтай-шоқтай,  
Басайын, ауса түйем, тоқтай-тоқтай.  
Кеткенде ауылың алыс, беу, қарағым,  
Жүрейін өлеңменен жоқтай-жоқтай.
707. Басынан Қаратаудың бұлт кетпес,  
Түлкіге қиядағы құсым жетпес.  
Сыртынан ақбоз үйдің аттандырып,  
Дегенің, қос қалқатай, естен кетпес.
708. Басынан Қаратаудың арша ап жүрмін,  
Аршамды көтере алмай шаршап жүрмін.  
Кеткелі алыс ауылың, өттең, еркем,  
«Жүзіңді бір көрсем» деп аңсап жүрмін.
709. Басынан Құламаның құлай жаздым,  
Сен есіме түскенде жылай жаздым.  
Жұртыңда көшіп кеткен, ісің қалып,  
Қолыма кезек алып бір ай қаздым.

710. Басынан Қаратаудың құлағаным,  
Кекілін кер бестінің сылағаным.  
Кеткенде алыс ауыл, өттең, қалқа,  
Құшақтап құс жастыққты жылағаным.
711. Басынан Құламаның құлағаным,  
Барды ма құлағыңа жылағаным.  
Түскенде сен есіме, өттең, құрбым,  
Жыландай белге соққан бұраңдадым.
712. Басынан Қаратаудың гүл ап түстім,  
Сағынып қалқатайды жылап түстім.  
Кеткенде ауылың алыс, түсіме еніп,  
Төрт аунап төсегімнен құлап түстім.
713. Басынан Құламаның құрық алдым,  
Бір керекке жарарын біліп алдым.  
Ауылың алыс кеткенде, қимас құрбым,  
Көз алдымда елестеп тұрып алдың.
714. Басынан Қаратаудың мойыл алдым,  
Көшкенде жылқы айдайын, сойыл алдым.  
Кеткенде ауылың алыс, қимас қалқам,  
Ауылыңа барайын деп ойыма алдым.
715. Басынан Қаратаудың түсер сағым,  
Қайда едің сағынғанда, ғашық жарым?  
Көре алмай ақ жүзінді, аңсағанда,  
Жетер ме құлағыңа салған өнім!
716. Басынан Қаратаудың жел еседі,  
Кезіксе екі жақсы, кеңеседі.  
Кеткенде алыс ауылың, өттең, қалқа,  
Өзіңе қандай адам теңеседі.
717. Басында Қаратаудың бір топ шынар,  
Қалқатай, бір өзіңе болдым құмар.  
Кетгің ғой арман болып, арылмайтын,  
Қай күні шерім тарқап, көңілім тынар.

718. Басынан Қаратаудың құлап келем,  
Ауылын қалқатайдың сұрап келем.  
Көп айлар, көрмегелі көп жыл болды,  
Сарғайып сағынғаннан жылап келем.
719. Басында Қаратаудың жалғыз киік,  
Мойны тұр жануардың жерге тиіп.  
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,  
Ішімді күйдіреді шер мен күйік.
720. Басынан Қаратаудың құлағаным,  
Кекілін кербестінің сылағаным.  
Кеткенде жерің шалғай, қимас құрбым,  
Құшақтап құз-жартасты жылағаным.
721. Басында Қаратаудың қазылған жол,  
Бақ қайтса, арылмайды басыңнан сор.  
Түскенде сен есіме, беу, қалқатай,  
Кетпейді аш бүйірден таянған қол.
722. Басында орта жілік, жамбас тұрған,  
Жолыңда, қалқам, сенің мал-бас құрбан.  
Бір көрсем, армансызбын деп жүргенде,  
Тағдырдан айналайын жалғастырған.
723. Бастай бер өлеңінді мен десеңіз,  
Тағы да талай тойда кездесерміз.  
Кимей-ақ етігімді барар едім,  
Қасыма шын ниетпен кел десеңіз.
724. Басында Қаратаудың қалды қойым,  
Қайтып келіп жайлайтын Сырдың бойын.  
Ауылың алыс кеткенде, өттең, қалқа,  
Айында бір келсеңші түріп мойын.
725. Басынан Қаратаудың қудым арқар,  
Аққан су жоғарыдан төмен сарқар.  
Бір көріп дидарыңа болдым құмар,  
Құмарым ішімдегі қашан тарқар.

726. Басынан биік таудың бұлт айналсын,  
Сабыр қыл, қалқатайым, көз байлансын.  
Тілекті екеумізге Тәңір беріп,  
Бұлттан аспандағы ай шықпай қалсын.
727. Басында Қаратаудың бір топ арқар,  
Аққан су жоғарыдан төмен сарқар.  
Құр ойнап, құр бекерге күлгенімнен,  
Арманым ішімдегі қайтып тарқар.
728. Басында Қаратаудың құр ойнайды,  
Баурында қос балапан бір ойнайды.  
Қасында қалқатайдың бірге жүрсем,  
Онымен мен ойнамай кім ойнайды?!
729. Басында Қаратаудың ұлары бар,  
Ұлары бар сол таудың мұнары бар.  
Кеткенде алыс ауылың, өттең, қалқа,  
Өзіңсіз қайтып бастан мұң арылар.
730. Басың биік, Алатау, қарың кетпес,  
Ақ жүзінен сұлудың әрі кетпес.  
Сен есіме түскенде, беу, қалқатай,  
Тамағымнан тарыдай дән де өтпес.
731. Басынан Қаратаудың бұлт кетпес,  
Түлкіге қиядағы құсым жетпес.  
Кеткенде алыс ауылың, қимас қалқам,  
«Мен сендік» деген сөзің естен кетпес.
732. Басынан биік таудың мұнар кетпес,  
Кей адам уәде берген сертке жетпес.  
Кебістің жалаң аяқ басын киіп,  
«Қалқатай, қош!» дегенің естен кетпес.
733. Басында биік таудың мұнары бар,  
Мойнында көк бестінің тұмары бар.  
Құрбылар, бұл қалай деп сөге көрме,  
Ғашықтықтың тарқамаған құмары бар.

734. Басында Қаратаудың мұнары бар,  
Мойнында кербестінің тұмары бар.  
Кеткенде жерің шалғай, өттең, қалқа,  
Көңілімнің тарқамайтын құмары бар.
735. Басынан құламаның құлағаным,  
Барды ма құлағыңа жылағаным.  
Кеткенде алыс ауылың, асыл сәулем,  
Құшақтап құс жастықты тұра алмадым.
736. Басында Қаратаудың бір топ киік,  
Өріптес, шыққан тауың болсын биік.  
Ойнасаң, осы тойда бізбен ойна,  
Дұшпаның қала берсін іші күйіп.
737. Басында Қаратаудың мүше-мүше,  
Сарғайдым сағыныштың суын іше.  
Қос қанат құсқа біткен маған бітсе,  
Барар ем ауылыңа әлде неше.
738. Басында Қаратаудың мұнары бар,  
Жылқыда көк бестінің тұмары бар.  
Қалқатай, бұл қалай деп сөге көрме,  
Ғашықтың тарқамаған құмары бар.
739. Басынан Баянауыл тал кескенім,  
Айқасып құлын-тайдай бірге өскенім.  
Ойымнан үш ұйықтасам неге кетсін,  
Өзіңдей қалқатаймен кездескенім.
740. Басында Баянауыл балалы арқар,  
Аққан су таудан құлап, ойға сарқар.  
Барғанда ат терлетіп, алдымнан шық,  
Құмары ғашығыңның сонда тарқар.
741. Басында Баянауыл түсер сағым,  
Болғаның сенің сылқым — менің бағым.  
Замандас, отырғанда «өлең айт» деп,  
Мүдірмей аз сөйлейін, тіл мен жағым.

742. Басынан Баянтаудың түсер сағым,  
Қайда едің сағынғанда ғашық жарым.  
Болғанда жаңа таныс, кеттің алыс,  
Жанбады бұл жалғанда менің бағым.
743. Басында Қаратаудың қалған ба екен?  
Астымда мінген атым шабан ба екен?  
Ауылын қалқатайдың алыс қалған,  
Іздесем, ат шаршатып табам ба екен?
744. Басында Қаратаудың қазылған ор,  
Түскенде мен есіңе қайғырған бол.  
Етегің еңірегінде жасқа толып,  
Кетпесін аш бүйіріңнен таянған қол.
745. Басынан Қаратаудың асып келдім,  
Жайқатып жапырағын басып келдім.  
Кеткенде ауылың алыс, ек-ай құрбы,  
Өлеңге атыңды атап қосып келдім.
746. Басында Баянауыл байдың қосы,  
Қайнайды бақыр-қазан талдан мосы.  
Болғанда сен іздеген мен сұраған,  
Болмайды әйтпегенде көңіл қошы.
747. Басына Қаратаудың қадай жаттым,  
Беліме парша орамал орай жаттым.  
Кеткенде жерің шалғай, өттең, қалқа,  
Жол түсіп жолаушыдан сұрай жаттым.
748. Басында Қаратаудың құр ойнайды,  
Бауырында қос балапан бір ойнайды.  
Қасында қалқатайдың бірге жүрсе,  
Жалғанды ақыретте кім ойлайды.
749. Басы еді өлеңімнің Райымбек,  
Ат қостым жеті аралдан сынайын деп.  
Кеткенде алыс ауылың, өттең, қалқа,  
Жас келіп қара көзге жылайын деп.



750. Басында Қаратаудың құр ойнайды,  
Бауырында балапаны бір ойнайды.  
Қалқаның іші де дерт, сырты да дерт,  
Байқұсты мен ойламай, кім ойлайды.
751. Басы еді өлеңімнің алып Баян,  
Жүйрігі кішкентайдың көкше қоян.  
Бергенде өзің көңіл, қалқатайым,  
Түсіңнен мен дегенде шошып оян.
752. Басынан Қаратаудың жасалған жол,  
Сол жолдың жасаушаға сауабы мол.  
Түскенде сен есіме, құрбыласым,  
Кетпейді аш бүйірден таянған қол.
753. Батыстан жол соғады ызғырықтап,  
Аламын өлеңменен қыз құрықтап.  
Көптен бері көре алмай жүруші едім,  
Ұстайын ақ білектен сізді мықтап.
754. Ақ бісбек басы құндыз қалада тұр,  
Тор айғыр тоқпақ жалды далада тұр.  
Түскенде мен есіңе, қалқатайым,  
Сүйеніп ақ үйіңе қара да тұр.
755. Батырлайды, ендеше, батырлайды,  
Қорадан ебін тапқан ат ұрлайды.  
Кеткенде сен алысқа, алма мойын,  
Қабырғам сынбаса да, шатырлайды.
756. Бау ашты балапаным бүгін ұшып,  
Бастырып, бардық біз де жүгірісіп.  
Ойлаймын жан сәулемді күнде үш уақ,  
Ойыма отырған жоқ бүгін түсіп.
757. Бөйгеде озып келген құнан керім,  
Жарасар құнан керге тұрманды ерім.  
Ауылыңа әдейі іздеп бара қалсам,  
Алдымнан «алақайлап» шығар ма едің?

758. Бәйгеден жүйрік келді дараланған,  
Көрініп топ көзіне сараланған.  
Кеткенде жерің шалғай, қимас қалқам,  
Жүрегім бір сені ойлап жараланған.
759. Беріп кет, сақинаңды мыс та болса,  
Жүрейік ойнап-күліп қыс та болса.  
Шеш тағы етігіңді, байпақшаң кел,  
Көрейін өз сорымнан ұстап алса.
760. Беткейден жылқы айдайын төгілдіріп,  
Жарасар көк дөненге өмілдірік.  
Кеткенде ауылың шалғай, ей, қарағым,  
Кеттің ғой қабырғамды сөгілдіріп.
761. Бере кет белбеуіңді беліңдегі,  
Сен едің жақсы азамат еліңдегі.  
Дегенің «ертең берем» — алдағаның,  
Бір сөзің айта салған тегіндегі.
762. Бере кет басыңдағы қалпағыңды,  
Ақылдас жолдасыңмен қасыңдағы.  
Дегенің «ертең берем» — алдағаның,  
Бір сөзің айта салған жасыңдағы.
763. Бетіне ақ қағаздың салдым шимай,  
Барады көкірекке өлең сыймай.  
Торыдай топтан шығып, жайтаң қаққан,  
Жүруші ем бір өзіңді жанға қимай.
764. Бес қарагер дегенде, бес қарагер,  
Бес білезік, бес түйме, бес тана бер.  
Қиуада кез болған, қимас қалқа,  
Кеткенде ауылың шалғай, еске ала гөр.
765. Болмайды қырғи қыран шымшық алмай,  
Бір сөзің ұрмаса да, шымшығандай.  
Көңілің шыныменен менде болса,  
Ойнап-күліп жүрейік сыр шығармай.

766. Байқаймын, өткен күннің белгісі жоқ,  
Айналып, екі қайтып келгісі жоқ.  
Жолдас болсаң, жігіттер, жақсымен бол,  
Жаманға жақсы жанды бергісі жоқ
767. Бойындағы қара судың қалың қайың,  
Түсіндір жақсыға сөздің жайын.  
Кеткенде ауылың алыс, өттең, қалқа,  
Түсті ғой сен кеткен соң сар уайым.
768. Болғанда ой қарақат қыр қарақат,  
Ойпаңнан алып жедім бір қарақат.  
Шын көңілің, ынта-пейілің менде болса,  
Жолыма келетұғын қара да жат.
769. Болғанда ой тошала, қыр тошала,  
Ойыңнан алып жедім бір тошала.  
Шын ниет, ынта-пейілің менде болса,  
Жүрейік ойнап-күліп оңашада.
770. Бойында Қара Шудың арал бар ма?  
Жайылған сол аралда марал бар ма?  
Ант ішкен айырылмастай, қимас қалқам,  
Барасың енді айырылып, амал бар ма?
771. Бойына құрық жетпес қара нардың,  
Алдым да қырма шелек, суға бардым.  
Жағасы нар көрінбес бітеу ірге,  
Түбінен тостым сені жаға талдың.
772. Болсашы кездесетін бір күні той,  
Сағыныш, жүрегімді үңгідің ғой.  
Естісем бұлақ үнін, елең етем,  
Сырғаңның деп ойланып сыңғыры ғой.
773. Болғанда сен лашын, мен бір сұңқар,  
Бір көріп дидарыңды болдым құмар.  
Көркің бар көрген адам таң қалғандай,  
Шыққандай жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар.

774. Бойында Қара Шудың бір топ шілік,  
Қараймын ауылыңа күн сап тұрып.  
Бірге өсіп тел қозыдай жүруші едік,  
Кеттің ғой алыс жерге аңсаттырып.
775. Болдым құмар өлеңге жастайымнан,  
Айтатын кезім осы, тастайын ба?  
Сондықтан бір іздейін, сізді іздейін,  
Келер деп қашан, шіркін, қас-қағымда.
776. Болғанда ат кекілді, айғыр жалды,  
Ауылы қалқатайдың алыс қалды.  
Дауысымды естіген соң келе ме деп,  
Қайырылып қаршығадай мойным талды.
777. Болмайды үйрек ұшып аққудайын,  
Мекені қос аққудың сұлу айдын.  
Ән салған алтыбақан теуіп тұрып,  
Дауысы кетпейді естен қалқатайдың.
778. Болмаса неге керек ойың бүтін,  
Шығады жыртық үйден қисық түтін.  
Кеткенде сен алысқа, сенер болсаң,  
Жүрмейді тамағымнан ішкен сүтім.
779. Боз торғай шырылдайды көкте тұрып,  
Іледі тұрымтай құс ептеп жүріп.  
Тек құрбы осы арада сен екенсің,  
Ойнай бер құрбыңызбен ептеп жүріп.
780. Болмас, сірә, кей сөзді ауызға алып,  
Сен де өстің сүтпенен ауызданып.  
Кәрі шалға барғанша өмір өксіп,  
Өлсек не етті, шырағым, бауыздалып.
781. Бұл маңда екеу едік жауырынды,  
Қайтейін, қара шапан, ауырыңды.  
Кез болған қиуадан, қимас қалқам,  
Мен әлі торып жүрмін ауылыңды.

782. Бұл Баркөл көрінеді дала болып,  
Мұндай жер көргенім жоқ бала болып.  
Кеткенде жерің шалғай, өттең қалқа,  
Жүрекке байланасың сана болып.
783. Бұлбұл деген құс қонар бие бауға,  
Шешен жігіт сөз сөйлер қиын дауда.  
Тілеп ұшқан сіздерді біз ақ иық,  
Қастарыңа кеп қалдық қонақтарға.
784. Бұлт арылмай қойды ғой бастан, шіркін,  
Сенсіз өмір секілді жалған, шіркін!  
Ат артып алыстан келгенімде,  
Кер маралдай керіліп тұрсаң, шіркін!
785. Бұлғары айна, ендеше, бұлғары айна,  
Бұлғақтама, құдаша, ауылың қайда?  
Ауылың қайда дегенді ауыр алма,  
Күнде осындай тамаша табылар ма?
786. Бір қамшым қолымда бүлдіргелі,  
Мен бір өлең айтайын күлдіргелі.  
Қызыл түлкі сен болып қырға шықсаң,  
Мен болам қыран бүркіт ілдіргелі.
787. Бір суы Алтайдың Сарыкезең,  
Сол Алтайдан ағады он екі өзен.  
Сағынғанның бәрін де өзіңдей көр,  
Шын сағынсаң, жас келер қара көзден.
788. Бір бешпентің үстіңде қынамалы,  
Бір сөз айттым өзіңді сынағалы.  
Сұлу — сұлу емес, сүйген — сұлу,  
Әр адамның бір болар сүйген жары.
789. Бір жақсы мен бір жаман әрқайда бар,  
Екі жақсы қосылған қай жайда бар?  
Өзің көңіл бергенде, қимас қалқа,  
Бірге жүрер өзіңмен күн қайда бар?

790. Бір өзінде, қалқатай, менің ойым,  
Көрінсе екен көзіме сенің бойың.  
Бағаласам, бағаңа жан жетпейді,  
Алтын кірпік, қыпша бел, алма мойын.
791. Бір ағаш алып келдім домбыралық,  
Тиегін бір шеберге жондыралық.  
Көңілің шыныменен менде болса,  
Бір сайға екі ауылды қондыралық.
792. Бір қыстап, бір жайылса біздің ауыл,  
Өмір деген мысалы соққан дауыл.  
Алыс ауылың кеткенде, қос қалқатай,  
Елжірейді езіліп жүрек-бауыр.
793. Бір қамшым бар қолымда шежемейлі,  
Мал өріске барған соң не жемейді?  
Жаман адам бұғады жерге кіріп,  
Жақсы адам өсекті елемейді.
794. Бір себеп, өттең, шіркін, болар еді,  
Бір көрпе өзіңменен жамылғанда.  
Бейнеңді ақ қағазға сызып алып,  
Қадайын күндіз-түні сағынғанда.
795. Бір қамшым бар қолымда күмістеген,  
Тірі жанға бітпейді жұмыс деген.  
Оңаша кел, азырақ сырласайық,  
Жан екенбіз әу деспеген.
796. Бір күй бар домбыраның құлағында,  
Атпадым қос аққуды құба құмда.  
Арбамен асықпаған қоян алар,  
Күтуге сені, қалқам, шыдадым да.
797. Бір жұлдыз бар аспанда айдан қалқан,  
Арбақ мүйіз ақ серке қойдан қалған.  
Ауылың алыс кеткенде, жерің шалғай,  
Айырылам деп өзіңнен кім ойлаған.

798. Бір күй домбыраның тиегінде,  
Шерткенде балқиды ет пен сүйегім де.  
Аумайсың домбырамнан, қимас қалқам,  
Сақталар айтқан сөзің жүрегімде.
799. Бір жұлдыз бар аспандай ай секілді,  
Сені көрсем, көңілім жай секілді.  
Бірге жүрген құрбысын аңсайды екен,  
Ойнақ салып бірге өскен тай секілді.
800. Бір қамшым бар қолымда алтындаған,  
Ұстай алмай кей жаман қалтылдаған.  
Қиуада кез болған, қимасым-ай,  
Айналайын көзіңнен жалтылдаған.
801. Бір бөйтерек жалғанда егіледі,  
Жапырағы, жел соқса, төгіледі.  
Алыс ауылың кеткенде, беу, қалқатай,  
Сынбаса да қабырғам, сөгіледі.
802. Бір мешпетім үстімде қыл қарадан,  
Алпыс екі түймесін қыз қадаған.  
Алыс ауылың кеткенде, қалқатайым,  
Даусыңды сағындым забалаған.
803. Бір қамшым бар қолымда жез бауырдан,  
Барсам, қайтқым келмейді қызды ауылдан.  
Алыс ауылың кеткенде, ей, қарағым,  
Жақсы көрдім өзіңді бір талайдан.
804. Бір жұлдыз бар аспанда айдан аппақ,  
Жете алмадым жаныңа тайғанақтап.  
Көшіп кеткен жұртыңа үш күн жүрдім,  
Табамын деп ізіңді аймалақтап.
805. Бір гауһар тас, перизат, жағандағы,  
Өлеңімді сүйген жарлар тағы.  
Уағдалы жеріңе келмей қалсаң,  
Шіркін, көңіл, қайтейін қалар дағы.

806. Бір жұлдыз бар аспанда үркер деген,  
Көшке тайлақ жүрмейді тіркелмеген.  
Кішкентайдан бірге өскен құрбым едің,  
Онда желек басыңа бүркелмеген.
807. Біздің ауыл Жәйірдің өр басында,  
Күміс жүген жарасар кер басына.  
Шыныменен көңілің менде болса,  
Мәлін ішік жамылып кел қасыма.
808. Бір жұлдыз бар аспанда ай көзіндей,  
Шар айнаға қарасам мен де өзіңдей.  
Сыртқа шықпай, жиылып іште жатыр,  
Бір сырым бар, білуге өзің келгей.
809. Біздің ауыл Қарасу ашасында,  
Жүйрік аттың белгісі шашасында.  
Шын көңілің, құрбым-ау, менде болса,  
Алып кетем Құлжаға, қашасың ба?
810. Біздің ауыл сұрасаң, жел тұрғанда,  
Биік ағаш солқылдар жел тұрғанда.  
Күн мен айын басқаның не қылайын,  
Тал шыбықтай бұралып сен тұрғанда!
811. Біздің ауыл Қатудың жылғасында,  
Құс емес пе кекілік шіл қасында.  
Күнде жауап күтемін төрт көзбенен,  
Бір сөз айтқам өзіңе жыл басында.
812. Біздің ауыл Алтайдың бұлағында,  
Салған әнің кетпейді, құлағымда.  
Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқам,  
Сағынғанда амал не, шыдадым да.
813. Біздің ауыл Алтайдың ашасында,  
Жүйрік аттың белгісі шашасында.  
Көңілің шыныменен менде болса,  
Неде болса, тәуекел, қашасың ба?



814. Біздің елдің жайлауы Қарағайлы,  
Қарағайды қалың ел аралайды,  
Сен алыста жүргенде, сәулетайым,  
Ішкен асым бойыма тарамайды.
815. Біздің ауыл жайлаудың төріне ала,  
Ойы жарық, күні ашық, жері дала.  
Күн құрғатпай қолымнан қымыз ішіп,  
Келіп-кетіп тұрсаңшы, сері бала.
816. Біздің ауыл Қайыңды өзегінде,  
Бір асылы жылқының тезегінде.  
Жасшылықтың дәуірі өте шығар,  
Жүрелік ойнап-күліп кезегінде.
817. Біздің ауыл Қайыңды шат басында,  
Алты құлаш ала арқан ат басында.  
Шыныменен ынта-пейілің менде болса,  
Жаудырып екі көзің, жат қасыма.
818. Біздің ауыл Қайыңды төрінде отыр,  
Өзің көрген баяғы жерінде отыр.  
Шыныменен көңілің менде болса,  
Көзіме сағат сайын көрін де отыр.
819. Дарияға қармақ салып, алдым жайын,  
Ақ жүзіңді көрер ме екем, айналайын.  
Шын көңілің, ынта-пейілің менде болса,  
Жақындап жаныма, кел, аймалайын.
820. Даусың жақсы, қалқатай, бала құстай,  
Ауылыңа бара алмадым ала қыстай.  
Ант ішкен айырылмасқа, өттең, қалқа,  
Кеттің бе, бізді өстіп артқа тастай.
821. Дәрия жарға құйған тасымайды,  
Өркімнің өз жары бар басыбайлы.  
Егер де нақ жолықсаң сүйгеніңмен,  
Өле-өлгенше сүйгенің жасымайды.

822. Дауысым ө дегенде ашылмайды,  
Қалампыр, жолға жұпар шашылмайды.  
Кеткенде ауылың алыс, абзал еркем,  
Көңілім сізді көрмей басылмайды.
823. Дәйім менің мінгенім сал күреңім,  
Қызды ауылды қыдырып көп жүремін.  
Табаныңа қадалған жалғыз шүгір,  
Маңдайыма қадалсын деп жүремін.
824. Дәйім менің мінгенім боз көкала,  
Сізді әнге сала алмас өзге бала.  
Тамырым жоқ бұл тойда, танысым жоқ,  
Әдейі іздеп келіп ем сізге бола.
825. Дәйім менің мінгенім марқа тайым,  
Өзенге марқа тайды малтатайын.  
Ауылын ат өксітіп іздеп барып,  
Қайғысын қалқатайдың тарқатайын.
826. Дәйім менің мінгенім ұзын құлақ,  
Екі жағы Ертістің малға суат.  
Ауылың алыс кеткенде, сүйген сәулем,  
Осы әнімді сала жүр, дөтке қуат.
827. Дәйім менің мінгенім күрең қасқа,  
Қызды ауыл деп күреңді салдым тасқа.  
Айналайын көзіңнен жаудыраған,  
Сүйгенім жоқ дүниеде сізден басқа.
828. Дәйім менің мінгенім боз жорға ат,  
Боз жорға атты мініп ап, сіз жорғалат.  
Шыныменен көңілің менде болса,  
Керегеннің көгінен қол жорғалат.
829. Дәйім менің мінгенім құла қасқа,  
Қырдан құдық қаздырдым құламасқа.  
Ауылың шалғай кеткенде, беу, қарағым,  
Бет орамал беріп кет, жыламасқа.

830. Дәм татамыз, бұйырса, шөй қайнаса,  
Жүйріктің бүйірі қызар айғайласа.  
Алыстан әдейі іздеп келгенімде,  
Құрбыжан дайын тұрып, ат байласа.
831. Дәйім менің мінгенім көгіл еді,  
Жал-құйрығы көгілдің төгіледі.  
Алыс ауылың кеткенде, өттең, құрбым,  
Сынбаса да қабырғам, сөгіледі.
832. Дайын менің мінгенім сұрша құнан,  
Қозы ағыттым көгеннің бұршағынан.  
Шыныменен көңілің менде болса,  
Жолығайын ауылдың сырт жағынан.
833. Дәйім менің мінгенім сұлу сары,  
Сарының желкілдейді желсе жалы.  
Кеткенде ауылың алыс, жерің шалғай,  
Өтпейді тамағынан жалғыз тары.
834. Дәйім менің мінгенім құла қасқа,  
Қырдан құдық қаздырдым құламасқа.  
Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқа,  
Орамал шыт беріп кет, жыламасқа.
835. Дегенде алтыным-ай, алтыным-ай,  
Көргенде ақ жүзіңді балқыдым-ай.  
Болғанда сен — дөрия, мен — қоңыр қаз,  
Бетіңе бауырым төсеп қалқыдым-ай.
836. Дегенде «ойбай, Құдай», неден жаздым,  
Сабағын таңқурайдың белден қаздым.  
Ауылың шалғай кеткенде, қимас қалқа,  
Ақ қағазға атыңнан сәлем жаздым.
837. Дегенде айналайын-айналайын,  
Жүзіңді айдай толған аймалайын.  
Жолдағы атып алған ақ бөкенді,  
Қалайша қалқатайға байламайын?

838. Дегенде тау нұраған, тау нұраған,  
Етекке таудың тасы саудыраған.  
Кеткенде алыс ауылың, қимас қалқам,  
Көзіңнен айналайын жаудыраған.
839. Дегенде жас баласың, жас баласың,  
Жас бала неменеден жасқанасың?  
Барында оралыңның ойна да күл,  
Жалғаннан бүйтіп жүріп бос қаласың.
840. Дегенде бәкі-пышақ, бәкі-пышақ,  
Алдынан қалқатайдың жайдым құшақ.  
Қалқатай отыр ма екен, жатыр ма екен?  
Шөмылған айдын көлге аққуға ұқсап.
841. Домбыра алдым қолыма, басып перне,  
Нұр жауар деген бар ғой талапты ерге.  
Ауылың алыс кеткенде, қалқатайым,  
Іші-бауырым тулады қайғы шерге.
842. Дүние барған сайын тар болды ғой,  
Кей кезде алды тұйық жар болды ғой.  
Бірге өскен кішкентайдан қалқатайдың,  
Дидарын бір көруге зар болдым ғой.
843. Дүние сен алдадың, мен алдандым,  
Белгісін алданғанның енді аңғардым.  
Кеткенде ауылы алыс қалқатайдың,  
Көре алмай көлеңкесін, көп зарландым.
844. Дүние көрінесің жалпақ маған,  
Сенде жүр бар тіршілік жалтақтаған.  
Кешегі киік қуған хан қызындай,  
Мен сорлы артыңыздан салпақтаған.
845. Дүние өте шығар, сағым ба екен,  
Кез болған қалқатайға бағым ба екен?  
Қарай берсем көркіне көз тоймайды,  
Жаңа пысқан алмадай бабында екен.

846. Дүние құдым сені сегізімнен,  
Жақсы танымын мен сені негізінен.  
Тай-құлындай замандас, бірге өскен,  
Айналайын ақ еділ көңіліңнен.
847. Ендеше бұлтты күн, бұлтты күн,  
Жарасар ақ қозыға түбітті жүн.  
Барында гүлжазыңның ойна да күл,  
Барады өтіп жалған, қызықты күн.
848. Етігім сауыр өкше, тұмсығы ұшты,  
Серкенің тау жайылған еті күшті.  
Кеткенде жерің шалғай, өттең, қалқа,  
Көзімнен жүрген жерің бұлбұл ұшты.
849. Есік алды қараған, шауып берші,  
Шапанымның өңірін қауып берші.  
Шүйіншіге берейін қос жорға атты,  
Өріптестен, қос қалқам, тауып берші.
850. Ей, қалқа, айналайын ойыныңнан,  
Ақ білек арта салдым мойыныңнан.  
Кеткенде жерің шалғай, қалқатайым,  
Жәй тұрсам, ерте жатып қойыныңнан.
851. Екі ауылдың ортасы қазылған жол,  
Мен есіңе түскенде қайғырған бол.  
Ұйқы көрмей, кірпігім қатты менің,  
Аш бүйірден кетпейді таянған қол.
852. Ей, қалқа, сен ар жақта, мен бер жақта,  
Шұлғиды көк арғымақ бау шарбақта.  
Қолымда құнан аттан шүйіншім бар,  
Ауылы қалқатайдың дәл қай жақта?
853. Ендеше ой қараған, қыр қараған,  
Ойпаңнан жұлып алдым бір қараған.  
Ерекше басқа жаннан көрінесің,  
Көзіңнен байқап қойдым бір қараған.

854. Ей, қалқа, сен дегенде неден жаздым,  
Сабағын сары құрайдың белден қаздым.  
Сен есіме түскенде жортамын деп,  
Ит қауып көк балтырдан өле жаздым.
855. Ей, қалқа, сен дегенде қуанамын,  
Еңкейіп жез шәугіммен су аламын.  
Түскенде сен есіме ей, қалқатай,  
Тоқтамай қолды-аяққа жынданамын.
856. Есік алды қара су, өткелі жоқ,  
Өткелі жоқ болған соң, өткенім жоқ.  
Талай сұлу шақырды қолын бұлғап,  
Сені ойлап, сәулетай, кеткенім жоқ.
857. Егіндей боп жан сәулем, егіндей боп,  
Жайқалсың егіннің көгіндей боп.  
Алыс ауылың кеткенде, жаным, құрбым,  
Кім көрінер көзіме өзіңдей боп?
858. Ей, қалқа, сен қайдағы, мен қайдағы,  
Біреудің мендей, сендей жан қайрағы.  
Кеткенде ауылың шалғай, ей, қалқажан,  
Түседі ой есіме қай-қайдағы.
859. Екі бала көрдің бе ат қараған,  
Сағындым ғой көзіңді жалт қараған.  
Шығармадым сыртыма жалынымды,  
Ойлаймын белдеу жау, жат — жаладан.
860. Ертең ауылым шығады жолға деймін,  
Жолға шықсам, мінемін жорға деймін.  
Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқа,  
Шықпаған жан жүреді зорға деймін.
861. Ей, қалқа, сен дегенде сенделемін,  
Ерекше естен кетпей «кел» дегенің.  
Аңсаған ақ бетіңнен шопылдатып,  
Сүймесем, бір қанбайды шөлдегенім.

862. Есен-аман жүрмісің, жайың қалай?  
Көрмегелі өзіңді болды талай.  
Алыс ауылың кеткенде, қимас қалқа,  
Көзім талды артыма қарай-қарай.
863. Ей, қалқа, сен дегенде неден жаздым,  
Сабағын сар қурайдың белден қаздым.  
Сен есіме түскенде, өттең, қалқам,  
Ас ішпей ала жаздай өле жаздым.
864. Екі торы көрдің бе жорғалаған,  
Ақын болмаса мұндайда қорғалаған.  
Алыс ауылың кеткенде, қайран қалқам,  
Көзім жасы қойныма сорғалаған.
865. Ей, қалқа, сен дегенде ойым бөлек,  
Өлеңге он жасымнан болдым құмар.  
Құнанның қара қасқа төбеліндей,  
Көзіңнен айналайын дөп-дөңгелек.
866. Ендеше өлек-ай деп, өлек-ай деп,  
Ат қойдым өлеңіме «Сәулетай» деп.  
Астынан алты қырдың ән шырқадым,  
Сәулетай ессіз болса келеме-ай деп.
867. Ей, қалқа, сен дегенде қуанамын,  
Еңкейіп жез шәугіммен су аламын.  
Түскенде сен есіме, құрбыласым,  
Қолында асасы жоқ дуанамын.
868. Ей, қалқа, сен де сетер, мен де сетер,  
Болғанда сен қалайы, мен — дәнекер.  
Кеткенде ауылың алыс, құрбыласым,  
Артыңнан ала жаздай ердім бекер.
869. Ендеше егіндей боп, егіндей боп,  
Егіннің солқылдайсың көгіндей боп.  
Кеткенде алыс ауылың, өттең, қалқа,  
Көзіме кім көрінер өзіңдей боп.

870. Ертістің ар жағында жалғыз торғай,  
Бейшара шырылдайды жерге қонбай.  
Ала алмай «келем» деген жауабыңды,  
Сарылып саржайлауда жүрдім зорға.
871. Есік алды топ жиде, толған жиде,  
Екі көзім жидеде, көңілім үйде.  
Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқам,  
Жата алмадым толқысып жалғыз үйде.
872. Есік алды қара су ылай-ау деп,  
Сермей салдым қолымды былай-ау деп.  
Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқам,  
Жата кеттім төсекке «Құдай-ау!» деп.
873. Есік алды қара су өткелі жоқ,  
Өткелі жоқ суыңнан өткенім жоқ.  
Бір Құдайға шет болсаң, өзің шет бол,  
Сізді тастап ешқайда кеткенім жоқ.
874. Ендеше арбадай боп, арбадай боп,  
Арба тастан күн шығар қарғадай боп.  
Менімен бір ойнасаң, сен ойнайсың,  
Бұлғаған сары майға жармадай боп.
875. Ертістің ар жағында жалғыз қайың,  
Бұралып отыр ма екен қалқатайым.  
Жеріңді уағдалы айтып қойсаң,  
Жолыңа құрбандыққа басым дайын.
876. Енді аман бол, қалқатай, енді аман бол,  
Енді аман бол дегенім ана бір жол.  
Кетер болсаң, қалқатай, атыңды ертте,  
Атандырып салайын, арманым сол.
877. Ендеше ой бүлдірген, қыр бүлдірген,  
Ойпаңнан алып жедім бір бүлдірген.  
Қосылған қиуада, қимасым-ай,  
Өзіңнен басқа жанға сыр білдірмеген.



878. Есік алды қара су бойламадым,  
Өтерін сұм жалғанның ойламадым.  
Өтерін сұм жалғанның ойлар болсам,  
Құлын-тайдай айқасып, ойнамадым.
879. Есік алды қара су, жусан ба екен,  
Жусанымен белімді бусам ба екен?  
Алыс ауылың кеткенде, қалқатайым,  
Артыңнан дүлдүл болып қусам ба екен?
880. Ендеше ішім-сыртым, ішім-сыртым,  
Барады ішімді өртеп берген құртың.  
Кеткенде ауылың алыс, өттең, қалқа,  
Болды ғой көзге күйік көшкен жұртың.
881. Ер жігіт бақыт таппас, талап етпей,  
Жетпейді арманына бейнет шекпей.  
Болғанда таудың тасы жол салайын,  
Шын ғашық тұра алар ма, сертке жетпей.
882. Ер салдым оң қолыммен қара керге,  
Ақ тоқым боялады-ау қара терге.  
Қалқатай, қимаған соң суға кеттім,  
Жолаушы кетіп барам төменгі елге.
883. Есік алды күнгеі бет, жусан ба екен,  
Жусанменен белімді бусам ба екен?  
Сен алысқа кеткенде, қимас қалқа,  
Қос ат алып артыңнан қусам ба екен?
884. Есік алды қара су доланалы,  
Доланаға бір малым жоламады.  
Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқа,  
Көзім жасы қойныма домалады.
885. Ертістің ар жағында жалғыз торғай,  
Бейшара шырылдайды жерге қонбай.  
Ала алмай келем деген жауабыңды,  
Сарылып сар жайлауда жүрдім зорға-ай.

886. Екі ат шегіп арбаға парлап көрсем,  
Ақ ауылдан кетпеймін қызды көрсем.  
Сырлас болған жасымнан құрбым едің,  
Іші-бауырым езілер сізді көрсем.
887. Ертістің екі жағы долана ма,  
Қатырсаң, оны пышақ жонала ма?  
Кез болған қиуада, қимас қалқа,  
Өзіңдей жанның бәрі бола ала ма?
888. Ертістің ар жағынан көрдім сені,  
Сырғанды қайық қылып өткіз мені.  
Сырғанды қайық қылып өткізбесең,  
Болсаң да қордың қызы, көрме мені!
889. Ертістің ар жағында жалғыз қайың,  
Бұралып отыр ма екен қалқатайым?  
Жеріңді уағдалы айтып қойсаң,  
Жолыңа құрбандыққа басым дайын.
890. Етегі жон сауырдың дала ма екен,  
Сарғайтқан сәулетайды сана ма екен?  
Кеткенде ауылың көшіп Жәйір жаққа,  
Шіркін-ай, қалқам еске ала ма екен?
891. Ендеше ой бүлдірген, қыр бүлдірген,  
Ойпаңнан алып жедім бір бүлдірген.  
Қосылған қиуада, қимасым-ай,  
Өзіңнен басқа жанға сыр білдірмен.
892. Етегі көйлегіңнің көлбіреген,  
Сені ойлап іші-бауырым елжіреген.  
Кеткенде ауылың шалғай, қимас қалқам,  
Көзіңнен айналайын мөлдіреген.
893. Ей, қалқа, сен де өлмесең, мен де өлмесем,  
Ауылыңды таба алам ба, сайды өрлесем.  
Тықыршып жемқор аттай тұра алмаймын,  
Төбеңді бие сауым бір көрмесем.

894. Етегі ақ көйлектің кемер ме екен,  
Алладан шын тілесе, берер ме екен?  
Кез болған қиуада, қимас қалқам,  
Көзіңнен айналайын бедерленген.
895. Есігі ақ боз үйдің сықырлауық,  
Ашайын сықырлатпай ебін тауып.  
Білдіртпей, түн жамылып мен барғанда,  
Құшақтап алсаң болды жылы жауып.
896. Ендеше, ел жайлауға көшкен кезде,  
Жайқалып көк шалғындар өскен кезде.  
Өзіңе қол ұстасып, қош дегенмін,  
Желпініп салқын самал ескен кезде.
897. Есік алды қара су терең бе екен,  
Ауылыңның қонғаны белең бе екен?  
Ар жағынан белеңнің ән шырқасам,  
Даусымды естіп сәулетай келер ме екен?
898. Ендеше еді, қалқатай ендеше еді,  
Қарағайлы тепсіңнен ел көшеді.  
Ынтызарым құриды сен дегенде,  
Қынай бұған беліңді кім шешеді?
899. Есік алды қара су — малға суат,  
Ауылың шалғай, қалқатай, кетті-ау жырақ.  
Сенсіз менің немене көрген күнім,  
Өлмеген жан жүрді ғой дөтке қуат.
900. Ендеше кері жорға, кері жорға,  
Жүремін кер жорғамен кейбір жолда.  
Құрбылас-ау, есіме сен түскенде,  
Басамын аяғымды өрең зорға.
901. Елін көріп жебемді қатарладым,  
Жаным ашып айтуға бата алмадым.  
Сен есіме түскенде, қалқатайым,  
Төсегімде дөңбекшіп жата алмадым.

902. Ендеше армай-армай, арман ашпай,  
Даусыңнан мен танымын жаза баспай.  
Арманым ішімдегі арылмайды,  
Ауылым ауылыңа араласпай.
903. Екі ауылды қойған-ай жырақ қылып,  
Сонда дағы жүрмін құлақ түріп.  
Үш ұйықтасам есімнен шығар емес,  
Қош дегенің, қалқатай, жылап тұрып.
904. Ей, жаным, айналайын алтын кірпік,  
Тұрады кей жаманнан жаным үркіп.  
Тілің — бал, демің — жұпар, лебіңді,  
Жіберші бір жұтайын бүркіп-бүркіп.
905. Егіледі, ендеше, егіледі,  
Көк жайлаудан түскен ел төгіледі.  
Алыс ауылың кеткенде, қимас қалқам,  
Сынбаса да қабырғам, сөгіледі.
906. Ендеше өнім — сауық, өнім — сауық,  
Сағындым қалқатайды ауық-ауық.  
Белгісі сағынғанның сол емес пе?  
Жығылдым салтор аттан есім ауып.
907. Ей, қалқа, көп қарадым өзің келмей,  
Көзіме көрінесің қызыл гүлдей.  
Болғанмен көңіл таныс, ауыл алыс,  
Кете ме ақ жүзіңнең кезі келмей.
908. Ендеше бабылбай-ды, бабылбай-ды,  
Ұшқан құс басына кеп дамылдайды.  
Бірге өскен кішкентайдан жан сәулесін,  
Қандай жан есіне алып, сағынбайды.
909. Еріксіз әупілдекті мекен еттім,  
Жасым — жас, жиырмаға жаңа жеттім.  
Айырған екі асықты еңіретіп,  
Ісіне бар ма шараң Құдіреттің?

910. Елдің деймін, ендеше, елдің деймін,  
Сұлу қызға жарасар белдің деймін.  
Сырттай ғана өзіңді білуші едім,  
Әдейі арнап ауылыңа келдім деймін.
911. Есік алды қара су, қалың жиде,  
Көңілім сізде болса да, өзім үйде.  
Ауылың алыс кеткенде, қалқатайым,  
Жата алмадым құлазып жалғыз үйде.
912. Ей, қалқа, суға барсаң, шелегің жоқ,  
Сүйенер су басында терегің жоқ.  
Шын болса, сүйем деген соңғы сөзің,  
Кісінің сенен өзге керегі жоқ.
913. Егіндей боп, жан қалқа, егіндей боп,  
Жайқаласың егіннің көгіндей боп.  
Ауылың алыс кеткенде, қалқатайым,  
Кім көрінер көзіме өзіңдей боп.
914. Жағуға отын алдым сарбалақтан,  
Айырылдым қапияда мен қарақтан.  
Кеткенде ауылың алыс, өттең, қалқа,  
Жығылдым есім ауып кербалақтан.
915. Жайлауы ауылымның Теңіз еді,  
Малымыз теңіз барған семіз еді.  
Кеткенде ауылың алыс, қимас қалқа,  
Дертіңе жүрек бауырым езіледі.
916. Жайлауы ауылымның Шатқараған,  
Мен едім таңертеңгі ат қараған.  
Кеткенде ауылың шалғай, қимас құрбым,  
Көзіңді көп сағындым жалт қараған.
917. Жайлауы ауылымның Шағанқамыр,  
Ойлаймын қалқажанды таппай дамыл.  
Қалқама алыстағы хат жазайын,  
Зарылдап өтіп барад біздің дәуір.

918. Жайлауда тасып аққан бұлақ бар ма?  
Жайылым жағадағы құрақ малға.  
Аттанып ауылыңнан мен кеткенде,  
Қалқатай, арт жағыңа жылап қалма.
919. Жайлауы біздің ауыл төр жайлауда,  
Келмедің жақынырақ сөз байлауға.  
Кеткенде ауылың алыс, қалқатайым,  
Сағынып кетем сені ойдан ойға.
920. Жайлауда жайқала өскен қу қорғасын,  
Беткейден қазып алдым бір дорбасын.  
Шарбағына құрбымның байлау үшін,  
Жылқыда ұстап міндім боз жорғасын.
921. Жайлау сұлу көрінер өрісімен,  
Ауыл сұлу көрінер желісімен.  
Ондай көңіл сен берсең, қимас қалқам,  
Ауылдың жолығайын еңісінен.
922. Жақсыны бір ғанибет көрмек деген,  
Жорғаны кімдер мініп, терлетпеген.  
Айта бер ішіндегі арманыңды,  
Мен дағы ауылымнан «сен» деп келгем.
923. Жақсы көрген атым ғой торы қасқа,  
Әр адамның жүретін жолы басқа.  
Күле көрме, бұл өзі ата салтың,  
Қызды ауылды жігіттер торымас па?
924. Жақсы еді не деген қылықтарың,  
Жарасады, киіз үй, уықтарың.  
Көрмегелі көп айдың жүзі болды,  
Өтей саған, қалқатай, жуықтадым.
925. Жақсы ғой айтса, шіркін, өлең деген,  
Құлағым өлең десе елеңдеген.  
Ойымда үш ұйықтасам бар ма менің,  
Ауылыңа әріптестің келем деген?

926. Жалған-ай, неге сонша тарыласың,  
Теңіне-теңін қоспай не қыласың.  
Құдай ғой зарықтырып екеумізді,  
Жүрегім ойлай берсең, жарыласың.
927. Жалғанның ең қызығы күліп-ойнау,  
Жарың болса аққұба, орта бойлау.  
Әншейін заты әйел деп ұрынбалық,  
Жігітке қажет екен осыны ойлау.
928. Жанқалтамда бар еді он екі құрт,  
Қалқатайдың ауылын көрдің бе, жұрт?  
Қалқатайдың ауылын кім айтса да,  
Шүйіншіге беремін қырық кез шыт.
929. Жарығы толған айдың күндізгідей,  
Жігіттің ісі бітпес түнде жүрмей.  
Қайтсем де менің көңілім орнықпайды,  
Өзіңмен қол ұстасып дәурен сүрмей.
930. Жарасар алтын жүзік бармағыңа,  
Қара жер солқылдайды салмағыңа.  
Кеткенде алыс ауылың, асыл сәулем,  
Қараймын сағынышпен жан-жағыма.
931. Жарасар арғымаққа жібек арқан,  
Батырдың ұстағаны темір қалқан.  
Бірге өскен кішкентайдан, сәулетайым,  
Көргенше енді айналып, қош бол, қалқам.
932. Жаралдың жатыр қоян қабағында,  
Белгісі көкпе баудың сабағында.  
Басында өткен айдың берген құртың,  
Татиды әлі балдай тамағымда.
933. Жасымнан өлең құдым, өлең-ай деп,  
Сәулешім өнерімді көрер-ай деп.  
Астынан алты қырдың ән шырқаймын,  
Естісе, құрбыларым келер-ай деп.

934. Жастық шақ өрт екен ғой жалындаған,  
Қызығы, іздегені табылмаған.  
Кеткенде ауылың алыс, сәулетайым,  
Мен сені күнім бар ма сағынбаған?
935. Жас ұлғайды бірқанша қарды басқан,  
Сені ойлап қарадай қарным ашқан.  
Есіңе алсаң, жан сәулем, хатымды оқы,  
Тиер ме екен жіберсем қарлығаштан.
936. Жата алмаймын үйімде өлең десе,  
Тойдың сәні келеді өлеңдетсе.  
Құсқа біткен қос қанат маған бітсе,  
Барар едім ауылыңа күнде неше.
937. Жауыр келет, ендеше, жауыр келед.  
Ер тоқым жауыр керге ауыр келеді.  
Жарымай әріптеске отырғанда,  
Күлімкөз, оймақ ауыз қазір келед.
938. Жердің жайын біледі жылқы баққан,  
Жігіт сыйлы болады елге жаққан.  
Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқа,  
Көзім жасы қойды ма, көл боп аққан.
939. Жеңешеміз, ендеше, жеңешеміз,  
Сыртыңнан өттең-ау деп кеңесеміз.  
Керегенің көгінен қол жүгіртсем,  
«Мынауың кім, әдепсіз» демесеңіз.
940. Жел соқса, ұзын ағаш ырғалады,  
Базардан барып қыздар сырға алады.  
Ішіме ғашық отын өзің салдың,  
Сондықтан қандай адам тұра алады.
941. Жорға едім тай шағымда тайпандаған,  
Ішімде бір сырым бар айта алмаған.  
Әйелге жастайымнан жағымды едім,  
Құрбылар талабымды қайтармаған.



942. Жоғары мойны әдемі қыр садақтың,  
Малға жай, шөбі шүйгін тік қабақтың.  
Түскенде сен есіме зар илеймін,  
Астынан сүйем бе деп ақ тамақтың
943. Жорғалы екеу едік қатардағы,  
Түсіріп бер, көжеңді қотар дағы.  
Мойныңды боз жорғадай бұрып алып,  
Қайтейін қылығыңды жатардағы.
944. Жоғалтқан Көкбастауда, жүгенім-ай,  
Таба алмай сол жүгенді жүргенім-ай.  
Кеткенде ауылың алыс, қимас қалқам,  
Күндіз — күлкі, түнде ұйқы көрмедім-ай.
945. Жоғартыннан келемін жолым жалғыз,  
Жол үстіне шығады бір топ жалбыз.  
Қиуада кез болған, әріптесім,  
Бір өзіңнен айрылып, қалдым жалғыз.
946. Жолында жүк қалмайды қара нардың,  
Қаласын дуан — Семей араладым.  
Туса да оң жағымнан Ай мен Шолпан,  
Кісіге сенен басқа қарамадым.
947. Жолы қымбат базарда алашаның,  
Күні суық болады қарашаның.  
Ән, дауысын сағынып жүргенімде,  
Даусы қайдан шығады құдашаның?
948. Жүйріктің жалын сүзіп, үкі тақтым,  
Арқандап бетегелі қырға бақтым.  
Кеткенде алыс ауылың, қалқатайым,  
Ыстық жас қара көзден сорғалаттым.
949. Жүрмісің есен-аман, замандасым,  
Құрбысын қандай адам жамандасын.  
Кеткенде ауылың шалғай, беу, қарағым,  
Өтпейді тамағымнан ішкен асым.

950. Жүйрікке үкі тағып, маржандадым,  
Жібектен шылбыр тағып, арқандадым.  
Кеткенде ауылың алыс, өттең, қалқа,  
Өзіңді бір көруге армандадым.
951. Жүр ме екен сүйген сәулем аман-есен,  
Серкедей қой бастаған болып көсем.  
Ұмытпан өле-өлгенше мен де сені,  
Ешкімге көңіл бөлме, мені десең.
952. Жүреді Іле таудан киік асып,  
Жүруші ек қалқатаймен иықтасып.  
Кеткенде алыс ауылың, асыл құрбым,  
Барады жүрегімді күйік басып.
953. Желдей есер басы асау ала құнан,  
Жел соғады қыздардың балағынан.  
Сүйем дедің еркіңмен, қалқатайым,  
Иіскетші бір рет тамағыңнан.
954. Жігітке жараса ма босқа жату,  
Ақша бет арулармен болдық тату.  
Аймалап ақша беттен жатқан түнде,  
Болсайшы он екі айда бір таң ату.
955. Жылқы айдаймын көшкенде қиқу салып,  
Қолыма ақ қайыңнан құрық алып.  
Ауылың шалғай кеткенде, қимас қалқа,  
Көп қарадым жолыңа дүрбі салып.
956. Жылқы айдаймын көшкенде аламенен,  
Хабарласып тұрайық баламенен.  
Шынымен көңілің менде болса,  
Ойнап-күліп тұрайық күзеу жерден.
957. Жылқы айдаймын көшкенде қаракөкпен,  
Құмар болып жүруші едім сізге көптен.  
Қолы жетпей басына кетсін мүлдем,  
Ойнап-күлген көре алмай бізді сөккен.

958. Жылқымды айдап салдым теріскейге,  
Жарасар, кесте тіксе, болыскейге.  
Ауылың бір қиырға кеткен шақта,  
Сағынып әнге салсам, келіспей ме?
959. Жылқы айдаймын көшкенде сарыменен,  
Мылтық аттым қорғасын, дәріменен.  
Алақандай бетіңнің қызылы үшін,  
Араз болдым жігіттің бәріменен.
960. Жылқымды жүргенімде отарлатып,  
Жараулап мінген атым қалған қатып.  
Сені іздеп келгенімді білдірмекке,  
Ән салдым сырт жағыңнан қоңырлатып.
961. Жылқы айдаймын көшкенде тайкөкпенен,  
Самауырлап шай қойдым шәйнекпенен.  
Кеткенде ауылың алыс, қос перизат,  
Қараймын дүрбі салып әйнекпенен.
962. Жирен атым, ендеше, жирен атым,  
Сөзіңнен келтіресің қирағатын.  
Шын болса осы айтқаның, ей, құрбыжан,  
Мен емес бұл уағдадан қиналатын.
963. Жылқы деген мал жақсы күзеткенге,  
Сымдай болар тал құрық, түзеткенде.  
Бәйге атындай тықыршып тоқтамаймын,  
Дәл қасымнан, қалқатай, сіз өткенде.
964. Жылқымды айдап қайтамын Құрқұдықтан,  
Мен көрдім сені жақсы бір қылықтан.  
Кеткенде ауылың алыс, өттең, қалқа,  
Жетер ме, айтсам сәлем бұлдырықтан.
965. Жылқы деген мал жақсы құлынымен,  
Бет жуамын бастаудың тұнығымен.  
Айналсоқтап жаныңнан шыға алмадым,  
Жан сәулем, баураған соң қылығымен.

966. Жинаған ой мен қырдан өлеңдерім,  
Өлеңді айтқан сайын өлерменмін.  
Келед деп осы тойға атыңды естіп,  
Жүйріктей кермедегі елеңдедім.
967. Жылқы айдаймын көшкенде құрық алып,  
Қызды ауылдың сыртынан өнге салып.  
Шын көңілің, ынта-пейілің менде болса,  
Алыссынбай жүрейін іздеп барып.
968. Жылқы айдаймын көшкенде ақтабанмен,  
Жаман-жақсы бола ма мақтағанмен.  
Көзден кетсе, көңілден болады үміт,  
Өнге қосып атыңды жаттағанмен.
969. Жылқы айдаймын көшкенде қаракөкпен,  
Сырттан ойлап жүруші ем сізді көптен.  
Ойнап-күлген болмайды онша сөгіс,  
Бола алмайды жақсы адам бізді сөккен.
970. Жылқы айдадым көшкенде жарау көкпен,  
Ауыздығын шайнайды жүрсе көппен.  
Талай бардым алдымнан шықпай қойдың,  
Жерім бар ма өзіңді өкпелеткен?
971. Жылқы айдаймын көшкенде қиқу салып,  
Бір солқылдақ қолыма шыбық алып.  
Бір ойнасам, сенімен мен ойнаймын,  
Бозжорға аттай мойнымды бұрып салып.
972. Жылқымды айдап салдым тепсең жерге,  
Шығады алтын астық ексең жерге.  
Ауылына қалқатайдың барарымда,  
Тимейді асыққаннан өкшем жерге.
973. Жылқыда екеу едің жауырынды,  
Қайтейін, қара шапан, ауырыңды.  
Шаһидың жаңа қиған қиығындай,  
Көз алдасын, жіберші, бауырыңды.

974. Жылқым жатыр бұлақтың жағасында,  
Сөзіме мін, қалқатай, тағасың ба?  
Ауылыма барсаңыз, жібермес ем,  
Серік болып қасымда қаласың ба?
975. Жылқы айдаймын көшкенде жиренменен,  
Жол қалады тау-тастан иреңдеген.  
Жатсам ұйқым келмейді, күндіз — күлкім,  
Күнім мен түнім жоқ менің күйзелмеген.
976. Жылқы айдаймын көшкенде қара атпенен,  
Жылқы асырдым Жұлдызға нар атпенен.  
Сен алысқа кеткенде, жерің шалғай,  
Дүрбі салып қараймын сағатпенен.
977. Келемін көк бестімен түнделетіп,  
Барады итің қуып сай өрлетіп.  
Тұсынан ауылыңның өн салғанда,  
Көңілің болса, белгі бер, өлеңдетіп.
978. Келеді ауылым көшіп саулай түсіп,  
Қалады орған қамыс баудай түсіп.  
Түскенде сен есіме, өттең, қалқа,  
Төсекте жата алмаймын аунай түсіп.
979. Кекілін кербестінің сылап тұрып,  
Асылып шоқтығына құлап тұрып.  
Есімнен өле-өлгенше кетер емес,  
Дегенің «енді аман жүр» жылап тұрып.
980. Келіп жүр, келген ордаң мен кеткен соң,  
Мен кеттім, көздің жасын селдеткен соң.  
Артымда сіңілім қалды бойдай талай,  
Ол сені өгейлетпес ержеткен соң.
981. Келеді ауылым көшіп таудан түсіп,  
Қалады орған бидай баудай түсіп.  
Кеткенде жерің шалғай, қимас қалқам,  
Төсекке жата алмадым аунай түсіп.

982. Келгенде қара өлеңге желіп тұрмын,  
Уәдеде, қалқатай, берік тұрмын.  
Сіңбейді ішкен асым сені ойласам,  
Келеді дидарыңды көріп тұрғым.
983. Келесің жоғарыдан төмендетіп,  
Жел кеулеп көйлегіңді көлбеңдетіп.  
Жас дәурен бізге қанша тұрақтамақ,  
Жүрейік сауық құрып, өлеңдетіп.
984. Кершабақ жұлынады желген сайын,  
Көрінер шашың сұлу өрген сайын.  
Қалқатай, түсінерсің жүрегімді,  
Өзіңді ішім күйер көрген сайын.
985. Келмейді өлең айтқым ерінгенде,  
Тартады бойым байсал керілгенде.  
Тапқандай жерден алтын қуанамын,  
Төбесі тақияңның көрінгенде.
986. Келемін жарып ішін ошағанның,  
Қыздардай бәрі таныс осы араның.  
Өзіңе көрген жерден көзім түсіп,  
Қарашы буынымның босағанын.
987. Келуші ем жайдақ атпен судан өтіп,  
Ер жетіп жүретұғын сөзге жетіп.  
Шынымен, қалқатайым, жатқа кетсең,  
Төгемін көз жасымды мөлдіретіп.
988. Келеді жоғартыннан түйе мінген,  
Сен сұлу бір баласың жүйе білген.  
Тал бойыңда тарыдай бір мінің жоқ,  
Ауызың мен айналайын иегіңнен.
989. Келсін деп көштің сәні міндім жорға,  
Қараймын мал екен деп қара нарға.  
Кеткенде алыс ауылың, қалқатайым,  
Шықпаған шыбын жаным жүрді зорға.

990. Келеді жоғартыннан тайды мінген,  
Айтады, міне, осылай жайды білген.  
Көргенде келбетіңді атқан таңдай,  
Лүпілдеп жүрегіме қан жүгірген.
991. Келемін құла қасқа тайға мініп,  
Орайды кездесуге байқап жүріп.  
Сәулесі таң нұрында көрінгендей,  
Қалқатай шыға келді, ол да толып.
992. Келемін жоғартыннан желмен саулап,  
Астымда жекей торы ат омыраулап.  
Түн жастап барғанымда, шықпай қойсаң,  
Жыртайын мешпетімді шеңгелге аунап.
993. Кестім де рауғаш қолыма алдым,  
Қалқаның келер көшіп жолын шалдым.  
Көңілім көншімеуші ед бір көрмесем,  
Деп түстім осы арадан жолығармын.
994. Келемін жоғартыннан желмен саулап,  
Астымда көк бесті атым омыраулап.  
Түскенде сен есіме, қимас қалқам,  
Жата кетем, дөңбекшіп, жерге аунап.
995. Келіп тұрсам ауылыңа өлеңдетіп,  
Кербестінің құлағын елеңдетіп.  
Өлеңдетіп ауылыңа келгенімде,  
Қарсы алдымнан шықсаңшы, өлеңдетіп.
996. Көкқолдың ауылым отыр дәл басында,  
Жарасар күміс жүген ат басына.  
Шын көңіл, шын пейілің менде болса,  
Тапжылмай, таң атқанша, жат қасымда.
997. Келгенде қара өлеңге дамылдаймын,  
Дауылдан соң селдеткен жауындаймын.  
Естісең, өлеңімді бүгін есті,  
Іздесең, бүгіннен соң табылмаймын.

998. Келемін жоғартыннан жорға мініп,  
Аламын жорға үстінен теңге іліп.  
Шын көңілің менде болса, қолыңды әкел,  
Жүрейік өле-өлгенше ойнап-күліп.
999. Келе ме деп өзіңді тосып тұрмын,  
Атыңды атап өлеңге қосып тұрмын.  
Ұстап алса, ауылыңның жігіттері,  
Сабай ма деп жалтақтап, шошып тұрмын.
1000. Кигенім аяғыма былғары етік,  
Барады аяғымнан ызғары өтіп.  
Барайын мақұл болсаң Шудан өтіп,  
Қалсам да өз жолыңда суға кетіп.
1001. Кигенім аяғыма шегелі етік,  
Асылдан кидім көйлек кестелетіп.  
Жүруші ем егіз туған қозыдай боп,  
Шынымен кетесің бе, өкпетеліп?
1002. Киіз үйдің асқаны темір мосы,  
Кім айтпайды өзіл сөз келсе досы.  
Сіз іздеген болғанда, мен сұраған,  
«Мал келдіге — дәл келді» деген осы.
1003. Кигенім аяғыма бұлғары етік,  
Барады аяғымнан ызғары өтіп.  
Кезіктім бір өзіңдей аяулыға,  
Жүргенде жасшылықпен қыз дөметіп.
1004. Кимешек, алтын шашақ шылауышың,  
Шығады сыбызғыдай қыз дауысың.  
Бұлбұлсың қызыл гүлге қонған сайрап,  
Шіркін-ай, болар ма екен бізде-ау ісің?
1005. Кигенім аяғыма кебіс еді,  
Белдеуде екі торы тебіседі.  
Мына сөзің шын болса, алма мойын,  
Кел төртеуіміз ойнасақ, келіседі.



1006. Кигенім үстімдегі шағи шапан,  
Өзіме өлшеп, пішкен шағын шапан.  
Кеткенде ауылың алыс, өттең, қалқа,  
Адамға атпайды екен, сағынса, таң.
1007. Көк қаршыға көнбейді қайыруға,  
Өсек айтар көп дұшпан айыруға.  
Сен қырғауыл болғанда, мен — қаршыға,  
Кешке жақын шығалық ен жайлауға.
1008. Көлге үйрек ұшады көлді көріп,  
Көл жағалай отырған елді көріп.  
Алыс ауылың кеткенде, қимас қалқам,  
Мен жыладым ойнаған жерді көріп.
1009. Көтеріп алтын ерді атқа салдым,  
Қалқатай, атыңды атап жатқа салдым.  
Кеткенде жерің шалғай, өттең, қалқа,  
Өніңді айтып кеткен хатқа салдым.
1010. Көзіңнен айналайын сәулем едің,  
Көңілімнің қуанышты дәурені едің.  
Кетпейсің жатсам-тұрсам ойдан, қалқа,  
Басымды не сиқырмен өуреледің.
1011. Көрінер көкшілденіп төлдің басы,  
Жоғалттым көкала айғыр малдың басы.  
Кеткенде ауылың алыс, өттең, қалқа,  
Тыйылмас сорғалаған көздің жасы.
1012. Көкала үйрек ұшады көл дегенде,  
Көл бір тылсым сияқты көрмегенге.  
Алыс ауылың кеткенде, қимас қалқам,  
У татиды ішкен ас сен дегенде.
1013. Көрінер шебер сыны оқшантайдан,  
Көремін сені жақсы кішкентайдан.  
Кеткенде жерің шалғай, беу, қалқатай,  
Жетер ме, сәлем айтсам күйкентайдан

1014. Көл жағалай жайқалып құрақ болар,  
Күтілмесе, мал азып тұрақ болар.  
Ауылың шалғай кеткенде, қимас қалқа,  
Көзім жасы қойныма бұлақ болар.
1015. Көксудың доланасын теріп жүрмін,  
Тең бөліп балаларға беріп жүрмін.  
Берген соң өзің көңіл, ей, қалқатай,  
Өзің деп өмірлігім сеніп жүрмін.
1016. Көп керіш, жүрген жері түйе мойнақ,  
Жастардың жүрген жері болады ойнақ.  
Алыстан сағынысып бас қосқанда,  
Азырақ ән салайық, күліп-ойнап.
1017. Көшкенде жылқы айдадым белеңменен,  
Қаракөк, өзі көбең дөненменен.  
Кеткенде ауылың шалағай, қимас қалқам,  
Жоқтадым күніне үш уақ өлеңменен.
1018. Көк құнажын, ендеше, көк құнажын,  
Байлап қойған жерінде жоқ құнажын.  
Қосыламын деуші ем сендей жарға,  
Қоспай қойған Құдайға жоқ ылажым.
1019. Көрінген бұдан былай Баянжүрек,  
Қонамыз қыс болғанда қарын күреп.  
Кеткенде ауылың алыс, қимас қалқа,  
Көре алмай ақ жүзінді жүрмін жүдеп.
1020. Көргенде ақ дидарың тұра алмадым,  
Сенсіз жерде салтанат құра алмадым.  
Сен есіме түскенде, қимас қалқа,  
Дауыл ұрған кемедей бұраңдадым.
1021. Көрдің бе сұлу жирен су өрлеген,  
Аяғын опайкемен шідерлеген.  
Қосылған қиуада, беу, қарағым,  
Көзіңнен айналайын бедерленген.

1022. Көкала үйрек ұшады көл бетінде,  
Жүрмейді кешке дейін жер бетінде.  
Кез болған қиуада, қалқатай-ау,  
Қызығып мен отырмын келбетіңе.
1023. Көкекте ақ інгенім боталаған,  
Ботасын ертіп жонды жоталаған.  
Кеткенде ауылың алыс, қалқатайым,  
Сені ойлап, бір тал дөнді жұта алмадым.
1024. Көзіңнің айналайын қарасынан,  
Қасыңның хат жазайын арасынан.  
Бір кезде бет орамал тігіп берген,  
Қолыңның айналайын саласынан.
1025. Көп болып, өттең, жылқым айдап жүрсем,  
Кербесті, тортөбелді жайлап жүрсем.  
Бергенде өзің көңіл, қимас қалқа,  
Өзілдеп өзіңменен ойнап жүрсем.
1026. Көзіңнен айналайын күлімдеген,  
Құмдақта басқан ізің білінбеген.  
Болғанда мен — дария, сіз — ақ шабақ,  
Салсам да алтын қармақ, ілінбеген.
1027. Көк жайлауда мал шөпке бүгіледі,  
Сортаңда түйе аунап, семіреді.  
Алыс ауылың кеткенде, өттең, қалқа,  
Сынбаса да қабырғам, сөгіледі.
1028. Көзіңнен айналайын күлімдеген,  
Артыңда басқан ізің білінбеген.  
Сіз шабақ алтын көлде асыр салған,  
Салсам да алтын қармақ, ілінбеген.
1029. Көлбеңдейді көйлегің кең болған соң,  
Өзіл-қалжың болады тең болған соң.  
Сөзіңді маған айтпай, кімге айтасың,  
Жақсы көрер адамың мен болған соң.

1030. Көрінер гүл алқызыл ашқандағы,  
Жалғыздың жары Құдай сасқандағы.  
Болсын деп көңіл шіркін көтеріңкі,  
Қол создым ала бұлтқа аспандағы.
1031. Көңілдерің, ендеше, көгілдірік,  
Жылқы жидым төскейден төгілдіріп.  
Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқам,  
Қабырғамды кеттің ғой сөгілдіріп.
1032. Көрінген көл бетінде көкала үйрек,  
Шығады су бетінен шабақ сүйреп.  
Кеткенде жерің шалғай, өттең, қалқа,  
Шыбын жан шықпай бойдан, қалдым күйреп.
1033. Көтеріп ап ерімді атқа салдым,  
Атыңды атап, қалқатай, жатқа салдым.  
Бір Аллаға шет болсаң, өзің шет бол,  
Сен үшін шыбын жанды отқа салдым.
1034. Көшкенде жылқы айдадым құламенен,  
Келуші ем ауылыңа жыраменен.  
Басымды не сиқырмен әуреледің,  
Қойдың ба айналдырып дұғаменен.
1035. Көзіңнен айналайын күлім қаққан,  
Бейне бір жаралғандай перизаттан.  
Бойыңа тал шыбықтай жарасып тұр,  
Басыңда кәмшат бөрік үкі таққан.
1036. Көшкенде жылқы айдаймын қызылменен,  
Келте құйрық, жалы оның сүзілмеген.  
Кетсе де ауылың шалғай, қалқатайым,  
Күдері көңілімнің үзілмеген.
1037. Көзінен күн көрінер күлімдеген,  
Артыңнан басқан ізің білінбеген.  
Бойыма сені ойласам, ас батпайды,  
Кірпігім ұзақ түнде ілінбеген.

1038. Көшіп кетті ауылың Абаулыққа,  
Кесіп алдым ырғайды сабаулыққа.  
Ауылың шалғай кеткенде, сәулетайым,  
Жең ұшыңды беріп кет, жамаулыққа.
1039. Көшкенде жылқы айдадым қатқан көкпен,  
Базардан үй салдырдым көк теректен.  
Қалқатай, араң неге алыстады,  
Жерім жоқ ед өзіңді өкпелеткен.
1040. Көшкенде жылқы айдадым қараменен,  
Қайтарға қой түседі даламенен.  
Кеткенде ауылың шалғай, қимас қалқа,  
Жүрегім ауырады жараменен.
1041. Көшкенде жылқы айдаймын даламенен,  
Ауылыңа барушы едім даламенен.  
Түскенде сен есіме, қимас қалқам,  
Сағынып, сарғаямын санаменен.
1042. Көшкенде жылқы айдаймын қиқу салып,  
Қолыма бір солқылдақ құрық алып.  
Қабағыңа қараймын, қалқатайым,  
Жүрме деп бір нәрседен көңілі қалып.
1043. Көрдім де дидарыңды, болдым ғашық,  
Алашқа білдірмедім аузымды ашып.  
Жарасқан бал-шекерге күміс қасық,  
Жүреміз сүйтіп қашан араласып.
1044. Көшкенде жүк артқаным сары тайлақ,  
Жүремін көш алдында жылқы айдап.  
Ендеше, келер жерге тезірек кел,  
Беліңді тәуекелге бекем байлап.
1045. Көшкенде жылқы айдаймын сарыменен,  
Аралас бидай ектім тарыменен.  
Сағынып, әріптестер, жүргенімде,  
Қайдан келдің жалт етіп барыңменен.

1046. Көшкенде жылқы айдаймын ақтабанмен,  
Бола ма жаман жақсы, мақтағанмен.  
Айтпаса, ішкі сырды кім біледі,  
Не пайда сары алтындай сақтағанмен?
1047. Көшкенде жылқы айдаймын қиқу салып,  
Қолыма бір солқылдақ құрық алып.  
Шынайы ғашық болсаң, мені ала кет,  
Не болар менің күнім сенен қалып.
1048. Көшкенде жылқы айдаймын құламенен,  
Бейсенбі болады егіз жұмаменен.  
Сен берсең ондай көңіл, айналайын,  
Алдыңнан қосар атпен шыға келем.
1049. Көшкен ел таң қалады ерулі елге,  
Жарасар ақсары атан керуенге.  
Етегін шыт көйлектің желбіретіп,  
Қыз шығар кешке жақын серуенге.
1050. Көк сала ауылым қонды ашасына,  
Жүйріктің бір белгісі шашасында.  
Шын көңіл, шын пейілің менде болса,  
Келейін қос ат алып, қашасың ба?
1051. Көзімнің жанарындай сәулем едің,  
Көңілімнің қуанышы, дәурен едің.  
Ойымнан жатсам-тұрсам бір кетпейсің,  
Басымды не сиқырмен әуреледің.
1052. Көрінген көтеріңкі көл емес пе,  
Шайқаған көлдің бетін жел емес пе?  
Кеткенде ауылың, алыс, алма мойын,  
Аңсаған сәулетайым сен емес пе?
1053. Көзіңнің, қалқам, сенің жанарынан,  
Өзіңсің қуанатын қабағыңнан.  
Жер басып әудем жерге жүре алмаймын,  
Айырылсам сіздей сұлу қарағымнан.

1054. Көрінген бұдан былай көл қабағы,  
Шығады қыстан семіз тел жабағы.  
Алыстан әтей көксеп келгенімде,  
Болсашы көтеріңкі қыз қабағы.
1055. Көкала үйрек ұшады көл дегенде,  
Сілекейің шұбырар шөлдегенде.  
Алыс ауылың кеткенде, қалқатайым,  
Ынтызарым құриды сен дегенде.
1056. Көшкенде жылқы айдаймын жалбаспенен,  
Бітеді асық жілік жамбаспенен.  
Шын көңіл, шын пейілің менде болса,  
Қосайық бәрін түгел мал-баспенен.
1057. Көшкенде жылқы айдаймын жиыстырып,  
Ер қостым ақ қайыңнан қиыстырып.  
Шын көңіл, ынта-пейілің менде болса,  
Тізеңді жақын отыр тиістіріп.
1058. Көшкенде жылқы айдаймын жиренменен,  
Болмайды өткен іске күйгенменен.  
Тілегін екі жастың қабыл алып,  
Қойсашы қосып-қосып сүйгенменен.
1059. Көзіңнен айналайын сәулеленген,  
Сәулемді көрген адам әуреленген.  
Ақылым ұшан теңіз сарқылды ғой,  
Бір медет болар ма екен бір өзіңнен?
1060. Көрінер кісе сұлу бауы ұзыннан,  
Ақтаған тары арылар қауызынан.  
Кеткенде алыс ауылың, өттең, қалқа,  
Жете ме, айтсам сәлем ауызымнан.
1061. Көрінер кісе сұлу шегеліктен,  
Сені мен жақсы көрдім не керектен?  
Кеткенде алыс ауылың, өттең, қалқа,  
Жете ме, айтсам сәлем көбелектен.

1062. Көрінер кісе сұлу шығырықтан,  
Сені мен жақсы көрем бір қылықтан.  
Кеткенде алыс ауылың, өттең, қалқа,  
Жете ме, айтсам сәлем бұлдырықтан.
1063. Көшкенде жылқы айдаймын құрық алып,  
Астыма бедеу көкті мініп алып.  
Сенімен бір ойнасам, мен ойнаймын,  
Теңгедей бәске тіккен іліп алып.
1064. Көшкенде жылқы айдаймын арқан алып,  
Ұстаймын қашағанды шалма салып.  
Сенімен бір ойнасам, мен ойнаймын,  
Тартысқан көкперідей жұлып алып.
1065. Көрінеді ақ тісің, маржан тісің,  
Сендей-ақ сұлу болсашы сүйген кісім.  
Қарсы алдымнан көлбеңдей өте шықсаң,  
Қатты жаққан қазандай қайнайды ішім.
1066. Көзім сүзе қараймын Көкшетауға,  
Көкшетауым ұқсайды бақша-бауға.  
Шыдар едім көңілің менде болса,  
Қолымдағы бар малым кетсе дауға.
1067. Күнестің ар жағы бар, бер жағы бар,  
Үстімде дүриядан камзолым бар.  
Кеткенде алыс ауылың, қимас қалқам,  
Ізіңе басып кеткен боламын зар.
1068. Күнесті өзінді іздеп жағаладым,  
Атымды таймасын деп тағаладым.  
Қалқатай, айтқандарың рас болса,  
Алтынға әр сөзіңді бағаладым.
1069. Күнде көріп жүруге ауылың алыс,  
Алыс кеткен ауылыңа қылдым налыс.  
Сағынғанда сені ойлап, қимас қалқам,  
Есім екеу болады шөлкем-шалыс.



1070. Кісідей ағайынды-абысынды,  
Қамшымның сазда қалып, сабы сынды.  
Кеткенде алыс ауылың, қимас қалқа,  
Алыстан естіп келдім дауысыңды.
1071. Кім екен таңертеңгі қозы ағытқан,  
Мен едім боз жорға атпен орағытқан.  
Кеткенде ауылың шалғай, асыл құрбым,  
Қойныма көзім жасы сорағытқаған.
1072. Кім айтады өлеңді өзіңдей қып,  
Үй ағашшы шебердің тезіндей қып.  
Терің сіңген, құрбылас, шытыңды бер,  
Күнде көріп жүрейін көзіңдей қып.
1073. Қазағымда бір сөз бар «аман» деген,  
Менің сізді жерім жоқ жаман деген.  
Алыс ауылың кеткенде, қимас құрбым,  
Үмітім зор сені іздеп табам деген.
1074. Қаз едім қатар ұшып қаңқылдаған,  
Сахара көлге қонып салқындаған.  
Бағаңа бағаласа жан жетпейді,  
Даусыңнан айналайын шаңқылдаған.
1075. Қазанға қайнасын деп қарта салдым,  
Төсекке жайнасын деп барша салдым.  
Берген соң өзің көңіл, аяу қалқа,  
Мойныға ақ білекті арта салдым.
1076. Қайтейін, Қаратауым, мұнарыңды,  
Мұнардан ата алмадым ұларыңды.  
Қалғанда жерің шалғай, өттең, құрбым,  
Басармын қайда барып құмарыңды!?
1077. Қай мөуіт, сары мөуіт, қызыл мәңіт,  
Құрбыны сағынамын ауық-ауық.  
Алыстан ат арытып келгенімде  
Көйлектің ақ кіреуке бауын ағыт.

1078. Қайыңнан ерге қаптал, қас алайын,  
Қолыма, итің қуса, тас алайын.  
Кеткенде ауылың алыс, қалқатайым,  
Сені ойлап қара көзге жас алайын.
1079. Қайың құрық, тал құрық — бөрі құрық,  
Қашағанды ұстадым зорықтырып.  
Сен есіме түскенде, жан қалқатай,  
Тұсаулы аттай қарғимын тұрып-тұрып.
1080. Қайтейін мен, Қаратау, мұнаранды,  
Баурыңнан ата алмадым ұларыңды.  
Қалғанда алыс ауылың, қимас қалқам,  
Басамын ашты шаймен құмарымды.
1081. Қайтейін, әй, Саршоқы, биігіңді,  
Алайын атып арқар, киігіңді.  
Кеткенде жерің шалғай, өттең, қалқа,  
Басайын қайда барып күйігіңді?
1082. Қайтейін, ей, қалқатай, төуіріңді,  
Қараймын отқа салып жауырынды.  
Бір сызық жауырынға түсе қалса,  
Қараймын дөңге шығып ауылыңды.
1083. Қаймақ жоқ, қарасуда мұз болмаса,  
Қару жоқ, етікшіде біз болмаса.  
Өлең айтқым келмейді көп ішінде,  
Біреуі әріптестің қыз болмаса.
1084. Қайырымсыз қара жүрек зарламайды,  
Екі дос бірін-бірі алдамайды.  
Қара тас, ұйқың келсе, болар мамық,  
Шын ғашық сұлулықты таңдамайды.
1085. Қайтейін, ей, Қособа, биігіңді,  
Атайын жан бауырлап киігіңді.  
Кеткенде ауылың алыс, қимас қалқам,  
Басайын қайда барып күйігіңді!?

1086. Қаймақ жоқ, қарасуда мұз болмаса,  
Тамақтың дәмі келмес, тұз болмаса.  
Жолаушы ұзақ жерге жүре алмаймын,  
Біреуі жолдасымның қыз болмаса.
1087. Қақ жарып қара суды қамыс тұрар,  
Ауылы қалқатайдың алыс тұрар.  
Түсі басқа болса да, таныспаған,  
Дәм қосса, екеумізді табыстырар.
1088. Қалқатай, көз қарасың тәуір еді,  
Мінезің салмақтының ауыры еді.  
Ауылым алыс кетіп қалғаннан соң,  
Көз жасым көктен құйған жауын еді.
1089. Қалқатай, сен — ар жақта, мен — бер жақта,  
Шулайды қара арғымақ бау шарбақта.  
Шын көңілің, ынта-пейілің менде болса,  
Екеуміз қосылайық, не қылсақ та?
1090. Қалқатай, сен дегенде ойым бөлек,  
Өлеңге он жасымнан болдым зерек.  
Қара жорға құнанның төбеліндей,  
Көзіңді көп сағындым дөп-дөңгелек.
1091. Қалқатай, құмарландың мен деген соң,  
Зарығам мен де сондай сен деген соң.  
Кеткенде ауылың алыс, өттен, қалқа,  
Жүреді шыбын жаным өлмеген соң.
1092. Қалқатай, кеттің алыс, аялың жоқ,  
Аялың жоқ болған соң амалым жоқ.  
Ант берген айрылмасқа, қимас қалқа,  
Болмаса аз ғана күн аялың жоқ.
1093. Қалқатай, алыстап жүр, жуықтап жүр,  
Ақша қар жауайын деп бұлыттап жүр.  
Қосылған қиуада, қимас қалқам,  
Кеткенде ауылың алыс, ұмытпай жүр.

1094. Қалың қамыс, қара су есік алды,  
Қара судан қаршығам үйрек алды.  
Ауылың шалғай қалғанда, қалқатайым,  
Қарай-қарай артыма көзім талды.
1095. Қалқатай, атыңды атап жатқа салдым,  
Көтеріп алтын ерді атқа салдым.  
Кез болған қиуада, қимас қалқам,  
Жанымды бір сен ұшын отқа салдым.
1096. Қалқатай, олақ қандай, салақ қандай,  
Қыдырып байға қонған қонақ қандай.  
Қалқатай, сен дегенде қандай болдым,  
Жауында жалғыз атты тонатқандай.
1097. Қалқатай, атыңды атап жаздым хатқа,  
Ұшырдым бала сұңқар терең шатқа.  
Әуелі біздер тұрғай, аспандағы,  
Пері де ғашық болған адамзатқа.
1098. Қалқатай, сен үй десең, мен бүй деймін,  
Суына ауылыңның нан илеймін.  
Түскенде сен есіме, қимас қалқа,  
Түйедей ботасы өлген зар илеймін.
1099. Қалқатай, сен дегенде қуанамын,  
Еңкейіп жез шәугіммен су аламын.  
Түскенде сен есіме, өттең, қалқа,  
Мойнында асасы жоқ дуанамын.
1100. Қалқатай, сен ақ қоян секендеген,  
Соңыңнан мен ақ тұйғын жетем деген.  
Ойымда үш ұйықтасам бар ма менің,  
Айрылып сен қалқадан кетем деген?
1101. Қалқатай, сен де арманда, мен де арманда,  
Жылайды екі арман да айрылғанда.  
Жанарыңда жас барын сезіп қалдым,  
Қимастықпен бұрылып қарағанда.

1102. Қалқатай, сен де арманда, мен де арманда,  
Жылайды екі арман да айрылғанда.  
Алыс ауылың кеткенде, қимас қалқа,  
Не болды, артыңа бір қайрылғанда?
1103. Қалқатайдың қолында жезден оймақ,  
Қызығына жалғанның кімдер тоймақ.  
Көрген сайын көңілді бір босатар,  
Ыстық екен жүрген жер күліп-ойнап.
1104. Қалқатай, сен ақ маңдай, мен де ақ маңдай,  
Қосылса екі ақ маңдай, шам жаққандай.  
Төбесі сұлу қыздың көрінгенде,  
Аяқты баса алмаймын жың қаққандай.
1105. Қалқатай, төтті сенің айтқан сөзің,  
Жарқылдап тұрымтайдай екі көзің.  
Алыстан, қалқам, сені іздеп келдім,  
Мінекей, сырласатын келді кезім.
1106. Қалқатай, сені көрсем қуанамын,  
Еңкейіп жез шәугіммен су аламын.  
Түскенде сен есіме, қимас қалқам,  
Сағынып санаменен жұбанамын.
1107. Қалқатай, сен де арманда, мен де арманда,  
Жылайды екі арман да айрылғанда.  
Беріп кет, орамал шыт сағынбасқа,  
Жүрейін медет қылып қайғырғанда.
1108. Қалқатай, кеттің бұлай, қалдым жылай,  
Қара су қой тоғытқан болады ылай.  
Түскенде сен есіме, өттең, қалқа,  
Сабаймын қаракөкті жау малындай.
1109. Қалқатай, апшақ екен маңдайыңыз,  
Төселген өлең-сөзге таңдайымыз.  
Жасым — құрбы, құрдаспыз, Құдай білер,  
Табыссақ, таусылар ед арманымыз.

1110. Қалқатай, неге отырсың өлеңдетпей,  
Қалайық өлеңдетіп заман өтпей.  
Барында тіршіліктің күліп-ойнап,  
Ақша бет албыраған нұры кетпей.
1111. Қалқатай, аппақ екен алақаның,  
Аққу көлде баулиды балапанын.  
Жастың жаны, жібектің түйіні бір,  
Баласы болсақ тағы әр атаның.
1112. Қамшым бар, өзім қамшы өрмесем де,  
Қалқатай, аманбысың, көрмесем де!?  
Ерекше сен бір өскен биік шынар,  
Жетпейді қанша қолым сермесем де.
1113. Қамысы Әупілдектің мүше-мүше,  
Сарғайдым мынау көлдің суын іше.  
Қос қанат құсқа біткен маған бітсе,  
Барар ем қалқатайға әлденеше.
1114. Қамшымның ит ұрам деп сабы сынды,  
Сынғанда құрбыңыздың сағы сынды.  
Қайтадан көңіл құрғыр көтеріліп,  
Кез болып өзіңменен жаным тынды.
1115. Қамшы бастым жар үшін теңбілкөкке,  
Амандасып қайтуға келем көпке.  
Сағынышпен сарғайып келіп едім,  
«Көп келдің» деп, сәулемшім, мені сөкпе.
1116. Қанаты көк қаршыға бедер-бедер,  
Сорлыны сор айдаса аттай желер.  
Атыңнан айналайын, қалқатайым,  
Сүйгізсең ақ бетіңнен шешең не етер?
1117. Қаңтарып қара атымды мен байладым,  
Баруға ауылыңа ыңғайландым.  
Қалқамның көлеңкесі көрінсе деп,  
Сыртынан ауылыңның шыр айналдым.

1118. Қар жауар қарашада қатқақ болып,  
Қалады суалып, көл батпақ болып.  
Жан сәулем отыр ма екен, жатыр ма екен,  
Сұңқардай үш түлеген аппақ болып.
1119. Қараймын қарайғанға томар ма деп,  
Томар құлап өзімді соғар ма деп.  
Одан-бұдан айтамын сәлемімді  
Қалқам келіп көңілімді сұрар ма деп.
1120. Қараймын қарайғанға мал ма екен деп,  
Өзенді өрлей біткен тал ма екен деп.  
Ай жарық, терезеден телміремін  
Қалқатай төсегінде бар ма екен деп.
1121. Қараймын қарайғанға тал ма екен деп,  
Тал түбінде тұрғаны мал ма екен деп.  
Қараймын ары өткенге, бері өткенге,  
Ішінде сәулетайым бар ма екен деп.
1122. Қара су, есік алды бұлағым-ай,  
Көз жетпес бұл дүниенің тұрағына-ай!  
Кеткенде аулың алыс, өттең, қалқа,  
Жетер ме даусым менің құлағыңа-ай.
1123. Қар жауып қарашада қатырлаған,  
Жат елден батыр жігіт ат ұрлаған.  
Түскенде сен есіме, сенер болсаң,  
Қабырғам сынбаса да, шатырлаған.
1124. Қара су, есік алды өзенім-ай,  
Не жетсін, өз жерім мен өз еліме-ай?!  
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,  
Лапылдап өртенеді өзегім-ай!
1125. Қара су есік алды қаз қонады,  
Білмеймін, аққу неге аз қонады.  
Бізге ұқсап бірде айрылып, бірде көрген,  
Қаздар да қыста кетіп, жаз қонады.

1126. Қара бұлт келеді екен меңдей болып,  
Кескен қайың қалады жеңдей болып.  
Алыс аулың кеткенде, қимас қалқа,  
Кім көрінер көзіме сендей болып.
1127. Қара су есік алды шалқар ма екен,  
Ақшабақ бұл шалқарда малтар ма екен?  
Ақ жүзі толған айдай қалқатайдың,  
Қарасам, мені өзіне тартар ма екен.
1128. Қаратаудың басында бір түп шынар,  
Басын тартса, шынардың түбі сынар.  
Қиуада кез болған, қимас қалқам,  
Шынымды айтсам, өзіңе болдым құмар.
1129. Қарасу есік алды мал су ішкен,  
Шаңырқар шалқар түсте келіп түскен.  
Кеткенде аулың алыс, өттең, құрбым,  
Кетпейсің тұрсам ойдан, жатсам түстен.
1130. Қаратаудың басында қалды қойым,  
Қайтып келіп жайлаймын судың бойын.  
Судың бойы шырғауыл мен бұтайын,  
Тәтті аузыңнан бал берсең, мен жұтайын.
1131. Қара су есік алды, сөзім балық,  
Тірлікте не көрмейсің, болсаң қаріп.  
Астынан алты қырдың, ауылыңа  
Мен келдім «қалқатай» деп әнге салып.
1132. Қара су есік алды терең пе екен,  
Қасына мен қалқаның ерем бе екен?  
Егерде дәм айырып алыс кетсе,  
Шіркін-ай, қайта айналып көрем бе екен.
1133. Қаратаудың басында қарға жүрер,  
Қарға жүріп қарқылдап күнде жүрер.  
Аулың алыс кеткенде, қимас қалқам,  
Шықпаған жан кеудемде зорға жүрер.



1134. Қара су, есік алды — қалың қамыс,  
Қалқаға жетер ме екен біздің дауыс?  
Серттескен айырылмасқа, қимас қалқа,  
Тұрмасам уәдемде, болар намыс.
1135. Қаратаудың басынан құлағаным,  
Домбыраның құлағын бұрағаным.  
Аулың алыс кеткенде, қимас қалқам,  
Көздің жасын көлдетіп жылағаным.
1136. Қара су есік алды өткелі жоқ,  
Суынан өткелі жоқ өткенім жоқ.  
Кез болған қиуада, қимас қалқам,  
Ешқайда сені тастап кеткенім жоқ.
1137. Қаратаудың басына қайың өскен,  
Қара суды қақ жарып жайын ескен.  
Бір желінің секілді құлыншағы,  
Бірге жүрген күндерің кетпейді естен.
1138. Қарағанда не қалды, қамыс қалды,  
Қалқатайдың ауылы алыс қалды.  
Алыс қалған аулыңа барамын деп,  
Қаршығадай қайрылып мойным талды.
1139. Қара су, есік алды талды ма екен,  
Қолына малшы құрық алды ма екен?  
Тал мініп, тартысатын балалық шақ,  
Есінде қалқатайдың қалды ма екен?
1140. Қара судың аяғы қамыс еді,  
Кертөбелдің аяғы шалыс еді.  
Кез болған қиуада, қимас қалқам,  
Ежелден аулымыз таныс еді.
1141. Қара су есік алды лай ма екен,  
Айрылса қалқа менен, жылай ма екен?  
Сұрайын өткен елден, кеткен елден,  
Ауылы қалқатайдың былай ма екен?

1142. Қаратаудың басынан соғар дауыл,  
Зерігермін шіркін-ай, жалғыз ауыл.  
Жалғыз ауыл зерігіп отырғанда,  
Көрші болып қонсашы сіздің ауыл.
1143. Қара су таяз ба екен, терең бе екен,  
Айтқаны әріптестің өлең бе екен?  
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,  
Түсімде ұйықтап жатып көрем бе екен?
1144. Қаратау құзарыңнан бүркіт алдым,  
Ішермін деп сусынға іркіт алдым.  
Сен есіме түскенде, әттең, құрбым,  
Оңашада көз жасын іркіп алдым.
1145. Қара су, есік алды балдыр ма екен,  
Жайылып жағасында мал жүр ме екен.  
Қалқаны сағынғанда мен іздесем,  
Жерінде уағдалы дәл жүр ме екен!
1146. Қара су есік алды тарам-тарам,  
Қолыма домбыра алсам, әнге салам.  
Кеткенде аулың алыс, беу, қалқатай,  
Артынан келмейді деп болма алаң.
1147. Қарағым, айналайын, қара қасым,  
Жібектей қара мақпал қара шашың.  
Еліктің лағындай егілемін,  
Мөлдіреп, сені ойласам, көзден жасым.
1148. Қарқаралы басында жалғыз арша,  
Хатқа зерек сол қалқа мұсылманша.  
Кішкентайдан бірге өскен сәулем едің,  
Өмірің көп пе, аз ба әлде қанша?
1149. Қарайғанда не қалды, қамыс қалды,  
Қалқатайдың ауылы алыс қалды.  
Ақбоз үйдің артынан аттанғанда,  
Қош айта алмай, кемсеңдеп таныс қалды.

1150. Қаратаудың басында ақ бұлт тұрар,  
Ақ бұлттан жауары ма екен ақ үлпек қар?  
Көзім неге тартады, қалқатайым,  
Сенің мендік болуыңнан жақсы үміт бар!
1151. Қара сөз құрай берсе, болады өлең,  
Өмірдің алды таяз, арты терең.  
Беріп кет жүзігіңді сертің үшін,  
Өлгенше, жан қалқатай, саған сенем.
1152. Қаратаудың басынан келі алайын,  
Ақтамағың астынан дем алайын.  
Өзің көңіл бергенде, беу, қарағым,  
Бар малымды берсем де, сені алайын.
1153. Қар жаумай, жаңбыр жаумай, желдетті ғой,  
Бойынан туған жердің ел кетті ғой.  
Алтынның колда барда қадірі жоқ,  
Қадірі қалқатайдың енді өтті ғой.
1154. Қарағым, айналайын, қандай едің,  
Құрбының өзің теңдес маңдайы едің.  
Өзіме есендесіп жүрген шақта,  
Қол жеткен мұратыма жандай едім.
1155. Қарағым, айналайын, денің сау ма?  
Шырмалған ақшабағым жібек бауға.  
Алыстан ат терлетіп келгенім сол,  
Болсын деп шыбын жаным саған сауға.
1156. Қаратаудың басында бір түп шынар,  
Бір көргенде өзіңді болдым құмар.  
Алыс аулың кеткенде, қимас қалқам,  
Құмарланған көңілім қашан тынар.
1157. Қарайғанға қараймын бота ма деп,  
Қара желім қайнаттым тұта ма деп.  
Жарты мейіз аузыңа салып қойып,  
Тамағыңа қарайын жұта ма деп.

1158. Қаратаудың басынан түсер сағым,  
Сағынғанда қайдасың ғашық жарым.  
Жатсам-тұрсам ойымнан кетпеген соң,  
Белге түйіп келемін беттің арын.
1159. Қара атқа шідер салдым тек тұрсын деп,  
Басына жем дорба ілдім жеп тұрсын деп.  
Жанымнан бір тал қант үзбей жүрем,  
Дәм татып, сен құрбымды кеп жүрсін деп.
1160. Қараймын қарайған соң қарақатқа,  
Қажылар барады екен Арафатқа.  
Қалқатай, келер болсаң, тезірек кел,  
Қалдырма жүрегімді жарақатқа.
1161. Қаратау аулым қонды етегіне,  
Алдым да қаракөкті жетегіме.  
Алыстан ат терлетіп келдім іздеп,  
Айтқан серт өзегімді өртеді де.
1162. Қаратау басы биік жайлағанға,  
Жас құлын кісінейді байлағанға.  
Келмейді жатсам ұйқым, тұрсам күлкім,  
Қаракөз қалқатайды ойлағанда.
1163. Ала үйрек алма мойын ұшар сайдан,  
Қарағым, айналайын, келдің қайдан?  
Ей, қалқа, мекеніңді айтып берші,  
Адамның жат болмағы осындайдан.
1164. Қараймын қарайғанға томар ма деп,  
Томар құлап биіктен соғар ма деп.  
Сағынышпен айтамын сәлемімді,  
Ақсұңқарым қолыма қонар ма деп.
1165. Қарағым, айналайын, көлгірім-ай,  
Суындай тасбұлақтың мөлдірім-ай.  
Түскенде сен есіме, қимас қалқа,  
Сарғайып санаменен болдырдым-ай!

1166. Қаратаудың басына қақ тұрмайды,  
Өнер бітпей жігітке бақ тұрмайды.  
Қызды ауылдың тұсынан ән шырқасаң,  
Қызы бар үй тыржыңдап жақтырмайды.
1167. Қаршығам қазға салсам, қаз іледі,  
Жиылып қыз-бозбала бір жүреді.  
Құдай-ау, жас күнімде өлім берме,  
Көл жайғап, жем жейтұғын мезгіл еді.
1168. Қара су есік алды, қамысы жоқ,  
Жігіттің жалқау болса, табысы жоқ.  
Түскенде сен есіме, қимас қалқам,  
Есімнен адасамын Мәжнүн боп.
1169. Қарайғанға қараймын қабан ба деп,  
Қамшылаймын атымды шабан ба деп.  
Жолаушыдан жол түсіп сұрай жаттым,  
«Қалқатайдың ауылы аман ба?» деп.
1170. Қарағым, айналайын, қара алманым,  
Сүйегі гауһар тастан жаралғаным.  
Алтын менен күмістің нақышындай,  
Жалғанда арманы жоқ сені алғанның.
1171. Қарағым, айналайын, құралай көз,  
Аузыңнан мың ділдалық шығады сөз.  
Аллаға кезіктірген ризамын,  
Парымен екі жақсы келгенде кез.
1172. Қаратаудың басынан арша ап жүрмін,  
Көтере алмай аршамды шаршап жүрмін.  
Көрмегелі өзіңді талай болды,  
Қауым жұртқа атыңды жар сап жүрмін.
1173. Қаратаудың басынан қар борайды,  
Керім жігіт басына сөлде орайды.  
Сәлдесін бір ораған жүз орайды,  
Басына сол шіркіннің кім қарайды.

1174. Қасыңның хат жазамын кермесіне,  
Басқұрдың бас айналар термесіне.  
Сені ойлап күндіз-түні жата алмаймын,  
Түскенде, беу, қалқатай, сен есіме.
1175. Қасыңа, уа, дариға, барайын ба,  
Әніңе қоңырлатқан салайын ба.  
Әніңе қоңырлатқан салмаушы едім,  
Ешкім жоқ сізден басқа маңайымда.
1176. Қасиетті дейді екен қарағайды,  
Ит құтырса, аспанға абалайды.  
Жерің шалғай кеткенде, аулың алыс,  
Ішкен асым бойыма тарамайды.
1177. Қасыңның хат жазайын арасынан,  
Көзіңнің айналайын қарасынан.  
Үстіңнен дүрия бешпет шешіп берген,  
Қолыңның айналайын саласынан.
1178. Қасың бейне қарлығаш қанатындай,  
Бетің қызыл Бұхардың манатындай.  
Кеткенде жерің шалғай, өттең, қалқа,  
Шыдамас бір көрмесем тағатым-ай!
1179. Қатырдым қайыстай ғып қаракерді,  
Басады қардан жаман қара жерді.  
Қоштасып қалқатаймен аттанғанда,  
Мөлтілдеп екі көзі қала берді.
1180. Қауын жатар сарғайып пәлегінде,  
Арманым жоқ мен жүрсем әлегінде.  
Ат өксітіп алыстан келіп жүрмін,  
Сен болмасаң, бұл жерге келемін бе?
1181. Қолымда бір қамшым бар алтындаған,  
Кей жаман ұстай алмай қалтылдаған.  
Кеткенде жерің шалғай, сәулетайым,  
Көзіңді сағындым ғой жалтылдаған.

1182. Қош болғайсың, әріптес, қош болғайсың,  
Қос күреңнің тізгінін бос салғайсың.  
Алыс аулың кеткенде, әй-ау, қалқа,  
Сағынғанда біздерді еске алғайсың.
1183. Қонғаны ауылымның қалың қамыс,  
Ішінде сол қамыстың болдық таныс.  
Қайтып жүрер екенсің, қалқатай-ау,  
Кеткенде жерің шалғай, аулың алыс.
1184. Қойға күзет болады айтақтаған,  
Теңін таппай, көңілім жай таппаған.  
Алыс аулың кеткенде, әй-ай, қалқа,  
Сағындым ғой көзіңді жайнақтаған.
1185. Қолымда бір қамшым бар күмістеген,  
Қамшымды күмістеген кім істеген.  
Кеткенде аулың алыс, өттең, қалқа,  
Көзіңді көп сағындым күлімдеген!
1186. Қосақтап кешке жақын қой сауғанда,  
Көзіме көрінбедің мен барғанда.  
Шыдайды дөтің қайтып, ояу жатып,  
Тұсынан ауылыңның өн салғанда.
1187. Қонғаны ауылымның Қарашілік,  
Мінемін қара атымды таң асырып.  
Кеткенде жерің шалғай, сәулетайым,  
Төсекте жата алмадым аласұрып.
1188. Қой ішінде сүйгенім шұбар туша,  
Қыздар сұлу келеді белін буса.  
Алған жары жігіттің жақсы болып,  
Талшыбықтай бұралып, ойнап тұрса.
1189. Қолымда бір қамшым бар тобылғы сап,  
Ар жағынан ауылыңның тобылғы шап.  
Бергенде өзің көңіл, қимас қалқа,  
Барайын мен де, қалқа, сол жерден тап.

1190. Қолымдағы қос дүзік майысады,  
Жақсы мен жаман қайтып сыйысады.  
Аулың алыс кеткенде, қимас қалқам,  
Сынбаса да, қабырғам майысады.
1191. Қолымда бір қамшым бар, бауыры жоқ,  
Болса да бауыры жоқ, ауыры жоқ.  
Жонына құба жонның шыға келсем,  
Қалқаның жұрты жатыр, ауылы жоқ.
1192. Қонғаны ауылымның көл болады,  
Отырған көл жағалай ел болады.  
Кеткенде аулың алыс, ей, қалқатай,  
Көзімнен аққан жасым сел болады.
1193. Қолымда бір қамшым бар бұйра сапты,  
Ұмытып бұйра сапты, жұртта қапты.  
Ойымнан жатсам-тұрсам бір кетпейді,  
Қалқаның сол бір сөзі есте қапты.
1194. Қолымда бір қамшым бар жез қақтаған,  
Жігітті ел мақтаған, қыз мақтаған.  
Кеткенде аулың алыс, қалқатайым,  
Көзіңді сағынам-ау ойнақтаған.
1195. Қолымда бір қамшым бар бунақтаған,  
Басыңа таққан үкің бұлғақтаған.  
Кез болған қиуада, қимас қалқам,  
Көзіңнен айналайын ойнақтаған.
1196. Қонғаны ауылымның жазық еді,  
Ән-күйім көңілімнің азығы еді.  
Жасымнан қол жетпесті армандатып,  
Тағдырым әлденеге жазып еді.
1197. Қос алмаң көйлегіңді қуыстаған,  
Құмардан бір шығады уыстаған.  
Толымды бір сөз алмай, қор боп жүрмін,  
Қарашы бір күлімдеп дұрыс маған.



1198. Қолыма сойыл алдым талдан кесіп,  
Тұрады жон жайлаудан самал есіп.  
Кеткенде алыс аулың, қалқатайым,  
Беріп кет, бұрымыңнан маған кесіп.
1199. Қолымда бір қамшым бар алты таспа,  
Жігіттің керегі жоқ сенен басқа.  
Білер деп қадірімді қолқа салдым,  
Байқасам, басқалардан нарқың басқа.
1200. Қолымда бір қамшым бар жылан бауыр,  
Болады құнан қойдың құйрығы ауыр.  
Шіркін-ай, ел жайлаудан қайтар кезде,  
Қонсашы көрші болып сіздің ауыл.
1201. Қонғаны ауылымның белең деймін,  
Естісем дауысыңды, елеңдеймін.  
Бергенде өзің көңіл, қимас қалқа,  
Аулыңа неше айналып келем деймін.
1202. Қолымда бір қамшым бар бунақтаған,  
Бәйгемен ат келеді ойнақтаған.  
Өзің де жақын отыр маған таман,  
Болмайды жақындардан қорғаштаған.
1203. Қондырдым қолыма әкеп тастүлекті,  
Тастүлек түлкі қағып асты белді.  
Көңілін жай таптырмай көз көргеннің,  
Езілтіп қоямысың жас жүректі.
1204. Қолымда қамшым бар алты таспа,  
Қалқатай, сен дегенде жаным басқа.  
Қалқатай, көңіліңді маған берсең,  
Мәңгілік серт берейін айрылмасқа.
1205. Қонады қой үстіне бір топ ұзақ,  
Түсер ме қыл ширатып, құрсам тұзақ?  
Келмейді күндіз күлкім, түнде ұйқым,  
Қасымнан бірер жұма тұрсаң ұзап.

1206. Қобданың түлкі қақтым балағынан,  
Бидайдың ұрма ұрдым сабағынан.  
Сәулетай, сен кеткенде білер болсаң,  
Өтпейді ішкен асым тамағымнан.
1207. Қонғаны ауылымның Қызылнұра,  
Ауылымнан қой өреді қора-қора.  
Бір ауыз жылы сөзің жоқ па, қалқа,  
Дертімді ғашық болған көре тұра.
1208. Қосылғанда болатын паналарың,  
Ақыл айтып беретін даналарың.  
Көп айлар, көрмегелі көп күн болды,  
Аман ба ақ көңілді аналарың?
1209. Қос қалқам, қош болғайсың, қош болғайсың,  
Тізгінін қос күреңнің бос салғайсың.  
Кеткенде аулың шалғай, екі-ай, қалқа,  
Біздерді әр уақыт еске алғайсың.
1210. Қонғаны ауылымның Белқараған,  
Қалқаның дидарына ел қараған.  
Барасың ыстық тартып көрген сайын,  
Жүзіне ел қараған мен қараған.
1211. Қош, қалқа, қош-аман бол, екеуің де,  
Қазір-ақ көзім жетті кетеріңе.  
Сен үшін отқа күйіп, суға батсам,  
Мақсатыма сенім бар жетеріме.
1212. Қонғаны ауылымның шет қараған,  
Кім екен ерте тұрып, ат қараған.  
Кез болған қиуада, қимас қалқа,  
Түріңнен айналайын жалт қараған.
1213. Қонғаны ауылымның Қаратал-ды,  
Мойныма әсем қыздар маржан салды.  
Кеткенде алыс аулың, қалқатайым,  
Қайрылып қаршығадай мойным талды.

1214. Қонғаны ауылымның Қаратал-ды,  
Артыма қарай-қарай көзім талды.  
Жеріңе келем деген келмей қойдың,  
Жолыңа арнап едім шыбын жанды.
1215. Қонбаймын ойпаң жерге, бүйісі бар,  
Түйенің алпыс екі күйісі бар.  
Келмейді кірсем, шыққым сіздің үйден,  
Жұпар мен қаламшырдың иісі бар.
1216. Қонғаны ауылымның Балғынкөлде,  
Балғынкөлдің балығын алғым келді.  
Кеткенде алыс аулың, қимас қалқа,  
Аулыңа ат жаратып барғым келді.
1217. Қойымды өрістегі ойға айдаймын,  
Көрмесем сені, қалқа, тұра алмаймын.  
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,  
Жүректен тарқамайтын қайғы ойлаймын.
1218. Қолымда бір қамшым бар бұйра сапты,  
Ұмытылып, бұйра сапты жұртта қапты.  
Ойымнан жатсам-тұрсам бір кетпейсің,  
Қалқаның асыл сөзі есте қапты.
1219. Қолымда бір қамшым бар шежемейлі,  
Барғанда мал өріске не жемейді.  
Қыл өтпес арамыздан тату едік,  
Қызыл тіл арадағы не демейді?
1220. Қолыма ұстағаным күміс қалам,  
Қаламды ұстаған жан тыныштаған.  
Сен түсіме кіргенде, ояна кеп,  
Бақсыдай селкілдеймін жын ұстаған.
1221. Қолымда бір қамшым бар бунақтаған,  
Бөйгеден екі ат келеді ойнақтаған.  
Кез болған қиуада, екі қалқа,  
Көзіңнен айналайын ойнақтаған.

1222. Қолымда бір қамшым тобылғы сап,  
Шығамын, атқа мінсем, қолыма ұстап.  
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқам,  
Отырар кім қасымда өзің құсап.
1223. Қолыма ұстағаным алтын қалам,  
Ұшынан сағым түсер жарқылдаған.  
Жасынан жаным сүйген, перизатым,  
Еш пенде бір өзіңнен артылмаған.
1224. Құлағымнан кетпейді салған өнің,  
Айта беріп қайтейін оның бәрін.  
Аулың алыс кеткенде, беу, қарағым,  
Шықпаған соң жүреді шыбын жаным.
1225. Қолаң қара шашың бар күлтеленген,  
Менің көңілім кетпейді, қалқам, сенен.  
Іште жалын, дертім бар, жан қалқатай,  
Жетпедің ғой сертіңе өзің берген.
1226. Құрбыжан, разымын білеріңе,  
Дерт салдың айрылмастай жүрегіме.  
Кез қылып әуел бастан өзіңізге,  
Құдайым жеткізіпті-ау тілегіме.
1227. Құладым құламадан сені көріп,  
Татиды әсел-балдай пысқан өрік.  
Армансыз бұл дүниеден өтер едім,  
Өзіңе өмір бойы болсам серік.
1228. Құлағыңа таққаның күміс сырға,  
Күмбірлетіп шығасың күнде қырға.  
Сағыныштан сарғайып, шыдам таппай,  
Мен өзімді қосамын ән мен жырға.
1229. Қүдіретіңе, Құдай-ау, тамашамын,  
Сені ойласам ақылдан адасамын.  
Ақ тамақ, алма мойын, сәулетайым,  
Қай уақта өзіңменен жанасамын?

1230. Құламаньң басынан құлағаным,  
Құлағыңа барды ма жылағаным,  
Сен есіме түскенде, сенер болсаң,  
Сары бауыр түлкідей сұлағаным.
1231. Құдаша, сен де ақмаңдай, мен де ақмаңдай,  
Біріксек екі ақмаңдай таң атқандай.  
Балқыған қорғасындай майға түсіп,  
Махаббат қызығына батқан қандай?!
1232. Қособаның басынан құс алмадым,  
Қос ат алып алдыңнан тоса алмадым.  
Арманым көп айтқанмен, таусылмайды,  
Бір төсекте саған бас қоса алмадым.
1233. Құрбылас, сен дегенде қандай болдым,  
Бөген атып, байлатқан сандай болдым.  
Сен алысқа кеткенде, сенер болсаң,  
Серігінен айрылған қаздай болдым.
1234. Құзардан қой түседі құрайласа,  
Дәм татып, сусындармыз шай қайнаса.  
Келмейді жатсам ұйқым, тұрсам күлкім,  
Қалқатай, үйде жатып қайғы ойласам.
1235. Құндызбен жұрындадым желегіңді,  
Бір Алла өзі берер керегіңді.  
Кез болған қиуада, қимас қалқа,  
Білмедім, сен кетерде не дерімді.
1236. Құрбылас, мен де сендей, сен де мендей,  
Тартасың неге сырғақ көрмегендей.  
Құрбы едік бір ауылда бірге ойнаған,  
Ойналық, тартса көңілің, мал бергендей.
1237. Құба жел аңқылдаған екпін болды-ау,  
Қос қалқа, көрмегелі көп күн болды-ау!  
Бергенде өзің көңіл, екі-ау, қалқа,  
Сарғайып, ақша жүзім секпіл болды-ау!

1238. Қу томар күл болады-ау отқа жанып,  
Отырар қой күзеткен айғай салып.  
Өзіңмен бірге жүрсем құлын-тайдай,  
Қалқатай, қалушы еді шөлім қанып.
1239. Қызылша насыбайдың ашытқысы,  
Қарайды көзіменен ғашық кісі.  
Өтірік сыбырласып, сылқ етеді,  
Осылай ғашықтықтың басытқысы.
1240. Қызығы төрт мезгілдің — жайлаудағы,  
Көңілім балалықпен қайда аунады.  
Сен есіме түскенде, беу, қалқатай,  
Зығырданым қайнайды қай-қайдағы.
1241. Қыз емес, қыздың аты — қызыл бидай,  
Қыздардың көп жортамын көңілін қимай.  
Кеткенде аулың шалғай, өттең, қалқа,  
Сені ойлап, көздің жасын жүрдім тыймай.
1242. Қыстаулықтың бойынан төрт ат кетті,  
Күзелмеген ішінде бөрте ат кетті.  
Аулың шалғай кеткенде, қимас қалқа,  
Қасіретің ішімді өртеп кетті.
1243. Қиясыңқы, қиясыңқы, қиуа, қиуа,  
Қарлығаш мәуе ағашқа салар ұя.  
Шын көңілің, ынта-бейлің менде болса,  
Барайын аулыңа жылқы жая.
1244. Қиылған қарақат көз, қиғаш қасың,  
Адамнан артық туған сенің басың.  
Кеткенде аулың алыс, өттең, қалқа,  
Өтпейді тамағымнан ішкен асым.
1245. Қыранға тауда жүрген тор жаямын,  
Тор жайсам, бір шумағын кең жаямын.  
Кеткенде жерің шалғай, өттең, қалқа,  
Мұңайып енді кімге қол жаямын?

1246. Қыз емес, қыздың аты — қызыл қыршын,  
Ойнаған, қызықтырып ойның құрсын.  
Жеріңді уағдалы анық айтпай,  
Қойдың ғой сипалатып жүктің бұрышын.
1247. Қыс болса, жел соғады ызғырықтап,  
Құрбылас, жүрейікші біз жуықтап.  
Өзіңмен кезіге алмай жүруші едім,  
Ұстайын етегіңнен сізді мықтап.
1248. Қыранның қандай тәтті тұшаласы,  
Алыс қой дұшпан менен дос арасы.  
Кез болған қиуада, қимас қалқа,  
Өлеңнің жақындатты осы арасы.
1249. Қыз емес, қыздың аты — қызыл өрік,  
Баршасы бірдей келіп мінез-көрік.  
Сыртынан жүзін көрмей құмарланған,  
Әркімдер жүрсе дағы болып жерік.
1250. Қызыл гүл ойлаушы едім өзіңізді,  
Естимін дана, дәмді сөзіңізді.  
Ашылған қызыл гүлім қолға түссе,  
Басар ем аңсап жүрген шөлімізді.
1251. Қыз емес, қыздың аты — қызыл бидай,  
Қыздардың ғой жортамын көңлің қимай.  
Кеткенде аулың алыс, өттең, қалқа,  
Сені ойлап, көздің жасын жүрем тыймай.
1252. Қыран бүркіт ұшады аспанменен,  
Таң атпайды мезгілсіз сасқанменен.  
Кісі жары кісіге жар бола ма,  
Балапандай баурына басқанменен.
1253. Қыз емес, қыздың аты — қызыл алтын,  
Қойыпты қызықсын деп қыздың атын.  
Жанына жақсы қыздың жақындасаң,  
Көңіліңді қайтармайды майдай еріп.

1254. Қыз емес, қыздың аты — қызыл алтын,  
Қойыпты қызықсын деп қыздың атын.  
Жанына жақсы қыздың жақындасаң,  
Қиылып қас пен көзі сызылатын.
1255. Қыз емес, қыздың аты — қызыл бидай,  
Қылығың бөрі жатыр ішке сыймай.  
Жеріңе уағдалы келмей қойып,  
Қалдырдың тас түбіне мені қинай.
1256. Қыз емес, қыздың аты гүл емес пе,  
Жігітке жарсыз жүру мұң емес пе?  
Болғанда қызыл гүл, жігіт — бұлбұл,  
Бұлбұл құс қызыл гүлге түнемес пе?
1257. Қызыл бидай, ақ бидай, бидай-бидай,  
Қызмет қылдым қыз үшін, көңлім қимай.  
Қолда орамал, қалмады белде белбеу,  
Сұлу қыздың жеңгесін сыйлай-сыйлай.
1258. Қыран болмас қаршыға шымшық алмай,  
Кей жаманның қалжыңы шымшығандай.  
Сен сияқты ойнаса жақсыменен,  
Өле-өлгенше кетеді дем шығармай.
1259. Қыз қуарға мінгенім құлақасқа,  
Қырдан құдық қаздырдым құламасқа.  
Өз көзіңдей көрейін, берші орамал,  
Көрмегенде сағынып, жыламасқа.
1260. Майысып Жайлаутауға алма біткен,  
Аралап Алмалыны көшім өткен.  
Қыл өтпес арамыздан, тату құрбы,  
Өзіңді менен басқа бар ма күткен?
1261. Мал жақсы жылқы деген күйі болса,  
Жұмсайды қатқан тері иі болса.  
Қуанбас өлеңдетіп жігіт неге,  
Жанама кеп қалқаның үйі қонса.



1262. Мал жақсы жылқы деген бағып жүрсе,  
Мойнына үкі, тұмар тағып жүрсе.  
Ішінен бір жорғаны ұстап мініп,  
Аулына қалқатайдың барып жүрсе.
1263. Мәуелеп биік өскен сен бір шынар,  
Бір өзіңе, қалқатай, болдым құмар.  
Көрмегелі көп айдың жүзі болды,  
Құмарланған көңілім қашан тынар?
1264. Мен десеңіз, ендеше, мен десеңіз,  
Әлдеқалай екеуіміз кездесеміз.  
Ішігімді кимей-ақ жетіп барам,  
Шыныменен «қасыма кел» десеңіз.
1265. Меруерттей ақ тісің тізіліп тұр,  
Құмырсқадай аш белің үзіліп тұр.  
Ынтызарым құриды сен дегенде,  
Есіме алсам, көңілім бұзылып тұр.
1266. Мен бейне сымбатты бір шынар едім,  
Иіліп басынан тартса, сынар едім.  
Қасыма сүйген қалқа кеп отыр ма  
От көңіл сонда ғана тынар ма едің?
1267. Мен өзім той боларын біліп келдім,  
Сары атан ырғай мойын мініп келдім.  
Думанды ұлан-асыр той болсын деп,  
Бозбала, қыз-келіншек жиып келдім.
1268. Мен емес, қыз шақырса, бармайтұғын,  
Сіз емес, сұрағанды бермейтұғын.  
Жігітпін айтқанында тұрар берік,  
Қыздарға жан емеспін сенбейтұғын.
1269. Мен нәзік болсам дағы, текті нәзік,  
Сөзіңді «келем» деген еттім азық.  
Кезіңде келем деген келмеген соң,  
Құлындай сақау шыққан кеттім азып.

1270. Мен өзі биік өскен шынар едім,  
Сәулеге өнерменен ұнар едім.  
Тәңірдің бұйрығымен кезің келді,  
Өзіңмен сырласуға құмар едім.
1271. Мөлдіреп көзді басқан жиде ме екен,  
Жемісте жеміс бар ма жидеге тең.  
Алыстан ат өксітіп мен келемін,  
Жан сәулем сонда, шіркін, үйде ме екен!
1272. Мына жақта бір құс бар көкек деген,  
Балапаны баурында секектеген.  
Үш ұйықтасам ойымда бар ма менің,  
Айрылып, қалқатайым кетеді деген?
1273. Мінгенім дәйім менің жетім шұбар,  
Қайқайтып Аққулыдан ел көшкен шығар.  
Түскенде сен есіме, өттең, қалқа,  
Кейде сау, кейде ауру есім шығар.
1274. Мінгенім дәйім менің сары қасқа,  
Жүрісі білінбейді салсаң тасқа.  
Бергенде өзің көңіл, әй, құдаша,  
Ойымда не бар дейсің сенен басқа.
1275. Мінгенім дәйім менің қаракөк-ті,  
Айтатын қаракөкті кезім кепті.  
Жүруші ем өзіңменен кезіксем деп,  
Бірталай сонан бері заман өтті.
1276. Мінүші ем той болғанда құлагерді,  
Құлагер жүгіруші ед жақын жерді.  
«Сендік» деп серт берейін қияметтік,  
Қолыңды бір ұстатшы мақұл деуге.
1277. Мінгенім астымдағы қара құнан,  
Атжалдың түлкі қақтым балағынан.  
Сағына есіме алам, кетсе де алыс,  
Қандырған құмарымды қарағымнан.

1278. Мінгенім дәйім менің ұзынқұлақ,  
Өзеннің екі жағы малға суат.  
Кеткенде алыс аулың, құрбыластар,  
Айтайын әнге салып дәтке қуат.
1279. Мінгенім дәйім менің сары жорға,  
Тайпалар сары жорға түссе жолға.  
Кеткенде аулы шалғай қалқатайдың,  
Шықпаған шыбын жаным, жүрдім зорға.
1280. Мінгенім дәйім менің бурылқасқа,  
Қағайын жерге қазық сурылмасқа.  
Қолыңнан қағаз алып, қағаз берші,  
Кезіксе менен басқа, бұзылмасқа.
1281. Мінгенім дәйім менің қаракерім,  
Шығады шаппай қайтіп қара терің.  
Аулыңа ат өксітіп келгенімде,  
Уәделі осы емес пе, деген жерің.
1282. Мінгенім дәйім менің арық сұрша,  
Қайтер ем, жол үстінде қалқа тұрса?  
Армансыз бұл жалғаннан өтер едім,  
Терең сай тобылғылы жолықтырса.
1283. Мінгенім дәйім менің сұлу күрең,  
Жоқ болса бағар малың, өлең үйрен.  
Аулына қалқатайдың барғанымда,  
Алдымнан шыға келсе ақ боз үйден.
1284. Мінгенім дәйім менің айғай күрең,  
Артынан қалқатайдың салдым сүрен.  
Кеткенде жерің шалғай, қалқатайым,  
Артыңда тірі қалып несін жүрем?
1285. Мінгенім дәйім менің күрең дөнен,  
Қашады төстен түлкі сүмеңдеген.  
Ойымда үш ұйықтасам бар ма менің,  
Айрылып қалқатайдан жүрем деген.

1286. Мінгенім дәйім менің әсем шұбар,  
Мойнына әсем шұбар тақтым тұмар.  
Аулыңа алыс жерден аңсап келдім,  
Өзіңді бір көруге болып құмар.
1287. Мінгенім дәйім менің құла алакер,  
Қолыңда қос сақина бұрама зер.  
Шын көңілің, ынта-пейлің менде болса,  
Майысып тал шыбықтай бұрала кел.
1288. Мінгенім дәйім менің ұзын құла ат,  
Баркөлдiң екі жағы малға суат.  
Кез болған қиуада, қимас қалқа  
Беріп кет орамал шыт — дөтке қуат.
1289. Мінгенім дәйім менің құлагерім,  
Жорға емес, жүйрік емес алым-берім.  
Қалқатай, ауылменен сен кеткенде,  
Құлазып қала берді басқан жерің.
1290. Мінгенім дәйім менің сарым болса,  
Қолымда жетелеген нарым болса.  
Армансыз дүниядан өтер едім,  
Өзіңдей оймақ ауыз жарым болса.
1291. Мінгенім дәйім менің құла құнан,  
Үркеді құла құнан құлағынан.  
Кеткенде аулың алыс, екі-ай, қалқа,  
Беткейдің табысайық бұлағынан.
1292. Мінгенім той болғанда қара атымды,  
Қағамын саған қарай қанатымды.  
Өзіңді көрмесем де, естуім бар,  
Деуші еді тәуір бала жаратымды.
1293. Мінгенім дәйім менің сары құнан,  
Түседі күн жауғанда қалың тұман.  
Кеткенде жерің шалғай, өттең, қалқа,  
Құлазып бұл арада қайтып тұрам.

1294. Мінгенім астымдағы сары пырағым,  
Қайда едің сағынғанда, сен қарағым?  
Аулың алыс кеткен, жақын келсе,  
Тартады қуанғаннан оң қабағым.
1295. Мінгенім ат, артсам түйе — сүркіігім,  
Болжаймын үйде жатып жер биігін.  
Кеткенде аулы алыс қалқатайдың,  
Тарттым ғой елде жүріп мен күйігін.
1296. Мінсем, астымдағы қоңырым-ай,  
Қолыңнан берші науат опырып-ай!  
Түсімде қыраныма түлкі алдырдым,  
Сол түлкі сен болғай деп жорыдым-ай!
1297. Мінген атым астымда бұқпа қара,  
Ақ бетіңе шаң тисе, ыққа қара.  
Деңгейінен аулыңның ән саламын,  
Танымасаң, даусымды шық та қара.
1298. Мінгенім ат, артсам түйе — торшолағым,  
Ісіне құдіреттің таң боламын.  
Бұрыннан ойда жүрген құрбым едің,  
«Қалқа» деп, өзіңе арнап ән саламын.
1299. Мінгенім дәйім менің жетім шұбар,  
Көшкенде ең алдымен көшім шығар.  
Түскенде сен есіме, қалқатайым,  
Сағынып, сарғаюмен есім шығар.
1300. Мінгенім дәйім менің көктөбелім,  
Тор құрдым төбесіне көк төбенің.  
Аулыңа барғанымда, болмай қалдың,  
Сен едің сонда менің көксегенім.
1301. Мінгенім астымдағы жирен дөнен,  
Аулыңа баратын жол иреңдеген.  
Сырласып өз теңіңмен ойна да күл  
Бір өткен өмір қызық сүйгеніңмен.

1302. Мінгенім дәйім менің қызылсары,  
Тоғайдың бұратылған қызыл талы.  
Ойлаймын жатсам-тұрсам бір өзіңді,  
Болсашы дәл өзіңдей қыздың бәрі.
1303. Мінгенім астымдағы жел жорғалы ат,  
Өзгеге мінгізбеуші ем, сен жорғалат.  
Көңілің шыныменен менде болса,  
Көзінен керегенің қол жорғалат.
1304. Мінгенім астымдағы айғай күрең,  
Жұлқынар топтан шықса айғай-сүрен.  
Қалқатай, менің ойым бір өзіңде,  
Кімде екен сенің ойың, қайдан білем?
1305. Мінгенім астымдағы құлақасқа,  
Ағаштан үй салдырдым құламасқа.  
Аулыңа әдейі іздеп барғанымда,  
Кісідей танымаған тұра қашпа.
1306. Мінгенім дәйім менің шағыр қасқа,  
Жүрмейді шағырқасқа шағыл тасқа.  
Кеткенде аулың алыс, әй-ау, қалқа,  
Беріп кет орамал шыт — сағынбасқа.
1307. Мінгенім дәйім менің шұбалаң кер,  
Қолыңда қос білезік бұрама зер.  
Кеткенде аулың алыс, сәулетайым,  
Болды ғой көзге күйік ойнаған жер.
1308. Мінгенім таулы жерде Аққояным,  
Аулыңның арт жағынан ат қоямын.  
Естілсе салған әнің қой күзетіп,  
Жастыққа қайтып түнде бас қоямын.
1309. Мінгенім астымдағы жирен дедім,  
Жирен ат, сен шідерге үйренбедің.  
Өзіңмен уағдалы сөзді ұмытпай,  
Мен әлі еш адаммен үйленбедім.

1310. Мінгенім дәйім менің Сұржекейім,  
Бүлкілдер ән шырқасам көмекейім.  
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,  
Құриды сен дегенде сілекейім.
1311. Мінгенім ақжал жүйрік — жез қанатым,  
Дүбірі шыққан сайын жер жаратын.  
Қатырсам жануарды мейіздей қып,  
Аулыңа алыс кеткен тез баратын.
1312. Мінгенім дәйім менің қаракерім,  
Ат еді қаракерім әлім-перім.  
Сарыағаш сазға біткен секілденіп,  
Қай жерде отыр екен бұраң белім?
1313. Мінгенім дәйім менің шағыр қасқа,  
От шығар тисе тұяқ шағыл тасқа.  
Ант ішкен айрылмастай, аягөзім,  
Өзіңді шарам бар ма сағынбасқа?
1314. Мінгенім дәйім менің күрең жорға,  
Жарамас күрең жорға алыс жолға.  
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,  
Шыбын жан шықпаған соң, жүрмін зорға.
1315. Мінгенім дәйім менің сұлу бөрте,  
Бөртеңің құйрығы ұзын, жалы келте.  
Түлкідей төстен қашқан шұбалаңдап,  
Тұрғанын қалқатайдың көрсем ерте.
1316. Мінгенім дәйім менің мақпал қара,  
Нақақтан мерт қыла ма жапқан жала.  
Дертіме өзің шипа бола көрші,  
Сен үшін жүрегіме батқан жара.
1317. Мінгенім дәйім менің құла бедеу,  
Басына биік таудың шығар селеу.  
Кеткенде аулың шалғай, қимас қалқам,  
Шақырсам атыңды атап о да медеу.

1318. Мінгенім сені таңдап, сары құнан,  
Иеңнің қайда кетті пары, құнан?  
Тауып ап сол парымды сеніменен,  
Сағынғанда бір шығам зарығымнан.
1319. Мінгенім дәйім менің ала құнан,  
Мал ішпес лай судың аяғынан.  
Өзіңді бір көре алмай, қимас қалқа,  
Жүруші ем арман етіп баяғыдан.
1320. Мінгенім дәйім менің торы бесті,  
Торы бестім жыл сайын түлеп өсті.  
Басқаның күн мен айын не қылайын,  
Өзіңе жүрем мүлде болып есті.
1321. Мінгенім дәйім менің қасқа құнан,  
Жетпейді оған тіпті басқа құнан.  
Көңілің анық маған ауған болса,  
Аулыңның табысайық бас жағынан.
1322. Мінгенім дәйім менің қыл қара атым,  
Өзіме қанат-құйрық бұл қара атым.  
Алыстан ат арытып келгенімде,  
Бар еді не жазығым, бұлданатын?
1323. Мінгенім жаздай байлап құла құнан,  
Үркеді құла құнан құлағынан.  
Мен барып ат суарып тұрғанымда,  
Жайлаудың су алушы ең бұлағынан.
1324. Мінгенім дәйім менің жирен қасқа,  
Басады жирен қасқа тастан-тасқа.  
Шын көңілің, ынта-пейлің менде болса,  
Кісіге менен басқа бауыр баспа.
1325. Мінгенім дәйім менің көбеген көк,  
Аулыңа бұдан бұрын келгенім көп.  
Түскенде сен есіме, қимас қалқа,  
Барайын саумал сұрап шөлдеген боп.



1326. Мінгенім дәйім менің қаралаяқ,  
Өсіп ең он жасыңнан бойың тарап.  
Ас батпады күндіз-түні сені ойлап,  
Барамын барған сайын аттай жарап.
1327. Мінгенім астымдағы қақпан белім,  
Жарасар әшекейлеп жапқан кежім.  
Шіркін-ай, отыр ма екен, жатыр ма екен,  
Толықсып туған айдай бұраң белім.
1328. Мінгенім астымдағы теңбіл шұбар,  
Қайқайып сары белден көшім шығар.  
Қалқатай, ауылың алыс кеткен шақта,  
Қозыдай тентек болған есім шығар.
1329. Мінгенім дәйім менің сұрша құнан,  
Көгеннің қозы ағыттым бұршағынан.  
Шын көңілің, ынта-пейілің менде болса,  
Ауылыңның табысайық сырт жағынан.
1330. Мінгенім астымдағы сұрша құнан,  
Көненнің қозы ағыттым бұршағынан.  
Берейін жаның сүйер өлең айтып,  
Қалқатай, болсаң егер жыр сағынған.
1331. Мінгенім дәйім менің қарагерім,  
Жарасар қарагерге тұрманды ерім.  
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,  
Жүр ме екен аман-есен бұраң белім.
1332. Мінгенім дәйім менің жорға шұбар,  
Он түйме омырауда сырғасы бар.  
Құрбыңмен алыстағы тату болсаң,  
Жәудіреп екі көзің қырға шығар.
1333. Мінгенім дәйім менің ақайыл көк,  
Атандым ауылыңа барайын деп.  
Болған соң жасым құрбы, сіз деп едім,  
Өзіңмен әзілдесіп қалайын деп.

1334. Мінгенім дәйім менің сұлу сары,  
Жүргенде сусылдайды аттың жалы.  
Кез болған қиуада, қимас қалқа,  
Болсашы бір өзіңдей жанның бөрі.
1335. Мінгенім дәйім менің құла болса,  
Төгілген жал-құйрығы бұла болса.  
Бағымыз екеуіміздің жанар еді,  
Біздің үй сіздің үймен құда болса.
1336. Мінгенім дәйім менің арлан тұсар,  
Мойнынан арлан тұсар тақтым тұмар.  
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,  
Көңілім құмарланған қашан тынар.
1337. Мінгенім дәйім менің қаралаяқ,  
Беріпті Құдай сипат аямай-ақ.  
Жаныңа бағаласам жан жетпейді,  
Болмаса басқа жақта некен саяқ.
1338. Мінгенім дәйім менің боз көкала,  
Сала алмас осы әніме өзге бала.  
Қыл өтпес арамыздан тату едік,  
Айырылған арадағы сөзге бола.
1339. Мінгенім дәйім менің сары сал-ды,  
Мінейін сайға арқандап өрме жалды.  
Кеткенде ауылың алыс, өттең, қалқа,  
Қияйын бір сен үшін шыбын жанды.
1340. Мінгенім дәйім менің құлагерім,  
Жорға емес, жүйрік емес алым-перім.  
Қалқатай, ауылымнан сіз кеткенде,  
Құлазып қала берді басқан жерің.
1341. Мінгенім дәйім менің күрең жорға,  
Жарамас күрең жорға үнемі жолға.  
Кеткенде ауылың алыс, қимас қалқа,  
Шыбын жан шықпаған соң, жүрем зорға.

1342. Мінгенім дәйім менің ұзын құла ат,  
Ортасы екі ауылдың малға суат.  
Кеткенде ауылың шалғай, өттең, қалқа,  
Салып жүр осы әніме — дөтке қуат.
1343. Мінгенім дәйім менің күрең дөнен,  
Қашады төстен түлкі сүмеңдеген.  
Ойымда үш ұйықтасам бар ма менің,  
Айырылып қалқатайдан жүрем деген.
1344. Мінгенім дәйім менің жирен тайым,  
Шұлғиды жирен тайым мінген сайын.  
Кеткенде ауылың алыс, өттең, қалқа,  
Түсесің сен есіме жүрген сайын.
1345. Мінгенім көшкен сайын құла тайым,  
Мен неге басқа тайды ұнатайын.  
Кеткенде ауылың алыс, қалқатайым,  
Хат жазып ақ қағазбен жылатайын.
1346. Мінгенім дәйім менің торы тұсаң,  
Аса алмас қайқаң жерден белі босаң.  
Дағдарып жете алмадым, өттең, қалқа,  
Тоса жүр уағдаға берік болсаң.
1347. Мінгенім дәйім менің теңбіл шұбар,  
Өсемдеп мойнына тақтым тұмар.  
Қосылған осы тойда, өттең, құрбым,  
Өзіңе көп ішінде болдым құмар.
1348. Мінгенім дәйім менің қара қасқа ат,  
Қалқама, алыс жүрсе, жазамын хат.  
Кеткенде ауылың алыс, өттең, қалқа,  
Салайын осы әніңді дөтке қуат.
1349. Мінгенім дәйім менің ала құнан,  
Шаң шығар ала құнан аяғынан.  
Жатсам-тұрсам ойымнан сен кетпейсің,  
Ішкен асым өтпейді тамағымнан.

1350. Мінгенім дәйім менің сүржекейім,  
Бүлкілдер ән шырқасам көмекейім.  
Керілген кер маралдай сені көрсем,  
Шұбырар ауызымнан сілекейім.
1351. Мінгенім дәйім менің торы тұсаң,  
Келгенде қайқаң жерге белі босаң.  
Беріп кет бір белгіңді уағдаға,  
Жеріңнен өзің айтқан барып тосам.
1352. Мінгенім астымдағы жирен қайым,  
Шұлғиды жирен тайым мінген сайын.  
Тұсынан ауылыңның өткенімде,  
Күйеді ішім сені көрген сайын.
1353. Мінгенім дәйім менің жирен қасқа,  
Басады жирен қасқа тастан-тасқа.  
Шын көңілің, ынта-пейілің менде болса,  
Кісіні не қылайын сенен басқа?
1354. Мінгенім астымдағы қара жорға,  
Мініп ап қара жорға шықтым жолға.  
Көңілің шынымен де менде болса,  
Ауылыңның бас жағынан қолың бұлға.
1355. Мінгенім дәйім менің құла қасқа,  
Қаздырдым қырдан құдық құламасқа.  
Кеткенде ауылың алыс, қимас қалқа,  
Беріп кет орамал шыт — жыламасқа.
1356. Мінгенім дәйім менің қаракерім,  
Ат еді қаракерім алым-перім.  
Сарыағаш сазға біткен секілденіп,  
Қай жерде отыр екен бұраң белім.
1357. Мінгенім дәйім менің ала құнан,  
Үркеді ала құнан аяғынан.  
Шын көңілің, ынта-пейілің менде болса,  
Сарыбелдің табысайық ар жағынан.

1358. Мінгенім дәйім менің сол жирен,  
Жарқырайды көз тартып алтын түймең.  
Ұзақ таңда көз ілмей, дөңбекшимін,  
Сағыныштың отынан ішім күйген.
1359. Мінгенім дәйім менің құла құнан,  
Үркеді құла құнан құлағынан.  
Шын көңілің, ынта-пейілің менде болса,  
Қарасу табысайық бұлағынан.
1360. Мінгенім астымдағы шұбар тайым,  
Білесің шұбар тайдың өзің жайын.  
Берейін моншақ үзіп, түйме қиып,  
Қолыңды бері созшы, қалқатайым.
1361. Мінемін көшкен сайын бөкен санды,  
Қайтып қиып кетесің сүйген жарды.  
Беремін бес сұлудың қалың малын,  
Не қылам, сенен аяп жиған малды.
1362. Мінгенім астымдағы қара құнан,  
Үркеді қара құнан қабағынан.  
Шын көңілің, ынта-пейілің менде болса,  
Ауылыңның табысайық қабағынан.
1363. Мінгенім астымдағы сұрша құнан,  
Үркеді сұрша құнан сырт жағынан.  
Шын көңілің, ынта пейілің менде болса,  
Ауылыңның табысайық сырт жағынан.
1364. Мінгенім дәйім менің тақыркүрең,  
Сырыңды айтпасаң да, ақыры білем.  
Жаныңа жаман болсаң, кім жолайды?  
Жақсыны жатсынбаймын, жақсы көрем.
1365. Мінгенім астымдағы жирен тайым,  
Шұлғиды жирен тайым мінген сайын.  
Тұсынан ауылыңның өткенімде,  
Күйеді ішім сені көрген сайын.

1366. Мінгенім дәйім менің жетім шұбар,  
Қайқайып Аққулыдан ел көшкен шығар.  
Түскенде сен есіме, өттең, қалқа,  
Кейде сау, кейде ауру есім шығар.
1367. Мінгенім дәйім менің жирен тайым,  
Шұлғиды жирен тайым жүрген сайын.  
Бергенде өзің көңіл, қимас қалқам.,  
Үстінен ақ төсіңнің жорғақтаймын.
1368. Мінгенім дәйім менің күрең дөнен,  
Қашады төстен төске сүмендеген.  
Ойымда үш ұйықтасам бар ма еді,  
Айырылып сен қалқадан жүрем деген.
1369. Мінгенім астымдағы қақпан белім,  
Жарасар әшекейлеп жапқан кежім.  
Қасыңа барушы едім, қарашығым,  
Толықсып толған айдай жатқан өзің.
1370. Мінемін ел көшкенде ақтаңкерді,  
Ақтаңкер алды аяндап, арты желді.  
Кеткенде ауылың алыс, қалқатай,  
Көремін күнде барып жатқан жерді.
1371. Мінгені жолаушының түйе ме екен,  
Көргені қалқатайдың шие ме екен.  
Арманы таусылмайтын құрбылардың  
Қалқаны қандай ерін сүйеді екен?
1372. Мінгенім дәйім менің көктөбелім,  
Көктөбел шапқан сайын өктем едің.  
Кеткен соң серттен тайып, қимас қалқа,  
Бетіңе қарамастан, өкпеледім.
1373. Мал жақсы жылқы деген күйі болса,  
Жұмсайды қатқан тері иі болса.  
Қуанбас өлеңдетіп жігіт неге,  
Жанына кеп қалқаның үйі қонса.

1374. Мінгенім дәйім менің жирен қасқа,  
Басады жирен қасқа тастан тасқа.  
Шын көңілің, ынта-пейілің менде болса,  
Кісіге менен басқа бауыр баспа.
1375. Мінгенім дәйім менің қылқар атым,  
Өзіме қанат, құйрық бұл қара атым.  
Алыстан ат ерттеп келгенімде,  
Бар еді не жазығым бұлданатын?
1376. Мінгенім дәйім менің ақтабаным,  
Жетер ме сипатыңа мақтағаным.  
Алыстан ат ерттеп келдім іздеп,  
Бар болса әкел бері сақтағаның.
1377. Мінгенім дәйім менің құла бедеу,  
Басына таудың шығар сеуеу.  
Кеткенде ауылың алыс, қимас қалқам,  
Шақырсам атыңды атап о да медеу.
1378. Мінгенім дәйім менің ала құнан,  
Мал ішпес лай судың аяғынан.  
Өзіңді бір көре алмай, қимас қалқам,  
Жүруші ем арман етіп баяғыдан.
1379. Мінгенім дәйім менің күрең дөнен,  
Қашады төстен түлкі сүмеңдеген.  
Ойымда үш ұйықтасам бар ма менің,  
Айырылып қалқатайдан жүрем деген.
1380. Мінгенім дәйім менің сушыл сары,  
Сусылдар желген сайын құйрық жалы.  
Түскенде сен есіме, қимас қалқам,  
Өтпейді тамағымнан жалғыз тары.
1381. Мекен етті ауылым балғын көлді,  
Балғын көлдің балығын алғым келді.  
Алыс ауылың кеткенде, өттең қалқа,  
Ат арытып ауылыңа барғым келді.

1382. Мінгенім дәйім менің арқар жирен,  
Болмайды мал бергендей барып жүрген.  
Бойында өзен-судың өкпелетіп,  
Көңілім сонан бері қалып жүрген.
1383. Мінгенім дәйім менің ал қарагер,  
Қартайса, жүрісінен татқаны-ай дер.  
Дәм тартып, алыс жерге кетсе құрбың,  
Амал не, қайран жерім қалғаны-ай дер.
1384. Мінгенім дәйім менің ал қарагер,  
Көзге ыстық көрінер мекенді жер.  
Бергенде өзің көңіл, қимас қалқам,  
Кел дағы құшағыма саялай бер.
1385. Мінгенім дәйім менің ақтабан кер,  
Ерттедім ақтабанға алтыннан ер.  
Бергенде өзің көңіл, қимас қалқам,  
Десеңші «ақша беттен аймалай бер».
1386. Не тәтті тіршілікте — сүйген тәтті,  
Сүйгенге қаны бұзық тиген тәтті.  
Шіркін-ай, түсін түстеп кім біледі,  
От болып ғашығына күйген шақты!
1387. Немене өлең деген ермек пе екен,  
Жылқыдай сұлу сыртың, сұлу жекен.  
Кеткенде ауылың алыс, өттең, қалқа,  
Зар болдым күлгеніңе елпеңдеген.
1388. Не тәтті дүниеде — сүйген тәтті,  
Отына махаббаттың күйген тәтті.  
Кезігіп оңашада қалқатаймен,  
Көңілге айтқан сөзін түйген тәтті.
1389. Немене өлең деген үйренген соң,  
Сел болар қылған қайырың күңіренген соң.  
Аттай болып арпа жеген, аңсайды екен,  
Бір жүріп құрбы-құрдас үйренген соң.



1390. Отырған біздің ауыл шат бойында,  
Ала арқан алты құлаш ат бойында.  
Шын берсең көңіліңді, құдашажан,  
Ерітіп сары майдай жат қойнымда.
1391. Ойнап күлген жерінде қимас қалды,  
Қалқатайдың ауылы алыс қалды.  
Алыс қалған ауылыңа барайын деп,  
Қаршығадай қайырылып мойным талды.
1392. От салған жүрегіме, сәуле нұрым,  
Сән берген өміріме, қызыл гүлім.  
Сырлассам өзінменен емін еркін,  
Дариға-ай, шешілер еді іште дертім.
1393. Осы ма еді, қалқатай, айтқан сертің?  
Жүрегімді жандырды ғашық дертің.  
Мұнша неге сен мені әуреледің,  
Болмаған соң әуелде баста еркің?!
1394. Отырмын шешен талдың төбесінде,  
Жан сәулем, сағындырмай, келесің бе?  
Көзіме бір ақ көйлек көрінеді,  
Ол сен бе, әлде сенің елесің бе?
1395. Он саусақ тарап шыққан білегіме,  
Ей, Алла, жеткізе көр тілегіме.  
Құрбыға қатар өскен қайдан жетсін?  
Қалды ғой қайғы үймелеп жүрегіме.
1396. Ойнайды қызыл түлкі қыр басында,  
Дүние келмес екі бір басыңа.  
Қонғанда-ай ауылың алыс, беу, қалқатай,  
Алыстап кетіп қалмай, жүр қасымда.
1397. Ойнақтап, орғып басар кері құнан,  
Мен едім сені баққан сері бұлан.  
Аяулым арғы бетке ауып кетті,  
Тез жеткіз, мені соған, пері құнан.

1398. Орта бойлы, қара көз шырайлым ба,  
Бір сөйлеспей өзіңмен тынармын ба?  
Сөйлескенде тілінен бал тамады,  
Сенен көңіл басқаға бұрармын ба?
1399. Ойқы-шойқы келеді жер бедері,  
Жердің түгі желденсе, тербеледі.  
Көңіл сырын көбінше малданатын,  
Махаббаттың бізде бір делбелері.
1400. Отырғанда аралас ауыл-аймақ,  
Жүруші едің жан сәулем күліп-ойнап.  
Алыс ауылың кеткенде, әттең, құрбым.  
Баса алмадым аяқты-сорым қайнап.
1401. Ораймын қара жібек білегіме,  
Жеткізген кімді Құдай тілегіне.  
Шын көңілің, ынта-пейілің менде болса,  
Қосып ал жүрегімді жүрегіңе.
1402. Ойлап тұрсам, дүние, жалғаның-ай,  
Қалқатайдан айырылып қалғаным-ай!  
Сарыбелден сағынып салған әнім,  
Құлағыңа жел айдап бармады ма ай!
1403. Отарда жылқы жатар құбы қыстап,  
Қуамын қашағанды құрық ұстап.  
Ауылыңа неше айналып келмес пе едім?  
Сырыңды сенің, қалқа, бұрын ұқсам.
1404. Өлеңді айтушы едім әліппемен,  
Жасымда сабақ алдым әліппеден.  
Сенсеңіз, сен дегенде оттай лаулап,  
Өртенген жүрегімді жарып берем.
1405. Өлеңімді айтайын жиыстырып,  
Төрт ағаштан ер қостым қиыстырып.  
Көрмегелі көп айлар, көп жыл болды,  
Жақын отыр, тізеңді тиістіріп.

1406. Өлең айым, ендеше, өлең айым,  
Өрлеп келем ауылыңның терең сайын.  
Қалқаменен сан тойда айтысып ем,  
Кер маралдай керіліп келген сайын.
1407. Орыстан жылқы жидым күреңменен,  
Боз бала қиқу салар сүреңменен.  
Қасына шақырғанның бармаушы едім,  
Бересің қандай орын, қандай жерден.
1408. Өзім барып базардан алдым келіп,  
Жолдастардан алдым да қалдым бөлек.  
Оңашалап келіпті беру үшін,  
Қалқатайдың ауылына барғым келед.
1409. Өткел бермес үлкен су тасығанда,  
Шауып өтіп кетерміз басылғанда.  
Қиуадан кездескен, сәулетайым,  
Күліп, ойнап алайық осындайда.
1410. Өзім барып базардан сазан алдым,  
Сазан асар тағы да қазан алдым.  
Сен есіме түскенде, өттең, қалқам,  
Теріс киіп тымақты, назаландым.
1411. Өлең деген, ендеше, өлең деген,  
Өлең десе құлағым елеңдеген,  
Көрмегелі көп айдың жүзі болды,  
Сертің қайда баяғы «келем» деген.
1412. Өзеннің жүйрік басы бұлақ па екен,  
Ауылы қалқатайдың жырақ па екен?  
Аттанып алыс жерге кеткен кезде,  
Егіліп елін ойлап жылап па екен?
1413. Өлең айтқым келмейді ерінгенде,  
Денем байсал тартады керілгенде.  
Жерден алтын тапқандай қуанамын,  
Сәулетайдың төбесі көрінгенде.

1414. Өзім барып базардан сыр алайын,  
Қалқатаймен сыр алсам, бір алайын.  
Ауылың алыс кеткенде, сырлас қалқам,  
Сені қайтып сағынбай тұра алайын.
1415. Өлеңгерім, ендеше, өлеңгерім,  
Өлең десе, түседі менің перім.  
Ондай көңіл сен берсең, қимас қалқа,  
Неге аяйын бір күнгі аттың терін.
1416. Өлеңді айтпай болмас үйренген соң,  
Сел болар қылған қайырың күңіреген соң.  
Аттай боп арпа жеген аңсайды екен,  
Бірге ойнап бірге күліп үйренген соң.
1417. Өлеңім ағайынды, абысынды,  
Аса сілтеп қамшымның сабы сынды.  
Ауылың алыс кеткенде, жерің шалғай,  
Бір естуге сағындым дауысыңды.
1418. Өріске қой айдадым серкеменен,  
Ауылыңа мен барайын ертеменен.  
Бергенде өзің көңіл, жан қалқатай,  
Ойнаушы ем мен де сендей еркеменен.
1419. Өлеңім ағайынды, абысынды,  
Қамшымның торғай ұрып сабы сынды.  
Ант еткен айырылмастай, қимас қалқам,  
Естуге құмар едім дауысыңды.
1420. Өлеңді айт дегенде, ағылайын,  
Мойныма алқа маржан тағынайын.  
Кеткенде жерің шалғай, өттең, қалқа,  
Түскенде сен есіме сағынайын.
1421. Өлеңді айт дегенде, ағылайын,  
Жерінен өзің айтқан табылайын.  
Майысып, тал шыбықтай сен тұрғанда,  
Басқаның күн мен айын не қылайын?

1422. Өзіңді осы әнменен шақырамын,  
Өлеңді сар қымыздай сапырамын.  
Ауылыма шақырғанда, келмей қойсаң,  
Ұйқысыз талай таңды атырамын.
1423. Өзіңмен ойнап-күліп аз күн жүрдім,  
Айырылып ойда жоқта неден жаздым?  
Орнында өзің кетсең, иісің қалып,  
Қолыма кетпен алып, бір ай қаздым.
1424. Өзім барып базардан қазан алдым,  
Атқа жеңіл болсын деп мазаны алдым.  
Сен алысқа кеткенде, сенер болсаң,  
Үш күн, үш түн шай ішпей, назаландым.
1425. Өлеңді айт дегенде, ағылайын,  
Жеріңнен уағдалы табылайын.  
Майысып, тал шыбықтай сен тұрғанда,  
Басқаның күн мен айын не қылайын!
1426. Өзім барып базардан келі алайын,  
Келісі мен келсабын тең алайын.  
Шыныменен көңілің менде болса,  
Басым сотқа кетсе де, сені алайын.
1427. Өзімдей сал, ән салсаң, баяулатып,  
Өткен әнге бұрынғы таяулатып.  
Алты қырдың астынан ән шырқасам,  
Дәтің қайтіп шыдайды, ояу жатып.
1428. Сағынамын, қалқатай, күнім десең,  
Көрінер қасқа тісім күлімдесең.  
Өтпейді ішкен асым тамағымнан,  
Көзіме жарты сағат көрінбесең.
1429. Сағындым, бұлбұлым-ау, сағынамын,  
Көре алмай бір өзіңді зарығамын.  
Мен сені ойлағанда, еркеғайым,  
Есімнен қарап жүріп жаңыламын.

1430. Салғаным қарагерге күміс пұстан,  
Қаршығам ұша алмайды-ау қапылыстан.  
Кеткенде жерің шалғай, екі-ай, қалқа,  
Жуылды-ау бетім менің аққан жастан.
1431. Салқын жер жанға жайлы жайлағанға,  
Жас құлын ауызын ашар байлағанда.  
Келмейді жатсам ұйқым, тұрсам күлкім,  
Қалқаны үйде жатып ойлағанда.
1432. Сал торы атқа салғаным өмілдірік,  
Жылқы айдадым өзеннен төгілдіріп.  
Жерің шалғай кеткенде, қалқатайым,  
Қабырғамды кеттің ғой сөгілдіріп.
1433. Салғаным сал торы атқа сал құйысқан,  
Байқап бас аяғыңды аңдыр дұшпан.  
Көңілің шыныменен менде болса,  
Кетсем де басым сотқа айрылыспан.
1434. Салғаным сал торы атқа әсем нөқта,  
Ұраны қуғыншының «тоқта! тоқта!»  
Төрт болып екі көзім алаңдаймын,  
Уағдаң кешке айтқан бар ма, жоқ па?
1435. Салмаймын салдықпенен балағымды,  
Ораймын ақ шағимен тамағымды.  
Сағынып құрбы дауысын жүргенімде,  
Япырым-ай, қайдан көрдім қарағымды.
1436. Салғаным сал торы атқа өмілдірік,  
Көшкенде кежім деймін төгілдіріп,  
Кеткенде ауылың алыс, қимас қалқам,  
Кеттің ғой қабырғамды сөгілдіріп.
1437. Саптадым қайыңменен күрегімді,  
Ұсташы ақ мамықтай білегімді.  
Кеткенде ауылың алыс, қалқатайым,  
Тілейін бір Алладан тілегіңді.

1438. Сары атқа сарт еткізіп қамшы бастым,  
Болғанда намаздігер белден астым.  
Болғаны жолымыздың осы емес пе?  
Өзіңмен, міне, бүгін дидарластым.
1439. Сарымсаққа дегенде, сарымсаққа,  
Көктемде мал жарамас өлімсаққа.  
Сен алысқа кеткенде, сенер болсаң,  
Шыбын жан шықпайды екен сағынсақ та.
1440. Сар құдаша, ендеше сар құдаша,  
Судан балық үркеді жар құласа.  
Өтпейді тамағымнан тарыдай ас,  
Ауылың алыс кеткенде, сені ойласа.
1441. Сарғайып сары белден таң келеді,  
Мінезі кей жаманның паң келеді.  
Қалайық ойнап-күліп тіршілікте,  
Қандай жан екеуімізге пар келеді?
1442. Сары қурай самсап шыққан сай-салаға,  
Оны ешкім тәтті емес деп айта ала ма?  
Қолымда құнан атан шүйіншім бар,  
Ауылы қалқатайдың қайсы арада?
1443. Сары белдей, ендеше, сары белдей,  
Айтқан жерде тостым мен үш күн кетпей.  
Сыйласымды құрбыңмен ойна да күл,  
Алақандай бетіңнен өрі кетпей.
1444. Сауылмайды көк бие ебелектеп,  
Еркем шашын өретін жебелектеп.  
Бие сауып жүргенде ұстай алсаң,  
Күлімсіреп тұратын не керек деп.
1445. Сәлемде сәулетайға, ұмытпасын,  
Теңеймін оған аққу жұмыртқасын.  
Ендігі туар айда мен барамын,  
Ешкімді маңайына жуытпасын.

1446. Сәулем деп хат жазамын сіздей жасқа,  
Түсіп тұр қасіретің біздей басқа.  
Ойласам бір өзіңді ішім күйер,  
Басқандай бауырымды қара тасқа.
1447. Сәлемде қалқатайға, тірі болса,  
Шыт көйлек жуып кисін кірі болса.  
Сәлемді ұшқан құстан айтар едім,  
Қоңыр қаз айтып барар тілі болса.
1448. Сәлем сізге әуелі жаздым өрнек,  
Сізді көріп, оянды сезім тербеп.  
Көрдім дағы, сыртыңнан болдым ғашық,  
Сөз қадірін білетін құрбым-ау деп.
1449. Семілер жылқы шайлап баққан жерге,  
Сен жақтан жаным сергір соққан желге.  
Түскенде сен есіме, сенер болсаң,  
Көзімнен аққу жүзер аққан селге.
1450. Сен — қыран, ұшып жүрген бұлтты жарып,  
Мен — құмар, қарап тұрған аң-таң қалып.  
Іркілмей, ағып келіп қон қолыма,  
Мойныма қанатыңды орай салып.
1451. Сен үшін әуреленіп асқар асып,  
Күйдірдім табанымды тасқа басып.  
Амал не, аш беліңнен бір қыса алмай,  
Пышақтай жүзі қайтқан жүрмін жасып.
1452. Сеніспесең, жан қалқа, сеніспесең,  
Сені Құдай атпай ма, менсінбесең.  
Жан қалтаңда бар дейді жарты мейіз,  
Бүтін берсең болмай ма, жесін десең.
1453. Сені ойласам қалады құр сұлдерім,  
Естілді ме сағынып күрсінгенім.  
Қалқатайдан бір хабар болар ма екен,  
Неге сонша жүрегім дүрсілдедің.



1454. Сен қайдағы, қалқатай, мен қайдағы,  
Мен де өзіңдей біреудің жан қайрағы.  
Сүйген құрбы сүйкеніп өткенінде,  
Еске түсер құралып қай-қайдағы.
1455. Сен дегенде көз жасым төгіледі,  
Сай-сүйегім сырқырап, егіледі.  
Алыс аулың қалғанда, қайран қалқа,  
Көзіме кім өзіңдей көрінеді.
1456. Сен дегенде қалқатай қандай болдым,  
Бөгеннен сылып алған сандай болдым.  
Сағынғанның белгісі сол емес пе,  
Дәмі кетпес мәңгілік балдай болдым.
1457. Сен де сері, әріптес, мен де сері,  
Сендей жанның кез болса сүйген ері.  
Тізерлесіп отырмын бүгін, міне,  
Құмарланып жүруші ем көптен бері.
1458. Сен, сен едің, сен, сен едің, сен едің,  
Аузыңды ашса көрінер көмекейің.  
Аузыңды ашып, тіліңнен бір сүйгізсең,  
Әсіре балдай татыр еді сілекейің.
1459. Сен қайдағы қалқатай, мен қайдағы,  
Мен де өзіңдей біреудің ақ тайлағы.  
Сүйген құрбы, есіме сен түскенде,  
Ойыңа оралады қай-қайдағы.
1460. Сен едің, сен, сен едің, сен кеткен соң,  
Ит үрмес Сеңгіртаудан ел кеткен соң.  
«Ат тұяғын тай басар» дегендейін,  
Сіңілің сендей болар ма, ержеткен соң?
1461. Сен де мендей, қалқатай, мен де сендей,  
Неге селкеу тартасың көрмегендей?  
Бір ауылдың сыйласқан баласы едік,  
Еш нәрсе алып, еш нәрсе бермегендей.

1462. Сен де он бесте, қалқатай, мен де он бесте,  
Екі он бес те қосылса, тең келмес пе.  
Қалқатайдың бергені жарты мейіз,  
Бөліп жесек екеуіміз олжа емес пе.
1463. Сен де өлмесең, жан қалқа, мен де өлмесем,  
Аулыңа барам ба сайды өрлесем?  
Жатсам ұйқым келмейді, тұрсам күлкім,  
Тақияңның төбесін бір көрмесем.
1464. Сенде арманда, қалқатай, мен де арманда,  
Екі арман да жылайды айрылғанда.  
Кішкентайдан бірге өскен құрбым едің,  
Нең кетеді артыңа қайрылғанда?
1465. Сен, сен едің, қалқатай, сенсін десең,  
Қол бұлғасаң болмай ма, келсін десең.  
Сүйіп едің асылып мойыныма,  
Нағылғаның бұл сенің, менсінбесең.
1466. Сенің басың талайдан көздегенім,  
Бұйымтайым жоқ еді өзге менің.  
Жауабыңды тезірек берші, қалқа,  
Дүрліктірмей құр бекер өзгелерін.
1467. Сен де өлеңші, жан сәулем, мен де өлеңші,  
Өлеңшіңді білейін, өршеленші.  
Қыран бүркіт мен болып айналайын,  
Қызыл түлкі сен болып, ал жөнелші.
1468. Сол қызды бір көргеннен болғам ғашық,  
Сөйлесіп көрісуге көңіл ашып.  
Сүймейді сұлу қызды қандай адам,  
Тұрған туған айдай нұрын шашып.
1469. Созғанмен қол жетпейді туған айға,  
Қайрылып құрық салдым асау тайға.  
Құриды ынтызарым сен дегенде,  
Көзіңнің қырын салшы, біздің жайға.

1470. Сорсуға ел қонады бұлақ торып,  
Қонаққа қой соя ма, лақ тұрып.  
Кеткенде алыс аулың, өттең, қалқа,  
Өркімнен сәлем айттым, жылап тұрып.
1471. Сөзі жақын болғанда өзі қайда,  
Шын ғашықты бір көрсең о да пайда.  
Шын сүйгенім болған да өзің едің,  
Мені тастап кетерсің онда қайда?
1472. Сұлу десең кербезді, керіледі,  
Тұйық кеуде мұндай жан не біледі.  
Алыс аулың кеткенде, жерің шалғай,  
Көзім жасы қойныма төгіледі.
1473. Сұлу қыздың қолында жүзік тұрар,  
Бойжеткен қыз жігітті қызықтырар.  
Алған жары жігіттің жақсы болса,  
Қасын керіп, қабағын сызып тұрар.
1474. Сұрасаң біздің ауыл Белтұрғанда,  
Солқылдар биік ағаш жел тұрғанда.  
Басқаның күн мен айын не қылайын,  
Бұралып, тал шыбықтай сен тұрғанда.
1475. Сұрайыншы, қалқам-ау, жайың қандай,  
Алтын нұрға ақ жүзің малынғандай.  
Дауысыңды шаңқ еткен естігенде,  
Қайғы-шерім ойымдағы арылғандай.
1476. Сүйген жарым сен едің, ахау, керім,  
Жаның жайлау, ақ жүзің айдай көркем!  
Сен аққудай жанымда жүрген кезде,  
Қуанышты көңілдің күйін шертем.
1477. Сұрасаң біздің ауыл Сарыбелде,  
Жетеді, сәлем айтсаң, біздің елге.  
Ойнаған алтын балық сіз бе екен деп,  
Қалқатай, қармақ салып жүрдім көлге.

1478. Сулық қайда жігітке сұр шекпендей,  
Кей жаманның мінезі тай төпкендей.  
Кездестірсе Құдайым бір жаманға  
Басылады көңілің су сепкендей.
1479. Сіз кеткен соң мен дағы келдім тойға,  
Салған өнің сақтаулы біздің ойда.  
Алыс аулың кеткенде, қимас қалқам,  
Сен дегенде ішкенім сіңбес бойға.
1480. Сіз ар жақта болғанда, біз бер жақта,  
Қара арғымақ шұлғиды бау шарбақта.  
Аулың алыс кеткенде, қимас қалқам,  
Бір болам өзіңменен қай уақытта.
1481. Тал құрық, қайың құрық, құрық-құрық,  
Көп құдым қашағанды зорықтырып.  
Түскенде сен есіме, беу, қалқатай,  
Көзіме жас келеді тұрып-тұрып.
1482. Тал ма екен, қайың ба екен, ырғай ма екен,  
Шөп пе екен, қамыс па екен, құрай ма екен?  
Өтсе де талай дәурен арамызда,  
Қашанда көз көргенді қимайды екен.
1483. Таққаның шашбауыңа теңге болсын,  
Жүретін арамызға жеңге болсын.  
Қалқатай, берген сертке жете алмасам,  
Обалы жас жүректің менде болсын.
1484. Таққаның бешпетіңе теңге-тана,  
Бешпетіңді Құдай берген кеңге сана.  
Қосылған осы тойда, жан қалқатай,  
Көңілімді көңілмен бірге сана.
1485. Таңбасы жоқ, ені жоқ бұрыл тайдың,  
Сағасы өткел бермейді терең сайдың.  
Құба жонға жүгіріп шыға келсем,  
Жұрты жатыр, ауылы жоқ қалқатайдың.

1486. Таңдап сүйген өмірден, асыл жарым,  
Толқытып айтқан әніме қосыл, жарым.  
Өзің көңіл бергенде, құрбыласым,  
Қайда жүрсең, мен сенің қасыңдамын.
1487. Тастақ жердің құрағы селдір екен,  
Шай көйлегің шалғайдан желбіреген.  
Сен есіме түскенде, өттең, қалқа,  
От басқандай бауырым елжіреген.
1488. Тас түлек, мұзбалақпын қияда өскен,  
Сорғалап талай тайғақ құзға түскен.  
Қыздың қызыл түлкісі қылп еткенде,  
Асырмай қырға белден баса түскен.
1489. Тас көрінер шығыстан арбадай боп,  
Күн шығады артынан қарғадай боп.  
Бір ойнасам сенімен, мен ойнармын,  
Сары майға жаншыған жармадай боп.
1490. Тауып алдым қоңыр қаз жұмыртқасын,  
Сәлем де қалқатайға, ұмытпасын.  
Аулына жаз болмаса, күз барамын,  
«Келмес» деп бізден көңіл суытпасын.
1491. Тауып алдым аққудың жұмыртқасын,  
Аз кеңесім, құрбылас ұмытпасын.  
Қарапайым жүргенде, қам жегізбе,  
Күдер үзіп, көңілін суытпасын.
1492. Тау басында ағаштан келі алайын,  
Бар малымды берсем де, сені алайын.  
Бір өзіңдей перизат жан тумайды,  
Астынан тамағыңның дәм алайын.
1493. Тау басынан шығады алма-өрік,  
Айғай салсақ, қашады сайдан елік.  
Сағынғаннан сарғайып жүргенімде,  
Жыл құсындай тұрсың сен қайдан келіп?

1494. Тәтті сөзің көңілімді кетті басып,  
Айта алмадым, тар жерде сырымды ашып.  
Сен алтынға балаған құрбым едің,  
Қоштасайық, кел бермен, құшақтасып.
1495. Тәуекел, салдым құрық телкүреңге,  
Телмірдім сенен кетіп мен біреуге.  
Бергенде өзің көңіл, қимас қалқа,  
Қолымда қамшы да жоқ жер тіреуге.
1496. Теріп жүрмін Мойылты мойылдарын,  
Еске түсіп бала кез ойындарым.  
Барамын деп аулыңа жаяу безіп,  
Білмеппін табанымның ойылғанын.
1497. Тесілді жаяу жүріп қос табаным,  
Табаным тесілсе де, ұстамадым.  
Батты ғой биыл маған уайым боп,  
Сен — Ертіс, мен Сауырды, қыстағаным.
1498. Тоғайдан кесіп алған тал сойылым,  
Жылқыдан ұстатпайды салмойыным.  
Кеткенде аулың алыс, өттең, қалқа,  
Айқасқан құлын-тайдай қалды ойыным.
1499. Топ жиде есік алды, толған жиде,  
Жидеде екі көзім, көңілім үйде.  
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқам,  
Толықсып жата алмадым жалғыз үйде.
1500. Тозбайды екен ақ көйлек кең болғасын,  
Құрбы-құрдас ойнайды тең болған соң.  
Саған айтпай сырымды кімге айтамын,  
Бар көрінген көзіме сен болған соң.
1501. Торғайды қырғи алар жатқан бұғыш,  
Әкетер шырылдатып аспанға іліп.  
Айтып ең осы сөзді, жан қалқатай,  
Артынан ақ боз үйдің аттандырып.

1502. Торы айғыр топақ жалды қорада тұр,  
Торғын-торқа көп жиһаз қалада тұр.  
Ауылыңның тұсынан ән салғанда,  
Сүйеніп ақ боз үйге қара да тұр.
1503. Той болса, торда отырар қарқарамын,  
Аулыңа қысқа күнде қырық барамын.  
Жанымды кейіп тұрған, кейітпеші,  
Айрылған сүйгенінен бейшарамын.
1504. Тоғайда қу көк терек, су көк терек,  
Кестім де құндыздығын ойдым шелек.  
Қалқатай, мың бұралып сіз тұрғанда,  
Басқаның ай мен күні неге керек?
1505. Тоғайдан кесіп алған шаңырағым,  
Алам деп тоғай ішін араладым.  
Орныңнан ары отырған, бермен отыр,  
Алыстап бара жатыр араларым.
1506. Тоғайдан кесіп алған уықтарым,  
Мәрімді уық басқан суытпадым.  
Берген соң өзің көңіл, қос перизат,  
Тезеге тері қосып жуықтадым.
1507. Тоғайдан кесіп алған тал, терегім,  
Ішіне ақ орданың бар керегім.  
Ер жігіт еркімен кеп жақындаса,  
Тілімнен айрылмастай бал берер ем.
1508. Тоғайдан кесіп алған қайың бақан,  
Боранда үй тіреуге дайын бақан.  
Құдаша, буыныңды бекітсеңіз,  
Аулыма бір ақ отау дайындатам.
1509. Тоқпақ жалды тор айғыр далада тұр,  
Патсайын, кемшаттар қалада тұр.  
Ауылыңның тұсынан мен өтейін,  
Шәйі шапан жамылып қара да тұр.

1510. Төбесі ағаш үйдің алпыс тақтай,  
Шақырдым әріптесті дамыл таппай.  
Белгісі шақырғанның сол емес пе,  
Отырдым ұзақ таңда кірпік қақпай.
1511. Түседі торға келіп бала бүркіт,  
Қалпиғаннан қалың мал қалады үркіп.  
Құрбым келіп қасыма отырғанда,  
Көңіл сөзін мен қайтып қалам іркіп.
1512. Түйем жатыр сексеуіл басын шалып,  
Мен де келдім сыртыңнан сені танып.  
Саған айтпай, датымды кімге айтамын,  
Ұқсаған Мәжнүнге мен бір ғашық.
1513. Түйе қыршып жайылар талдың басын,  
Лақ топыр қылады жардың басын.  
Сен есіме түскенде, сенер болсаң,  
Сыпырып тастап кетемін көздің жасын.
1514. Тықыршып тұра алмадым сөз қылмасқа,  
Білгізіп ішкі сырды замандасқа.  
Қадірлес, құрбыңменен тату жүрсең,  
Дүниеде не қызық бар онан басқа.
1515. Тұра ма өлең десе ақын тосып,  
Арындап әкетпей ме қарғып-шоршып.  
Алыстан сені іздеп келдім аңсап,  
Тарқатшы, құмарымды көңіл құшып.
1516. Ұшады аққу көлден ұзай алмай,  
Айрылдым қалқатайдан Құдай алмай.  
Алыс аулың кеткенде, өттең, құрбым,  
Өнге қостым өзіңді шыдай алмай.
1517. Ұшады көк ала үйрек көл дегенде,  
Жан қалқа, неден жаздым сен дегенде.  
Ауылыңнан күндіз өтіп, түнде келдім,  
Жақсы лепес артық па шөлдегенде.



1518. Үстінен көш жүргенде арай белдің,  
Қия алмай арт жағынан қарай бердім.  
Есіме әр уақыт сен түскенде,  
Шашымды айна алдында тарай бердім.
1519. Үстімде бір бешпетім көк драптан,  
Бөктерде жылқым жатыр Қыдыр баққан.  
Кеткенде алыс аулың, асыл қалқа,  
Даусыңнан айналайын сылдыр қаққан.
1520. Ұлытаудың басында ұларым бар,  
Жүйрік аттың мойынында тұмарым бар.  
Дауысыңды сағындым, жан қалқатай,  
Әніңе бала кезден құмарым бар.
1521. Үстатпады көп қашып құла ат маған,  
Пендесі жоқ Алланың жылатпаған.  
Осындайда қалайық күліп-ойнап,  
Өте шығар сұм жалған, сылақтаған.
1522. Ұшады қыран бүркіт қияменен,  
Баулиды балапанын ұяменен.  
Құрбыжан, алыстағы атыңды атап,  
Хат жазайын ақ қағаз, сияменен.
1523. Үстімде бір бешпетім қабуы жоқ,  
Жоғалттым құнан атан жабуы жоқ.  
Сағынып даусыңды жүргенімде,  
Көшіпті, қалқатайдың ауылы жоқ.
1524. Ұшады кешке жақын көк көбелек,  
Дертінді сөндірейін су себелеп.  
Түскенде сен есіме, қимас қалқа,  
Жортайын аш бөрідей тау жебелеп.
1525. Ұшады көк ала үйрек көл дегенде,  
Сілекейің бал татыр шөлдегенде.  
Кеткенде алыс аулың, өттең, қалқа,  
Құриды ынтызарым сен дегенде.

1526. Ұстаға қамшы бердім жездеткелі,  
Ешкімге көз салмадым ержеткелі.  
Өзіңдей бір аруды іздеп жүрмін,  
Отауда шәйнекке шай демдеткелі.
1527. Үстімде бір бешпетім қыл қарадан,  
Түймесін інжу-маржан қыз қадаған.  
Кеткенде аулың алыс, қимас құрбым,  
Даусыңнан айналайын ызбалаған.
1528. Ұшады аққу көлден пырылдаған,  
Мінезің асау аттай арындаған.  
Кеткенде жерің шалғай, қимас құрбым,  
Көзіңді көп сағындым жалындаған.
1529. Үйірі қысырақтың қара көктен,  
Айғыры құйрық-жалын жерге төккен.  
Бірге өскен кішкентайдан, сәулетайым,  
Сен үшін мен бір әурең азап шеккен.
1530. Ұлытаудың ұларын көріп пе едің,  
Етіне сол ұлардың жерік пе едің.  
Қалқатай, сәтті күні елге аттансақ,  
Сертіңе маған берген берік пе едің?
1531. Ұшады көк ала үйрек көл жағалап,  
Өзіңе жүрегімді тұрмын балап.  
Сен болсаң, сауыттағы дан шырын бал,  
Сен үшін болар едім бір бал қалақ.
1532. Ұшады көк ала үйрек қазыменен,  
Жарасар жасаңдау жер сазыменен.  
Қалайық осындайда күліп-ойнап,  
Қосылып құрбы-құрдас назыменен.
1533. Ұлатбұлақ бойлары қалың томар,  
Томарының шөптері малға құнар.  
Аулың алыс кеткенде, қалқатайым,  
Бір көруге өзіңді болдым құмар.

1534. Үлкен су өткел бермес тасығанда,  
Кетерміз шауып өтіп басылғанда.  
Кеткенде аулың алыс, құрбыжаным,  
Қалайық ойнап-күліп осындайда.
1535. Үстімде бір бешпетім сары барқыттан,  
Астарын сатып алдым асыл шыттан.  
Кез болған қиуада, қимас қалқа,  
Жерім жоқ бір өзіңді әсте, ұмытқан.
1536. Ұшады қара торғай қанат қағып,  
Астына қанатының маржан тағып.  
Бірге өскен кішкентайдан сәулем едің,  
Айрылдым қапылыста сенен нағып.
1537. Үстімде бір бешпетім ноқа ұстаған,  
Қалқатай, айттың бір сөз оқыс маған.  
Шықпайсың күндіз естен, түнде түстен,  
Көзіңнен айналайын ойқастаған.
1538. Үстінен түспеуші едім кер шұбардың,  
Талай суыт жол жүріп, тер шығардым.  
Аулың алыс кеткенде, қалқатайым,  
Сағынып бір өзіңді ән шығардым.
1539. Үзеңгім қара киіз текпіштегі,  
Өрістен жейді тоқты алуан шөпті.  
Үйінен мен аттанып, қайтқанымда,  
Жан сәулем көздің жасын қатты төкті.
1540. Ұшады көк ала үйрек көл айналып,  
Аулым көшіп барады бел айналып.  
Кез болған қиуада, қимас қалқам,  
Ауылыма орай болса, кел айналып.
1541. Ұшып жүрген әуеде көкек деген,  
Бір атым бар астымда секектеген.  
Үш ойласам ойымда бар ма екен?  
«Қалқатай мені тастап кетед» деген.

1542. Ұшады қыран бүркіт тау қиялап,  
Түсірді қандай адам тәрбиелеп.  
Қолыңа жазған хатым тиер болса,  
Оқып ап, жыртып таста құпиялап.
1543. Ұшады аққу көлден мамырлаған,  
Қаз-үйрек жағасында жамыраған.  
Кез болған қиуада, қимас қалқам,  
Көзіңнен айналайын жаудыраған.
1544. Ұшады қыран бүркіт қияменен,  
Баулиды балапанын ұяменен.  
Құрбыжан, алыстағы атыңды атап,  
Хат жазайын ақ қағаз, сияменен.
1545. Ұшады аққу көлден балақтаған,  
Не сақтап қояды екен қарақ маған.  
Өзіңмен кезіккендей орай тауып,  
Дәметіп, отырмын ғой қарап саған.
1546. Ұшады көк ала үйрек көл жағалап,  
Өзіңе жүрегімді тұрмын балап.  
Түскенде сен есіме, есіл құрбым,  
Боз атпен жүріп кеттім тау сағалап.
1547. Үйірі қысырақтың шымқай қара,  
Шашыңды күндіз өріп, түнде тара.  
Алыстан ат өксітіп келгенімде,  
Қалқатай, ары қарамай, бері қара.
1548. Үстіме күпі кидім шала қауып,  
Болса екен ойнайтұғын күнде сауық.  
Қосылған қиуада, қимас қалқа,  
Жүрсеңші жан құрбыңның көңілін тауып.
1549. Хат жаздым ақ қағазға өзіңе арнап,  
Жолықпай, сенен алыс жүрмін заулап.  
Сөзіңе уағда еткен опа қылмай,  
Құбылып, құрбыласым, кетпе алдап.

1550. Шетіне ақ қағаздың жаздым шимай,  
Тұрады сені ойласам ішім қимай.  
Кеткенде жерің шалғай, өттең, қалқа,  
Барады жүрегіме қайғым сыймай.
1551. Шыңында өскен асқардың сен бір шынар,  
Бір өзіңе, қалқатай, болдым құмар.  
Орта бойлы, қара көз, шырайлым-ай,  
Көрген сайын өзіңді көңілім тынар.
1552. Шырқап-шырқап салайын шырқа шыңға,  
Кейде жаңбыр, кейде қар бұрқасынға.  
Ақ білекті мойныңа арта салсам,  
Айрылмаса қайтесің, қырқасың ба?
1553. Сүңгиді көлден-көлге қаз баласы,  
Көрмедім тыным алып жаз баласы.  
Қайтейін, жүрмін көшіп ұйқы көрмей,  
Тағдырдың, амалым не, жазғаны осы.
1554. Шабан болды, жануар, құла құнан,  
Мінезі бар үркетін құлағынан.  
Мал іздеген жігіт боп мен шөлдеген,  
Жұлығайық ауылыңның бұлағынан.
1555. Шығады өлең қайдан, сөз болмаса,  
Жүреді аққу қайтып, көл болмаса.  
Қыза ма ойын, шіркін, осындайда,  
Бірігіп, екі жақсы кез болмаса.
1556. Шұбар серкеш, ендеше, шұбар серкеш,  
Түйе сұлу көрінер ұзын өркеш.  
Айтар болсаң, құдаша, бүгін айтшы,  
Қайта айналып, бұдан соң орай келмес.
1557. Шалқұйрық жылқы ішінде малдың басы,  
Қалқаның қызықтырған қалам қасы.  
Кеткенде аулы алыс қалқашмның,  
Мөлдіреп жерге тамды көздің жасы.

1558. Шіл жазықта, кекілік таста ойнайды,  
Бала күнгі сауыққа жас тоймайды.  
Аулың алыс кеткенде, қимас қалқа,  
Ішкен асым бойыма ас болмайды.
1559. Шақырдым қаршығамды «Кербалақтап»,  
Жанымда көкше қоян жүр салақтап.  
Бірге өскен бала жастан қалқатайым,  
Жүр екен қандай жерде көзі алақтап.
1560. Шын қыран қасқыр алар бабы келсе,  
Ер жігіт мүсәпір ғой бағы сөнсе.  
Кеткенде аулың алыс, еске ала жүр,  
Қалқатай, айтарым жоқ мұнан өзге.
1561. Шұбалаң кер, тағы да шұбалаң кер,  
Тоғыз жолдың торабы той болған жер.  
Аулың алыс кеткенде, қалқатайым,  
Күн-түн сайын жүрекке байланар шер.
1562. Шөбі шүйгін төменгі көл қабақтың,  
Қызы сұлу болады Көксадақтың.  
Өлең, дауысын сағынып жүргенімде,  
Даусы қайдан шығады ақтамақтың.
1563. Ішіңнен көрінесің тынған болып,  
Көзінді кімді алдайсың жұмған болып.  
Сыйлы елдің сыйласқан баласымыз,  
Жүрелік бәріміз бір туған болып.
1564. Елінің қарап жасыл жағасына,  
Құлжаның мал айдадым қаласына.  
Қалғанда аулың шалғай, өттең, қалқа,  
Артымнан мені іздеп барасың ба?
1565. Іздеген тойда ақын ару қайда?  
Аулына бойжеткеннің бару қайда?  
Кең тұсау, ұзын арқан дегендейін,  
Қалайық аз сөйлесіп, осындайда.

1566. Иісі қызыл көлдің өтір сасыр,  
Шыға алмай талай сөзім ойда жатыр.  
Білдірсем өзіңізге тілегімді,  
Тілегім, махаббаттың дәмін татыр.
1567. Аспаннан үркер ауар жазға таман,  
Жүгірсем мылтық алып қазға таман.  
Буылып қол-аяғым жатсам дағы,  
Домалап бара жаттым қызға таман.
1568. Ауылын асып келдім Құлмабаның,  
Деген соң қызы сұлу осы араның.  
Өзіңді бір көргеннен құлай түсіп,  
Көрдің бе, қу көңілдің босағанын!
1569. Ауылын асып келдім Тасқораның,  
Қыздары сылдыр моншақ осы араның.  
Он бес пен жиырманың арасында,  
Таңғышын талай шешетін болмағаның.
1570. Ал десе, міне шаптым боз ойнаққа,  
Келіппін Құдай айдап қызойнаққа.  
Ағалар, айт дегенің өлең болса,  
Бастайын он екі әуен «Бес бойдаққа».
1571. Аспанда мен бір бүркіт қыран дағы,  
Қыздар-ау, сендер түлкі жылғадағы.  
Қиялап қия шыңда жүрсең дағы,  
Қиғаштап қанатымды бұрам дағы.
1572. Ауылдың ақсақалы Ақбай, Тоқпай,  
Мінемін ақ тайлаққа бұйда тақпай.  
Күнұзын үйде отырып не бітірдім,  
Қыздарын көрші ауылдың қойдай бақпай.
1573. Өңгімеміз қайтсем де келіспеді,  
Теңесем де өзіңе періштені.  
Оқыранып келсем де, үйір тартып,  
Сырт айнала бересің, тебіскелі.

1574. Келеді жоғартыннан түйе мінген,  
Салмайды ауыздығын бие мінген.  
Өзіңді әдейі іздеп келіп едім,  
Қызы деп жақсы атаның жүйе білген.
1575. Мінгенім астымдағы торы құнан,  
Жануар баса алмай жүр тобығынан.  
Ат болып торы құнан шыға келсе,  
Қыздардың қалмас едім жорығынан.
1576. Жоғары жылқым жатыр жусаған боп,  
Қалады жатқан жері қу сабан боп.  
Көргенде қызды ауылды амалым көп,  
Барамын қымыз сұрап, сусыған боп.
1577. Қаршығамды саламын қырғауылға,  
Жел аударып кетеді қызды ауылға.  
Ойда жоқта баруға сылтау тауып,  
Созылады сабырым бір қауымға.
1578. Қыздар суға барады месін алып,  
Месі жоқ қыз барады несін алып?  
Суға барған кезінде сусындатсаң,  
Өмір бойы жүрер ем есіме алып.
1579. Қыз деген әдемі еді атың қандай,  
Жігітті «мұнда кел» деп шақырғандай!  
Шіркін-ай, күн болар ма біздей жанға,  
Ернінен бал мен шекер татырғандай!
1580. Қыз десе, кімнің көңілі қызынбайды,  
Жүрек соғып, тамырлар дызылдайды.  
Бірге өсіп, ойнап-күліп жүрген кезде,  
Шіркін-ай, кімнің көңілі бұзылмайды.
1581. «Қызыл түлкі» дейді ғой қыз баланы,  
Алған да, алмаған да қызғанады.  
Қара қарға қарқылдап, мазаңды алар,  
Тап болмаса Алтайдың мұзбалағы.



1582. Беткейдің бітік өскен бүлдіргені,  
Бүлдірген бірге теріп кім жүрмеді.  
Қойнында қыз қалқаның қоян жатыр,  
Құсымды жіберермін ілдіргелі.
1583. Құрбыны түнде іздеп, тапқан қандай,  
Сөт қайда, сырлап сыр ақтарғандай.  
Алтын бас, күміс кеуде болса да әйел,  
Болмайды қыз қасынан аттанғандай.
1584. Қыз емес, қыздың аты гүл емес пе,  
Бір бұйым қыздан жігіт тілемес пе?!  
Болғанда қыздар гүл-гүл, жігіт — бұлбұл  
Гүл-гүлге бұлбұл бір күн түнемес пе.
1585. Қыз емес қыздың аты — қызыл алма,  
Болады он бесте қыз бойға талма.  
Он бестен он алтыға шығарында  
Сөзіне «кетші!» деген, әсте, нанба.
1586. Қыз емес, қыздың аты — қызыл бидай,  
Қыз үшін түнде жүрдім көңілін қимай.  
Қалмады белде белбеу, қолда орамал,  
Жеңгесін қызды ауылдың сыйлай-сыйлай.
1587. Қыз емес, қыздың аты — қызыл өрік,  
Баршасы бірдей келмес мінез, көрік.  
Сыртынан сырын білмей құмарланба,  
Әркімдер жүрсе дағы болып жерік.
1588. Қыз емес, қыздың аты — қызыл асық,  
Барады қыздар тойға бір-бір басып.  
Табысып тар төсекте шын көңілмен,  
Өзіңмен жатар едім, сыбырласып.
1589. Қыз емес, қыздың аты — қызыл күріш,  
Келгенде қыз он беске ноғай жүріс.  
Қырмызы қыз көзіме шалыққанда,  
Жазылар бойымдағы құрыс-тырыс.

1590. Қыз емес, қыз бір шоқ қой қыздыратын,  
Қойыпты қызықсын деп қыздың атын.  
Шіркіннің қыз кезінде бәрі жақсы,  
Шығады қайдан ғана жаман қатын?!
1591. Бір қыз жерге қарайды, бір қыз өрге,  
Қайсы оның жолығар жақсы ерге.  
Басыңды көп қатырма, байқұс жігіт,  
Анасын көр, алдымен қызды көрме.
1592. Сұлу қыз, мұнша неге бұлаңдадың,  
Бос тастап, екі қолды сылаңдадың?  
Қолыңа қона қалған қаршыға едім,  
Қайтейін, қадірімді біле алмадың.
1593. Жайлауы біздің елдің Құланөтпес,  
Бөріге ит қарғысы, сірә, жетпес.  
Жігітке «қыз қарғысы майдай жағар,  
Десең де «ішің толғыр», ештеңе етпес.
1594. Тойдың көркі, төбе саны — қыз-келіншек,  
Қыз-келіншек дегенде, біз көңілшек.  
Өмірдің еш қызығы болмас еді,  
Бізден қыздар, қыздардан біз бөлінсек.
1595. Қыз құлаққа сырға ілер, тесіп алып,  
Жылқы айдаймын қайыңнан кесіп алып.  
Аулың алыс кеткенде, беу, қарағым,  
Мен құрбыңды жүргейсің, есіңе алып.
1596. Қыздары біздің ауыл балдырғандай,  
Қараса, жүрегіңе от жандырғандай.  
Сапырған сабадағы сары қымыз,  
Ұрттасаң, бар шөліңді қандырғандай.
1597. Мінгенім дәйім менің қасқа құнан,  
Қыздардың сақта Құдай асқағынан.  
Көңілің шыныменен болса менде,  
Ауылыңның жолығайық бас жағынан.

1598. Көрінер қыздар сұлу шашбауымен,  
Бұрымын кейін сілтеп тастауымен.  
Өзіңмен кездескенше тыныш едім,  
Тыныштық сені көріп, қашты-ау менен.
1599. Дәмі жоқ қой етінің тұз болмаса,  
Қаймақ жоқ, қара суда мұз болмаса.  
Солқылдап, екі шекем, жүре алмаймын,  
Біреуі жолдасымның қыз болмаса.
1600. Тамұққа кінәлі ғып бізді айдаса,  
Біздей-біздей жігіттен жүзді айдаса.  
«Ұжмаққа бармадым» деп кейімес ем,  
Алдымнан сұлу-сұлу қызды айдаса.
1601. Сермейсің жел сөз десе емін-еркін,  
Басыңа жарасады камшәт бөркің.  
Көз тартып, хор қызындай бұлаңдайсың,  
Бітпеген өзге қызға сенің көркің.
1602. Салады сиыр соқпақ шұбырғанда,  
Ет қалмас қабырғада сыдырғанда.  
Ей, қыздар, «сұлумын» деп мақтанбаңдар,  
Табылар сізден сұлу қыдырғанда.
1603. Бойдай талай, шіркін-ай, болған басым,  
Боз биенің сүтіне жуған шашым.  
Қыз да болсам біреудің еркесі едім,  
Енді кімге қор қылдың ғазиз басым.
1604. Ұшады бозша торғай ебелектеп,  
Ауылыңа неше бардым төңіректеп.  
Қойнына сүйген қыздың кіріп барсаң,  
Жатады күлімсіреп «не керек?!» деп.
1605. Құрбының бәрін жүрме тең екен деп,  
Ауруға дәрі атаулы ем екен деп.  
Асаған қаз етіндей балға малып,  
Ойлама қыздың бәрін жем екен деп.

1606. Етінде сұлу қыздың мең болмайды,  
Жігітке қыз ауыртқан ем болмайды.  
Жігіттің алған жары болса жаман,  
Жауыңнан қылыштасқан кем болмайды.
1607. Елеймей қыстың суық, ызғарын да,  
Сырғанақ тебуші едік мұз барында.  
Шаруадан қолым тимей кетті жазда,  
Сәлем де ауылыңның қыздарына.
1608. Қыздар тігер жақсысын, шым кестесін,  
Есінде ме, торыға мінгескенің.  
Өлең айтып көңілді көтерейік,  
Лебізіңді сағындым, бірге өскенім.
1609. Түңілік желпілдейді желдеткен соң,  
Ит үрмес Сеңгіртаудан ел кеткен соң.  
Бірге өскен кішкентайдан, қыз қалқатай,  
Боп кеттің танымастай ержеткен соң.
1610. Екі ортаны жалғаған жалғыз қайық,  
Аулыңызда қыз бар ма, бізге лайық?  
Аулыңызда қыз болса, бізге лайық,  
Екі ауылдың арасын жол қылайық.
1611. Болып жатқан бұл тойда қыз көргелі,  
Талай сәттер өгіпті біз келгелі.  
Талай жастар табысып үлгеріпті,  
Бітпей отыр бұйымтай сіздердегі.
1612. Сұлудың көзі қара, беті аппақ,  
Жігітке арман осындай қызды таппақ.  
Сымбатына сыры сай қалқатаймен,  
Бірге тұрып, күн қайда бірге жатпақ.
1613. Той десе, бірін мінем қос күреңнің,  
Қыздары сылдыр моншақ осы араның,  
Он бес пен жиырманың арасында,  
Жолықтым бәлесіне қаскүнемнің.

1614. Мал қораға қайтады кеш кіргенде,  
Үйден тамшы өтеді ескіргенде.  
Елегізіп, көңілім тыным таппас,  
Қыз күлкісі сыңғырлап есіткенде.
1615. Қамқаның бөрік кидің қиығынан,  
Біреуге біреу күлер миығынан.  
Жігітке ғашық етіп, қыз ұнайды,  
Өзінің жан сүйсінтер қылығымен.
1616. Қызы сұлу келеді қоңыраттардың,  
Мойны сұлу келеді жорға аттардың.  
Сағынып, салған әнін жүргенімде,  
Дауысы қайдан шығады бекзаттардың?
1617. Қызы сұлу келеді қосқұлақтың,  
Берекесі ішінде ешкі-лақтың.  
Сағынтып салған әнін жүргенімде,  
Дауысы естіледі қос шырақтың.
1618. Қызы сұлу көрінер Күнсадақтың,  
Қырса табы кетпейді жез табақтың.  
Салған әнін сағынып жүргенімде,  
Дауысы қайдан шығады ақтамақтың?
1619. Жүгірдім бала кезден сорды айналып,  
Көп жейді тұрымтай құс торғайды алып.  
«Жүр» десе біздің елдің бозбаласы,  
Отырсың, ерейін деп ыңғайланып.
1620. Тақымым тисе үстіне көкаланың,  
Желше есіп, жер түбіне жоғаламын.  
Жаны ашып, бір қыз қамын ойламаса,  
Осы ғой көрген күні бозбаланың.
1621. Сұңғақ бойлы, сұлуша, сырғалы қыз,  
Бұдан бетер бойжетіп ырғалыңыз.  
Шыныменен қоштасып қаламыз ба,  
Қиын болды-ау орныңнан тұрғаныңыз.

1622. Қарайғанға қараймын мал ма екен деп,  
Мал саялап тұратын тал ма екен деп.  
Топ қыз көрсем, тесіле қарап қалам:  
«Ішінде көңілдесім бар ма екен?» деп.
1623. Теңелсе ай өзіне, күн өзіне,  
Қыз теңеу болған жігіт мінезіне.  
Қадірлеп, қыз атыңды ардақтай біл,  
Мың пенде қызығып жүр бір өзіңе.
1624. Қаракүрең асауым, кермегім-ай,  
Еріккенде бағатын, ермегім-ай!  
Қанша ауыл, қанша жер кезсем дағы,  
Сұлу қызды өзіңдей көрмедім-ау!
1625. Басынан құламаның құлай жаттым,  
Өзінді көрінгеннен сұрай жаттым.  
Көз көрген құрбым еді бір келер деп,  
Төрт болып екі көзім сынай жаттым.
1626. Қыз сұлу көрінеді бойы сұңғақ,  
Ұқпайды айтсаң да, сөз сұрасаң да ымдап.  
Ешкіммен сырласып көп сөйлеспейді,  
Өзінің санар жеке ойын қымбат.
1627. Қыз бала қашан да ұлдың тілектесі,  
Кем санап ұлдан қызды жүдетпеші.  
Кім қайыр көрсетерін қайдан білдің,  
Аман боп, бар болсын деп ақыл-есі!
1628. Қыз емес, қыздың аты — қызыл алтын,  
Жақсы қыз ел-жұртының сақтар салтын.  
Күлсе де, сөйлесе де көпке арнап,  
Көрікті, күте білер сыр-сымбатын.
1629. Болмайсың еш нәрседен үйінде кем,  
Қыз бар ма қызыл, жасыл киінбеген.  
Абайлап арты-алдыңды, сақтана біл,  
«Қыздарға қырық үйден тыйым» деген.

1630. Сарыла жылқы бағар жеті түннен,  
Желпиді жеті түннен жел бетімнен.  
Жаңғыртып кең жайлауды әнге бассам,  
Жатқан қыз құс төсекте тербетілген.
1631. Жаратып мұнша көркем қызды Құдай,  
Қыздарға телмірткен-ай, бізді Құдай!  
Ерініңнің таңдайымнан дәмі кетпес,  
Сырбаздың жазды күнгі тұздығындай.
1632. Торы айғыр тоқпақ жалды тоғайда бар,  
Қыздардың не сұлуы ноғайда бар.  
Қызықпа жеңілтекке, тез жетем деп,  
Қиынды сүй, оңайдан іздемей жар.
1633. Жарасар басқа батыл, өктемдігі,  
Қалдырып жүрме жазған көктемгіні.  
Қасыңа жігіт түгіл, шал келмейді,  
Басыңнан қыз дәуреннің өткен күні.
1634. Қыздарда да қыздар бар тілі майда,  
Іздемеген жігітке қыздар қайда.  
Оймақ ауыз, күлім көз, қиғаш қасты,  
Кез болса екен бір сұлу осындайда.
1635. Қыздар бар қыздарда да ту қояндай,  
Кейітті, ұйқысынан қыз оянбай.  
Тигенде суық қолым шоши ма деп,  
Отырмын босқа қарап мен сор маңдай.
1636. Қыз қалқа, айтшы биыл нешедесің,  
Жауабың құмарымды еселесін?!  
Аңсаған арманына қол жеткізіп,  
Өркімнің ашсын Құдай пешенесін.

\*\*\*

1637. Айрылдым бөйге ат іздеп ақылымнан,  
Көп болды тентек ісім, мақұлымнан.  
Басында ер жігіттің он пәле бар,  
Тоғызы — ағайын мен қатынынан.

1638. Әркім ерер жақсыға үмітпенен,  
Жамандарға қарайды ел күдікпенен.  
Қызмет етіп, қол созған арманына,  
Ел сенімін ақтайды жігіт деген.
1639. Жақсы атақпен барабар жігіт деген,  
Ел қарайды жігітке үмітпенен.  
Ел мақтаған жігітті қыз жақтаған,  
Қыз сүймеген жігітке күдікпенем.
1640. Естілсе елендетер үбір-дүбір,  
Жігітті дүбірлетер жиырма бір.  
Барында оралыңның ойна да күл,  
Келмейді қайта айналып өткен өмір.
1641. Мал ұзамас көп болса көк бетеге,  
Жігіт жаман болмаса, қыз кете ме?  
Жас әйелді жақтырмай жүргеніңде,  
Кемпір бір күн кім білсін іздете ме?
1642. Басында керегенің оймақ тұрар,  
Жігітке кедейшілік қой бақтырар.  
Жігіттің алған жары жақсы болса,  
Бұралып, тал шыбықтай ойнап тұрар.
1643. Келдің бе, жігерлі кез, жігіттігім,  
Өзіңнен көп қызыққа үміттімін.  
Алдымен сыйға тарттың сақал мен мұрт.  
Боларын мұндай жайдың біліпті кім?
1644. Отырмай, әндетелік босқа налып,  
Ойға алып, өткен күнді қоштасалық.  
Кеше, баста жігіттік тұрған кезде,  
Талайын бойжеткеннің бопсаладық.
1645. Мен жүрмін өз ісімді өзім жөндеп,  
Күнелтіп қолдан келген етіп еңбек.  
Екі-үш тең құрбыны көрмей қалсам,  
Жылқыдай жазғытұрымғы кетем желдеп.



1646. Жігітті жиырма бесте қағар пері,  
Қатпайды суыт жүрген атың тері.  
Салдықтың салтанатын құрайық біз,  
Дауренді бізден қалған жесін бөрі.
1647. Жігіт бол, жігіт болсаң, шым жібектей,  
Қатылдық қадалады тікенекте.  
Ақылың Аплатондай болса дағы,  
Оңбайсың өз халқыңа қызмет етпей.
1648. Жігітті екі сөзді ер деменіз,  
Кеселді екі талай емдеменіз.  
Ата жауың болса да, келсе алдыңа,  
Жекіріп, жаман сөзбен жерлеменіз.
1649. Орнына өнер-білім дәмін тату,  
Жігітке жараспайды қарап жату.  
Бүгінгі күнді еңбекпен өткізбесең,  
Ертеңгі күнге қиын жауап қату.
1650. Тыңдасаң, жақсы өлең — құлақ құрышы,  
Тәтті ұйқы, қалың төсек — жанның тынышы.  
Жүйрік ат, тұзу мылтық, сұлу әйел —  
Жігіттің мал мен бағы, дәулет құсы.
1651. Көрінер сонадайдан қоңыр төбе,  
Жігітке төуекел іс алтын кеме.  
Тұрмысың түгелденіп тұрғаннан соң,  
Соғары көңіл, шіркін, әр неменеге.
1652. Ұшады көк ала үйрек қазыменен,  
Жарасар жасаңдау жер сазыменен.  
Жігіттер, жастық шақта ойна да күл,  
Қосылып құрбы-құрдас назыменен.
1653. Жиренді жігіт мінер қырынданып,  
Қандырар қыз ұйқысын бұрын жатып.  
Есті жігіт күлдіргі сөз айтады,  
Сұлу қызды сүйсінтіп, жымыңдатып.

1654. Сұлу қызға сұқтанбас жігіт болмас,  
Сандығында жомарттың кілт болмас.  
Жақсы қыздың жауабы айдан анық,  
Не дегенін жаманның біліп болмас.
1655. Жігіттік қыз-қырқынсыз өтпейді екен,  
Еш қызық оған, сірә, жетпейді екен.  
Оңашаға қыз шықса орайымен,  
Жігіт неге айтарын қалады іркіп.
1656. Төк токды көбелейді көшкен кісі,  
Жігіттің қызда болар өшпендісі.  
Жігітті жастық қуған айыптамас,  
Басынан жігітшілік өткен кісі.
- \*\*\*
1657. Әуелде жаратылдық бала болып,  
Анадан кім туады дана болып?  
Тәй-тәйлап тәрбиелеп жеткізеді,  
Өсірген ата-анасы пана болып.
1658. Қаз тұрып, аяқ бастық апыл-тапыл,  
Тән ашылған есте жоқ бар ма ақыл?  
Анадан емшек еміп, төсін тартып,  
Білмедік сонан басқа кімдер жақын.
1659. Жаралдық баршамыз да адам болып,  
Туғандай түк білмейтін надан болып.  
Алты айда еңбектеуге толып әрең,  
Жүріпсіз жыл толғанда қаз-қаз тұрып.
1660. Бір жаста жаңа жанған шырақтайсың,  
Дүниеге жаңа келіп тұрақтайсың.  
Құлпырып көктемдегі бөйшешектей,  
Қойнында ата-ананың бұлғақтайсың.
1661. Келіпсіз сонан өтіп екі жасқа,  
Сөйледік сөз қоса алмай басқа-басқа.  
Ие боп бір тостаған, бір қасыққа,  
Таласып үлкендермен ішкен асқа.

1662. Бес жаста талап қылып, асық жинап,  
Жүгірдік жалаңаяқ жанды қинап.  
Боқтасып көрінгенді боқпен атып,  
Көрмедік сол уақытта кісі сыйлап.
1663. Жаз болса айран құйып, алып шелек,  
Соңынан қозышының ерсек керек.  
Далада құда түсіп, күйеу болып,  
Той қылып тең құрбыға бермек керек.
1664. Ноқталап бір қозыны мініп алып,  
Қуалап басқаларын үйге барып.  
Қайғы ұрып, қабақ жауып ызаланып,  
Кәдімгі малшыдай-ақ масаттанып.
1665. Сүйетін сонда шешең беттен күліп,  
Әкем айтар «қарағым» деп малдан келіп.  
«Қарағым, қозы бағып келді ғой», — деп,  
Қаймақпен сыйлаушы еді, құртын беріп.
1666. Алтыда «бісмілла» деп мінгізді атқа,  
Той қылып, етін асып беріп жұртқа.  
Қалқиып ашамай мен атқа мінсек,  
Жеткені ол ата-ананың бір мұратқа.
1667. Көшкенде шеше байқұс жүред жетелеп,  
Жүрмейтін жаман жермен еш төтелеп.  
Жең жалба, етік қисық, тоқым жыртық,  
Түсуші ек аттан әрең, сонда еркелеп.
1668. Жеті жас — жеген кезең жерден таяқ,  
Аңдыған ата-анасы баланы аяп.  
Көбелек қуатұғын зыр жүгіріп,  
Жалаңбас, дала кезіп, жалаңаяқ.
1669. Онан соң тақым бекіп жылқы айдастық,  
Құлындай үлкендермен бірге айдастық.  
Желіден шыға қашқан құлын болса,  
Ит қосып, ұран салып айғайластық.

1670. Онан соң он жас келді ойнақтаған,  
Тай мініп, тайыншамен жайдақтаған.  
Келер ме, қайта айналып қайран он жас,  
Қызықпен еш нәрсені ойлатпаған.
1671. Он бес жас ойнақтайсың жас лақтай,  
Алдында жар тұрса да қарғып аттай.  
Алысып, асынып жақ, асық қағып,  
Тай мініп, қозы қуып тыным таппай.
1672. Бір жас бар жиырмада жылтылдаған,  
Сағымдай мінез бітіп қылпылдаған.  
Семіріп «бұқа — буға, азбан — дуға»,  
Көргенде қыз-келіншек қылтыңдаған.
1673. Жігіттің жиырма бес — деген жасы,  
Талғаусыз алал-арам жеген жасы.  
Егесіп біреуменен талас болса,  
Тайынбай еш нәрседен өлер жасы.
1674. Келгенде жиырма беске желденесің,  
Жақсыға да, жаманға да кез келесің.  
Тау сүзіп, дала кезіп, дария кешіп,  
Сол жаста сөйтіп жүріп өзгересің.
1675. Келгенде жиырма беске желденесің,  
Жақсыға да, жаманға да кез келесің.  
Түспеген ойға шеңбер, іске бөгет,  
Алдыңа Қаратауды өңгересің.
1676. Бір жас бар отыз деген ойнайтұғын,  
Қызыққа қанша ойнасаң, тоймайтұғын,  
Сол кезде қатын алып, бала сүйіп,  
Дүниені мұнан кейін ойлайтұғын.
1677. Келгенде отыз жасқа ойланарсың,  
Ісіңді бұрынғы өткен ойға аларсың.  
Көрініп оғаштығы бала кездің,  
Сол күнің ойға түсіп, ұяларсың.

1678. Отыз бес жасқа кемел келген кезің,  
Нұрланып тастүлектей толған кезің.  
Ақылың қайратыңмен бірдей болып,  
Тентекке ақыл айтып қояр кезің.
1679. Жігіттің отыз бесте болған кезі,  
Қызық пен тамашаға тойған кезі.  
Үйленіп, отау тігіп, бала сүйіп,  
Өмірдің алды-артын ойлар кезі.
1680. Толғанда отыз беске өрелісің,  
Үйлісің, аталысың, енелісің.  
Толықсып ой мен бойы өскен шағы,  
Сөтіне айналады қылған ісің.
1681. Бір жас бар қырық деген қылыш екен,  
Адамға о дағы бір тыныс екен.  
Қырыққа жас ұлғайып келген шақта,  
Тиылу жаман істен дұрыс екен.
1682. Келгенде қырық жасқа қырандайсың,  
Ойланып болмас іске ұрынбайсың.  
Албырттық алып ұшар жас шағың жоқ,  
Тұрсаң да, отырсаң да бірыңғайсың.
1683. Қырық жас кезең жердің асуындай,  
Асылдың отқа түскен жасуындай.  
Көңілің мысал, төмен қайта басар,  
Өзеннің баяу аққан тасуындай.
1684. Қырықта қылау түсіп самайыңа  
Әжімін ала келер маңдайыңа.  
Шар тартқан тақуасың, ойланасың,  
Қарап ап іс қыласың маңайыңа.
1685. Қырық бес сары белдің асуындай,  
Асылдың суы қайтқан жасуындай.  
Қуатың күннен күнге кеми берер,  
Дарияның бөсең аққан тасуындай.

1686. Елуде ебің келмес еңкейгенмен,  
Биікке қолың жетпес көркейгенмен.  
Жақындап жасқа жуық жүре алмайсың,  
Өзіңді өзің мақтап селтейгенмен.
1687. Жас екен елу деген ес көргендей,  
Бой тартып жамандықтан сескенгендей.  
Жасыңда қанша қызық көрсең дағы,  
Болады соның бәрі түс көргендей.
1688. Келгенде елу жасқа ерінесің,  
Жылы үйде кейде отырып керілесің.  
Келіннің қаймақтаған шәйін ішіп,  
Ойнатар алдындағы немересін.
1689. Келгенде елу беске еңкеңдеген,  
Секілді бота-тайлақ тең-теңдеген.  
Артыңнан алдың жуық көрінеді,  
Кетіпті өтіп дәурен аттай желген.
1690. Елу бес шыға алмайтын бел секілді,  
Білінбей өмір өтер жел секілді.  
Мысалы, дүниенің бәрі осындай,  
Сарқылған құм ішінде көл секілді.
1691. Бір жас бар алпыс деген аяққа арқан,  
Салбырап омырауы алқам-салқам.  
Бетінен нұры қашып, тісі түсіп,  
Сол кезде жейтін асың шай мен талқан.
1692. Алпыс жас арқан салар аяғыңа,  
Қамданып қам қоярсың таяғыңа.  
Қолдан күш, ауыздан тіс кеткеннен соң,  
Шіркін-ай, зар боларсың баяғыңа.
1693. Бір жас бар алпыс деген адамға арзан,  
Барады әрбіреуден өтіп жалған.  
Әр іске шүкірлік қып, тосырқайсың,  
Қалды деп осы бір жас Пайғамбардан.

1694. Келгенде алпыс беске ауырар бел,  
Көзіңе жылдық болар жап-жақын жер.  
Жол жүрсең, бір азырақ демің құрып,  
Шымырлап маңдайыңнан ағады тер.
1695. Бір жас бар жетпіс деген желімдеген,  
Ауырып тізе менен белім деген.  
Атүсті олай-бұлай жүріп келсең,  
«Шай қайнат, кемпір менен келін» деген.
1696. Бір жас бар жетпіс деген кісендеулі,  
Қолыңнан істесең де, іс өнбейді.  
Ерлікті бастан кешкен айтар болсаң,  
Сөзіңе кейінгі жас бір сенбейді.
1697. Жетпіс жас жер таянып отырасың,  
Қаруың — қолдан келген ықыласың.  
Аманға біреу келсе, қуанасың,  
Халыққа сыйлы болса ғазез басың.
1698. Жетпісте жер таянбай тұра алмайсың,  
Беліңнен күшің кетіп, бұраңдайсың.  
Тағы да келін деген бір жау шығып,  
Әңгіме төрде отырып құра алмайсың.
1699. Жетпісте тұра алмайсың жер таянбай,  
Шешсең де киіміңді шаршағандай.  
Далаға қысқа түнде үш шығасың,  
Дөңбекшіп, тыншың кетіп ұйықтай алмай.
1700. Келгенде жетпіс беске таянып жер,  
Тізеңді сарысу алып, ауырар бел.  
«Төрінен көрі жақын» болғаннан соң,  
Ісінен ақыреттің сарыуайым жер.
1701. Бір жас бар сексен деген селкілдеген,  
Ағарып сақал-мұртың желпілдеген.  
Сол кезде бір төсекке сиыса алмай,  
«Ары жат, өй, антұрған, кемпір!» деген.

1702. Келгенде сексен жасқа селкілдейсің,  
Өркімді «қарағым» деп елпілдейсің.  
Баса алмай бел-тізеңнен қуат кетіп,  
Жалтақтап қазан жаққа мөлтілдейсің.
1703. Сексенде алпыс жасты балам дерсің,  
Ғұмырды қас-қағымдай заман дерсің.  
Бас кесіп, бата қылып төрде отырып,  
«Жасымды, — деп алдайсың, — саған берсін!»
1704. Сексенде халің кетер етің солып,  
Айрылып екі көзден жасқа толып.  
Бұрынғы көрген қызық бір күндей жоқ,  
Ендігі көрген жанға қайран болып.
1705. Сексен беске келгенде қалтақтайсың,  
Баса алмай екі аяқты талтақтайсың.  
Көз көрмей, тістен түк жоқ, құлақ кетіп,  
Естімей айтқан сөзді жалтақтайсың.
1706. Тоқсанда тобықтай-ақ шал боларсың,  
Күніңе жетпістегі зар боларсың.  
Қолыңнан келетұғын еш нәрсе жоқ,  
Әйтеу бір жан санында бар боларсың.
1707. Келгенде тоқсан жасқа торғайдайсың,  
Бүркітке шырға тартқан борбаңдайсың.  
Шыбын жан, көртейгенде қандай тәтті,  
Жаныңнан тықыр шықса, ойбайлайсың.
1708. Тоқсанда халің келмес сөз сөйлеуге,  
Тісің жоқ, қызыл иек шайнап жеуге.  
Кісімен келген-кеткен жұмысың жоқ,  
Жан тәтті өлем деуге, кетем деуге.
1709. Бір жас бар тоқсан деген томыртқадай,  
Тастаған шала мүжіп омыртқадай.  
Икемің еш нәрсеге келмеген соң,  
Налисың «жаратты, — деп, — нағып Құдай?»



1710. Тоқсан бесте орныңнан тұра алмайсың,  
Терде отырып әңгіме құра алмайсың.  
Тоқсан беске жүзден бір келсе келер,  
Одан әрі жас жасап жүре алмайсың.
1711. Тоқсанның жетеуінде мүшел жасың,  
Айрылып ес-түсіңнен ғазез басың.  
Жесең де қазы-қарта қара судай,  
Дәмі жоқ таусап жұтқан ішкен асың.
1712. Тағы да мұнан асып жүзге келсең,  
Таусылмай дәмі-тұзың күзге келсең.  
Салбырап қантамырың ақ үрпек боп,  
Жасыңды тілеп алған сонда көрсең.
1713. Аузыңнан жүзге келсең сөзіңді алар,  
Көрсетпей ешбір нәрсе көзіңді алар.  
Мысалы, дүниенің бәрі солай,  
Бір күні алдап жүріп өзіңді алар.
1714. Тоқсаннан асып жасың жүзге келген,  
Бұл дағы талай өмір дәурен сүрген.  
Өзіңнен шыққан балаң жау боп айтар:  
«Құдайдың жаны темір бұған берген».
1715. Жас күнде жарға ойнаған лақтайсың,  
Кәртейсең құрап қалған құрақтайсың.  
Келер ме екі елуге ердің жасы,  
Көңілім, қайда барып тұрақтайсың.
1716. Дүние баяны жоқ шолақ болды-ау,  
Жас күнде ақыл-қайрат мол-ақ болды-ау!  
Отыз бес, жиырма бес, қайран он бес,  
Үшеуі үш күн қонған қонақ болды-ау!
1717. Үш қонақ, үш күн қонып желіп өттің,  
Қайтадан бір айналмай қайда кеттің.  
Қайта айналып тұрақтап, жолдас болмай,  
Қаңғырып кәрі өгіздей мәңіреттің.

1718. Он жасың өркейгендей ойын қуған,  
Жиырма да бір сері-мас сауық құрған.  
Отызда байсалдылық бойға қонып,  
Ізденіп өнер-білім жолын қуған.
1719. Қырықта ақыл-қайрат тұрақтанып,  
Елуде тәжірибе жинақталып.  
Алпыста белден асып, бесін болып,  
Ағарар қара шашың қырау шалып.
1720. Жетпіс жас екінтіге еңкейгенің,  
Келмейді албаты іске ентелегің.  
Сексен жас ұқсағандай ақшам кешке,  
Айтасың күнде өсиет келсе елің.
1721. Тоқсан жас қас қарайған қарбаластай,  
Сүйенер таяғына жаза баспай.  
Жүз жаста дүниеден күдер үзер,  
Хал болар тосып баққан сөби жастай.
1722. Жасыңда ата-анаға құлындайсың,  
Жаман сөз, жаман атқа ұрынбайсың.  
Он бесте бір отауға ие болып,  
Болдым деп мен де жігіт, қырындайсың.
1723. Қанжардай қайрап қойған жиырма бес,  
Той болса, жүйрік мініп зымырайсың.  
Отызда ойлы болып орда бұзып,  
Қырқыңда күнде қанжар суырмайсың.
1724. Елуде өміріңнің дәл ортасы,  
Өткен іс еске түсіп жымыңдайсың.  
Алпыста самай-сақал бөрі ағарып,  
Қайратты бойға біткен сығымдайсың.
1725. Жетпісте екі көздің нұры тайып,  
Шайнамай тісіңе тығындайсың.  
Сексенде жас балаша желік бітіп,  
Жақсы сөз, жаман сөзді ұғынбайсың.

1726. Тоқсанда сүлкі кеткен, әдет бітіп,  
Ажалға басыңды иіп шыбыңдайсың.  
Жүз жасқа жеткенменен, дүние бекер,  
Анаңнан енді қайтып туылмайсың.
1727. Жас кезде жанып тұрған шырақтайсың,  
Жайқалған көлге біткен құрақтайсың.  
Өмірдің балалығы өн бойыңда,  
Он жаста жарға ойнаған лақтайсың.
1728. Келгенде жиырмаға жігіт болып,  
Көрінген қыз-қырқынға қылжақтайсың.  
Отызда ақыл-ойың әбден толып,  
Орынсыз бос қылжақты ұнатпайсың.
1729. Қырықта қылшылдаған қылыштай боп,  
Тау-тастан таймайтұғын құр аттайсың.  
Елуде ел орталы бір адам боп,  
Жастардан өзің қашып сырғақтайсың.
1730. Алпыста арқандалған аттай болып,  
Қосақтан Құдай қосқан жырақтайсың.  
Жетпісте жер таянбай тұра алмайсың,  
Беліңнің күші кетіп бұраңдайсың.
1731. Сексенде селкілдеген бір дерт келіп,  
Басыңды ұстай алмай бұлғақтайсың.  
Тоқсанда толған енең тобықтай боп,  
Ақ үрпек балапандай ырғақтайсың.  
Келгенше сонау жүзге кім бар, кім жоқ,  
Ғазез жан, қайда барып тұрақтайсың.
1732. Дүние, құдым сені бала жастан,  
Өмірдің өткеніне қарамастан.  
Дариға-ай, жастық кезді сағынамын,  
Асаудай алға тартып ала қашқан.
1733. Жас кезде сүйенесің аяғыңа,  
Кәртеyseң, жалынасың таяғыңа.

Сүйкімің кетсе сонда сүйіктіңе,  
Зар болып отырасың баяғыңа.

1734. Сөйлей бер, қызыл тілім, мен барында,  
Қалайын мен де сөйлеп сен барында.  
Қаласың арманда боп сөйлемесең,  
Он бес пен жиырма бес өлірада.
1735. Өлең деген немене, жол емес пе,  
Қырық-елу алдағы бел емес пе?  
Құлақ құрышын қандырған әсем әнің,  
Шөлдеп жұтқан сусынмен тең емес пе.
1736. Сөйлей бер, қызыл тілім, шал боларсың,  
Томардай отқа жаққан дал боларсың.  
Барында жасшылықтың ойна да күл,  
Күніңе он бестегі зар боларсың.
1737. Домбыра екі ішекті, тиегі — тал,  
Қу ағаш безілдейсің не қайғың бар?  
Барында гүл жазыңның ойна да күл,  
Күніңе жиырма бес зар боларсың.

\*\*\*

1738. Ертістің үздік басы Аңғыл кезек,  
Бұрынғы мекен еткен батыр Ежен.  
Өзенді өзім білген өлең қылсам,  
Құяды бір Ертіске он екі өзен.
1739. Өзеннің біріншісі — Түңке қара,  
Ағады күн шығыстан жеке дара.  
Шөбін жеп, суын ішіп мекендеген,  
Сегіз үй Сетерлердің сол арада.
1740. Өзеннің екіншісі — қу Ертіс-ті,  
Ашулы таудан аққан суы күшті.  
Тегіннен мекендеген өр керейі,  
Қарақас, молқы табы осы тұста.

1741. Өзеннің үшіншісі — Сұптықұйған,  
Өзеннің суын ішіп, шөбін жиғам,  
Талай жыл мекенденіп Сұпты бойын,  
Қарақас Райхан зәңгі мұнда тұрған.
1742. Өзеннің төртіншісі Күрті аққан,  
Қарақас деген ел бар мұнда жатқан.  
Сіргебай деген зәңгі мекен етіп,  
Егін сап, осы жерге малын баққан.
1743. Өзеннің бесіншісі — Ертіс Қара,  
Ағады таудан құлай жеке дара.  
Аз ғана мұны меркіт мекендеген,  
Олар да тірлік еткен сол арада.
1744. Өзеннің алтыншысы — Қандығатай,  
Базарқұл мекендеген малын матай.  
Ортада табын Бейіс күре салып,  
Алыпты жердің көбін сол ұраңқай.
1745. Өзеннің жетіншісі — Тұлты аққан,  
Осында мекенденіп халық жатқан.  
Қоражай осы өзеннің екі жағы,  
Бар екен осы өзен әлімсақтан.
1746. Сегізінші өзенің — Аллақат-ты,  
Аз ғана ботақара мұны тапты.  
Пішенбай молдасы екен ботақара,  
Үстінен қара жолдың мектеп сапты.
1747. Өзеннің тоғызыншысы — Буыршын-ды,  
Су санап өлең қылып, болдым жынды.  
Бұл жерді мекендеген жадың, жанат,  
Тәжісі ақырында Кәкен бопты.
1748. Өзеннің оныншысы — Қаба аққан,  
Мекендеп шыбар айғыр мұнда жатқан.  
Қабаны мекендеген ол көп екен,  
Егін сап, суын ішіп, шөбін шапқан.

1749. Өзеннің он біріншісі — Білезік-ті,  
Жарболды деген ру мекендеген.  
Оспан залың, Қасымбек, Қалибектер  
Осы елдің инабатты биі бопты.

1750. Өзеннің он екіншісі — Алқабек-ті,  
Бұл жерді қаршие мекен етті.  
Жарболды ішіндегі кішкене ру,  
Бастығы осы елдің Сыдық бопты.

\*\*\*

1751. Ағаштан ыршып жүрген тиын дейім,  
Қалқатай, аяғыңды жиын дейім.  
Көсілген аяғыңды жинамасаң,  
Бұл жерден сау қайтуың қиын дейім.

1752. Адамды алып ұшқан ұшқыр сезім,  
Әріптес, судай тасып жүрсің өзің.  
Ішінде шаршы топтың ұяларсың,  
Өлеңнен тосылатын келсе кезің.

1753. Адамның сөйлейді екен тіл мен жағы,  
Күркірер жігіт күндей болса бағы.  
Өзіңді зор санайсың неменеге,  
Белгісі білімсіздің ол баяғы!

1754. Айтайын, айт дегенде сары сағыз,  
Шайнай берсе сағызды, қалмас маңыз.  
Өзімдей боп өлеңді айта алмасаң,  
Ақырын үйіңізге аяңдаңыз.

1755. Айтайын айт дегенде өнім маған,  
Бермейді тұрып орын танымаған.  
Білмейтін сипағанды сиыр болсаң,  
Өзімді танытайын бүгін саған.

1756. Айда-сайда, ендеше, айда-сайда,  
Мектеп көрген баланың тілі майда.  
Көмекейің көсілген ақын болсаң,  
Қара басып қалды ма, осындайда?!

1757. Айға қара, қалқатай, айға қара,  
Ұят болар өзіңе жайға қара.  
Жай білетін жақсының әдеті емес,  
Тақымдама тар жерді, айдалада.
1758. Айтыспаймын, әріптес, сеніменен,  
Тең емессің түбінде меніменен.  
Маған қойған ақының осы болса,  
Қағып-соғып өтемін жеңімменен.
1759. Айтып едім мен саған айтарымды,  
Ары байла атымнан байталыңды.  
Ысқырып атқан аңның обалы жоқ,  
Қағып алам бойыңда сайтаныңды.
1760. Айғыр салсам, ат туар ала бастан,  
Үй салам қиыстырып сары ағаштан.  
Келмей жатып, отырсың шапан сұрап,  
Әкең үсіп өлген бе жалаңаштан?
1761. Ақ жайлау жон-жотасын жондаймысың,  
Су мынау, өріс мынау қонбаймысың?  
Жұтатып жылқы жылы бар малыңды,  
Әкеге керегенді қомдаймысың?
1762. Ақындайсың, ендеше, ақындайсың,  
Мен ақынға сен ақын жақындайсың.  
Өлең түспей аузыңа асыққанда,  
Қойға келген текедей бақылдайсың.
1763. Аққу көлден ұшады түйдегімен,  
Қайта барып қонады үйрегімен.  
Аузын буған әріптес өгіз екен,  
Сықылықтап, сызылып күлгенімен.
1764. Ақ Қабаның өзені сарқыраған,  
Ақ маңдайым алтындай жарқыраған.  
Маған қойған ақының мынау ма еді,  
Төбет иттей даусы барқыраған.

1765. Аққу-қаз көлге қонбас жаз болмаса,  
Көлдің сәні келе ме қаз болмаса!  
Ана-мына жаманмен айтыспаймын,  
Ақын адам өзімдей кез болмаса.
1766. Ақдоңғақ, Тұманды көктеулігім,  
Нұры кетпес қысы-жаз көкте күннің.  
Тамағыңды кенейсің қайта-қайта,  
Сезілді ме әлден-ақ өктемдігім?
1767. Ақын өлең айтады ойға салмай,  
Шебер киім пішеді бойға салмай.  
Бұл жігітті өлеңге неге әкелген,  
Көк өгіздей көтектеп қойға салмай.
1768. Алып кел, өлеңшінің саңлағын,  
Жолатпа, естімейтін саңырауын.  
Өлеңшің маған қойған осы болса,  
Ары әкет, бұл сайқалды не қылайын!
1769. Алдымда әріптесім тайпақ қара,  
Өзің қандай, мен қандай, байқап қара.  
Аузыңды аштырмаймын осы арада,  
Қара дауыл өлеңмен шайқап қана.
1770. Арқан, жіп есе алмадық көшіп жүріп,  
Бас жіпке арқан бітті, кесіп жүріп.  
Шошынып, жан-жағыңа жалтақтама,  
Қайтіп ақын боласың естіп жүріп?
1771. Арбаның әрия-дай білігіндей,  
Қыздың белі түйенің жілігіндей.  
Менімен айтысуға жарамайсың,  
Қиналарсың арбаның өгізіндей.
1772. Арық торы ат, ендеше, арық торы ат,  
Қара дауыл өлеңді қардай борат.  
Борандатып өлеңді айта алмасаң,  
Көп сандалмай, қалқатай, ауылыңа қайт.



1773. Аспаннан құс ұшады тырна деген,  
«Жанында жамандардың тұрма» деген.  
Менімен айтысуға неге келдің?  
Ақынның нашарысың өзім көрген.
1774. Аспа деймін, әріптес, аспа деймін,  
Айтысудан жалтырап, қашпа деймін.  
Қашар болсаң, жаңылып жолды бермей,  
Той мен тойға екінші баспа деймін.
1775. Ат мінгізсең жаманға, басқа ұрады,  
Қолы жетсе, болмасқа асқынады.  
Нәсерлетіп өлеңді қоя берсем,  
Жамандарды табанда састырады.
1776. Ауылым көші-қонсыз көл жайлаған,  
Биесін көл жағалай ел байлаған.  
Менімен айтысам деп сендейлер кеп,  
Жете алмай шалымыма борбайлаған.
1777. Ауылымның Жырғалаң мекені еді,  
Ел жүгін ер азамат көтереді.  
Жел сөзді желдей ескен қоя берсем,  
Қалқатай, есің шығып кетер еді.
1778. Ауылың о көште ме, бұ көште ме,  
Қымызың маған құйған тегеште ме?  
Жеңемін деп отырсың желдей есіп,  
Сен мені жеңе алмайсың, өңештеме.
1779. Ауылымның қонғаны бір терең сай,  
Қалқатай, түзу отыр, шуатылмай.  
Өлең десе, қонатын дәу перім бар,  
Айтысқанның ауызын буатындай.
1780. Ауылым отыр Бұғылы тастағында,  
Жылқым жатыр ауылдың бас жағында.  
Отырсың жеңемін деп желдей есіп,  
Шындасам, жеңілерсің қас қағымда.

1781. Ауылым өзен судың қыр жағында,  
Құдайым берме бейнет тіл, жағыма.  
Айттысаң, бұрандамай жөндеп айтты,  
Көнбеймін енді сенің қылжағыңа.
1782. Ауылым Қызылқайың, Қызылтаста,  
Жылқыңды Қызыл тасқа жиып таста.  
Жаманды мына отырған ал да жөнел,  
Әйелдің керегі жоқ қыздан басқа.
1783. Ауылым отыр Ақбастау тақырында,  
Бар күші бәйтеректің тамырында.  
«Алыс та атаңды жық» деген сөз бар,  
Сенделтіп сендей соғып ақырында.
1784. Әріптес, асау болсаң, үйретейін,  
Мойныңа қыл шылбыр сап сүйретейін.  
Аптығың басылмаған жан екенсің,  
Өлеңмен қос өкпеңнен түйретейін.
1785. Базардан алып келген темір қақпан,  
Қақпанмен қасқыр алар ебін тапқан.  
Отырсың жеңемін деп, желдей есіп,  
Мен желдетсем, қаларсың тіл мен жақтан.
1786. Базардан алып келген кебіс етік,  
Әлемді жаратсашы тегіс етіп.  
Таба алмай айтатұғын жауап сөзін,  
Отыр ма, бұл шіркіннің есі кетіп.
1787. Базарда істейді екен алым-сатым,  
Сан жерде саудагерге кетті қақым.  
Секілді тарпаң байтал, қорсылдама,  
Үйреткен талай асау біздің тақым.
1788. Базардан алып келген сырлы тегеш,  
Менімен, ей, әріптес, қылма егес.  
Арындап бағанадан асқақтадың,  
Қалқам-ау, енді осылай жөніңе көш.

1789. Базардан алып келген көк етігің,  
Болса да жаман-жақсы өз етігің,  
Менімен ерегеспей, ықтай жалда,  
Сонымен теңеледі кем-кетігің.
1790. Байладым қара өгізді шет тұрсын деп,  
Қара өлеңді көүсетіп жеп тұрсын деп.  
Сендей талай жаманды сатып алғам,  
Ұлтарак пен байпақты кептірсін деп.
1791. Басында Қаратаудың қайнар бұлақ,  
Қой келгенде маңырар жетім лақ.  
Бұл менің теңім емес, айтыспаймын,  
Сандалмай, қойын бақсын «салпаң құлақ».
1792. Басы еді өлеңімнің айым-қайым,  
Келгенде қара өлеңге зымыраймын.  
Жөнелтіп, жөн өлеңді айта алмасаң,  
Бидайдай қазанға сап қуырайын.
1793. Басымда бір жаулығым шапақтаған,  
Ақынмын өз елімде алшақтаған.  
Әріптес, ақынмын деп шалқақтама,  
Талай жан көлеңкемде жан сақтаған.
1794. Басында Қаратауды сұқ қараған,  
Түседі сергелдеңге жоқ қараған.  
Жаман қыз, өз түріңе қарасаңшы,  
Секілді кәрі бие ноқталған.
1795. Басында Қаратаудың бір топ бүрген,  
Бір топ қыз отын ап жүр белін түрген.  
Байқасам, сендей нашар көрінбейді,  
Ішінде ақындардың осы жүрген.
1796. Басында Қаратаудың кептер отыр,  
Қанатын ұшайын деп ептеп отыр.  
Жеңілерін әріптес сезді ме екен,  
Қасымыздан қалайша кеткелі отыр?

1797. Басында Қаратаудың байдың қосы,  
Шәугімде шай қайнайды, талдан мосы.  
Жарымай әріптеске отырғанда,  
«Іздегенге — сұраған» деген осы.
1798. Басы еді өлеңімнің Ыбырайым,  
Келгенде қара өлеңге қоздырайын.  
Жөндеп те жөн өлеңді айта алмайсың,  
Келдің бе, өлең сұрап, сұмырайым?
1799. Басында Қаратаудың қарың бар ма,  
Үйіңде қаралаған тарың бар ма?  
Менімен жұдырықтай айтысатын,  
Бетіңде алақандай өрің бар ма?
1800. Бастаудың көзі бітер ашылмаған,  
Қалайша өлең айттың қарсы маған.  
Өлеңмен сені бүгін бұқтырайын,  
Бұйымың осы болса бар сұраған.
1801. Басындағы қалпағың — айыр қалпақ,  
Оңай емес өлеңде қарау таппақ.  
Қалқатай, ақыр менен жеңілесің,  
Салғыласпай, өлең айт мені мақтап.
1802. Беліме кәмер белбеу буынамын,  
Бетімді таза сумен жуынамын.  
Артыңа алты қарап айтыс деймін,  
Қолқанды ап еткенде-ақ суырамын.
1803. Белгілі мәстек едің білінбеген,  
Бәйгеге шын қосқанда ілінбеген.  
Таласып, тар кезеңде алғанымда,  
Булығып сендей тантайып дірілдеген.
1804. Бір төбеден жүгірдім бір төбеге,  
Жүген ала жүгірдім кер төбеге.  
Маған қойған ақының мынау болса,  
Кеңірдегін сорайтпай өр төбеге.

1805. Біреудің сөз береді таңдайына,  
Біреудің бақ береді маңдайына.  
Сен менің айтысарға теңім емес,  
Талайды қағып өткем шаужайына.
1806. Біздің ауыл мекені — Сарышоқы,  
Шөбі шүйгін, басылмас малдың тоғы.  
Айтысамын дегенше меніменен,  
Өлеңнен менен келіп сабақ оқы.
1807. Біздің ауыл Жырғалаң басын ала,  
Басындағы шалғыны жасыл ала.  
Айтсам деп отырсың бекер босқа,  
Мен кіммен, өзің кімсің, ойлап қара.
1808. Дауысың жаман шықты мас кісідей,  
Бетің жаман шалбардың ескісіндей.  
Тампырайтып танауың қайдан келдің,  
Таудан қашқан бөкеннің ешкісіндей.
1809. Дәйім менің мінгенім бөртек болсын,  
Өңгіменің қызығы ертек болсын.  
Менен қарғыс алғандар оңбас еді,  
Арқаң қиқаң, қабырғаң зертек болсын.
1810. Дәйім менің мінгенім ақ боз атым,  
Алтын қамшым қолымда, салтанатым.  
Көсілген көмекейің ақын болсаң,  
Жете ме, айтысуға салауатың.
1811. Дәйім менің мінгенім тор дөненім,  
Жаман-жақсы болса да өз дөненім.  
Өлең десе, делебем қозып кетер,  
Әріптес, осы болар өлер жерің.
1812. Дегенде өлең сонар, өлең сонар,  
Ұртына өлеңшінің өлең қонар.  
Отырсың жеңемін деп желдей есіп,  
Жеңілсең, көп алдында ұят болар.

1813. Дегенде өлең өрме, өлең өрме,  
Өлеңімнің бір шетін бөле берме.  
Секілді қарға тұяқ қолың жаман,  
Сырғи-сырғи жаныма келе берме.
1814. Дегенде ақындаймын, ақындаймын,  
Мен ақын сен ақынға жақындаймын.  
Әріптес, жәй-шамаңды шамалай бер,  
Жеңем деп жеңе алмасаң, тақымдаймын.
1815. Дегенде омыраулы ат, омыраулы ат,  
Біз қудық қаракерді, қоңыраулат.  
Жаманмен жаным сүймес, айтыспаймын,  
Аз ғана отырмасам көңіл аулап.
1816. Ермек қып еріккенде отырмасам,  
Сендейді кетуші едім бір-ақ илеп.  
Еріккен сен немені кім жіберді?  
Келесің көзіңе ілмей, баса билеп.
1817. Ереулеп ел көшеді жазық жұртқа,  
Таппасаң қара өлең, уақыт ұтпа.  
Балдыр-батпақ өлеңнің керегі жоқ,  
Тоқта енді сыйыңменен, шатып-бұтпа.
1818. Ер қостым төрт ағаштан қиыстырып,  
Тізеңді жақын отыр тиістіріп.  
Кеп тұрған дәл бабына қыран құстай,  
Өлеңмен жентектермін бүрістіріп.
1819. Ертістің сақ келеді сауысқаны,  
Айғыр мен байтал жөн бе жарысқаны.  
Тұлпардай топтан озған кетсем шауып,  
Аз емес сендей жаман шаң құшқаны.
1820. Есік алды қара су — балдыры бар,  
Балдырғанға атыңды шалдырып ал.  
Өлең сенің, байқұс-ау, қайсы теңің,  
Ұйқыңды ерте жатып қандырып ал.

1821. Ендеше, ақтау құнан, ақтау құнан,  
Үзілер күміс жүген жақтауынан.  
Наданмен сен секілді айтыспас ем,  
Айтысып ем біреудің мақтауынан.
1822. Ес те жоқ, ерік те жоқ пақырында,  
Егерге түскенің бе ақырында.  
Қарасаң мен бір сотқар, сен бір сорлы,  
Сотқардың сорлы түсер тақымына.
1823. Ендеше, тас атайын, тас атайын,  
Қолыммен тастың түбін босатайын.  
Кел бері, ақын болсаң, ей, әріптес,  
Өлеңмен сыбағанды ұстатайын.
1824. Ендеше өгіз арзан, өгіз арзан,  
Кетпейді өгіз қарғып терең сайдан.  
Егер де аузын буған өгіз болсаң,  
Алсаңшы, өлең сатып біздеі байдан.
1825. Ертістің бойлап өсер қайың, талы,  
Айғырмен, аттың жөн бе алысқаны?  
Байқамай бас-аяққа барыстың ғой,  
Бұл сенің ақылыңның ауысқаны.
1826. Ендеше, арба айдаған, арба айдаған,  
Ертістің бойын байлар ен жайлаған.  
Әр жерде аңғал жігіт толып жатыр,  
Арбасын көзі көрмей жарға айдаған.
1827. Жағасы өзен-судың биік жартас,  
Той болса, жиылады көрі мен жас.  
Өткізбе уақытты бекер босқа,  
Әріптес, бұраңдамай ұйқыңды аш.
1828. Жалғаған сізге бізді өлең деген,  
Жарасып дәнігіпсің көбеңменен.  
Жынын алған бақсыдай сендей жанның,  
Ұшқат ағам толғасын өлеңменен.

1829. Жан азығы жарамды өлең деген,  
Көтерем деп бөспеңіз денеңменен.  
Қара дауыл өлеңді құя берсем,  
Талмасы ұстап сендейдің, сереңдеген.
1830. Жетекте қаймал қара інгеніңіз,  
Осы ма дарыныңыз, білгеніңіз?  
Өзіндей сылқымдарды талай тойда,  
Құлажаттап, жуасытып үйренгенбіз.
1831. Жемісі мол болады нар жиденің,  
Сабағы алтын бола ма жез түйменің.  
Айтысам деп менімен, ақымақ болмай,  
Тәуір болар өзіме бас игенің.
1832. Жер шаңы көтерілер ел келгенде,  
Қырға жылқы тоқтамас жел келгенде.  
Тебініме шыдамас сендей жаман,  
Айдаһардай ысқырып мен келгенде.
1833. Жолында Қаратаудың қиясы бар,  
Жағымсыз, мал жемейтін миясы бар.  
Мені қалай жеңесің, есі кеткен,  
Таңдайымда өлеңнің ұясы бар.
1834. Жүйрік пе қара өлеңге желмейтұғын,  
Қырандай самғап биік өрлейтұғын.  
Өзіндей желөкпесі бар жандарды,  
Мен боламын өлеңмен емдейтұғын.
1835. Жүйрік аттай тер шықса, айтам өлең,  
Күдір болса шабар жер белең-белең.  
Желдей есіп отырсың жеңемін деп,  
Сыбағанды қазір-ақ қолға берем.
1836. Жылқымды айдап салдым көпшілікке,  
Қамаймын қашағандай жыра-тікке.  
Отырсаң меніменен айтысам деп,  
Сұғамын екі аяғың бір етікке.



1837. Жігітте де жігіт бар қыңырайған,  
Баса киіп тұмағын жымырайған.  
Өлең таппай алақтап отырса да,  
Көзін қысып әркімге сығырайған.
1838. Жылым жылқы — дәл жиырма екідемін,  
Күнде толып өлеңмен жетілемін.  
Өлеңіме өлеңің дәл келмесе,  
Айтысқанға өзіңмен өкінемін.
1839. Жылқымда бір құлын бар тай секілді,  
Миында әріптесің ой секілді.  
Қабағы екеуінің тіпті жаман,  
Бояуы шықпай тұрған шай секілді.
1840. Жігітті топқа салсаң, әбден баптап,  
Бойында өнер болса, тұрмас тоқтап.  
Жабыдан туған болса, мәстек болып,  
Жерінде бас көтермей қалар оттап.
1841. Келеді таудың басы құламалы,  
Басында қалқатайдың бөртпе салы.  
Таба алмай өлеңіме қайта қарау,  
Кемсеңдеп отырсың-ау, жылағалы.
1842. Келемін жоғартынан атым жүрмей,  
Әкелдім он қап өлең аузын түйрей.  
Он қаптың біреуінің аузын ашсам,  
Кетесің бет-бетіңе тоның сүйрей.
1843. Келемін жоғартынан өгіз айдап,  
Беліне өгізімнің шана байлап.  
Отырсың жеңемін деп желдей есіп,  
Кетерсің аздан кейін жан сауғалап.
1844. Келеді ердің ері екі елуге,  
Қонады құстар келіп мекеніне.  
Ауылымда сендей надан толып жатыр,  
Білмейді жақсының не екенін де.

1845. Кекілін кер бестінің керейін бе,  
Құйрығын бестен тарап өрейін бе?  
Білмедің сыйлағанды сен бір надан,  
Қолыңа сыбағаңды берейін бе?
1846. Келемін жоғартынан — түйелімін,  
Тигізбе маған тілің, киелімін.  
Көзінді ашып қара, танымасаң,  
Қаракөк аты шыққан жиенімін.
1847. Келгенде қара өлеңге қақтырмаймын,  
Қыздарды қылтың-сылтың жақтырмаймын.  
Әріптес маған қойған жақсы болсын,  
Жаманды маңайыма бастырмаймын.
1848. Келеді басы қайқы қабырғаның,  
Көп болды айтқаныңнан аңырғаның.  
Сан ойнап, сан күлсек те, әріптесім,  
Кісідей танымаған не қылғаның?
1849. Кигенің жазды күні сеңсең ішік,  
Барады көрген жерден ішім пісіп.  
Жаздың күні киетін сеңсең ішік,  
Өліп пе едің суықтан әкең үсіп.
1850. Кигенім аяғыма шегелі етік,  
Сырлы аяқ сыны қапты, сыры кетіп.  
Ағаштай өңі өзгерген күздің күні,  
Ағарған алма беттің нұры кетіп.
1851. Көшкенде жылқы айдаймын дөненменен,  
Құрғатпай аққан терін, көбеңменен.  
Отырсың жеңемін деп, желдей есіп,  
Апшыңды қуырайын өлеңменен.
1852. Көшеді ертең ауылым таудан асып,  
Бұлытпен таудан асқан араласып.  
Жаңылып қайта-қайта бүгіледі,  
Отыр ма, бұл шіркінді қара басып.

1853. Көтерер тайқазанды темір ошақ,  
Шығады күн жауғанда кемпірқосақ.  
Меніменен айтысып не қыласың,  
Білетін бар өлеңің болса осы-ақ.
1854. Көктемде жауын жауса сырғақтаған,  
Басыңда үкің шоқтай бұлғақтаған.  
Отырсың жеңемін деп, желдей есіп,  
Адамға жараспайды құрғақ мақтан.
1855. Көңілдің көк дөненін ұстап міндім,  
Жаз жайлап, күз күзетіп, қыстап міндім.  
Ақын деп мақтағаның осы болса,  
Келеді сыбағасын ұстаттырғым.
1856. Күзеуі біздің ауыл Жарылқапты-ай,  
Өседі қой жуасы сарымсақтай.  
Әріптес маған қойған мынау болса,  
Ары кет, жоғалт көзін, дарылдатпай.
1857. Кісіні «өзім» деген «шіркін» деймін,  
Жорғадай жолға түскен бүлкілдеймін.  
Ақының маған қойған мынау болса,  
Теңім деп мыналарды көзге ілмеймін.
1858. Қайқы келер бір басы қабырғаның,  
Айтқаныңнан көп болды аңырғаның.  
Орамал шыт берерде, қос әріптес,  
Қызық болды-ау, дау айтып қағынғаның.
1859. Қалқатай қызыл шырай, қыр мұрынды,  
Тиіспеген кісіге кеп өзі ұрынды.  
Түбіне көк теректің байлап қойып,  
Тепкілеп, артар ма еді итмұрынды.
1860. Қаратаудың басында қызыл қырғи,  
Қанатынан құйрығы ұзын қырғи.  
Әріптес, айтысуға шамаң болса,  
Жаныма жақын келші сырғи-сырғи.

1861. Қара суда қаймақ жоқ, мұз болмаса,  
Қой етінің дәмі жоқ, тұз болмаса.  
Қатындармен бұл тойда айтыспаймын,  
Өзі сұлу, өзі ақын қыз болмаса.
1862. Қара су ішкенменен тоғы болмас,  
Қурайды жаққанменен шоғы болмас.  
Өзімдей даңсалы ақын кез болмаса,  
Жаманға сен секілді көңілім толмас.
1863. Қара су, есік алды топ қараған,  
Иенде шөлікпейді жоқ қараған.  
Кемақыл, жан-жағыңа ойлап қара,  
Асауды сендей талай ноқталағам.
1864. Қарасам, көп заржақтың бірі екенсің,  
Келгенде қара өлеңге дүр екенсің.  
Жаман-жәутік біреуді жеңгеніңмен,  
Кезікпей шын ақынға жүр екенсің.
1865. Қара су, есік алды көгал екен,  
Қос қалқа, өлең сөзге доғал екен.  
Сұрайды жеңбей жатып орамал шыт,  
Дәмесі әріптестің жоғары екен.
1866. Қара өлеңге келгенде дауылдаймын,  
Нәсерлеткен дауылды жауындаймын.  
Естір болсаң, өлеңді бүгін есті,  
Бүгіннен соң іздесең табылмаймын.
1867. Қара өлеңге келгенде қабандайсың,  
Қапияда қара өлең таба алмайсың.  
Өлеңмен жездей қақтап, отқа салсам,  
Жаныңды сақтау үшін амалдарсың.
1868. Қара су, есік алды терең екен,  
Қарагер мінсем жылдам желе ме екен?  
Сұрап ем қос қалқадан бір бұйымтай,  
Құлағы естімейтін керең екен.

1869. Қара өлеңге келгенде осындаймын,  
Төске шапқан бөйгедей тосылмаймын.  
Қағамын өкпесінде жыны болса,  
Ұшықтап қара өлеңмен шошынғанның.
1870. Қара өлеңге келгенде қақалмайсың,  
Өлең десе, үйіңде жата алмайсың.  
Өзіңдей өлең білмес жан болмаса,  
Ақынға мына біздей бата алмайсың.
1871. Қаржаудың шығыс жағы Керсін деймін,  
Тойда өлең айтқан сайын ершіндеймін.  
Айтысатын менімен кісі болса,  
Шошымаса, жаныма келсін деймін.
1872. Қалқатай, досым да сен, қасым да сен,  
Көзің сұлу көрінер күлімдесең.  
Өзімнен енді бір жыл өлең үйрен,  
Айтыста біреулерді жеңем десең.
1873. Қалың мал, көш барады таудан асқан,  
Мал мен жан тау ішінде араласқан.  
Өлеңін қазір айтқан, қайта айтып,  
Жан еді, мынау, қалай қара басқан?
1874. Қойымды ойға қарай аңыздайын,  
Келіге тары салып қауыздайын.  
Сөзіңді доғармасаң, ей, әріптес,  
Желкеңнен алып ұрып бауыздайын.
1875. Қой ішінде сүйгенім боз қасқа қой,  
Ақын болсаң менімен қозғаса қой.  
Жеңемін деп отырсың желдей есіп,  
Жеңе алмасаң, пәлеге қаласың ғой.
1876. Қолымда бір қамшы бар тобылғы сап,  
Қалқатай, өлең айтшы ақылға сап.  
Үзіліп емешегің отырғанда,  
Өлеңмен опырайын мойын құсап.

1877. Құдайым жаратқан соң тірі жан қып,  
Айтысудан дәме қып, кепсің қаңғып.  
Төбеңнен төбелесем өлеңменен,  
Есің шығып, қоясың бұтқа саңғып.
1878. Құрбылас, келіп қапсыз үйімізге,  
Айтысарда қарарсыз күйіңізге.  
Аузыңа не келсе де айта бермей,  
Тоқсан сөзден тобықтай түйін ізде.
1879. Қуанам қонып жатқан елді көріп,  
Әріптес, осы тойда болдың серік.  
Отырсың жеңемін деп, желдей есіп,  
Тілім — шоқ, көмекейім — желді көрік.
1880. Мал бітпейді жігітке құрамаса,  
Кімнің жайын кім білер сұрамаса.  
Күрзісімен өлеңнің ұрамын ғой,  
Көңіліме өлеңің ұнамаса.
1881. Мекені біздің ауыл Тостытас-ты,  
Қайқайып қара жолдан жылқым асты.  
Арының алғашында тәуір еді,  
Не қылып қас-қағымда қара басты.
1882. Мінгенім дәйім менің сұлу жирен,  
Болмайды өзі алғандай барып жүрген.  
Атақты ақын болсаң, айтысамын,  
Ақынды сен секілді көзіме ілмен.
1883. Мінгенім дәйім менің қарақасқа,  
Кезіктім қайдан бүгін сарамасқа?  
Қалайша «жас бала» деп көзге ілмейсің,  
Саулыққа тоқты қошқар жарамас па?
1884. Мінгенім дәйім менің шұбар тайым,  
Құйрығын жануардың шұбалтайын.  
Егерде егерлессең меніменен,  
Екінші айтыспастай жылатайын.

1885. Ортасы екі ауылдың алшық-шалшық,  
Сенімен айтыспаймын, жаман қаншық.  
Тегіңде түк білмейтін топас едің,  
Айтысуға келіпсің бүгін паңсып.
1886. Осы ма, ақын жігіт, бар тапқаның,  
Тықыршып бағанадан жан таппадың.  
Тиегін өлеңімнің ағытқанда,  
Жүрмеші білмей қалып ант атқанын.
1887. О төбеден жүгірдім бұ төбеге,  
Жүген ала жүгірдім кер төбелге.  
Мынауың осы айтысқа неге келді?  
Төбе шашын үрпитпей, ұр төбеге.
1888. Ол үнім бұл үніме дәл келмейді,  
Әріптес нашар болса, ән келмейді.  
Толқытып тоқсан түрлі әнге салсам,  
Өзіме сендей жаман пар келмейді.
1889. Өлеңнің басы болар әри-айдай,  
Жақсының пейілі кең дариядай.  
Барлығы әріптестің жаман-жұтық,  
Жақсыға отырмын ғой жары алмай.
1890. Өлеңді айт дегенде, тоқталмаймын,  
Мылтыққа киік көрмей оқ салмаймын.  
Өзіңдей шөпжелкені жеңгеннен соң,  
Азырақ әнге салып, асқақтаймын.
1891. Өлеңім ағайынды, абысынды,  
Қалқатай, ортаға сал табысыңды.  
Жатпайды қисық ағаш тез қасында,  
Түзетейін тезге басып шалысыңды.
1892. Өлеңім ағайынды, абысынды,  
Қамшымның торғай ұрып сабы сынды.  
Отырсың жеңемін деп, желдей есіп,  
Шығаршы ақын болсаң, дауысыңды.

1893. Өлеңім ағайынды, абысынды,  
Қамшымның сазға тастап сабы сынды.  
Отырсың жеңемін деп, желдей есіп,  
Жаманға жібермеймін намысымды.
1894. Өлең деген немене, сөз емес пе,  
Денеңдегі асылың көз емес пе?  
Сөзім күміс болғанда, әнім — алтын,  
Ұқпайтұғын жаманға жез емес пе?
1895. Сары қамыс сарала боп сайға бітер,  
Көп жылқы көкалалы байға бітер.  
Менімен айтысатын жамандарың,  
Жеңіліп алды-артына қашып кетер.
1896. Салайын ән сал десең, үзілдіріп,  
Терейін сөз маржанын тізілдіріп.  
Әріптес, өлең айтпай қалдың бұғып,  
Алыңыз шаршасаңыз көз ілдіріп.
1897. Сауырың мал қыстайды Мұқыртайдын,  
Ұясы дәрі дейді құрқылтайдың.  
Айтысатын әріптес әкел бері,  
Өлеңмен шұрайлап бір тұқыртайын.
1898. Сауырдың малға жайлы барлық жері,  
Ежелден қыз таңдаған мен бір сері.  
Менімен айтысатын шөпжелкеңді,  
Өнерін көрейін бір, әкел бері.
1899. Сауырдан салттап келдім Бітеуірге,  
Ұйқыңды шайдай ашар, шақса бүрге.  
Көрсем де талай сайыс, той-думанды,  
Әріптес, кезікпеппін сендей дүрге.
1900. Сауырдың бір асу аты — Шауқар,  
Шөбі — шүйгін, суы — бал, тасы — гауһар.  
Әріптесті текедей таңдап әкел,  
Менімен айтысатын болсын қауқар.



1901. Сен едің, сен-сен едің Шеңгірдегі,  
Кетпейді балға табы темірдегі.  
Шығаршы дауысыңды асқағырақ,  
Масадай ызыңдамай іңірдегі.
1902. Сүйгенім қой ішінде бозқасқа қой,  
Ақын болсаң менімен айтыса ғой.  
Жөнелтіп жөн өлеңді айта алмасаң,  
Бетіңе алақандай тұз баса ғой.
1903. Толықсып шалқып жатқан еліміз бай,  
Жарысқан асыр салып құлын мен тай.  
Менімен айтысам деп аласұрып,  
Есірік, сор айдаған ақын қандай?
- \*\*\*
1904. Өлеңді баста десе, жігіт бастар,  
Отырған бастай алмай есіл жастар.  
Ағайлар «өлең айт» деп талап қойса,  
Берейін өзім бастап, даң құрдастар.
1905. Өлеңді не бар мұнда сала бермей,  
Кең сарай көкірегім дала жердей.  
Өлеңнің даусы шықса, тұра алмаймын,  
Бәйге алған жұма сайын қарагердей.
1906. Өлеңді тіл бастайды, жақ қостайды,  
Сұлу ән топты жарып ойқастайды.  
Шешеміз өлең айтып қалжа жеген,  
Өлеңді біз тұрғанда кім бастайды?
1907. Өлеңді айт дегенде, аңырар ма,  
Тойда ақын өлең-жырдан жаңылар ма?  
Балалар, осындайда әнге шырқа,  
Өлең, той күнде осындай табылар ма?
1908. Айтайын айт дегенің, әри-айдай,  
Көп айтсам әри-айдай көңілге жай.  
Алдында көпшіліктің сөз бастайын,  
Алашқа атым шықсын Абылайдай.

1909. Айтайын біраз өлең, тыңдасаңыз,  
Сөзімді тыңдаған жан бір жасаңыз.  
Аз ғана білгенімше сөз сөйлейін,  
Білмеген жеріме айып қылмасаңыз.
1910. Жайлауы біздің елдің Қарағайлы,  
Барлық мал балаусасын аралайды.  
Үлкендер өлең айт деп отырғанда,  
Жастарға қарап қалу жарамайды.
1911. Өлеңнің әри-айдай басы емес пе,  
Жағасы Қара Ертістің тас емес пе?  
Балалар, осындайда әнге шырқа,  
Қызығың іздеп келген осы емес пе?
1912. Пышаққа қызыл ағаш қына алмаған,  
Топ жерде бұрын мұндай сыналмағам.  
Өлеңді, айт дегенде, айтпай қойсақ,  
Боламыз үлкендерге тіл алмаған.
1913. Өлеңді, айт дегенде, ақын айтар,  
Ақкөңіл, анық сырын ашық айтар.  
Өлеңді құлақ қойып тыңдаған соң,  
Тәрдегі ақсақалдар ақыл айтар.
1914. Өлеңді не бар мұнда айтпайтұғын,  
Шын ақын болмасақ та мақтайтұғын.  
Бұрынғы ата-баба бәрі өлеңші,  
Мұрасын ұрпағы біз сақтайтұғын.
1915. Алтайдың жылқы салдым адырына,  
Қарамай күзететін жаңбырына.  
Өлеңді ақындықпен айтпасақ та,  
Айтамыз ағалардың қадырына.
1916. Әуеде ұшып жүрген ала қарға,  
Берейін өлең айтып ағаларға.  
Бермесек өлең айтып ағаларға,  
Кетеді кінә тағып балаларға.

1917. Сүйгенім қой ішінде ісек-тұсақ,  
Болады қойдың еті турса ұсақ,  
Бұрынғы ата-баба өлеңші екен,  
Болайық бізде өлеңші соларға ұсап.
1918. Өлеңнің бір ауызы бірден сабақ,  
Алдына ағалардың төре табақ.  
Топ жерде бұрын сөйлеп көрмеп едім,  
Қолдай көр қолтығымнан, он екі абақ!
1919. Кигенім аяғыма кебіс еді,  
Құлын-тай жылқы ішінде тебіседі.  
Алдында жақсылардың сөз алғанда,  
Өлеңді не деп айтсақ келіседі?
1920. Ауылым Жетіаралдың сағасында,  
Үліңгір ақ құмының жағасында.  
Өлеңнен мұндай дүкен құрылғанда,  
Қызыл тіл, бір сөйлемей қаласың ба?
1921. Жел соқса қамыс басы айда-сайда,  
Келеді ақындардың тілі майда.  
Өлеңмен атырайық осы таңды,  
Болатын күнде осындай ойын қайда?
1922. Өлеңді әнге шырқап тартушы еді,  
Көп жерде екіленіп айтушы еді.  
Өлең, той болған жерге іздеп барып,  
Алғыс ап үлкендерден қайтушы еді.
1923. Шұбырған ақ маржандай тілімде өлең,  
Жанарым өлең айтсам күлімдеген.  
Балалар, осындайда ойна да күл,  
Жастық шақ көрген түстей білінбеген.
1924. Сөйлей бер, қызыл тілім, шал боларсың,  
Томардай тозғаннан соң дал боларсың.  
Балалар, осындайда ойна да күл,  
Күніңе он бестегі зар боларсың.

1925. Жігіт бол, жігіт болсаң ал жібектей,  
Бақ қонбас өз еліңе қызмет етпей.  
Барында тіршіліктің күліп, ойна,  
Басыңнан бал дәуренің тұрғанда өтпей.
1926. Келгенде қара өлеңге қақалмаймын,  
Өлеңнің дүбіріне жата алмаймын.  
Болсын деп ұрпақтардың бәрі өлеңші,  
Айтылған өлеңіме ақы алмаймын.
1927. Келгенде қара өлеңге осындаймын,  
Шырқасам, Запқының нақ тасындаймын.  
Құдайдың берген бағы өлеңімде,  
Келсем де жасым жүзге, жасымаймын.
1928. Келгенде қара өлеңге ұрандаймын,  
Үйімде өлең айтпай тұра алмаймын.  
Бойымда өлеңімнің түспесі бар,  
Ары-бері айғайласам, шығандаймын.
1929. Келгенде қара өлеңге батырдаймын,  
Секілді жайдың бұлты шатырлаймын.  
Қағысып қалғандарға қара өлеңмен,  
Сайтанын ұшыратын жасылдаймын.
1930. Жүйрікпін өлең десе өрлейтұғын,  
Қанатты қыран құстай сермейтұғын.  
Желөкпе, желігетін ескеуілге  
Емшімін өлеңменен емдейтұғын.
1931. Түйенің ақ ботасы, көк ботасы,  
Артында ойнақтайды жас ботасы.  
Сәрсенбі сәтті күні той қылыпсыз,  
Тойыңыз құтты болсын, қыз төтесі!
1932. Өлеңді айт дегенде, тоқталар ма,  
Басынан шын жүйріктің ноқталар ма.  
Құрбылар, осындайда ойна да күл,  
Мереке, күнде осындай топ болар ма!?

1933. Ендеше, ой қарақат, ой қарақат,  
Басынан алып жедім бір қарақат.  
Бұл тойға тамашалап келгеннен соң,  
Азырақ ән салайық жәйбарақат.
1934. Ендеше, адастырған, адастырған,  
Басында ортан жілік, жамбас тұрған.  
Барында оралыңның ойна да күл,  
Құдайым осы тойға жалғастырған.
1935. Өлеңнің баста десең, басы емес пе,  
Кең жайлау, екі жағы тас емес пе!  
Барында тіршіліктің ойна да күл,  
Мереке, қызық думан осы емес пе!
1936. Тау жайлаймын, ендеше, тау жайлаймын,  
Тайым жорға болсын деп шаужайлаймын.  
Ақындықпен өлеңді айтқаным жоқ,  
Тойда ойын болсын деп айғайлаймын.
1937. Өлеңді а дегенде қозғайтұғын,  
Шабан шауып жүйріктен озбайтұғын.  
Өлеңді айт дегенде, қоя бермей,  
Адамның тіл мен жағы тозбайтұғын.
1938. Айт дегенде өлеңді іркілмеймін,  
Өзімдей әнге салсаң, шіркін деймін.  
Кез болса қиуада қос әріптес,  
Жолға түскен жорғадай бүлкілдеймін.
1939. Екі ішекті домбырам, жұқа қақпақ,  
Қиын екен тар жерде өлең таппақ.  
Ән сал десең, салайын баяулатып,  
Дұспан күліп, достарым жүрсін мақтап.
1940. Баста десең, өлеңнің басы менде,  
Балдырғандай майырылған жасы менде.  
Қара бұлтты қайырып, қар жауғызған,  
Шұбар ала жайшының тасы менде.

1941. Жылқымды айдап салдым теріскейге,  
Мал шіркін бақпай қойсаң, өрістей ме?  
Құрбыжан, тізелесіп отыр бері,  
Ән салсақ осындайда келіспей ме?
1942. Сөйлеп-сөйлеп берейін сөз келгенде,  
Бауыры қызар жүйріктің кез келгенде.  
Гүл-жазыңның барында ойна да күл,  
Сағынышпен бас қосып біз келгенде.
1943. Дәйім менің мінгенім ал қарагер,  
Бірде жолды жануар, бірде арам тер.  
Көпшілік рұқсатын берген екен,  
Бекер қарап отырмай, ән сала бер.
1944. Мінгенім дәйім менің торы тайым,  
Қолымда бір қамшым бар сабы қайың.  
Қиуада кез болған, екі-ай, құрбым,  
Жіберейік ағызып тілдің майын.
1945. Өмір шіркін, ерке ғой жиырма бесте,  
Ән шырқауға келдік біз тойлы кеште.  
Көпшілік, құлақ салып, тыңдасаңдар,  
Айтқан сайын өлеңім қалар есте.
1946. Отырмайық мұндайда қарап босқа,  
Өлең айтып берейік кәрі-жасқа.  
Келген жерден өлеңді қоя берсек,  
Боламыз біз де ие ықыласқа.
1947. Тұсымызға құрылған гүлді кілем,  
Азын-аулақ жасымнан өлең білем.  
Айтар кісім қасыма жетіп келсе,  
Барында тіршіліктің ойнап-күлем.
1948. Биік таудың бастары бұрама екен,  
Тақыр жерге мал жайса, тұра ма екен?  
Айт дегенде, өлеңді аяймыз ба,  
Өлеңсіз той-томалақ қыза ма екен?

1949. Төскей жерден шығады Темір Ғалбан,  
Темір Ғалбан желпініп өзі барған.  
Сыйласқанда кісінің баласы едік,  
Тіршілікті сұңқардай қаны қанған.
1950. Жүрген жерім Төскейде — Қарағайлы,  
Қарағайды қалың мал аралайды.  
Оралыңның барында ойна да күл,  
Бекер қарап отыру жарамайды.
1951. Өлең деген, ендеше, өлең деген,  
Өлең десе құлағым елеңдеген.  
Үш ұйықтасам ойымда бар ма менің,  
Қалқатайды бүгін түн көрем деген.
1952. Жазу жаздым қағазға имай-шимай,  
Отырған жоқ кеудеме өлең сыймай.  
Азырақ білгенімше ән шырқайын,  
Отырған үлкендердің бетін қимай.
1953. Ауылым Құдықсайдың жотасында,  
Қоңырау боз інгеннің ботасында.  
Мінеки, өлең тасып келе жатыр,  
Әріптес, бекер қарап жатасың ба?
1954. Келемін жоғартынан жолмен зулап,  
Астымда жүйрік жирен омыраулап.  
Айт десеңдер, өлеңді біз айтайық,  
Отырған үлкендердің көңілін аулап.
1955. Өлеңді айт дегенде, айтқан қызық,  
Құдайым туған күні қойған сызып.  
Барында оралыңның ойна да күл,  
Тамаша ойнап-күлген қандай қызық.
1956. Шыбар серкеш, ендеше, шыбар серкеш,  
Түйе сұлу көрінер ұзын өркеш.  
Айтар болсаң, құдаша, бүгін айтшы,  
Қайта айланып бұдан соң орай келмес.

1957. Ендеше, ақтау құнан, ақтау құнан,  
Үзілер күміс жүген жақтауынан.  
Көзім көріп мен сізді мақтамаймын,  
Келіп қалдым біреудің мақтауынан.
1958. Өлеңді а дегенде, айта алмаймын,  
Аққудай көлде жүзген майпаңдаймын.  
Айтпаймын мен өлеңді ақындықпен,  
Тілегін үлкендердің қайтармаймын.
1959. Барады ауылым көшіп Шиліөзекке,  
Жығылды атым тайып қу тезекке.  
Кісінің баласы едік сыйласқандай,  
Өлең айт, тәуір-тәуір бір кезекке.
1960. Сарғайып көкжиектен таң келеді,  
Соңынан жүйрік аттың шаң келеді.  
Өлеңді айт дегенде, айта бермей,  
Кей жаман төкапсарсып, паң келеді.
1961. Күмістеген, ендеше, күмістеген,  
Күмістеген еріңді кім істеген.  
Өлең айт, тәуір сайлап, алма мойын,  
Болар ма бұдан артық біліс деген.
1962. Базарда бәсі қымбат көрпелердің,  
Көрінер мойны сұлу серкелердің.  
Сағынып өн, даусын жүргенімде,  
Шығады даусы қайдан еркелердің.
1963. Жылқы айдаймын көшкенде белеңменен,  
Қаракөк өзі жорға дөненменен.  
Көсіліп, көп ортада сен отырсың,  
Шақырайын атыңды өлеңменен.
1964. Өлеңді айт дегенде, жөнелейін,  
Қара сөзге несіне бөгелейін.  
Тіл-жақтың Құдай берген арқасында,  
Тиірменнің тасындай дөңгелейін.



1965. Сөйлей бер, қызыл тілім, өлмей тұрып,  
Бір хабар өлгендерден келмей тұрып.  
Қалады өлгеннен соң тіл байланып,  
Жеңсіз көйлек желбегей кимей тұрып.
1966. Қыран бүркіт түлкі алар тас айланып,  
Сөйлеші, қызыл тілім, өнге салып.  
Жас күнде қайраттының бірі болсаң,  
Боларсың қартайған соң сен бір ғарып.
1967. Іздейін тойда ақын ару қайда,  
Ауылына бойжеткеннің бару қайда?!  
Кең тұсау, ұзын арқан дегендейін,  
Қалайық аз айтысып, осындайда.
1968. Аспанда ай болмаса, адасады,  
Көңілді көтермесе, кір басады.  
Болғанда ақыл — сандық, көңіл — кілт,  
Сандықты, кілт болмаса, кім ашады?
1969. Сары атан сандық артқан көш бастайды,  
Аяғын анда-санда бір тастайды.  
Баласы текті айғырдың ат ұстайды,  
Өлеңді мен тұрғанда кім бастайды?
1970. Басында әптиектен алғам сабақ,  
Морының екі жағы қара қабақ.  
Бұдан бұрын тойда өлең айтқамын жоқ,  
Қолтықтан көтере бер, он екі абақ.
1971. Бастаған мың биені қайқаң бие,  
Көтерген ауыр жүкті атан түйе.  
Бұдан бұрын тойда өлең айтқамын жоқ,  
Қолтықтан көтере бер, ұлы әулие.
1972. Көрінген бұдан бұлай тау жүйелер,  
Бауырын үлкен таудың қарға үймелер.  
Бұдан бұрын тойда өлең айтқамын жоқ,  
Қолтықтан көтере бер, әулиелер.

1973. Тәукетау Тәукетауға таман,  
Бола ма тау басына шығар заман.  
Тойда өлең бұдан бұрын айтқамын жоқ,  
Қолтықтан көтере бер, ата-бабам.
1974. Тәукетау, Тәуке, Тәукелер,  
Шығады тауды жарып ақ сүңкелер.  
Өлеңді бұдан бұрын айтқамын жоқ,  
Немене өлең басы, аға-екелер?
1975. Домбырам екі ішекті шертейін бе,  
Тиегін талдан жонып, кертейін бе?  
Өлеңді ары-бері айтып-айтып,  
Ішіңді сары майдай ерітейін бе?
1976. Бисмилла — бисмилладан Бірдің аты,  
Молланың қара сия жазған хаты.  
Үлкендер «өлең айт» деп бұйырғанда,  
Шыдайды бозбаланың қайтып дәті.
1977. Айтайын айтагенің ахау-игай,  
Ән салдым жамағаттың көңілін қимай.  
Айтамын жиылған жұрт құрметіне,  
Тұрған жоқ көкірегімде өлең сыймай.
1978. Айт дегенде, өлеңді ағылайын,  
Ішінен шаршы топтың табылайын.  
Жел сөздің Құдай берген арқасында,  
Несіне қорғаншақтап, жаңылайын.
1979. Айтайын айтагенің айдайын көк,  
Келеді айдайын көк ойнайын деп.  
Өлеңді ақындықпен мен айтпаймын,  
Айтамын көптің көңілін аулайын деп.
1980. Бисмилла-бисмилладан бірден табақ,  
Алдында үлкендердің жезден табақ.  
Үлкендер «айт» деп рұқсат бергеннен соң,  
Жел сөздің отырамыз несін аяп.

1981. Айт дегенде өлеңді ақын айтар,  
Шер толған көкірегіне пақыр айтар.  
Тыңдаңдар, бозбалалар, босқа отырмай,  
Үлкендер кішілерге ақыл айтар.
1982. Айт дегенде, өлеңді ақын айтар,  
Ақ үйрек алма мойын көлді шайқар.  
Өлеңді айт дегенде, айтпай қойсақ,  
Отырған құрбылардың көңілі қайтар.
1983. Мінгенім дәйім менің сал қарагер,  
Жасымнан үйретіп ем сан қарагер.  
Еліңді айтқан әнің елеңдетсе,  
«Бағының жолы болып жанған-ай» дер.
1984. Мінгенім дәйім менің ал қарагер,  
Майда жал, күміс құйрық, бал қарагер.  
Не тыңдар, естіген жан, не тыңдамас,  
Қызыл тіл, білгеніңді зарлана бер.
1985. Ауылым Шоқпартастың аңғарында,  
Жүйріктің бір белгісі жанарында.  
Өлең айтам тәуір-тәуір, жаным, саған,  
Сайраған тіл мен жақтың аманында.
1986. Ауылым Мөри өзен қабағында-ай,  
Сіздей жан, қос әріптес, табамын ба-ай?  
Көсілген көмекейің ақын болса,  
Зырылда патифонның табағындай.
1987. Айт дегенде, өлеңді, аял болмас,  
Жақсының мінезінде қаяу болмас.  
Көпшілік «айт» деп рұқсат бергеннен соң,  
Білгенді аз да болса, аяу болмас.
1988. Тоғайдан кесіп алған ұяғашым,  
Біледі үй ағаштың жұрт бағасын.  
Үлкендер «айт» деп рұқсат бергеннен соң,  
Несіне, қос қалқатай, ұяласың?!

1989. Жайлауы біздің елдің Қарақол, Нор,  
Бақ қонып, қыдыр дарып, төгілген қор.  
Жел сөздің Құдай берген арқасында,  
Ақсақал, ақ бата бер, жаялық қол.
1990. Базарда базар қайда Құлжадайын,  
Барғанда бар керегің тұрар дайын.  
Үлкендер төрде отырған «айт» деген соң,  
Несіне бір жел сөзді бұлданайын.
1991. Базарда базар қайда Сарысүмбедей,  
Әділ би ел билейді пара жемей.  
Барында жан — ұяда, ел — қияда,  
Сөйлеп қал білгеніңді, тіл мен көмей.
1992. Айт дегенде, өлеңді ағызайын,  
Білген соң аз да болса әннің жайын.  
Жел сөздің Құдай берген арқасында,  
Құбылтып тілдің майын тамызайын.
1993. Айт дегенде, өлеңді аяңдайын,  
Несіне қара сөзбен баяулайын.  
Жел сөздің Құдай берген арқасында,  
Шашуға әннен үлгі аянбайын.
1994. Өте шығар дүние ойнақтаған,  
Бар-жоқты, алды-артты ойлатпаған.  
Білгенімше азырақ ән саламын,  
Қайда айтамын өлеңді мұнда айтпаған?
1995. Өте шығар дүние ілінбеген,  
Ор киіктей тұзаққа ілінбеген.  
Білгенімше азырақ ән салайын,  
Көмекейім аманда тілім менен.
1996. Ауылым Топтеректің саясында,  
Жүйріктің бір белгісі шашасында.  
Қорғанып қос қалқатай отыр ма екен,  
Әйтпесе, бізден өлең аясын ба?

1997. Ауылым отыр Бостан бөктерінде,  
Бөктердің бетеге өсер беттерінде.  
Өлең айт, көңіл ашар, қос әріптес,  
Алыстан ат өксітіп жеткенімде.
1998. Басы еді өлеңімнің бұлғақ құлан,  
Күн көрер аяғы жоқ қайтіп жылан.  
Азырақ білгенімше ән салайын,  
Құрбылар, тыңдасаңыз өлең құған.
1999. Басы еді өлеңімнің сексен сегіз,  
Шықпайды тауға бидай екпесеңіз.  
Азырақ білгенімше ән салайын,  
Үлкендер, төрде отырған сөкпесеңіз?
2000. Жишылияңның басында жалғыз қайың,  
Басына шығушы едім барған сайын.  
Бас қосып үлкен-кіші отырған соң,  
Бастаудай көзі ашылған сарқырайын.
2001. «Жай толқын» салғаныма қандай көрім,  
Қанеки, әніңді қос, серіктерім.  
Бас қосып үлкен-кіші отырған соң,  
Тербеліп, ән салуға еліктедім.
2002. Есіктен кіріп келдім ел ме екен деп,  
Тиген жерге отырдым төр ме екен деп.  
Өлеңді келген жерден қоя бердім,  
Баласы текті атаның дер ме екен деп.
2003. А дегенде бәйгеден ат келеді,  
Той дегенде алыстан жат келеді.  
Той бастаған қыздардың бағасы артық,  
Той бастаған жолына ат береді.
2004. Айтайын мен бір өлең ұнағандай,  
Құлағын домбыраның бұрағандай.  
«Ән сал» десе, кейбіреу ән салмайды,  
Астынан жалғыз атын сұрағандай.

2005. Айт дегенде, өлеңді тоқтала ма,  
Шын жүйріктің басынан нөқта ала ма?  
Айт дегенде, өлеңді қоя бермей,  
Күнде осындай қызықты той бола ма?
2006. Айт дегенде, айтайын бойдай талай,  
Әри-айдай, көп айтса, көңілге жай.  
Айт дегенде, өлеңді айтып-айтып,  
Ерітейін ішінді сары майдай.
2007. Айтайын, айт дегенің әри-айдай,  
Қайдан сені білейін бойдай талай.  
Жиылып қыз-бозбала ән салған жер,  
Шіркін-ай, секілді екен алтын сарай.
2008. Айым-қайым, ендеше, айым-айым,  
Саздау жерге шығады тал мен қайың.  
Бұдан бұрын тойда өлең айтқаным жоқ,  
Ән айтуға, замандас, бар ма жайың?
2009. Айтайын айт дегенде әлде нені,  
Ілдірдім қырғи салып бөденені.  
Отыру тойда бекер жараспайды,  
Өлеңді бастамасақ, ел сөгеді.
2010. Айт дегенде, өлеңді аярым жоқ,  
Бұл жалғанға сенбеймін, баяны жоқ.  
Келген жерден өлеңді қоя бермей,  
Құрбылардың артында қаларым жоқ.
2011. Айт дегенде, өлеңді айту қиын,  
Айтпай қойса тойда өлең қайту қиын.  
Баста десе, өлеңді мен бастайын,  
Күнде осындай табылмас топты жиын.
2012. Айт дегенде, өлеңді мен не дейін?  
Шын жүйріктің табаны бедер дейім.  
Өлеңді өз кезінде бастамасақ,  
Үлкен-кіші мұндағы сөгер деймін.

2013. Айт дегенде, өлеңді тіл айтады,  
Қызыл тілге қандай жан мін айтады.  
Келген жерден өлеңді қоя бермей,  
Біз тұрғанда өлеңді кім айтады?
2014. Айтайын, айтагенің ахау-гигаһ,  
Ән салдым көпшіліктің көңілін сыйлай.  
Айтайын мен өлеңді көртейсем де,  
Жастардың талап қылған көңілін қимай.
2015. Айт дегенде, өлеңді айта алмаймын,  
Айт дегеннің көңілін қайтармаймын.  
Айтар кісім қасыма жетіп келсе,  
Топтан озған торыдай жайтаңдаймын.
2016. Айтқанда қара өлеңге мен осындай,  
Бүркіттің сырты сұлу сырғасындай.  
Өлеңді баста десе, мен бастайын,  
Дәуіттің тарсылдаған балғасындай.
2017. Айтайын, айт дегенде Теріскейді,  
Көп жылқы Теріскейді өрістейді.  
Өлең айт, сыйласымды, екі қалқа,  
Отыру бекер қарап, келіспейді.
2018. Айтайын, айт деген соң өлеңімді,  
Қайтейін көптен аяп өнерімді.  
Бұлданып бүгін өлең айтпағанмен,  
Білемін ертеңгі күн сөнерімді.
2019. Айтайын, айт дегенде адыраспан,  
Шыққан жерін адыраспан, әсте, баспан.  
Тойда өлең бұдан бұрын айтпап едім,  
Қолдай көр қолтығымнан, Омар, Оспан.
2020. Адырдан айдақтаса қашар түлкі,  
Жігіттің қайда қалмас жиған мүлкі?  
Өлеңді ақындықпен біз айтпаймыз,  
Айтамыз болсыншы деп ойын-күлкі.

2021. Ажарым ақ түлкідей жарқылдаған,  
Жас күнде өлең десе, тартынбағам.  
Тойда өлең «ә» дегенше бастаушы едім,  
Амал не, дәурен өтіп баршындағам.
2022. Азырақ ән салайын тамашаға,  
Жақсыға жаман адам жанаса ма?  
Өлеңді айт дегенде қоя бермей,  
Отырған босқа қарап жараса ма?
2023. Азырақ ән салайық көңіл ашып,  
Отырмай көп ішінде бекер жасып.  
Осындай тамашаны көргенімде,  
Тоқталып тұра алмаймын көңілім тасып.
2024. Ақ матасы базардың, көк матасы,  
Ойнақтайды түйенің жас ботасы.  
Баста десе, өлеңді қоя бермей,  
Мұнда отыр ма өлеңнің қайын атасы?
2025. Ақындар домбырасын алған екен,  
Күй тартып, ән шалқытып салған екен.  
Әндетіп әріптеспен айтысатын,  
Солардан бізге мұра қалған екен.
2026. Ақыл-айла, тағы да ақыл-айла,  
Ақыл-айла ойлаған жанға пайда.  
Шарапатың жер жарған ақын дейді,  
Қалқатай, өлеңменен тойды баста.
2027. Ақсуды біздің ауыл жайлап отыр,  
Жағаға топтап бие байлап отыр.  
Бастай бер, барың болса, әріптесім,  
Аузыңа жиылған топ қарап отыр.
2028. Алты әйнек сарайыңның терезесі,  
Ақындардың қозбасын делебесі.  
Өлеңді ақындықпен мен айтпаймын,  
Бұрынғы үлкендердің өнегесі.



2029. Алтайдың аулым қонған адырына,  
Жылқымды айдап салдым балдырына.  
Өлеңді ақындықпен біз айтпаймыз,  
Айтамыз көпшіліктің қадырына.
2030. Алтайдың аулым қонған күн бетіне,  
Ақ қағаз жазу жаздым бір бетіне.  
Өлеңді ақындықпен біз айтпаймыз,  
Айтамыз үлкендердің құрметіне.
2031. Алтайдың асқар тауы қарағайлы,  
Көп жылқы қарағайды аралайды.  
Көпшілік «өлең айт» деп ұйғарған соң,  
Отырған бекер қарап жарамайды.
2032. Алтайдың суы тұнық, тауы биік,  
Ойнаған бауырында марал, киік.  
Өлеңді ақындықпен айтқан емес,  
Отырмыз үлкендерге өлең сый ғып.
2033. Алтайдың салдым сайран кемеріне,  
Шынының қайран қалам бедеріне.  
Өлеңді ақындықпен біз айтпаймыз,  
Айтамыз үлкен-кіші беделіне.
2034. Ел енді жалынбайды өлеңшіге,  
Жақсының кез болған соң кеңесіне.  
Толғанып бір-екі ауыз ән салайын,  
Қарыз ғып тастап кетпей келесіге.
2035. Алтайдың ұстатпайды бөденесі,  
Барқыттың жыртылмайды кенересі.  
Ән салып, шаршы топта той бастаған,  
Ақынның аты шыққан немересі.
2036. Ал десең, ағытайын сөздің майын,  
Осындай өлең тойда ән салайын.  
Бұл тойда ақын болса аты шыққан,  
Сонымен айтысуға мен де дайын.

2037. Ар жағы сайдың ұзын, кемер ме екен,  
Сөйлеткен қызыл тілді көмей ме екен?  
Өлеңді келген жерден қоя берсең,  
Баласы текті ананың демей ме екен.
2038. Әри-айдай өлеңнің әлде несі,  
Қолқа-жүрек — адамның жан денесі.  
Айт дегенде, өлеңді қоя бермей,  
Мұнда отыр ма өлеңнің қайын енесі?
2039. Арғы жағы Қызылөзен — алтын кемер,  
Жаратқан бәрімізді Алла шебер.  
Мұндайда ақын адам той бастайды,  
Күмістей сымға тартқан өлең жібер.
2040. Атыңнан айналайын, қаусыл қазым,  
Күнәмнің кім біледі көбін-азын?  
Үлкендер «өлең айт» деп отырғанда,  
Алдыңда ақын балаң майпаңдасын.
2041. Аттың жалы, түйенің жабушасы,  
Майдай жанар жыңғылдың томаршасы.  
Ақындықпен өлеңді мен айтпаймын,  
Аз да болса өмірдің тамашасы.
2042. Ауылым Жырғалаңның күн бетінде,  
Тақтайдың шыны қойдым бір шегіне.  
Өлеңді ақындықпен мен айтпаймын,  
Айтамын көпшіліктің құрметіне.
2043. Ауылым Ақжайлаудың төрінде отыр,  
Бұрынғы атамекен жерінде отыр.  
Өлең айт, тәуір сыйлап көпшілікке,  
Бұл тойда үлкен-кіші, келін де отыр.
2044. Ауылдың айтып бердім алты ауызын,  
Өрмектің болса жақсы арқауы ұзын.  
Өлеңді біз тұрғанда кім бастайды,  
Болмай ма, су жүзгеннің малтауы ұзын?

2045. Ашылар өлең десе, көңіл кілті,  
Жеткізбес күдір жерден қашқан түлкі.  
Отырмай бекер қарап, ән салайық,  
Тамаша, болсын қызық, ойын-күлкі.
2046. Әкелдім ойдан орып, қырдан қырып,  
Мен айтамын өлеңнің шетін жырып.  
Ауылдың алты ауызы аяқталса,  
Тартамыз өлеңді енді сізге сырып.
2047. Ән салсаң, өзімдей сал, салғандай ғып,  
Өткіздім дүниені армандай ғып.  
Шырқашы, шаршы топта шарықтатып,  
Әніңе жұрт тамаша қалғандай ғып.
2048. Әуеде ұшып жүрген ұлар ма екен,  
Баласын атып алсам жылар ма екен?  
Көпшілік «өлең айт» деп бұйырған соң,  
Осылай ән тартқаным ұнар ма екен?
2049. Әуеде ұшып жүрген сары маса,  
Шын жүйрік тоқтамайды арындаса.  
Жұлде алған қарагердей жұма сайын,  
Өлең қайдан шығады, дарымаса?
2050. Әнге салсаң, қалқатай, осы әнге сал,  
Сала алмасаң, құрбылас, әнде нең бар.  
Артымда өзім өлсем, сөзім қалсын,  
Балалар, көңіл қойып үйреніп ал.
2051. Ән салуға келгенде ерінбеймін,  
Көзге түсіп, әдетте, көрінбеймін.  
Шаршы топта әндетіп той бастасам,  
Бәйгеден келген кердей тебіндеймін.
2052. Әріптес, етің де аппақ, бетің де аппақ,  
Тапты екен қандай адам сені баптап.  
Өлеңді мен тұрғанда кім бастайды,  
Өлең десе, кетуші ем екі жақтап.

2053. Ағалар ән сал десе, ән салайын,  
Азырақ өлең айтып, толғанайын.  
Қаракөк атамыздан үзілмеген,  
Мен неге бұл өнерден құр қалайын?
2054. Базарға барғың келед, барған сайын,  
Барғанда бар керегің тұрар дайын.  
Үлкендер төрде отырған айт деген соң,  
Несіне бір жел сөзге бұлданайын.
2055. Базардан алып келген сырлы қасық,  
Жүреді кейбір жаман сырын шашып.  
Отырған үлкен-кіші бұйырған соң,  
Азырақ ән салайын көңіл ашып.
2056. Базардан алып келген ала кілем,  
Түріне таңырқаймын қарап үнем.  
Айтысып өлең тойда әріптеспен,  
Келемін өлең қуып бала күннен.
2057. Базардан алып келген алтын сырға,  
Қосамыз халқымыздың салтын жырға.  
Айталық ел тыңдайтын жақсы өлең,  
Асырып өнімізді алты қырға.
2058. Базардан алып келген күміс қасық,  
Тұрған жоқ ар жағымнан өлең тасып.  
Іздеген қос әріптес кез келген соң,  
Отырмын аз өлеңнің бетін ашып.
2059. Базардан алып келген шай тостаған,  
Көзіңнен айналайын ой тастаған.  
Қаракөк тұқымыңнан үзілмеген,  
Өлеңді біз тұрғанда кім бастаған.
2060. Балалар, ән сал десең, аңқылдадым,  
Отырып жайма-шуақ жарқылдадым.  
Көңілімді өлең айтып көтеремін,  
Кәрілік келгеніңмен алқымдағың.

2061. Балалар, ән сал десең, аңқылдадым,  
Алдында жиылған жұрт тартынбадым.  
Болған соң өлең айту — елім салты,  
Қайырған тастүлектей саңқылдадым.
2062. Балалар, неге отырсың шырқап салмай,  
Келмейді жігіт сөні қаршыға алмай.  
Той болған соң жиылып келіп қалдық,  
Отырған жараса ма, ән шырқамай!
2063. Басынан Қаратаудың құлан аулап,  
Жүрейік шамаң жетсе, көңіл аулап.  
Ауылдың алты ауызын айтып берші,  
Тұрса егер көмейіңнен өлең саулап.
2064. Басы еді өлеңімнің айым-қайым,  
Бітеді саздау жерге тал мен қайың.  
«Өзіңмен айтысам» деп жүруші едім,  
Қисыны келді-ау бүгін, қалқатайым.
2065. Бастаған мың жылқыны қайқаң бие,  
Көтерген ауыр жүкті атан түйе.  
Бұдан бұрын тойда өлең айтқаным жоқ,  
Қолтықтан көтере бер, түкті әулие.
2066. Басы еді өлеңімнің Ыбрайым,  
Қамшымның ырғай емес, сабы қайың.  
Көпшілік «өлең айт» деп талап қылса,  
Ұршықтай жіп ораған зымырайын.
2067. Басына Қаратаудың қабандаймын,  
Қара өлең қапияда таба алмаймын.  
Таба алмаймын дегенге тап бермеші,  
Қызыл тіл еркін жүйрік амалдаймын.
2068. Басында Хантәңірдің бұлт ойнайды,  
Бауырында құлан, киік, жылқы ойнайды.  
Құрбылар, би билеңдер, ән салыңдар,  
Ойын-той болған жерде жұрт ойнайды.

2069. Басы қайқы болады қабырғаның,  
Мәнісі жоқ бекерге аңырғанның.  
Ойын-той деп келген соң, қызық үшін,  
Аз болса да айтайық табылғанын.
2070. Басынан Қаратаудың арша алайын,  
Аршаны аламын деп шаршамайын.  
Кезікке осы тойда, өттең, қалқа,  
Өзің деп келістіре өн салайын.
2071. Басы еді өлеңімнің сабыр берген,  
Сайланар үлкендердің орны төрден.  
Жүйткітіп ардакердей қоя бердім,  
Өлеңді шаршы топқа келген жерден.
2072. Басынан Қаратаудың қайнар бұлақ,  
Маңғырар қой келгенде жетім лақ.  
Өлеңім тоқсан ауыз, тоғыз мысқал,  
Айтуға шырқап-шырқап қиынырақ.
2073. Басынан Қаратаудың тас құлаттым,  
Қолыма мылтық алып қасқыр аттым.  
Той десе, тыңқылдаймын бәйге атындай,  
Келмейді өлең айтпай қарап жатқым.
2074. Басы еді өлеңімнің айым-қайым,  
Басқаның не қылайын күн мен айын.  
Әріптес, сен іздесең, мен сұраған,  
Өлеңмен тілдің майын тамызайын.
2075. Берейін сөйлеп-сөйлеп, сөз келгенде,  
Жарлының көзі тұнар бөз келгенде.  
Жел сөзді Құдай берген не аяйын,  
Бағландар сіздей-сіздей кез келгенде.
2076. Берейін сөйлеп-сөйлеп сөзден өрнек,  
Болғанда сізден рұқсат, бізден ермек.  
Бұл тойға шай ішкелі келгеміз жоқ,  
Мақсатым таң асырып, қызық көрмек.

2077. Берейін сөйлеп-сөйлеп сөз келгенде,  
Жүйріктің бойы қызар зар желгенде.  
Өлең аяп бұл тойда не қылайын,  
Сіздей-сіздей ағалар кез келгенде.
2078. Берейін ән сал десең, әннен өрнек,  
Тұрған жоқ көмейімді өлең кернеп.  
Азырақ білгенімше ән салайын,  
Отырған жолдастарға болсын ермек.
2079. Берейін сөйлеп-сөйлеп, тыңдасаңыз,  
Талықпай тыңдаған, жұрт, мың жасаңыз.  
Азырақ білгенімше өлеңдетем,  
Артымнан өсек-аяң қылмасаңыз.
2080. Берейін сөйлеп-сөйлеп, сөйле десең,  
Болады ішім қапа сөйлемесем.  
Жел сөздің Құдай берген арқасында,  
Серкедей қой бастаған болдым көсем.
2081. Бетпаққа сусыз біткен ел қонбайды,  
Ажалды ауруға ем қонбайды.  
Үлкендер «өлең айт» деп бұйырған соң,  
Айтпасақ біраз өлең жөн болмайды.
2082. Берейін айт дегенде, заулап-заулап,  
Алмайды жоқ нәрсені бірден даулап.  
Шамаша біраз ғана ән шырқайық,  
Отырған үлкендердің көңілін аулап.
2083. Берейін өлең айтып тамашаға,  
Жақсыға жаман адам жанаса ма.  
Бас қосып үлкен-кіші отырғанда,  
Көңілді көтермесең, жараса ма!
2084. Берейін сөйлеп-сөйлеп сөзден өрнек,  
Болғанда сізден рұқсат, бізден ермек.  
Бұрынғы үлкендерден алған батам —  
«Келгенше жасың жүзге сөйлей бер» деп.

2085. Бетіне ақ қағаздың салдым шимай,  
Тұрған жоқ көкірекке өлең сыймай.  
Өлеңді ақындықпен біз айтпаймыз,  
Көңілін көпшіліктің көтерген ғой.
2086. Берейін сөйле десең, сөйлеп, желіп,  
Сөзіме сөйлегенде әркім жерік.  
Осы әнге әуендетіп салғанымда,  
Кетеді, естіген жан, ішің еріп.
2087. Берейін сөйле десең, дамыл бермей,  
Қалады ысылмаған шаңыма ермей.  
«Сөз алма адамына қарап» деген,  
Сөзімнің ішіне үңіл, сыртын көрмей.
2088. Болғанда жұлдыз кіші, ай көлемді,  
Көңілім ашылады айтса өлеңді.  
Азырақ білгенімше ән шырқаймын,  
Ағалар жақтыртады қайсы өлеңді?
2089. Болсын деп тайым жорға, шаужайлаймын,  
Қойымды семіртем деп тау жайлаймын.  
Өлеңді күнде айтып дағды алмадым,  
Әйтеуір, ермекке бір айғайлаймын.
2090. Боз аттың бойдай талай бой денесі,  
Адамның қолқа-жүрек — жан денесі.  
Өлеңді айт дегенде-ақ, қоя бермей,  
Өлеңнің мұнда отыр ма қайын енесі?
2091. Бұрқайды айт дегенде сөздің желі,  
Тойларда өлең бастар жиып елді.  
Бұл тойда салтанатпен бір бастайық,  
Тойыңыз тойға ұлассын берекелі!
2092. Бисмилла бисмилладан бірден сабақ,  
Алдында үлкендердің жезден табақ.  
Бұл жерде үлкен де отыр, кіші де отыр,  
Тар жерде қиын екен сөз бастамақ.



2093. Бүгін күн бұрынғыны сағынған күн,  
Қайғы мен қасіреттен арылған күн.  
Өлеңді мұнда айтпаған қайда айтамыз,  
Қарыны ақ түйенің жарылған күн.
2094. «Бисмилла» деп әуелі тойды бастар,  
Көк серке көсем келген қойды бастар.  
Әкесі бойжеткеннің мырза болса,  
Кәдеге шапан тұрмақ, жамбы тастар.
2095. Білмеймін мен өлеңді жүзден артық,  
Білем деп тағы айтпаймын сізден артық.  
Мұндайда өлең білмес ынжықтардан  
Үмітті әуел бастан үзген артық.
2096. Біз келдік осы тойға асу асып,  
Дегенге той, жиын бар көңіл тасып.  
Тойына өз ағаның келгеннен соң,  
Кетейік тойға өлеңмен шашу шашып.
2097. Ғашық едім ақ сұңқар баласына,  
Көзіңнің жан тоймайды қарасына.  
Тықыршып қос әріптес отырғанда,  
Сайрамай, қызыл тілім, қаласың ба?
2098. Дәйім менің мінгенім құлагерім,  
Күнде той, күнде думан жүрген жерім.  
Ән десе, бөйге атындай елеңдеймін,  
Ежелден әнге құмар менің елім.
2099. Дегенде бүрлі қайың, бүрлі қайың,  
Басына бүрлі қайың мен шығайын.  
Әріптес, әзілдесіп отырайық,  
Осындай ойын-тойда құрбыдайын.
2100. Дегенде қарашы аға, қарашы аға,  
Жиналды құрбы-құрдас, бала-шаға.  
Әріптес, бастай отыр өлеңді,  
Тыңдайсын жиналған топ тамашаға.

2101. Домбырам, екі ішекті, тиегің тал,  
Қу ағаш, сөйлемейтін не жының бар?  
Өзім өлсем, артымда сөзім қалсын,  
Бозбала, құймақұлақ үйреніп ал.
2102. Домбырам екі ішекті қолға алайын,  
Мен неғып өлең-сөзге құр қалайын?  
Жиналып құрбы-құрдас отырғанда,  
Әндетіп қара өлеңмен жорғалайын.
2103. Домбырам екі ішекті, жұқа қақпақ,  
Тар жерде қиын екен өлең таппақ.  
Артымда өзім өлсем, сөзім қалсын,  
Қызыл тіл, бөденедей жорғалап бақ.
2104. Дүние, дүниеден — дүние белең,  
Көк дөнен шектім шана күймелеген.  
Жел сөздің Құдай берген арқасында,  
Жаныма құрбы-құрдас үймелеген.
2105. Дүние өте шығар ойнақтаған,  
Алды-артын, барды-жоқты ойлатпаған.  
Азырақ білгенімше ән салайын,  
Өлеңді қайда айтамыз тойда айтпаған?
2106. Дүние — қарап тұрсаң, ақсақ елік,  
Келеді кейде аяңдап, кейде желіп.  
Шырқай бер, құрбыласым, осындайда,  
Қыздырған қара өлеңді сіз бір көрік.
2107. Ендеше, ой қарақат, қыр қарақат,  
Басынан алып жедім бір қарақат.  
Осындай мерекеде бас қосқан соң,  
Азырақ ән салайық жайбарақат.
2108. Ей, Алла, таң қаламын құдіретіңе,  
Қайрандап балық шығар су бетіне.  
Өлеңді ақындықпен мен айтпаймын,  
Айтамын көпшіліктің құрметіне.

2109. Ендеше, ырғайлы бет, ырғайлы бет,  
Өтпесе қойың судан «құрайлап» өт.  
Өлеңді қиыстырып айтқанымда,  
Әруағы ата-ананың бір қолдап өт.
2110. Ендеше, тау жайлаймын, тау жайлаймын,  
Болсын деп тайды жорға шаужайлаймын.  
Өлеңді ақындықпен мен айтпаймын,  
Қызсын деп той, тамаша айғайлаймын.
2111. Екі келген дүниеге адам бар ма,  
Тұрып жеген өріктің дәмі бар ма?  
Бұраң бел әріптеске кез болмаса,  
Өлеңнің жалғыз айтқан сәні бар ма?
2112. Ендеше, Қарағайлы, Қарағайлы,  
Көп жылқы қарағайды аралайды.  
Кіші іні, үлкен аға бас қосқанда,  
Отыру бекер қарап жарамайды.
2113. Ендеше, Теріскейлі, Теріскейлі,  
Көп жылқы Теріскейді өрістейді.  
Ішінде шаршы топтың отырғанда,  
Отыру бекер қарап келіспейді.
2114. Ендеше, әнім шекер, әнім шекер,  
Күлмесең, ойнамасаң, заман өтер.  
Бас қосып үлкен-кіші отырғанда,  
Айтқанға бір таң өлең неміз кетер?
2115. Жақ бастайды өлеңді, тіл қостайды,  
Жүйрік келсе бәйгеден ойқастайды.  
Өлең айту қазақтың салты екен,  
Біз айтпасақ, ұрпаққа жалғаспайды.
2116. Жапалақ жалпылдайды жар басында,  
Көңілім орнықпайды сұм жалғанға.  
Тамағым тұмауменен қарлығып жүр,  
Өйтпесе, тәуір едім ән салғанға.

2117. Жарасқан құлағыңа сырға дейін,  
Шығады бүркіт алған қырға дейін.  
Кез болған қиуадан, қос әріптес,  
Тартынбай өлеңді шырқа дейін.
2118. Жастары біздің елдің сылқым сері,  
Күнде той, күнде қызық жүрген жері.  
Ақындықпен өлеңді сен бастасаң,  
Ауылыма барайын мақтап сені.
2119. Жасым бар жиырма, жылым — мешін,  
Тағдырдың кім біледі ерте-кешін.  
Өлеңмен біразарақ шайқасайық,  
Отырған қалың қауым баға берсін.
2120. Жас кезде сүйенесің аяғыңа,  
Кәртейсең жалынасың таяғыңа.  
Таусылмас өле-өлгенше айта берсем,  
Бастаған қара өлеңім баяғыда.
2121. Жайылып мал асады Аласаны,  
Жаратқан пенде үшін тамашаны.  
Шақырды «өлең айт» деп бәрімізді,  
Қаншалық өлең айтсақ, жарасады.
2122. Жоғартынан келемін жолмен саулап,  
Үкілі тұр алдымда омыраулап.  
Өткендерден бойыма дарыпты өлең,  
Өлең десе, тоқтамай кетер заулап.
2123. Жүніндей ақ үкінің үлпілдейін,  
Кісіні жақсы көрген, шіркін, деймін.  
Үлкендер «өлең айт» деп бұйырғанда,  
Жорғадай жолға түскен бүлкілдеймін.
2124. Жылқыда ұстатпайды құла ат маған,  
Құдайдың пендесі жоқ жылатпаған.  
Топ ішінде ән салып, өлең айтып,  
Бұдан бұрын жан едім сынатпаған.

2125. Жігітке өнер де өнер, өлең де өнер,  
Шын жүйрік өрге салса, өршеленер.  
Өлеңнің бір пайдасы тойда тиер,  
Есіктегі басыңды төрге сүйрер.
2126. Жігіттер, айтыңдаршы, түгел өлең,  
Қалмайды қанша айтсаң да түгеп өлең.  
Болады өлең желдей, өлең селдей,  
Дейтұғын адам бар ма түгеді өлең.
2127. Иін екен, ендеше, иін екен,  
Екі иықты көтерген киім екен.  
Кісі тойын бастаған батыр едім,  
Өз тойыңды бастауың қиын екен.
2128. Кез болдың, қос әріптес, қиуадан,  
Өлеңге мен емеспін қиын адам.  
Жарасып осы тойда ән шырқайық,  
Секілді жасыл манат қиюлаған.
2129. Келемін жоғартынан төмен құлап,  
Өлең десе, кетемін оқтай заулап.  
Айтайын білгенімше өлеңімді,  
Отырарсың, құрбылас, әбден тыңдап.
2130. Келеді қыздар тойға алқа салып,  
Арқаға қос бұрымын арта салып.  
Кез болған Қиуадан, қимас қалқа,  
Отырмыз «өлең айт» деп қолқа салып.
2131. Келеді ердің ері екі елуге,  
Қонады қайтқан қаздар мекеніне.  
Сәрсенбі, сәтті күні кез болыппыз,  
Айтамын не деп өлең екеуіңе.
2132. Келгенде қара өлеңге тарынбаймын,  
Әрі-бері айтқан сайын арындаймын.  
Мыңғырған төрт түлігі жерге сыймай,  
Малындай қара өлеңім Қарынбайдың.

2133. Кетейін өлеңімді бір тыңдатып,  
Өлеңім елді аралап жүр түн қатып.  
Анадан ұрпақтарға қалған өлең,  
Кетейін әріптеске сыр тыңдатып.
2134. Келемін жоғартынан жорғамды айдап,  
Тұр екен екі бала бие байлап.  
Шақырды атымды атап «Толғанай» деп,  
Мен бұрдым аттың басын «бұ қалай?» деп.
2135. Көгершін, жүрген жері — Түйемойнақ,  
Ұлардың жүрген жері болар ойнақ.  
Осындай мерекеге жиналған соң,  
Азырақ ән салайын, күліп-ойнап.
2136. Кигенім аяғыма қос табанды,  
Қалқатай, жақсы көрем қостағанды.  
Әріптес, айтысайық кел екеуміз,  
Тыңдаған риза етіп дос-жаранды.
2137. Кигенім аяғыма кебіс еді,  
Қос күрең жылқы ішінде тебіседі.  
Кісінің сыйласқандай баласы едік,  
Өлеңді не деп айтсам келіседі?
2138. Кигенім аяғыма жайпақ табан,  
Баспайды тау мен тасты байпақты адам.  
Көпшілік «өлең айт» деп отырғанда,  
Жарамас топ алдында тайсақтаған.
2139. Көрінер көзге жақсы қызыл тұсақ,  
Тураса қойдың еті болар ұсақ.  
Әкесі әкеміздің өлеңші екен,  
Болайық бізде өлеңші соларға ұсап.
2140. Көк өрік-ті, ендеше, көк өрік-ті,  
Көк өріктің сабағы көгеріпті.  
Жауап бер, біразырақ сөз сұрайын,  
Өткендер бізден бұрын не көріпті?

2141. Көрінер түлкі қызыл қашқандағы,  
Жалғыздың жары Құдай сасқандағы.  
Қарлығып қалған екен, қайран даусым,  
Аққумен ән қосушы ем аспандағы.
2142. Көрінген бұдан бұрын тау жүйелер,  
Баурына үлкен таудың қарға үймелер.  
Бұдан бұрын тойда өлең айтқаным жоқ,  
Қолтықтан көтере бер, әулиелер.
2143. Қайтады мал өрістен шаңырқаған,  
Өнімді естіген жан таңырқаған.  
Өлеңді ақындықпен біз айтпаймыз,  
Көңілді көтеріміз жабырқаған.
2144. Қалқатай, сен де елгезек, мен де елгезек,  
Отырмыз осы арада тілді безеп.  
Өлеңді бағанадан мен шырқадым,  
Ал, енді құрбыласқа келді кезек.
2145. Қалың қаудыр, ендеше, қалың қаудыр,  
Қарағайдың ішіне бие саудыр.  
Көмекейің тесілген ақын дейді,  
Өлеңіңді, қанеки, қардай жаудыр.
2146. Қара су есік алды — қармақ салдым,  
Өнімді қалқатайға арнап салдым.  
Әріптес «өлең айт» деп отырған соң,  
Мен дағы бір-екі ауыз әнге салдым.
2147. Қара су жағалауы қайың екен,  
Қайыңнан алсам құрық дайын екен.  
Отырса «өлең айт» деп жиналған жұрт,  
Өлеңді айтпағаным айып екен.
2148. Қара су, есік алды долана екен,  
Бұлбұл құс доланаға қона ма екен?  
Көпшілік «өлең айт» деп отырғанда,  
Айтпасақ бұл өлеңді бола ма екен.

2149. Қара су есік алды — түбі терең,  
Келіпті қос әріптес жұбыменен.  
Жүйрікті жұлде бермес жұрт сынайды,  
Айтысып көрейікші түніменен.
2150. Қара су есік алды қамысты ма,  
Қалқаның мінген аты шабысты ма?  
Сағынып ән, дауысын жүргенімде,  
Ішінде шаршы топтың табысты ма?
2151. Қара су, есік алды қамыс екен,  
Жігітке өлең айтпау намыс екен.  
Шырқаған ақ отауда шығандатып,  
Дауысы қалқатайдың таныс екен.
2152. Қара су есік алды үйрек жүзген,  
Жерім жоқ, қалқа, сенен үміт үзген.  
Тықыршып өлең десе, тоқтамаймын,  
Жүйріктей құйрығы мен жалын сүзген.
2153. Қара су, есік алды қалың бүрген,  
Бүргенді аралайды жолын білген.  
Құрбылар, өнеріңді ортаға сал,  
Ғанибет осындайда ойнап-күлген.
2154. Қарашы, мына сөздің кедергісін,  
Алады қыздар иіп тал кергішін.  
Қимылда барың болса, замандасым,  
Берейін кетеріңде сөз белгісін.
2155. Қаратаудың басынан аса келдім,  
Жапырағын жайқалтып баса келдім.  
Әлпештеген ауылдың бір еркесін,  
Атын айтып өлеңге қоса келдім.
2156. Қарындаш, қалам алсам көңілім қақ,  
«Бергенше таудай талап, тарыдай бақ».  
Ән салып ауылыңа келгенімде,  
Қызыл тіл, тыным алмай зымырап бақ.



2157. Қарала аяқ, ендеше, қарала аяқ,  
Қараламды суардым жалаңаяқ.  
Көмекейің төселген ақын дейді,  
Өлеңіңді айта бер, аямай-ақ.
2158. Қарағым, өлең айтам, міне, сізге,  
Көңілім орнықпайды білімсізге.  
Асылдың қиқымындай қиық болсаң,  
Жақсырақ өлең айтып берсең бізге.
2159. Қаршыға қайырғанмен бүркіт болмас,  
Қара су қайнатқанмен іркіт болмас.  
Өлеңді айт дегенде қоя бермей,  
Жел сөзді Құдай берген іркіп болмас.
2160. Қонғаны ауылымның Сібер деймін,  
Атымды Сібер жерге шідерлеймін.  
Көсілген көмекейің ақын дейді,  
Өлеңді қара дауыл жібер деймін.
2161. Қонғаны ауылымның Ластай-ды,  
Соққан жел Ластайды құлаштайды.  
Өлеңді айт дегенде қоя бермей,  
Отырған бекер қарап ұнаспайды.
2162. Қолымда бір қамшым бар күмістеген,  
Ұсталар күн істеген, түн істеген.  
Өлең айт тәуір-тәуір, құрбыласым,  
Отырдым қасыңа кеп қиыс төмен.
2163. Қонады торғай ұшып томаршаға,  
Жиылар топ болғанда бала-шаға.  
Ұлы той жақсылықтың кезеңінде,  
Отырған бекер қарап жараса ма?
2164. Қылдан арқан қиылып, есіледі,  
Бесті керім астымда көсіледі.  
Мұнда айтпаған өлеңді, қайда айтамыз,  
Ақын жігіт той күні шешіледі.

2165. Мекенім — Аққолөзен басы қарлы,  
Емеспін сөзге кедей, әнге зарлы.  
Мереке күнде мұндай табылмайды,  
Айтайын осындайда ойда барды.
2166. Мінгенім дәйім менің сал қарагер,  
Майда жал, күміс құйрық бал қарагер.  
Не тыңдар естіген жан, не тыңдамас,  
Қызыл тіл, білгеніңді зарлата бер.
2167. Мінгенім дәйім менің арық сары ат,  
Ұшырған қаршығаны екі қанат.  
Берейін бір-екі ауыз өлең айтып,  
Отырған көпшілікке қойып талап.
2168. Мына тау, ана таумен төтелейін,  
Сары атан сандық артқан жетелейін.  
Өлеңді ақындықпен мен айтпаймын,  
Көңілді жабырқаған көтерейін.
2169. Мінгенім дәйім менің торы құнан,  
Үркеді торы құнан тобығынан.  
Өлеңді баста десең, мен бастайын,  
Сай келген төрт түлігі толығынан.
2170. Не қызық, білген жанға өлең қызық,  
Кетпей ме өлең десе, денең қызып.  
Өзім өлсем, артымда сөзім қалсын,  
Берейін балаларға өлең тізіп.
2171. Не қымбат дүниеде, білім қымбат,  
Тұратын барлық істі білім ымдап.  
Көргенде балаларды көңіл өсер,  
Бірі айтып отырғанды бірі тыңдап.
2172. Немене, өлең деген сала бермей,  
Бәйге алған жұма сайын қарагердей.  
Отыру бекер қарап келіспейді,  
Өлеңді келген жерден қоя бермей.

2173. Немене, өлең деген ой емес пе,  
Қорадан өріп шығар қой емес пе?  
Айтпаған мұнда өлеңді қайда айтамыз,  
Бас қосқан туыстардың тойы емес пе?
2174. Немене, өлең деген сөз емес пе,  
Танитын дүниені көз емес пе?  
Өлеңді азын-аулақ айтушы едім,  
Жас келіп, біз қартайған кез емес пе?
2175. Немене, тойда өлең айтатұғын,  
Жалтақтап оған-бұған қарайтұғын.  
Қорғанып, бекер қарап жараса ма,  
Ән шырқап, өлең айту қалайтыным.
2176. Немене, өлең деген сөз емес пе,  
Адамды адастырмас көз емес пе?!  
Құрбылар, өнерінді ортаға сал,  
Жастықтың жайнап тұрған кезі емес пе?!
2177. Ноқта салдым керіге үзбелеген,  
Құрбы келді қасыма бізді елеген.  
Орын қойдым оң жақта, жақын отыр,  
Өлеңім бар арнаулы сізге деген.
2178. Ой — жүйрік, сапар — алыс, ғұмыр — қысқа,  
Замана түзеліп тұр біздің тұста.  
Айтамыз өлеңді біз ермек үшін,  
Әйтпесе, жұрт тыңдарға емес нұсқа.
2179. Оның рас, құрбылас, Теріскей-ді,  
Өлең ортақ халқыма, бөліспейді.  
Өлең деген адамға ырыс емес,  
Кенже қалсаң өлеңнен келіспейді.
2180. Орын тапшай, албаты ән салмаймын,  
Ән салғанда алдыма жан салмаймын.  
Айызына келтіріп ән салғанда,  
Бәйгеден келген кердей алшаңдаймын.

2181. Оралайын ал енді кеңесіме,  
Өн салған соң түседі сөз есіме.  
Жастар келіп «өн сал» деп қолқалайды,  
«Тіл алмайды» ағамыз демесін де.
2182. Өлеңді айт дегенде, тұрыс болмас,  
Сөзінде үлкендердің бұрыс болмас.  
Өлеңді «айт» деген соң, мен айтайын,  
Жел сөзді аяғанмен ырыс болмас.
2183. Өлеңнің әри-айдай басы емес пе,  
Жағасы өзен судың тас емес пе?  
Барында оралыңның ойна да күл,  
Қызығың іздеп жүрген осы емес пе?
2184. Өлеңнің баста десең, басы менде,  
Майысқан балдырғандай жасы менде.  
Қайтарып қара бұлтты қар жаудырған,  
Жайшының шыбар ала тасы менде.
2185. Өлеңді жақ бастайды, тіл қостайды,  
Бәйгеден келсе жүйрік ойқастайды.  
Ақындық атасынан үзілмеген,  
Өлеңді біз бастамай, кім бастайды?
2186. Өлең бастап айтқанда қысыламын,  
Айтқан сайын өлеңді ысыламын.  
Ақындықпен өлеңді айтқаным жоқ,  
Кезекті сіздерге енді ұсынамын.
2187. Өлеңді айт дегенде, айта алмаймын,  
Көңілін көпшіліктің қайтармаймын.  
Домбыра алып бір-екі ауыз әнге салсам,  
Жорғадай жолға түскен майпаңдаймын.
2188. Өлеңді айт дегенде, тоқталар ма,  
Басынан шын жүйріктің ноқта алар ма.  
Барында тіршіліктің ойна да күл,  
Мереке күнде осындай топ болар ма.

2189. Өлеңнің әри-айдай басы емес пе,  
Жағасы өзен-судың тас емес пе.  
Бөгеліп бос отыру жараса ма,  
Ойынның бастаушысы жас емес пе.
2190. Өлеңді баста десе, бастайын да,  
Құмарым өлең еді жастайымда.  
Қайда барсам серігім осы өлеңім,  
Жанымнан серігімді тастайын ба?
2191. Өлеңді баста десе, бастайық та,  
Үйректей еркін жүзген Ақжайықта.  
Өлеңді біз тұрғанда кім бастайды,  
Көңілді бір көтеріп тастайық та.
2192. Өлеңді айту керек жайлап қана,  
Келтіріп нақышына сайлап қана.  
Дариядай шалқып жатқан болмасақ та,  
Бұлақтай көзден шыққан қайнап қана.
2193. Өлеңді ең әуелі ақын айтар,  
Алдында ақын сөзін жақын айтар.  
Өлеңді айт дегенде, айтпай қойсақ,  
Отырған жамағаттың көңілі қайтар.
2194. Өлеңді айт дегенде, недер болар,  
Қанаты қаршығаның бедер болар.  
Өлеңді біле тұра айтпай қойсақ,  
Отырған үлкен-кіші сөгер болар.
2195. Өлеңді баста десе, жігіт бастар,  
Отырған бастай алмай есіл жастар.  
Барында оралыңның ойна да күл,  
Барады өтіп жалған, даң құрдастар.
2196. Өлеңді ө дегенде бастау қиын,  
Лебізін үлкендердің тастау қиын.  
Төрт сөзді түгелімен айтпаған соң,  
Барқырап, көп ішінде қақсау қиын.

2197. Өлеңді айт дегенде, айтушы едім,  
Сыбызғы, қара құрай тартушы едім.  
Балалар бастықпаған бастықсын деп,  
Желдіріп қара өлеңмен қайтушы едім.
2198. Өлеңді білген адам төкпелейді,  
Кетпесін сөзім зая текке дейді.  
Берейік өлең айтып үлкендерге,  
Бермесек өлең айтып, өкпелейді.
2199. Өлеңім толқын көлдей, ескен желдей,  
Болмайды ойын-күлкі жастар келмей.  
Жүрегім өлең десе тоқтамайды,  
Бөйге алған жұма сайын қарагердей.
2200. Өлеңді айт дегенде, аңырмаймын,  
Аққудай көлден ұшқан мамырлаймын.  
Үлкендер өлең айт деп бұйырғанда,  
Көрінген көз ұшында сағымдайын.
2201. Өлеңді жақ қайырып, тіл айтады,  
Сөзіме қандай адам мін айтады.  
Қаракөк тұқымынан үзілмеген,  
Өлеңді мен тұрғанда кім айтады?
2202. Өлеңді жақ айтпайды, тіл айтады,  
Жайлаудан күз болған соң ел қайтады.  
Жиылдық қызық-думан, ойын тойға,  
Өлеңді мұнда айтпаған қайда айтады?
2203. Өлеңді баста десең, ал бастайын,  
Тізілтіп сөз маржанын мен тастайын.  
Кез болған осы тойда, жаным, сәулем,  
Бөйге алған қарагердей ойқастайын.
2204. Өлеңді айт дегенде ар болар ма,  
Қарағай жіңішкеріп тал болар ма.  
Өлеңді айт дегенде, қоя бермей,  
Жігітке өлең шіркін мал болар ма?!

2205. Өлең, өнер жігітке емес мақтан,  
Жақсы өлең айтасың сөзін тапсаң.  
Өзге қымбат болғанмен, өлең арзан,  
Өлең қаулап келеді тіл мен жақтан.
2206. Өлеңді айтқан жақсы білген кісі,  
Тар жерде ұялады күлген кісі.  
Өлеңді тойда айтпаған, қайда айтамыз,  
Табылмас күнде мұндай ойын-күлкі.
2207. Өлеңді айт дегенде, тіл айтады,  
Тіліме қандай мырза мін айтады.  
Бұралып тал-шыбықтай сіз тұрғанда,  
Алдымен той бастарды кім айтады?
2208. Өлеңді баста десең, тайынбаймын,  
Айтқан сайын тебіндеп, арындаймын.  
Айтысатын әріптес әкеліп қой,  
Айтуға қара өлең дайындаймын.
2209. Өлеңді мен бастайын әнге салып,  
Отыру жараспайды бастап алып.  
Ауылдың алты ауызын айтайыншы,  
Отырған тыңдаңыздар, барша халық.
2210. Өлеңді тіл бастайды, жақ қостайды,  
Бәйгеден жүйрік келсе ойқастайды.  
Кез болған осы тойда әнші жігіт,  
Салтымен бұрынғының сөз бастайды.
2211. Өлеңді айт дегенде, бастау қиын,  
Үмітін көпшіліктің тастау қиын.  
Төрт сөздің басын қосып айта алмаса,  
Жиылған топ ішінде қақсау қиын.
2212. Өлеңмен енді, міне, той бастайын,  
Отырған көпшілікке ой тастайын.  
Құттықтап тойлы ауылға келгеннен соң,  
Азырақ өлеңменен ойқастайын.

2213. Өмір-ау, бір күн өтіп сынбасаңыз,  
Қанатты талмастай қып шыңдасаңыз.  
Азырақ құрмет үшін ән салайын,  
Отырған, үлкен-кіші, тыңдасаңыз.
2214. Өлеңді айтпай болмас, білгеннен соң,  
Тер шығар шын жүйріктен, желгеннен соң.  
Өлеңді айт дегенде, тұра алмаймын,  
Үлкендер рұқсатын бергеннен соң.
2215. Өлеңім айдын көлдей, соққан желдей,  
Болмайды той-мереке ақын келмей.  
Барында қолда заман күліп-ойна,  
Кім қалар бұл жалғаннан ақырда өлмей?
2216. Өлеңді айт дегенде, тұрған болмас,  
Талабын үлкендердің бұрған болмас.  
Өлеңді айт дегенде, сала берме,  
Ешкімге, өлең шіркін, иман болмас.
2217. Өлеңді айт дегенде, несі қиын,  
Соғыпты гауһар тастан Нұқтың үйін.  
Барында оралыңның ойна да күл,  
Жоқ дейді өлгеннен соң ойын, жиын.
2218. Өлеңді айт дегенде, қозғайтұғын,  
Өлеңге тіл мен жағым тозбайтұғын.  
Мереке табылмайды күнде мұндай,  
Несі тұр топты жарып озбайтұғын.
2219. Өлеңді баста десең, мен бастайын,  
Артыма жібек шашбау бос тастайын.  
Жақсылар сіздей-сіздей кез келгенде,  
Жорғадай жолға түскен ойқастайын.
2220. Өлеңім айдын көлдей, соққан желдей,  
Болмайды той-мереке ақын келмей.  
Ақын келсе, атағы жер жарады,  
Өрлеген Тасбұлақты кемеңгердей.



2221. Өлеңім өзен судың өркешіндей,  
Қара тас, ел жайласа, желкесіндей.  
Тықыршып өлең десе тұра алмаймын,  
Ауылдың қой бастаған серкесіндей.
2222. Өлеңді айт дегенде, айтқан қызық,  
Құдайым туған күні қойған сызып.  
Барында оралыңның ойна да күл,  
Тамаша, ойнап-күлген қандай қызық.
2223. Сұрасаң руымды Тілеуқабак,  
Керілер ән салғанда қас пен қабақ.  
Көңілдің қуанышын жырға қосып,  
Келді ғой бар дауыспенен ән салар шақ.
2224. Өлеңді айт дегенде, аңырама,  
Тойда өлең ақын жігіт жаңылар ма?  
Барында тіршіліктің ойна да күл,  
Өлең, той күнде мұндай табылар ма?
2225. Өлеңді айт дегенде, аяймын ба,  
Жақсының жаңа келдім маңайына.  
Келген соң ұлы тойдың ортасына,  
Көңілді бір серпілтіп қалайын да.
2226. Өлеңді айт дегенде, ар болар ма,  
Тұлпарда арықтаған жал болар ма.  
Өлеңді айт дегенде, қоя бермей,  
Жігітке, өлең шіркін, мал болар ма?!
2227. Өлеңді айт дегенде, бөгелмеймін,  
Дүние де тірі жүрсем, не көрмеймін.  
Әріптес, іздегенің өлең болса,  
Қозыдай қара өлеңді көгендеймін.
2228. Өлеңді айт дегенде, айта алмаймын,  
Жорғадай жолға түскен майпаңдаймын.  
Өлеңді ақындықпен мен айтпаймын,  
Лебізін көпшіліктің қайтармаймын.

2229. Өлеңді айт дегенде, несі қиын,  
Соқтырған сом алтыннан нұрдың үйін.  
Өлеңді айт дегенде, қоя бермей,  
Жаманға өлең тұрғай, сөз де қиын.
2230. Өлеңді жақ бастайды, тіл қостайды,  
Қаракөк жылқы ішінде ойқастайды.  
Баласы текті ананың, мінеки — біз,  
Өлеңді біз тұрғанда кім бастайды?
2231. Сазға қонған аққудай жайлауымыз,  
Осы тойда ән салмай не қыламыз?  
Өлеңді шырқап қал, ой, әріптес,  
Таң атқан соң арманда айырылармыз.
2232. Сандық салған сары атан көш бастайды,  
Жылқы ішінде қаракөк ойқастайды.  
Ата-бабам ақын болып өскен екен,  
Мен тұрғанда өлеңді кім бастайды?
2233. Сарғайып сары белден таң келеді,  
Артынан жүйрік аттың шаң келеді.  
Өлеңді айт дегенде, қоя бермей,  
Кейбір жан менменсіген, паң келеді.
2234. Сөйлей бер, қызыл тілім, дүлдүл шағым,  
Бұйрықсыз кім алады кімнің бағын!  
Талықпай, шаршы топта шарықтай бар,  
Қалғанша жерге түсіп тіл мен жағың.
2235. Сөйлей бер, қызыл тілім, шал боларсың,  
Қу томар отқа жаққан дал боларсың.  
Қалмасаң осындайда күліп-ойнап,  
Бұл күнге әлі-ақ ертең зар боларсың.
2236. Сөйлейін «бисмилла» деп сөздің басын,  
Төгеді қайғылы жан көздің жасын.  
Азырақ білгенімше сөз сөйлейін,  
Балалар осы отырған құлақ салсын.

2237. Сөйлеп-сөйлеп берейін сөз келгенде,  
Көзі тұнар жаманның бөз келгенде.  
Бұнда айтпаған өлеңді, қайда айтамыз,  
Өңшең жақсы жиналып кез келгенде.
2238. Сорбастау жақсы жайлау жайлағанға,  
Үйретіп асау құлын байлағанға.  
Осы рет той болған соң келдім жетіп,  
Не жетсін, көппен бірге ойнағанға!
2239. Сылдыр үзбе, әріптес, сылдыр үзбе,  
Жігіт келді қасыңа білдіңіз бе?  
Ақын келіп қасыңнан орын алса,  
Не деп өлең айтасың, енді бізге.
2240. Тамызам қара өлеңнен сөздің майын,  
Әріптес біледі ғой сөздің жайын.  
Айтамыз біраз өлең той болған соң,  
Өнерді сізден аяп не қылайын?
2241. Тау да өлең, тас та өлең, ағаш та өлең,  
Дау да өлең, ақыл да өлең, оғаш та өлең.  
Жер де өлең, мал да өлең, жан да өлең,  
Дос та өлең, туыс та өлең, алаш та өлең.
2242. Таусылмас айта берсем қара өлеңім,  
Айтайын тағы талай бар өлеңім.  
Жабырқаған адамды жадыратқан,  
Шерін жазған талайдың дәрі өлеңім.
2243. Тері илейді шешеміз тон болсын деп,  
Пұшпақтарын керемі мол болсын деп.  
Өлеңді ақындықпен біз айтпаймыз,  
Көпшілікке айтамыз жол болсын деп.
2244. Торы айғыр тоқпақ жалды далада тұр,  
Жақсы кілем басы тиіп қалада тұр.  
Бұл тойда айтысуға сөз таппасаң,  
Құшақтап қу тізеңді қара да тұр.

2245. Торы аттың кесте тіктім тоқымына,  
Арпаның ат семірттім қоқымына.  
Жамағат, мен айтамын білгенімді,  
Өлеңнің бармасам да оқуына.
2246. Той бастайды, ендеше, той бастайды,  
Асықпаған бұл тойды жай бастайды.  
Бойжеткеннің туысы жомарт болса,  
Шапан тұрмақ, алдыға тон тастайды.
2247. Той бастаңдар, жігіттер, той бастаңдар,  
Тойдың басын «бисмилла» деп бастаңдар.  
Думандатқан бүгінгі ортамызды,  
Той бастаған, жігіттер, көп жасаңдар.
2248. Ұшады көлден аққу қазыменен,  
Жүреді көл жағалай жазыменен.  
Өлең, той, ақын жігіт әр жерде бар,  
Қозғаушы өлеңіңді назыменен.
2249. Ұршығым қолымдағы қорғасыннан,  
Өлеңге құмар болдым он жасымнан.  
Бастай бер барың болса, замандасым,  
Айырылдым сізге бола жолдасымнан.
2250. Ұшады аққу көлге шаңырқаған,  
Әнсізді естіген жан таңырқаған.  
Өлеңді ақындықпен мен айтпаймын,  
Көңілді көтереміз жабырқаған.
2251. Ұшады қыран бүркіт аспанға өрлеп,  
Рұқсат үлкендерден бізге келмек.  
Рұқсат үлкендерден берілген соң,  
Азырақ бізге міндет сөйлеп бермек.
2252. Үстімде жалтылдаған сұр камзолым,  
Жат жан жоқ, жасқанатын бәрі өз елім.  
Алдында ағалардың ән шырқасам,  
Ашылар айтқан сайын сары өзегім.

2253. Үстiмде бiр мешпетiм нақ асылдан,  
Киедi нақ асылды бағы ашылған.  
Тықыршып өлең десе, тоқтамаймын,  
Жүйрiктеi кермедегi таң асырған.
2254. Шөбi шүйгiн дейдi ғой қарағайды,  
Қарағайды мал оттап аралайды.  
Өлең азық, мал болмас бiлген жанға,  
Кенже қалу өлеңнен жарамайды.
2255. Шығады өлең қайдан, сөз болмаса,  
Жүредi кiм жетектеп, көз болмаса.  
Жiгiттiң бiр арманы iште кетер,  
Әрiптес осындайда кез болмаса.
2256. Iшiнде бау-бақшаның шынар едiм,  
Қайырып басын тартсаң, сынар едiм.  
Барында заманыңның күл де ойна,  
Өзiңмен айтысуға құмар едiм.
- \*\*\*
2257. Адырдан айдақтаса қашар түлкi,  
Жiгiттiң қайда қалмас жиған мүлкi.  
Барында оралыңның ойна да күл,  
Тұрмайды жастық шағың осы күнгi.
2258. Айтайын айт дегенде, әлде ненi,  
Iлдiрдiм қырғи салып бөдененi.  
Мен — аңшы, алдымдағы сен бiр түлкi,  
Қырғидай iлiп түссем деймiн сенi.
2259. Аюды атып алдым жатқан ұйықтап,  
Терiсiн сойып алдым бiраз тоқтап.  
Кеткенде ауылың алыс, қимас қалқа,  
Отырмын өлең айтып, сiздi мақтап.
2260. Алыстым ақ аюмен «А, Құдайлап»,  
Таласа өлiм-өмiр алдымда ойнап.  
Айласы аңшы адамның көп болған соң,  
Жыртқышты жетелегем матап-байлап.

2261. Аюды алған талай апанынан,  
Доңыздың қорықпаушы ем қабанынан.  
Ауылы қалқатайдың алыс кетіп,  
Таусылып жүрмін, міне, табанымнан.
2262. Аң атсаң, қу жаныңды жеп атасың,  
Құмарым қансын-ау бір деп атасың.  
Болады төбем көкке жеткендей-ақ,  
Ата-ана берсе егер ақ батасын.
2263. Аңшының қанжығасы қан боп жүрер,  
Кей-кезде қауіп-қатер жанға төнер.  
Сонда да қызықтырар бабамыздан  
Ұрпаққа мұра болып қалған өнер.
2264. Аңшының болмаса да көріпкелі,  
Құрамын темір қақпан серіппелі.  
Құдайым несібемді түзден салған,  
Құныққан аңшы аңынан жеп пе еді?
2265. Ашылар аң ауласа — көңіл кілті,  
Жеткізбес күдір жерден қашқан түлкі.  
Отырмай бекер қарап, өн салайық,  
Тамаша болсын қызық, ойын-күлкі.
2266. Ауға-қауға, ендеше, ауға-қауға,  
Бүркіт салған шығады биік тауға.  
Бүркітке қырдан қызыл түлкі алғызып,  
Беремін қалқатайға соны сауға.
2267. Әсемдетіп тігесің ою, кесте,  
Ұмытпаймын дегенің бәрі есте.  
«Әттегені» аңшының көп болады,  
Бір жауабын алайын осы кеште.
2268. Әуеде ұшып жүрген ұлар ма екен,  
Баласын атып алса жылар ма екен.  
Азырақ аң-құс жайын өлең қылсам,  
Құрбылас, құлағыңа ұнар ма екен?

2269. Өуеде ұшып жүрген торғай ма екен,  
Баласын ол да болса қорғай ма екен.  
Мына жақтан бір дауыс естіледі,  
Даусына сәулетайдың ұқсар ма екен?
2270. Базардан алып келген темір қақпан,  
Қақпанмен түлкі алады ебін тапқан.  
Аршыған жұмыртқадай бір мінің жоқ,  
Анаңнан айналайын сені тапқан.
2271. Басынан биік таудың тас құлаттым,  
Қолыма мылтық алып аю аттым.  
Аң аулап, алыс жолдан келгенімде,  
Жанымда сен болмасаң, қайтіп жаттым?!
2272. Береннің оқ басамын таңдайына,  
Өйтпесем қапелімде қалмаймын ба?  
Аң аулап, алпарысып жүргенімде,  
Құдай-ау, бақ бере гөр маңдайыма!
2273. Биебау қара текше біздің қоныс,  
Кеткенде есте сақта ауылың алыс.  
Арасан, Бүрген текше қандай жақсы,  
Жүрейік араласып барыс-келіс.
2274. Биіктен тарттым құстың томағасын,  
Жігіттер, кедей болсаң, қой бағасың.  
Құс салсаң, кейбір күні түлкі аласың,  
Кей күні ешнәрсе жоқ, құр қаласың.
2275. Ерінбей тұзақ құрдым аңшыға ұқсап,  
Берейін Ұлытаудан ұлар ұстап.  
Еліңнен мен секілді мерген көрсең,  
Айырылма, етегінен мықтап ұстап.
2276. Жайылған малы Киік Қарынбайдың,  
Тарынсам, Қарынбайша жарылмаймын.  
Берейін ерсең маған асыл тері,  
Аласың мүшелік ет, бәрі дайын.

2277. Жақсы екен монополка аң атуға,  
Аз қалды мен жүрейін таң атуға.  
Тұсыңнан ауылыңның ән саламын,  
Әнменен қалқатайды оятуға.
2278. Жасымнан аң ауладым жатпай-тұрмай,  
Қалқаға күнде бардым көңілін қимай.  
Бұлғақтап отыр ма екен, қалқатайым,  
Бүркіттің сырты сұлу тұлғасындай.
2279. Желгенде таң қаласың құлан заулап,  
Аңшылар алады ғой оны да аулап.  
Кеткенде алыс ауылың, қалқатайым,  
Жүрелік ебін тауып көңіл аулап.
2280. Жолына атқы құрдым қара аюдың,  
Терісі көрпе болар бір аюдың.  
Астыңа аю терісі жарасады,  
Қызы едің бірге өскен, бай ауылдың.
2281. Жолына атқы құрдым сары аюдың,  
Аузынан жаттым тосып терең сайдың.  
Терісін сары аюдың алып барып,  
Төріне іліп кетсем қалқатайдың.
2282. Жүреді тау сағалап топ дуадақ,  
Ұстадым тұзақ құрып бір дуадақ.  
Бергенде өзің көңіл, сәулетайым,  
Алыстан атыңды естіп келдім қалап.
2283. Жігіттер, неге отырсың аңға бармай,  
Келмейді жігіт сәні қаршыға алмай.  
Үстіне бұлғын ішік кигізіп қой,  
Артыңнан еріп жүрсін бір күн қалмай.
2284. Не жетсін, қыстың күні у салғанға?  
Улатып қасқыр менен түлкі алғанға.  
Түлкінің терісінен ішік тігіп,  
Кигізем аман болса қалқажанға.



2285. Отындай сексеуілдің шоқтанайын,  
Тұйғындай үйрек алған оқталайын.  
Алдыма сәулетайым кез келгенде,  
Несіне бұқпантайлап тоқталайын.
2286. Өнері біреулердің қақпан боп жүр,  
Қақпанын білдірместей жапқан боп жүр.  
Қай жерде қасқыр, түлкі ізі бар деп,  
Жотамен өрлі-қырлы шапқан боп жүр.
2287. Кәрісі түлкілердің қақпан баспас,  
Ондайды күшік түлкі ойлап жатпас.  
Айлакер, түлкі қанша қу болса да,  
Қақпаным қанды еді, құры жатпас.
2288. Көзге атқан құралайды мерген едім,  
Алғамын алғысын көп ергендердің.  
Әйгілі, аты шыққан аңшы тұрсам,  
Сәулетай, мені неге тең көрмедің.
2289. Қайырып, қазға салған ақ сұңқарым,  
Құтқармай ұстаушы еді соның бәрін.  
Қызығын көзбен көрсе құсбегінің,  
Аңшыға аңсары ауар қалқатайдың.
2290. Қайырып қаршығамды салдым құсқа,  
Қаршығам құтқармайды тілеп ұшса.  
Қалқатай, ақылыңнан адаспасаң,  
Сен менің етегімнен мықтап ұста.
2291. Қайырып қаршығамды қазға салдым,  
Көлінде қаз болмаса, үйрек алдым.  
Кеткенде алыс ауылың, қимас қалқа,  
Бұрылып қарамайсың, неден жаздым?
2292. Қайырып қос құлағын қақпанымның,  
Көп жылдар май суырдың баққам інін.  
Күсет боп саудам менің келеді әйтеуір,  
Барлығы базарда пұл тапқанымның.

2293. Қайырып қаршығамды салдым құсқа,  
Қаршығам дәл бабында осы тұста.  
Не керек арадағы дұшпан сөзі,  
Екі жас еркіменен көңіл қосса.
2294. Қаратау көріп тұрмын биігіңді,  
Атайын мерген болып киігіңді.  
Құс салып, жүйрік мініп, саят құрсам,  
Басар ем өрттей шалған күйігімді.
2295. Қосауыз қолымдағы, құс атайын,  
Өр күні құс атуды ұнатамын.  
Не жетсін, дүние де құс аулауға,  
Сені де алып шығып қуантамын.
2296. Қолымда қара шиті, аң атайын,  
Аңымның терілерін мен сатайын.  
Ақшама алтын алқа сатып алып,  
Мойнына қалқатайдың мен асайын.
2297. Құс салу аса қызық бұл жалғанда,  
Қаршығаң қуанасың қаз алғанда.  
Қалқатай, кешке таман алдымнан шық,  
Құс салып, олжалы боп оралғанда.
2298. Құс болсаң, жібектен бау тағар едім,  
Күмістен тұғырыңды жабар едім.  
Мойныңа сары алтыннан алқа тағып,  
Қолға алып, сылап-сипап бағар едім.
2299. Құланды атып алдым ойнақтаған,  
Қасқырды қойға шапқан құлақтағам.  
Кеткенде алыс ауылың, қимас қалқа,  
Өнімді алғаш рет сізге арнағам.
2300. Құрамын кекілікке желі тұзақ,  
Ұстайды желі тұзақ бөрің бір-ақ.  
Бергенде өзің көңіл, қалқатайым,  
Отырмын аң-құс жайлы өлең құрап.

2301. Қыс болса, қырғауылға құрам құрақ,  
Шілді ұстау басқалардан оңайырақ.  
Жақсылап шілдің етін қуыра алмас,  
Алғаның болса егер орашолоқ.
2302. Қызықтың ең үлкені қабылан атқан,  
Үркітіп, айдап шығып терең шаттан.  
Терісі теңбіл қабылан табылмайды,  
Ауылдың сендей жаман қызын сатсаң.
2303. Қызық қой, қыран құсың қолда болса,  
Астыңда мінген атың жорға болса.  
Шалдығып салбұрыннан қайтқан кезде,  
Ауылы қалқатайдың жолда болса.
2304. Қыранға қиядағы тор жаямын,  
Торыма кептер байлап, кең жаяйын.  
Қырандай қиядағы ұстап алсам,  
Түлкісін қырдың қызыл алдырайын.
2305. Мәлінді құтқармасын қолым білер,  
Ілбісті тоғайдағы Құдай білер.  
Қанша қу болса дағы түлкі залым,  
Қолына аңшы адамның бір ілінер.
2306. Мергенге ақыл деген болар серік,  
Бермейді бір басыңа өкең ерік.  
Кеткенде алыс ауылың, қимас қалқа,  
Кетерсің ақылың болса, маған еріп.
2307. Мергенмін Ұлытаудан ұлар атқан,  
Жерінде бұғып жатқан бастан атқан.  
Төрт бөліп жүрмін күнде түн ұйқымды,  
Айырылып қалам ба деп асыл заттан.
2308. Тауға шығып барамын «кербалақтап»,  
Орман түлкі жанымда жүр салақтап.  
Айырылмасқа ант ішкен сәулетайым,  
Қандай жерде жүр екен көзі алақтап?

2309. Тауешкі қия таста елбеңдеген,  
Атады сығаламай анық мерген.  
Кеткенде ауылың алыс, қимас қалқам,  
Өзіңе құмарландым көрген жерден.
2310. Тиегі қақпанымның қатқан қайың,  
Талай жыл жел, жаңбырда жатқан қайың.  
Аң аулап, алыс жолдан келгенімде,  
Ауылы жолда болса қалқатайдың.
2311. Түлкіні «қу» дегенмен иттен қу ма?  
Қу болса, келсін оған жолығуға!..  
Арқырап үйірде боп, жылқы жимай,  
Ат сорлы қам көңіл боп торығуда.
2312. Түлкіні қыран бүркіт құтқармайды,  
Түлкі де жан сауғалап бұлтақтайды.  
Күлім көз, оймақ ауыз қалқатайдың,  
Басына таққан үкі бұлғақтайды.
2313. Түлкіні құтқармайды жүйрік тазы,  
Түлкіге жете алмайды жаман тазы.  
Кетпейді күндіз естен, түнде түстен,  
Қалқаның базынаға айтқан назы.
2314. Ұстадым қақпан құрып қарақұйрық,  
Қақпанға теке түсер болса бұйрық.  
Қақпанды баспайсың ғой, қалқатайым,  
Өзіңе салсам деймін ұзын құрық.
2315. Ұшырдым қаршығамды қырғауылға,  
Құмармын бала кезден құс салуға.  
Қолыма қондырып ап қаршығамды,  
Айналып барып тұрам қызды ауылға.
2316. Үзе алмас, арлан түссе, шынжырымды,  
Тұрады жылжитпай-ақ ұзын түнді.  
Терісін аю, қасқыр қабат берем,  
Байеке, берсең сұлу бір қызыңды.

2317. Ұшып жүрген әуеде ақсары ма екен,  
Атып алсам баласы қақсар ма екен.  
Жаныма қос ат алып, суыт жүріп,  
Ауылына қалқатайдың барсам ба екен.

2318. Ыс салдым ұстайын деп түлкі ініне,  
Қызықтым алайын деп терісіне.  
Барлығын ұясынан қырып алдым,  
Қарамай жасы менен кәрісіне.

2319. Ысқырып түлкі қағам терең сайдан,  
Арылып аң аулаймын уайымнан.  
Төрт бөліп түн ұйқымды жүрмін күнде,  
Бір хабар бола ма деп қалқатайдан.

\*\*\*

2320. Кеп отырмыз, ендеше, кеп отырмыз,  
Бізге әріптес жоқ болса, неге отырмыз.  
Үлкен де бар, бұл жер де кіші де бар,  
Ұятырақ болар ма деп отырмыз.

2321. Тойлай келдім, ендеше, тойлай келдім,  
Қолыма ап алтын сақа, ойнай келдім.  
Айшолпан осы тойға келер болса,  
Сонымен айтысуды ойлай келдім.

2322. Топ шеңгел есік алды, шауып берші,  
Шалғайын шапанымның қауып берші.  
Қолымда дөнен атан шүйіншім бар,  
Айшолпан келген болса, тауып берші.

2323. Ендеше, өлең-ай деп, өлең-ай деп,  
Ат қойдым өлеңіме Төлебай деп.  
Астынан алты қырдың ән шырқадым,  
«Айшолпан естір болса, келе ме-ай» деп.

2324. Әуеде ұшып жүрген ақсай ма екен,  
Баласын атып алсақ, қақсай ма екен.  
Бір дауыс осынау жақтан естіледі,  
Даусына әлмисақтың ұқсай ма екен.

2325. Базардан базар барып қазан алдым,  
Киім кір болмасын деп тазаны алдым.  
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,  
Атыма теріс мініп назаландым.
2326. Базарда бәсі қымбат қыл арқанның,  
Барады шаңы шығып бір қараның.  
Сағынып ән, дауысын жүргенімде,  
Шығады даусы қайдан қыз баланың?
2327. Базарда бәсі қымбат бордаттардың,  
Көрінер мойны сұлу жорға аттардың.  
Сағынып ән, даусын жүргенімде,  
Шығады даусы қайдан бозбастардың.
2328. Ән салсам, домбырамды қолға аламын,  
Толғанып он екі алуан ән саламын.  
Сағынып қалқа даусын жүргенімде,  
Шығады даусы қайдан бозбаланың?
2329. Әуеде ұшып жүрген сақ сауысқан,  
Болғанда ай он екі жыл ауысқан.  
Ойнасаң, алды-артыңды ойлап ойна,  
Қызығын бұл дүниенің кім тауысқан.
2330. Адырдың андыздайды ителгісі,  
Бойжеткен — бозбалаға икем кісі.  
Келген соң мұндай кезі бикештердің,  
Кеп отыр жігіттерге сүйкенгісі.
2331. Ендеше, айым-қайым, айым-қайым,  
Бітеді саздау жерге тал мен қайың.  
Кезіккен қиуадан, ақын бикеш,  
Менімен айтысуға барма жайың?
2332. Өлең, өлең болмайды қайым болмай,  
Ақын болмас, өлеңге дайын болмай.  
Сіз тілеген болсаңыз, мен сұраған,  
Жүргенім жоқ айтысқа дайын болмай.

2333. Өлеңім көлдей ме екен, селдей ме екен,  
Мен мұнда екенімді білмей ме екен?  
Алыстан аңсап келген, әріптесім,  
Айшолпан өзі іздеп келмей ме екен?
2334. Әлмисақ бар ма, жоқ па, отыр нағып,  
Қарсы ұшпай ақиықтай қанат қағып.  
Тауып ал, таба алмасаң, өзің іздеп,  
Ән салған даусым кетті алапты алып.
2335. Топ шеңгел есік алды, шауып бер деп,  
Шалғайын шапанымның қауып бер деп,  
Әлмисақ өзі іздемей нағып отыр,  
Әркімге «Айшолпанды тауып бер» деп.
2336. Өлең айтқым келмейді ерінгенге,  
Бойым байсал тартады керілгенге.  
Жерден алтын тапқандай қуанамын,  
Әріптестің төбесі көрінгенге.
2337. Қолыма ұстағаным бөкі, пышақ,  
Көргенде әріптесті жайдым құшақ.  
Айшолпан, қасыма кеп бір отыршы,  
Шомылған айдын көлде аққуға ұсап.
2338. Қар жауар қарашада қатқақ болып,  
Қалады суалған көл батпақ болып.  
Әлмисақ, ақын болсаң, кел қасыма,  
Сұңқардай үш түлеген аппақ болып.
2339. Барады аулым көшіп Өр басына,  
Жарасар күміс жүген кер басына.  
Әріптес, айтқан сөзің рас болса,  
Бұралып, тал-шыбықтай кел қасыма.
2340. Барады ауылым көшіп Өр басына,  
Жарасар өрме жүген кер басына.  
Әріптес, болар болсаң, шалқаламай,  
Жамылып орман ішік, кел қасыма.

2341. Мен десеңіз, ендеше, мен десеңіз,  
Өлі де талай екеуміз кездесеміз.  
Ішігімді кимей-ақ жетіп барам,  
Шыныменен «қасыма кел» десеңіз.
2342. Бисмилладан бисмилла бірден сабақ,  
Үлкендердің алдында бізден табақ.  
Ала қаптың ауызын ашып тастап,  
Қоя бердім өлеңді жүндей сабап.
2343. Ендеше, әнім маған, әнім маған,  
Бермейді тұрып орын танымаған.  
Сыйлы елдің сыйласқандай баласымыз,  
Өлең айт тәуір-тәуір, жаным, маған.
2344. Бастайын, баста десең, өлеңімді,  
Көрейін, не көрсем де, көрерімді.  
Қара өлеңнің дауылын соқтырамын,  
Қайтейін сізден аяп өнерімді.
2345. Ауылым көшіп барады Өр басына,  
Күміс жүген жарасар кер басына.  
Ат арытып алыстан келгенімде,  
Талшыбықтай бұралып, кел қасыма.
2346. Жылқы айдаймын көшкенде қиқу салып,  
Бір солқылдақ қолыма шыбық алып.  
Тізелесіп келгенде бір қарасаң,  
Боз жорғадай мойныңды бұрып қалып.
2347. Жылқы айдаймын көшкенде аламенен,  
Хат алысып тұрайық баламенен.  
Шыныменен көңілің мен де болса,  
Ойнап-күліп жүрейік даламенен.
2348. Аспанда ай болмаса, адасады,  
Көңілді көтермесе, кір басады.  
Кеуде сандық болғанда, ақыл — алтын,  
Кілт болмаса, сандықты кім ашады?



2349. Қармақ салып, дариядан шортанды алсам,  
Түйелі бай атанып, сортаңды алсам.  
Қырық түйе, жүз байтал айдап беріп,  
Ақ төсінде қалқаның жортаңдасам.
2350. Көшкенде жылқы айдаймын жиыстырып,  
Ер қостым төрт ағаштан қиыстырып.  
Жаңа ғана жүзіңді көргенімде,  
Жақын отыр, тізеңді тиістіріп.
2351. Айдап салдым жылқымды тепсең жерге,  
Сіздей асыл табылмас ексем жерге.  
Екінті мен ақшамның арасында,  
Қуанғаннан тимейді өкшем жерге.
2352. Тау бөктерлей қашады тарғыл мысық,  
Алған жардан жалған жар болады ыстық.  
Жалған жардың ыстығы сол емес пе,  
Қырын қарап отырсың, көзді қысып.
2353. Аспанда бір жұлдыз бар айдан жақсы,  
Жылқыда бір құлын бар тайдан жақсы.  
Жақсымен бірге жүріп, ғибрат ал,  
Майдан қылшық суырған, қайран жақсы.
2354. Сұңқар ұшып барады аспанменен,  
Мезгілсіз таң атпайды сасқанменен.  
Кісі жары кісіге жар болмайды,  
Балапандай баурына басқанменен.
2355. Аузымдағы ақ тісім — маржан тісім,  
Кез қылар ма Құдайым сүйген кісім.  
Сүйген кісім сүйкеніп өте шықса,  
Қатты жаққан қазандай қайнайды ішім.
2356. Қазақтың сен бір сұлу Жібегісің,  
Жағдайын жан құрбыңның білемісің?  
Тойыңда ерулікке ерттедің ат,  
Аз қалды таңға таяп, жүремісің.

2357. Өлеңді айт дегенде, аялым жоқ,  
Аз ғана желісім бар, аяңым жоқ.  
Қалайық тіршілікте күліп-ойнап,  
Сұм жалған өте шығар, баяны жоқ.
2358. Мінсем ат, артсам түйе — сұр киігім,  
Байқаймын қырға шықсам жер биігін.  
Құдайым, қосар болсаң, жақсыға қос,  
Жаманның тарттырмашы тірі күйігін.
2359. Ауылым көшіп барады Шат басына,  
Күміс жүген жарасар ат басына.  
Түн жамылып, байпақшаң келгенімде,  
Сары майдай толықсып, жат қасыма.
2360. Кісем сұлу көрінер бауызынан,  
Түйсе тары арылар қауызынан.  
Ат сабылтып алыстан келгенімде,  
Бір сүйгізсең нең кетер ауызыңнан.
2361. Өзімдей сал, өн салсаң, шырқасынға,  
Кейде жаңбыр, кейде қар, бұрқасында.  
Ақ білекті мойныңа арта салсам,  
Айрылмаса ақ білек, қорқасың ба?
2362. Өн салсаң, өзімдей сал, баяулатып,  
Бұрынғы өткен әнге таяулатып.  
Тұсынан ауылыңның өн салғанда,  
Шыдайды дәтің қайтіп, ояу жатып?
2363. Өн қосам аспандағы бозторғайға,  
Қойсайшы бір айғайлап қыздар қайда.  
Жиналған қыз-бозбала бір той екен,  
Өнерді көрсетейік осындайда.
2364. Бір қамшы бар қолымда ырғайдан сап,  
Қойың судан өтпесе, құрғайлап бақ.  
Уағдаңда тұрмасаң жер алыс деп,  
Ақиретке барғанда Құдайдан тап.

2365. Жеңешеміз, ендеше, жеңешеміз,  
Сыртыңнан «өттең-ау» деп кеңесеміз.  
Керегенің көгінен қол жүгіртсем,  
«Мынауың кім, әдепсіз?» демесеңіз.
2366. Қаратаудың басынан бұлт кетпес,  
Қиядағы түлкіге құсым жетпес.  
«Қыз қарғысы жігітке — май» дейтұғын,  
«Ішің кепкір» десе де ешнәрсе емес.
- \*\*\*
2367. Аппақ-аппақ жұмыртқам кір болады,  
Мен кеткен соң қолғанат кім болады?  
Тұрып төсек салмаған, сорлы шешем,  
Қағып киіз салуың мұң болады.
2368. Ауылым көшіп барады Көлмекөлге,  
Көлмекөл алыс дейді көрмегенге.  
Іші-бауырым от болып өртенеді,  
Өз еліммен бірге өсіп, жүрмегенге.
2369. Ауылым жылда көшеді белден асып,  
Белден асқан бұлтпен араласып.  
Туыстары бар екен деген жақсы,  
Іздеп барып тұрыңдар, амандасып.
2370. Әкем мені беріпті алыс жерге,  
Ат аяғы жетпестей шалыс жерге.  
Әкем мені бергенше алыс жерге,  
Терең қазып, көмсеші қарыс жерге.
2371. Әуеден ұшып жүрген көкек деген,  
Бауырында балапаны секектеген.  
Ойымда үш ұйықтасам барма менің,  
Айырылып ата-анадан кетет деген.
2372. Қарағай тауда өскен өрік болмас,  
Түлкі жүні құндыздай бөрік болмас.  
Қайын сіңлі бар деген аты ғана,  
Бірге туған сіңлідей серік болмас.

2373. Қызыл құрды дегенде, қызыл құрды,  
Мекен еткен қызыл құр Қызылқұмды.  
Үйде туып кететін жат жұрттыққа,  
Жаратпай-ақ қойсашы қыз құрғырды.
2374. Төр алдында тақтайлап жүкті жидым,  
Самаурын, шәйнекпенен шайды құйдым.  
Ақ сүт беріп өсірген, мәпелеген,  
Айналайын апамды қайтып қидым.
2375. Шылға деймін, ендеше, шылға деймін,  
Шыл жорғалап шығады қырға деймін.  
Туған жерден айырылып мен барамын,  
Итке салған сүйектей қылма деймін.
- \*\*\*
2376. Ашып қой есігіңді, «көрсін» десең,  
Бір белгі ұмытпайтын «берсін» десең.  
Тұсыңнан ауылыңның жанай өтсем,  
Қол бұлғасаң нең кетер, «көрсін» десең.
2377. Базарда бәсі қымбат жібек жіптің,  
Қалқатай, жібек жіппен кесте тіктің.  
Кестеден қолың сенің тимеді ме,  
Байласқан уағданы неге ұмыттың?
2378. Базардан алып келген асыл айна,  
Жас жаның қайғы ойласаң, жасымай ма?  
Өзілің құрбыңменен жараспаса,  
Көңілің су сепкендей басылмай ма?
2379. Барады ауылым көшіп Тоғалтауға,  
Жаз міндім жеңіл жылқы биебауға.  
Бергенде өзің көңіл, өттең, қалқа,  
Қалдырдың көңілімді денің сау ма?!
2380. Барады ауылым көшіп Тайсойғанға,  
Жақсы екен үрген қарын май салғанға.  
Қалқам-ау, мені неге ұмыттыңыз,  
Сырмақтың шаңын қағып жай салғанға.

2381. Бермедің ақ шытыңды бір теңгелік,  
Қалдырдың көңілімді жүз теңгелік.  
Күлім көз, оймақ ауыз, сәулетайым,  
Жүруші ем сені өзіммен бір тең көріп.
2382. Бойында Қарасудың арал бар ма?  
Жайылған сол аралда марал бар ма?  
Ант ішкен айырылмасқа сәулем едің,  
Кеттің ғой басқа жанға, антың қайда?
2383. Бір қамшым бар қолымда ырғайдан сап,  
Қойың судан өтпесе, құрайлап бақ.  
Уағдаңда тұрмасаң, жер алыс деп,  
Ақиретке барғанда Құдайдан тап!
2384. Екі ауылдың арасы қалың қамыс,  
Бармай кетсем аулыңа, болар намыс.  
Ауылың алыс кеткенде, беу, қалқатай,  
Жаңа таныс болғанда кеттің алыс.
2385. Жылқымды айдап салдым тепсең жерге,  
Тимейді сен дегенде өкшем жерге.  
Қалқам-ау, мені тастап қайда кеттің,  
Аққудай бірге жүзбей айдын көлде.
2386. Көтеріп ер-тоқымды атқа салдым,  
Атыңды атадым да хатқа салдым.  
Сертіңнен маған берген тайсаң дағы,  
Сен үшін шыбын жанды отқа салдым.
2387. Көзіңнен айналайын, сәулем едің,  
Көңлімнің қуанышы, дәурені едің.  
Кетпейсің түнде түстен, күндіз естен,  
Басымды не сиқырмен әуреледің?
2388. Көрінген бұдан былай көл қабағы,  
Шығады қыстан семіз тел жабағы.  
Алыстан әдейі аңсап келгенімде,  
Болсашы, көтеріңкі қыз қабағы.

2389. Көшкенде жылқы айдаймын сарыменен,  
Бидай салдым аралас тарыменен.  
Бетіңнің алақандай қызылы үшін,  
Ауылдың араз болдым бәріменен.
2390. Қалқатай, етің аппақ қояндайсың,  
Ұйқыңнан үш шақырмай, оянбайсың.  
Мен қатты өкпеледім, қалқа, сізге,  
Жаныма жақын келіп, жоламайсың.
2391. Қалқатай, сен дегенде неден жаздым?  
Сабағын сары құрайдың белден қаздым.  
Кеткенде ауылың алыс, ей, қалқатай,  
Ит қауып көк балтырдан өле жаздым.
2392. Қалқатай, кеттің алыс, баяның жоқ,  
Баяның жоқ болған соң, амалым жоқ.  
Ант ішкен айырылмасқа, қимас қалқам,  
Болмаса аз ғана күн, аялың жоқ.
2393. Қолымда бір қамшым бар алты таспа,  
Кісіге менен басқа бауыр баспа.  
Кісіге менен басқа бауыр бассаң,  
Барғанда ақиретке көзіңді ашпа.
2394. Құрбым едің бірге өскен кішкентайдан,  
Сөз қозғадық ол күнде әрбір жайдан.  
Неге мұнша алдадың, қалқатайым,  
Тимеді ғой өмірде ешбір пайдаң.
2395. Қынаса, қызыл ағаш қыз өткендей,  
Жаманға бір күн өтсе, жыл өткендей.  
Келмейді кірсем, шыққым сіздің үйден,  
Қызыл түлкі төр алдында індеткендей.
2396. Мінгенім дәйім менің арқар жирен,  
Болмайды мал бергендей барып жүрген.  
Бойында өзен-судың өкпелетіп,  
Көңілім содан бері қалып жүрген.

2397. Үстіңе жарасып тұр шай көйлегің,  
Көп сенің көргеніңнен, көрмегенің.  
Қалқатай, басқалардан жасқандың ба?  
Жеріңе уағдалы келмегенің.

\*\*\*

2398. Айтайын, сен сұрасаң, ата өлең,  
Ежелден ата өлең, баталы өлең.  
Хауа ата, Хауа анадан бері қарай,  
Жалғасып келеді ұрпақ атаменен.
2399. Атыңнан айналайын, алты арысым,  
Сақтаған жауға бермей ар-намысын.  
Таратып шежіреңді кетсем сөйлеп,  
Білуге ата жайын армандарсың.
2400. Атыңнан айналайын, керей, найман,  
Баласы екі атаның қанат жайған.  
Мекендеп Сарыарқа мен Өр Алтайды,  
Орының Орта жүзде ортаны ойған.
2401. Атыңнан айналайын керей, уақ,  
Қонатын Сарыжайлауға аунап-қунап.  
Қақ жарып Алтай, Арқа екі ортасын,  
Ағады асау Ертіс аттай тулап.
2402. Атыңнан айналайын, арғын, найман,  
Туған жер қуат алар күн мен айдан.  
Үлкендер ықыласпен берсе бата,  
Ұрпақтар тізерленіп қолын жайған.
2403. Атыңнан айналайын, қоңырат, қыпшақ,  
Қонатын Сарыжайлауға өзен қыстап.  
Шет жайлап, қиыр қонып жүрсең дағы,  
Келесің Орта жүздің туын ұстап.
2404. Әуел бұрын жаралған Адам ата,  
Жанның бәрі паналар ол бір бұта.  
Ата жөнін білмеген намыс дейді,  
Жаза басып жүрмейік мұны ұмыта.

2405. Басында Баянтаудың бал қарағай,  
Қонады етегіне ел жағалай.  
Айтайық ата өлең, тілің келсе,  
Әріптес, бері қара, ары қарамай.
2406. Базардан алып келген қара құман,  
Батырдың жау қырылар жарағынан.  
Айтысқан меніменен ата өлең,  
Әріптес, айналайын талабыңнан.
2407. Базардан алып келген алтын табақ,  
Табаққа қазы-қарта қойдым қабат.  
Сұрасаң жөн-жайымды, мен айтайын.  
Бақ қонған ата-бабам — он екі абақ.
2408. Барлықтың қиқым-қиқым кенересі,  
Ертістің ұстатпайды бөденесі.  
Қазақты сұрай берсең, қарын бөле,  
Шығады туыс болып немересі.
2409. Естідім жақсы лебіз, жылы үніңді,  
Өлеңмен таныстырдым мен жөніңді.  
Сұрамақ ата-жөнін парыз дейді,  
Айтып бер кім болады руыңды?
2410. Жүрген жер көкше қоян жым болады,  
Білмеген ата-жөнін мін болады.  
Жөн айтпақ, жөн сұрамақ парыз дейді,  
Сұрасам ата-жөнің, кім болады?
2411. Көрінген мұнан былай жалғыз қайың,  
Сұрайтын бір сөзім бар тағы дайын.  
Қара өлең қанша айтқанмен, таусылмайды,  
Айтуға ата өлеңді бар ма жайың?
2412. Қалқатай, келдің қайдан, кеттің қайдан?  
Қарғалар қарқылдаған ұшар сайдан.  
Сұрайын жөн-жайыңды өлеңменен,  
Адамның таныспағы осындайдан.



2413. Қолымда бір қамшым бар күмістеген,  
Ұмытар ойын-тойда күліспеген.  
Айта отыр ата өлең, танысайық,  
Танымас бірін-бірі біліспеген.
2414. Қылышқа қызыл ағаш қын болады,  
Күн батса, шам жамырап түн болады.  
Әріптес, таныспаған кез болдыңыз,  
Сұрайын ата-жөнің кім болады?
2415. Сұрасаң арғы атамды, меңіс дейді,  
Баласы төрт қызайдың тегіс дейді.  
Анамды шағыр өліп, қойшы алған,  
Бегімбет содан туған дербіс дейді.
2416. Сұрасаң арғы атамды, Есенгелді,  
Көк серке қой бастаған көсем дейді.  
Өлең айт тәуір-тәуір, екі-ай, қалқа,  
Алдыңа мүдірмейтін шешен келді.
2417. Ұқпасақ ақ пен қара арасын біз,  
Көбейер бұрынғыдан таласымыз.  
«Білмеген жеті атасын жетім» дейді,  
Айтып бер, қайсы рудың баласысыз?
2418. Қазақ елі үш жүз боп танылады,  
Ұлы, орта, кіші жүз боп табылады.  
Жалайыр, албан, сыбан, қаңлы, үйсін  
Ұлы жүз құрамына алынады.
2419. Арғын, найман, қоңырат, қыпшақ, керей, уақ,  
Құралған Орта жүз боп бәрі бір-ақ.  
Соларға Алты арыс деп ат қойылып,  
Айтылған ел аузында бұрынырақ.
2420. Үш тайпа жатады екен кіші жүзге,  
Ертеден білінгені бүгін бізге.  
Байұлы, өлімұлы, жетіру боп,  
Анықтап көрсетейін оны сізге.

2421. Аталған екі тап боп керей ұлы,  
Абақ пен ашамайлы дейді оны.  
Он екі абақ болып өсіп-өніп,  
Толықсып осы болар жүрген күні.
2422. Жантекей, жәдік, молқы, ол — қарақас,  
Көнсадақ, шеруші мен тағы сарбас.  
Ителі, шыбар айғыр, жастабан да,  
Меркіт пен шимойын да тағы аралас.
2423. Деп айтар он екі абақ осыларды,  
Барлығы бір керей боп қосылады.  
Керейдің жалпы ұраны «Абақ» болып,  
Тағы бар әрбір таптың өз ұраны.
2424. Жантекей ұран салса «Шақабайлап»,  
«Жанаттап» жәдік шығар тағы айғайлап.  
Молқы, машан, сарбастар «Сартоқайлап»,  
Ителі, бұқарбай, қарақас «Қаптағайлап».
2425. Айғайлап меркіт шықса «Құлсары» деп,  
«Жобалайлап» жастабан шығады кеп.  
Көнсадақтар «Жабайлап» ұран салса,  
«Алмамбетке» шимойын салады тек.
2426. Шыбар айғыр ұраны — «Қожаберген»,  
Шеруші «Байтайлақтап» соза берген.  
Төбелесте, бәсеке, жиылыста  
Қалыптасқан ұран боп бұл ежелден.
2427. Жәнібек батыр шыққан бұл абақтан,  
Ту алып, тұлпар мініп даңқы шыққан.  
Сондықтан абақ керей жауға шапса,  
«Жәнібек, Жәнібек!» деп ұрандатқан.
2428. Бұл абақ Орта жүзден оза шыққан,  
Алтайтауға мойынды соза шыққан.  
Жолынан бөгет болған дұшпандарға,  
Қайраты ерлігімен қоса шыққан.

2429. Орта жүз, арғы атамыз Алты арыс,  
Құран бар, отыз пара аят, хадис.  
Ағалар, тіршілікте құлшылық қыл.  
Сұм дүние өте шығар арты — өкініш.
2430. Алты арыс арғы атамыз қоңырат, қыпшақ,  
Сөйлейді күнәлі боп тіл мен жақ.  
Не екенін шежіреден ұға алмадым,  
Ойласам, ағайынды-ау керей, уақ.
2431. Уақтың арғы атасы — Сарман, Шұға.  
Тілеулес біреуі іні, біреуі аға.  
Сарман ер жас кезінде дүние салған,  
Елберді, Тілеуберді екі ұл қалған.  
Атамыз қазақтардың мұрасы боп,  
Қатынын неке қиып Шұға алған.
2432. Шұға бай қатын алып, тай сойыпты,  
Етіне керей, уақ бір тойыпты.  
Өсірген қасқа қақпай екі бала,  
Қарагөз, Көкшегөз деп ат қойыпты.
2433. Баласы Қасаболат, Қасым екен,  
Бұл уақ Көкшекөздің нәсілі екен.  
Ілесіп Абақпенен бері ауғанда,  
Алтайдың арғы жағын қылған мекен.
2434. Қасымның бәйбішесі төрт ұл тапқан,  
Сары, Өтеп, Шақай, Жомарт мына жатқан.  
Келгенде сексен беске бір қатын ап,  
Ыдық пен Шапанайды содан тапқан.
2435. Мәнсәпті әуел баста Тезек алған,  
Ойласам Манат, Жаныс кезек алған.  
Найманның керей, уақ жолын ашып,  
Әуелде Сыдық қажы Мекке барған.
2436. Тезекте Әубәкір мен Оспан еді,  
Ақылын Манат, Жаныс қосқан еді.

Байдалы, Өзенбайдың заманында,  
Алманнан біздің уақ азат еді.

2437. Тезекте қажы Абдолла тұра берді,  
Уақты би Мәуқара құрап еді.  
Тең бөліп керей, уақ баласына,  
Томашу үкірдай боп сұрап еді.
2438. Ал енді ауызға алдым Маңыбайды,  
Жаратқан жарық қылып күн мен айды.  
Қарымсақ, Байдалыда құт Сеңгібай,  
Асыл зат Жантоқадай табылмайды.
2439. Алты жыл Кездікбай да ел билеген,  
Қолға алып алты қасым әлдилеген.  
Бір күнде Батырғазы, Әбіштайдан  
Торғауыт алты сұмы зар илеген.
2440. Баласы Башық қажы ашық дайын,  
Жел сөзге ісіп-кеуіп, асықпаймын.  
Ұрпағы осылардың Ес, Естібай,  
Күмістен құйып қойған қасықтайын.
2441. Және де ауызға алдым Маңыбайдан,  
Берікбол, Бусанбайды Машанбайдан.  
Жиылып алты қасым бас қосқанда,  
Құлық сөз құтылмайды Дықабайдан.
2442. Бай өткен бұл жалғаннан Жаппар байым,  
Жанысты бұдан ары апармайын.  
Байғора бәйбішеден үзілген жоқ,  
Бір күнде бай атанған Атанбайым.
2443. Сарымен бірге туған Өтеп еді,  
Пайғамбар — дін исламға төтен еді.  
Өтептің берекелі заманында,  
Сарының қандайына төтеп еді.

\*\*\*

2444. Жаубидің арғы беті көп жылқылы,  
Өн тыңдар үйден шығып қыз сылқымы.  
Шарықтап шың басына шыққандай ғып,  
Осы әнім Мөриімнің жәй толқыны.
2445. Мінгенім дәйім менің ал қарагер,  
Ежелгі жүрісіңе сал, қарагер.  
Бауырыңда еркелеген мен киігің,  
Мекен, жер, ата-анамдай аймалай бер.
2446. Мінгенім дәйім менің ал қарагер,  
Көрген жан, шабысына таңғала бер.  
Дүние жүз аунаса, ұмтыла ма,  
Ел үшін жанын қиып, еңірегендер.
2447. Көзіңнен, айналайын, кірпігіңнен,  
Шашырап нұр төгілген тіл түбінен.  
Жалғанда сіздей адам көргенім жоқ,  
Аралап іздесем де жер түбінен.
2448. Көзіңнің, айналайын, қарасынан,  
Қасыңның хат жазайын арасынан.  
Қалқатай, сендей адам көргенім жоқ,  
Керейдің он екі абақ баласынан.
2449. Көзіңнің, айналайын, қабағынан,  
Шығып тұр жұпар исі тамағыңнан.  
Жалғанда сендей адам көргенім жоқ,  
Керейдің он екі ата абағынан.
2450. Ауылым Ұзынбұлақ жағасында,  
Жақсының теңеу болмас бағасында.  
Сыртыңнан өлеңші деп естуші едім,  
Шырқамай шаршы топта қаласың ба?
2451. Ауылымның мекені екі Лаңса,  
Түседі хан тағынан бағы тайса.

Көсілген көмекейің ақын болсаң,  
Өнге сал аспандатып Біржан салша.

2452. Ауылым Төбел тамның сазында отыр,  
Талапты ер медреседен сабақ оқыр.  
Өлең айт келістіріп, қос құдаша,  
Көпіртіп күзем жүндей саба да отыр.

2453. Басында Қаратаудың балуан тасы,  
Шығады көтере алмай көзден жасы.  
Жатқанда көтере алмай, көтеріскен,  
Жақсы екен ата-анадан құрбы-құрдас.

\*\*\*

2454. Келгенде қара өлеңге дауылдаймын,  
Дауылда нөсерлеткен жауындаймын.  
Естісең, өлеңімді бүгін есті,  
Бүгіннен соң іздесең, табылмаймын.

2455. Өлеңім ағайынды, абысынды,  
Қамшының қоян ұрып сабы сынды.  
Өлеңнің перісінен бата алғанмын,  
Шығаршы, қане, маған дабысыңды.

2456. Ауылымның мекені — Жаңқұлы, Ақтас,  
Еріншек, жалқау жігіт елге жақпас.  
Айтыста жүлде беріп көргенім жоқ,  
Мен емес шаршы топта өлең таппас.

2457. Айт десеңіз, өлеңнің басы менде,  
Баланың балдырғандай жасы менде.  
Қайырып қара бұлтты қар жауғызған,  
Жайшының шыбар ала тасы менде.

2458. Өлең деген немене, сала бермей,  
Кең сарай көкірегім дала жердей.  
Сөйлей бер білгеніңді, тіл мен жағым,  
Жүлде алған жұма сайын қарагердей.

2459. Жылқының шын жүйрігі қаракөгі,  
Болады қаракөктің асыл тегі.  
Болсаң да жеті ауызды, жеңе алмайсың,  
Өлеңге арнап туған анам мені.
2460. Өлеңді баста десе, бастар-ақпын,  
Шапанның батысайын астары-ақпын.  
Тоярсың осы тойда, құрбыласым,  
Өлеңді қап-қабымен тастар-ақпын.
2461. Ауылым сары серкенің сауырындай,  
Ойнайды арқар, киік бауырында-ай!  
Ән салсаң, өзімдей сал өршеленіп,  
Қазанның соққан қара дауылындай.
2462. Әуеде ұшып жүрген тырна деген,  
Жануар қанатымды бұрма деген.  
Әкенің ежелгі айтқан ақылы еді,  
«Орныңнан, құрбың жеңбей, тұрма» деген.
2463. Айт дегенде, өлеңді заулатайын,  
Жалындай желді күнгі қаулатайын.  
Жел сөздің Құдай берген арқасында,  
Өзендей тасқындатып, саулатайын.
2464. Жайлауы біздің елдің Кеңжайдақ-ты,  
Бір талай Кеңжайдақты ел жайлапты.  
Жел сөздің Құдай берген арқасында,  
Серуендеп араладым бар аймақты.
2465. Айт дегенде, өлеңді, айта алмаймын,  
Көңілін үлкендердің қайтармаймын.  
Жел сөздің Құдай берген арқасында,  
Жорғадай жолға түскен жайтаңдаймын.
2466. Айт дегенде, өлеңді, жөнелейін,  
Несіне қара сөзбен бөгелейін.  
Жел сөздің Құдай берген арқасында,  
Жаңбырдай жайлаудағы себелейін.

2467. Айт дегенде, өлеңді, аңқылдадым,  
Отырып жайма шуақ, жарқылдадым.  
Жел сөздің Құдай берген арқасында,  
Қайырған тастүлектей саңқылдадым.
2468. Жайлауы біздің елдің Тарқаша-ды,  
Жотасын қарашада қар басады.  
Жел сөздің Құдай берген арқасында,  
Әуенім домбырамен жалғасады.
2469. Ауылымның бұл қоныс, мекені еді,  
Ел жүгін ер азамат көтереді.  
Жел сөзді желдей ескен қоя берсем,  
Қалқатай, есің шығып кетер еді.
2470. Жайлауы біздің елдің Шағанбұты,  
Кең алқап, суы тұнық жердің құты.  
Жел сөздің Құдай берген арқасында,  
Қасыма ерді елдің ер жігіті.
2471. Жайлауы біздің елдің Есекжол-ды,  
Жағалай жол бойына ауылым қонды.  
Жел сөздің Құдай берген арқасында,  
Шырқаймын әсем әнді оңды-солды.
2472. Жайлауы біздің елдің Көкбауыр ғой,  
Құйрығын тарта алмайды семірген қой.  
Жел сөздің Құдай берген арқасында,  
Болғанда думандатам ойын мен той.
2473. Ауылы біздің елдің — Еміл, Терең,  
Ішінен Емір, Терең жеміс терем.  
Жел сөздің Құдай берген арқасында,  
Өлеңмен ата салтын жалғай берем.
2474. Жайлауы біздің елдің Дұғын болар,  
Жаманға қылған қайыр шығын болар.  
Жел сөздің Құдай берген арқасында,  
Тараған әнім елге білім болар.



2475. Жайлауы біздің елдің — Қызылқада,  
Жәрдем бер бір жаныма, жалғыз Алла.  
Жел сөздің Құдай берген арқасында,  
Қол жайып, бата берген ақын аға.
2476. Жайлауы біздің елдің Баянқұмар,  
Шыққанда биігіне көңілім тынар.  
Жел сөздің Құдай берген арқасында,  
Әніммен бозбаланы қылдым құмар.
2477. Жайлауы біздің елдің Мейрамбек-ті,  
Жаратқан Мейрамбекке нұрды төкті.  
Жел сөздің Құдай берген арқасында,  
Жеңгенмін талай қыз бен келіншекті.
2478. Ән порымға келмейді, шырқап салмай,  
Жігіт сәні келмейді, қаршыға алмай.  
Жас күнімнен ән салып машықтанғам,  
Өткенше айта берем жағым талмай.
2479. Өлеңім жайқын көлдей, соққан желдей,  
Болмайды той-мереке ақын келмей.  
Ақын келсе атағы жер жарады,  
Өрлеген тас бұлақты саудагердей.
2480. Ей, қалқа, айналайын сықылыңнан,  
Сықылды қысыр жылан мықыныңнан.  
Бұл жерде мені жеңер ақының жоқ,  
Келмесе хордың шығып тұқымынан.
2481. Ей, қалқа, ақын дайын, ақын дайын,  
Мен ақын сен ақынға жақындайын.  
Сен ішсең ана сүтін, мен татқамын,  
Бар болса таңдайыңда, тақылдайын.
2482. Ауылым отыр Дөңшидің адырында,  
Бір күш бар бәйтеректің тамырында.  
«Алыс та атаңды жық» деген сөз бар,  
Сенделем сендей соғып ақырында.

2483. Салуға шырқап-шырқап өн келмейді,  
Басуға екі аяқты сөн келмейді.  
Шырқай-шырқай осы әнге салғанымда,  
Балалар өзің құрбы пар келмейді.
2484. Батсайы басы құндыз далада тұр,  
Торыайғыр тоқпақ жалды далада тұр.  
Сұрасаң, менің атым Қапаң мырза,  
Сүйеніп ақ үйіңе қара да тұр.
2485. Сұрасаң, менің өзім Қапаңдаймын,  
Айтқанда қара өлеңге дамылдаймын.  
Жігіттің арзаны емес, мен қымбаты,  
Іздесең қос ат алып, табылмаймын.
2486. Домбырам екі ішекті, жұқа қақпақ,  
Тар жерде қиын екен өлең айтпақ.  
Қиыннан қиыстырып сөз сөйлесем,  
«Пәлі» деп қалушы еді әркім мақтап.
2487. Басы еді өлеңімнің Ыбырайым,  
Келгенде қара өлеңге зымырайын.  
Жөнелтіп, жөн өлеңді айта алмайсың,  
Амалыңды апшыңмен қуырайын.
2488. Аспанда ұшып жүрген тырна деген,  
Дүкенде жайсыз жерге тұрма деген.  
Түсімде Нұрмұхамед берген аян,  
«Орныңнан, ақын жеңбей, тұрма» деген.
2489. Сөйлеп-сөйлеп, берейін сөзден өрнек,  
Болғанда сізден рұқсат, бізден ермек.  
Түсімде Нұрмұхамед берген аян,  
«Келгенше жасың жүзге сөйлей бер» деп.
2490. Үстімде бір мешпетім қиюлаған,  
Іс кетеді кей адамнан бұйырмаған.  
Осы әнді жеті түнде шырқап салсаң,  
Қыз тұрғай, қатын қалмас жиылмаған.

2491. Осы әнді сатып алдым Арбалыдан,  
Ойлап тұрсам, ән артық бар малымнан.  
Осы әнді Жеті жүзде шырқап салсаң,  
Қыз тұрғай, қатын түсер жалманынан.
2492. Балалар, неге отырсың дамылдатпай,  
Кең сарай көкірегім, сызған хаттай.  
Тықыршып өлең десе, тұра алмаймын,  
Жүлде алған жұма сайын ақ сары аттай.
2493. Қараңғыда жүргенде қабандаймын,  
Қара өлең қапияда таба алмаймын.  
Таба алмаймын дегенде, тап бермеші,  
Қызыл тіл еркін жүйрік, амалдаймын.
2494. Өлеңге сен қиын ба, мен қиын ба,  
Жақсының аты шығар көп жиында.  
Өлеңді ары-бері айтып-айтып,  
Алдыңнан арғымақтай орғимын ба?
2495. Көшкенде жылқы айдаймын арқан алып,  
Ұстаймын қашағанды шалма салып.  
Сенімен бір ойнасам, мен ойнармын,  
Тартысқан көкбөрідей жұлып алып.
2496. Көшкенде жылқы айдаймын құрық алып,  
Астыма бедеу көкті мініп алып.  
Сенімен бір ойнасам, мен ойнармын,  
Теңгедей бөске тіккен іліп алып.
2497. Көшкенде жылқы айдаймын қиқу салып,  
Қолыма бір солқылдақ шыбық алып.  
Сенімен бір ойнасам, мен ойнармын,  
Мойныңды боз жорға аттай бұрып алып.
2498. Сөйлеп-сөйлеп берейін, сөз келгенде,  
Жүйріктің бойы қызар зар желгенде.  
Түйедей қазан батқан қайқаңдайсың,  
Қыл көпір қияметте кез келгенде.

2499. Жүрмісің аман-есен, арып-ашпай,  
Жүреді сені көрсем, қарным ашпай.  
Кез болған қиудан өттең, қалқам,  
Даусыңды таныр едім жаза баспай.
2500. Тоғайдан кесіп алған уықтарым,  
Мәрімді уық басқан суытпадым.  
Берген соң өзің көңіл, қалқатайым,  
Тіземді тиістіріп, жуықтадым.
2501. Тоғайдан кесіп алған тал керегем,  
Көктедім керегемді көк сауырмен.  
Тізеге тізең тиіп, жақындасаң,  
Шымырлап, еріп барад бүтін денем.
2502. Қолымда бір қамшым бар алтындаған,  
Кей жаман ұстай алмай қалтылдаған.  
Бергенде өзің көңіл, өттең, қалқа,  
Көзіңнен, айналайын, жалтылдаған.
2503. Базарда базар қайда Бейжіндейін,  
Баруға кер арғымақ кежімдейін.  
Жер бетін жеті айналып іздесем де,  
Табам ба сұлу жарды өзіңдейін?
2504. Ақ көйлек жыртылмайды, кең болған соң,  
Ойнайды екі құрбы, тең болған соң.  
Сөзімді көңілдегі айтқым келді,  
Көргенім өттең, қалқа, сен болған соң.
2505. Қолыма ұстағаным темір қалам,  
Қағазға сол қаламмен өрнек салам.  
«Беркі бардың, еркі бар» дегендейін,  
Еркің барда көңіл қос, құрбы, маған.
2506. Қыз емес, қыздың аты гүл емес пе,  
Жігітке жарсыз жүру — мұң емес пе?  
Болғанда қыз қызыл гүл, жігіт — бұлбұл,  
Бұлбұл құс қызыл гүлге түнемес пе?

2507. Қыз емес, қыздың аты — қызыл өрік,  
Қыздар киер басына көмшат бөрік.  
Жақсы қыздың жанына жақындасаң,  
Қайтармайды көңілді, майдай еріп.
2508. Қалқатай, аппақ екен саусағыңыз,  
Бұралып ақ саусақпен мал саусаңыз.  
Жалғыз жүріп өмірді босқа өткізбей,  
Мен сықылды ақыннан жар табыңыз.
2509. Қолыма ұстағаным күміс қалам,  
Қаламды ұстаған жан, тыныстаған.  
Жақсыға сөздің басын білдірген соң,  
Аяғын өзі біліп, дұрыстаған.
2510. Әуеден ұшып жүрген ұлар ма екен,  
Ақ сұңқар қуып барып ұрар ма екен?  
Сырымды ішімдегі сипай айтсам,  
Қалқатай, қабыл алып, ұнар ма екен?
2511. Дүние, қудым сені сегізімнен,  
Жақсы адамды танымын негізінен.  
Тай-құлындай, замандас, бірге өскен,  
Айналайын Ақ Еділ көңіліңнен.
2512. Көзіңнен айналайын қырғи қабақ,  
Сен бе едің су түбінде алтын шабақ.  
Бағаңа бағаласам жан жетпеген,  
Таңғалған талай адам, өй, ақтамақ.
2513. Ей, қалқа, сен дегенде ойым бөлек,  
Өлеңге он жасымнан болдым зерек.  
Құнанның қара қасқа төбеліндей,  
Көзіңнен, айналайын, дөп-дөңгелек.
2514. Ей, қалқа, айналайын, алтын кірпік,  
Тұрады кей жаманнан денем үркіп.  
Ауызыңда ұрттағаның зөмзөм болса,  
Жіберші қақ жарымын бізге бүркіп.

2515. Басында Қаратаудың құр ойнайды,  
Бауырында қос балапан бір ойнайды.  
Қасында қалқатайдың бірге жүрсе,  
Жалғанда ақиретті кім ойлайды?
2516. Көшкенде жылқы айдаймын жиыстырып,  
Ер қостым ақ қайыңнан қиыстырып.  
Шын көңілің, шын пейілің менде болса,  
Тізеңді жақын отыр тиістіріп.
2517. Көшкенде жылқы айдаймын Ақтабанмен,  
Бір адам екеу болмас мақтағанмен.  
Шын көңілің, шын пейілің менде болса,  
Сырымды жүрегімнен ақтарар ем.
2518. Келемін жорға артына жорға мініп,  
Аламын жорғаменен теңгені іліп.  
Шын көңілің менде болса, қолыңды әкел,  
Жүрейік өле-өлгенше ойнап-күліп.
2519. Көшкенде жылқы айдаймын жалбаспенен,  
Бітеді асық жілік жамбаспенен.  
Шын көңілің шынымен менде болса,  
Қосайын бәрін түгел мал-баспенен.
2520. Көшкенде жылқы айдаймын төгілдіріп,  
Салғаным көк дөненге өмілдірік.  
Шын көңілің шынымен менде болса,  
Егілші қабырғанды сөгілдіріп.
2521. Көксала ауылым қонды ашасына,  
Жүйріктің бір белгісі шашасында.  
Шын көңілің шынымен менде болса,  
Келейін қос ат алып, қашасың ба?
2522. Мінгенім астымдағы қара құнан,  
Үркеді қара құнан қабағынан.  
Шын көңілің, шын пейілің менде болса,  
Ауылыңның табысайық қабағынан.

2523. Мінгенім астымдағы сұрша құнан,  
Үркеді сұрша құнан сырт жағынан.  
Шын көңілің шынымен менде болса,  
Ауылыңның табысайық сырт жағынан.
2524. Кеңқолдың ауылым отыр нақ басында,  
Жарасар күміс жүген ат басына.  
Шын көңілің шынымен менде болса,  
Тапжылмай, таң атқанша жат қасымда.
2525. Қолымда бір қамшым бар саралаған,  
Кей жаман ебін тауып ала алмаған.  
Бергенде өзің көңіл, қимас қалқам,  
Гүл жүзің жүрегімді жаралаған.
2526. Барады ауылым көшіп Бұланайға,  
Қайырып құрық салдым асау тайға.  
Бергенде өзің көңіл, өттең, қалқа,  
Көзіңнің қырын салшы біздің жайға.
2527. Мінгенім дәйім менің ақтабан кер,  
Ерттедім ақтабанға алтыннан ер.  
Бергенде өзің көңіл, қимас қалқам,  
Десеңші, ақша беттен аймалай бер.
2528. Мінгенім дәйім менің жирен тайым,  
Шұлғиды жирен тайым жүрген сайын.  
Бергенде өзің көңіл, қимас қалқам,  
Үстінен ақ төсіңнің жорғалайын.
2529. Мінгенім дәйім менің құла құнан,  
Үркеді құла құнан құлағынан.  
Бергенде өзің көңіл, қимас қалқам,  
Тар сайдың табысайық бұлағынан.
2530. Барады ауылым көшіп Тоғал тауға,  
Жаз міндім жеңіл жылқы бие бауға.  
Бергенде өзің көңіл, өттең, қалқа,  
Қалдырман көңіліңді денім сауда.

2531. Базардан алып келген көк ілеген,  
Жаманы жігіттердің сөз елеген.  
Бергенде өзің көңіл, өттең, қалқа,  
Көзіңнен айналайын дөңгеленген.
2532. Базардан алып келген темір шелек,  
Күлгенің, ойнағаның елден бөлек.  
Бергенде өзің көңіл, өттең, қалқа,  
Көзіңнен, айналайын, дөп-дөңгелек.
2533. Айтайын айтагенің аудыраған,  
Етекке таудың тасы саудыраған.  
Бергенде өзің көңіл, өттең, қалқа,  
Көзіңнен айналайын, жаудыраған.
2534. Қолымда бір қамшым бар күмістеген,  
Күмістеген қамшыны кім істеген?  
Бергенде өзің көңіл, қимас қалқа,  
Көзіңнен айналайын, күлімдеген.
2535. Мінгенім дәйім менің ал қарагер,  
Көзге ыстық көрінеді мекенді жер.  
Бергенде өзің көңіл, қимас қалқам,  
Кел дағы, құшағыма саялай бер.
2536. Қалқам-ау, сымбатыңды мен не дейін,  
Көрінер аузыңды ашсаң көмекейің.  
Бергенде өзің көңіл, құрбыласым,  
Татиды шекер-балдай сілекейің.
2537. Мінгенім дәйім менің құлақасқа,  
Қиядан жол қаздырдым құламасқа.  
Бергенде өзің көңіл, қимас қалқам,  
Беріп кет түймебауың, жыламасқа.
2538. Айтайын, айтагенің ағылайын,  
Мойныма әсем тұмар тағынайын.  
Бұралып, тал шыбықтай сен тұрғанда,  
Басқаның күн мен айын не қылайын.



2539. Басы еді өлеңімнің қызыл қайың,  
Құдай-ау, ер жігітке салма уайым.  
Бұралып, тал шыбықтай сен тұрғанда,  
Басқаның сермендесін не қылайын?
2540. Мінгенім астымдағы жирен тайым,  
Шұлғиды жирен тайым мінген сайын.  
Тұсынан ауылыңның өткенімде,  
Күйеді ішім сені көрген сайын.
2541. Қынаса, қызыл ағаш қыз өткендей,  
Жаманға бір күн өтсе, жыл өткендей.  
Келмейді кірсем, шыққым сіздің үйден,  
Қызыл түлкі төр алдында індеткендей.
2542. Өуеден ұшып жүрген сары ала қаз,  
Көлді жүзсе көлбеңдей болады мәз.  
Өртеді жүрегімді ғашық отың,  
Қалқатай, менің осы дертімді жаз.
2543. Өуеден ұшып жүрген ұлар ма екен,  
Баласын атып алсам жылар ма екен.  
Уәде, қалқатайым, серт байласам,  
Айнымай айтқан сертте тұра ма екен?
2544. Өуеден ұшып жүрген шыл, кекілік,  
Үзді ғой шылбырымды ат секіріп.  
Берік бол уәдеңе, өзің айтқан,  
Қалмасын секем алып біреу біліп.
2545. Өуеден ұшып жүрген шыл, кекілік,  
Бұтаға шыл, кекілік жүр бекініп.  
Уәдеңді байлар болсаң, мықтап байла,  
Артынан арманда боп, қалма өкініп.
2546. Өуеден ұшып жүрген шыл, кекілік,  
Жем іздеп тастан-тасқа жүр секіріп.  
Келейін қос ат алып таңға жақын,  
Жеріңде уағдалы тұр бекініп.

2547. Әуеден ұшып жүрген ұлар ма екен,  
Ұнатып Ұлытауды қылған мекен.  
Қос атпен қалқатайды іздеп келсем,  
Жеріне уағдалы шығар ма екен?
2548. Тауып алдым қоңыр қаз жұмыртқасын,  
Сәлем айт қалқатайға, ұмытпасын.  
Ауылыңа жаз болмаса, күз барамын,  
«Келмес» деп менен көңіл суытпасын.
2549. Жылқыда екеу едің жауырынды,  
Қайтейін, қара шапан, ауырыңды.  
Шағидың жаңа қиған қиығындай,  
Көз алдасын, жіберші бауырыңды.
2550. Майға май жетпей ме екен, алжасқаның,  
Өкшесі қисаймайды дәл басқанның.  
Құрыған ынтызарым, әттең, қалқа,  
Қанеки, жең ұшынан жалғасқаның.
2551. Көтеріп ақ ер-тоқым атқа салдым,  
Атыңды атадым да хатқа салдым.  
Шет болсаң, өзің шет бол бір Аллаға,  
Сен үшін шыбын жанды отқа салдым.
2552. Әуеден ұшып жүрген көкала үйрек,  
Ұшады көкала үйрек көлге сүйреп.  
Қалайық осы орайда ойнап-күліп,  
Бұдан соң кездесер күн болар сирек.
2553. Әуеден ұшып жүрген сары ала қаз,  
Қайтейін, қайран қалқа, құмарың аз.  
Дегенге құмарың аз, жабырқама,  
Жүрейік ойнап-күліп бір-екі ай жаз.
2554. Қыз емес, қыздың аты — қызыл бидай,  
Қылығың бара жатыр ішке симай.  
Жеріңе уағдалы айтқан келмей қойып,  
Тас түбінде қатырдың неге қинай.

2555. Созғанмен қол жетпейді туған айға,  
Қайырылып құрық салдым асау тайға.  
Құриды ынтызарым сен дегенде,  
Көзіңнің қырын салшы біздің жайға.
2556. Қару деп ала жүрем бөкі, пышақ,  
Сыртынан қалқатайдың жайдым құшақ.  
Қалқатай отыр ма екен, жатыр ма екен?  
Шомылған айдын көлге аққу құсап.
2557. Жарлаудың жатыр қоян қабағында,  
Белгісі көк бояудың сабағында.  
Басында өткен айдың берген құртың,  
Татиды әлі мейіз тамағымда.
2558. Қарағым, айналайын, құралай көз,  
Аузыңнан мың ділдәлық шығады-ау сөз.  
Аллаға кезіктірген разымын,  
Пәрменмен екі жақсы келгенге кез.
2559. Барады ауылым көшіп Тайсойғанға,  
Жақсы екен кепкен қарын май салғанға.  
Келмейді кірсем, шыққым, өттең, қалқа,  
Сырмақтың шаңын қағып жай салғанда.
2560. Қарағым, айналайын, қаралғаным,  
Сүйегі гауһар тастан жаралғаным.  
Алтын менен күмістің нақышындай,  
Жалғанда арманы жоқ сені алғанның.
2561. Ақ тісің — аузыңдағы маржан тісің,  
Болсапы сендей туса сүйген кісің.  
Сүйкеніп сүйген кісің өте шықса,  
Қазандай қатты жанған қайнайды ішің.
2562. Баққаным қой ішінде қызыл ісек,  
Таққаным домбырама қылдан ішек.  
Еркіне қыз байғұсты қоя берсе,  
Қойғандай оң жағына салып төсек.

2563. Керуеннің даңғырлайды қоңырауы,  
Алланың сермендері — қоңыр аңы.  
Көңілі құдағидың біз де екен ғой,  
Ашылады бізге қарап омырауы.
2564. Келгенде мен осында бесін еді,  
Қаракөк астымдағы есінеді.  
Көңілі құдағидың біз де екен ғой,  
Аяғын бізге қарап көсіледі.
2565. Базарда базар қайда Семейдейін,  
Барғанда жәрмеңкесін серуендеймін.  
Өзіңді сағынғанда, өттең, қалқа,  
Аңдыған ақ маралды мергендеймін.

\*\*\*

2566. Мінгенім дәйім менің ал қарагер,  
Қартайса, жүрісінен танғаны-ай дер.  
Дәм тартып алыс жерге кетсе құрбың,  
Амал не, қайран жерім қалғаны-ай дер.
2567. Мінгенім дәйім менің ал қарагер,  
Қолында қос сақинам бұрама зер.  
Арманда, замандастан айырылғанда,  
Болады көзге күйік ойнаған жер.
2568. Ауылы қалқатайдың кетті басқа,  
Жүгіріп шыға келдім секі тасқа.  
Секип секі тасқа шыға келсем,  
Үйрек ұшып, қаз қонды аққан жасқа.
2569. Басы еді өлеңімнің Райымбек,  
Ат қостым Жетіаралдан сынайын деп.  
Кеткенде ауылың алыс, өттең, қалқа,  
Жас келді қара көзге жылайын деп.
2570. Сор суға ел қонбайды, бұлақ тұрып,  
Қонаққа қой соя ма, лақ тұрып?

- Кеткенде алыс ауылың, өттең, қалқа,  
Өркімнен сәлем айттым, жылап тұрып.
2571. Барғаны ауылым көшіп Балғынкөл-ді,  
Балығын Балғынкөлдің алғым келді.  
Кеткенде алыс ауылың, өттең, қалқа,  
Артыңнан қос ат алып барғым келді.
2572. Ауылым көшіп барады таудан асып,  
Таудан асқан бұлтпенен араласып.  
Ауылың алыс кеткенде, беу, қарағым,  
Өлдекімге кетерсің бауыр басып.
2573. Ауылым көшіп барады ылай көлге,  
Шағи бешпент жарасар қынай белге.  
Ауылың алыс кеткенде, ей, қарағым,  
Көз жасыңды көл қылып жылай берме.
2574. Ұшады көкала үйрек көл дегенде,  
Сілекейің бал татыр шөлдегенде.  
Кеткенде алыс ауылың, өттең, қалқа,  
Құриды ынтызарым сен дегенде.
2575. Көрінген бұдан былай көлдің тасы,  
Жоғалттым көкала айғыр — малдың басы.  
Кеткенде алыс ауылың, өттең, қалқа,  
Омырауға тамады көздің жасы.
2576. Айтайын, айтагенің егіндей боп,  
Егіннің солқылдайсың көгіндей боп.  
Кеткенде алыс ауылың, өттең, қалқа,  
Көзіме кім көрінер өзіңдей боп?
2577. Әрине, салдым құрық Телкүреңге,  
Телмірдім сен кеткен соң мен біреуге.  
Кеткенде алыс ауылың, өттең, қалқа,  
Жоқ болды қолда қамшым жер тіреуге.

2578. Көзіңнен айналайын, көлгірім-ай,  
Суындай тас бастаудың мөлдірім-ай!  
Кеткенде алыс ауылың, өттең, құрбым,  
Айшықты Алатаудай белгілім-ай!
2579. Ей, қалқа, сен де мекер, мен де мекер,  
Болғанда сен қалайы, мен дәнекер.  
Кеткенде ауылың алыс, құрбыласым,  
Артыңнан ала жаздай ердім бекер.
2580. Басы еді өлеңімнің шыбар тауық,  
Шақырар шыбар тауық ауық-ауық.  
Кеткенде алыс ауылың, қимас қалқам,  
Жығыламын сасқанда есім ауып.
2581. Басынан Қаратаудың тұман кетпес,  
Түлкіге қияндағы құсым жетпес.  
Кеткенде ауылың алыс, құрбыласым,  
Дегенің «қош, аман бол!» естен кетпес.
2582. Басынан Қаратаудың қар борайды,  
Басына жетік молда сәлде орайды.  
Кеткенде алыс ауылың, құрбыласым,  
Жүргенде келіп-кетіп нең құрайды?
2583. Көрінер кісі сұлу оқшантайдан,  
Мен сені жақсы көрдім кішкентайдан.  
Кеткенде алыс ауылың, өттең, қалқа,  
Жетер ме айтсам сәлем күйкентайдан.
2584. Көрінер кісе сұлу бауы ұзыннан,  
Ақтаған тары айырылар қауызынан.  
Кеткенде алыс ауылың, өттең, қалқам,  
Жетер ме, айтсам сәлем ауызымнан.
2585. Көрінер кісе сұлу шығырықтан,  
Сені мен жақсы көрдім бір қылықтан.  
Кеткенде алыс ауылың, өттең, қалқа,  
Жетер ме айтсам сәлем бұлдырықтан.

2586. Көрінер кісі сұлу шегеліктен,  
Сені мен жақсы көрдім не керектен.  
Кеткенде алыс ауылың, өттең, қалқа,  
Жетер ме, айтсам сәлем көбелектен.
2587. Ауылым көшіп барады Көкөзенге,  
Қоңыр қаз бен аққуы көп өзенге.  
Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқам,  
Аунақшып, жата кеттім бір кезеңге.
2588. Ауылым көшіп барады Шиліөзенге,  
Балығы мен бақасы күйлі өзенге.  
Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқам,  
Сағынып, сүлдерім жүр құр денемде.
2589. Ауылым көшіп барады Жайсаңкөлге,  
Кісе, белбеу жарасар үлкендерге.  
Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқам,  
«Хат апар» деп жалындым көк кептерге.
2590. Ауылым көшіп барады мөлдір көлге,  
Сусын болған мөлдір көл қонған елге.  
Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқам,  
Іздейін деп ер салдым қаракерге.
2591. Ауылым көшіп барады Сарыөзенге,  
Сазаны мен шортаны бар өзенге.  
Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқам,  
Күнде шығам сағынып аш кезеңге.
2592. Ауылым көшіп барады Қайыңдыға,  
Жетім-жесір паналар қайырлыға.  
Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқам,  
Деп жылаймын «Құдайым, айырды ма»?
2593. Ауылым көшіп барады Самырсынға,  
Тепкеннің енесі еті ауырсын ба.  
Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқам,  
Қағаз қылып хат жаздым қауырсынға.

2594. Ауылым көшіп барады Алмалыға,  
Кім көнбейді Алланың салғанына.  
Кішкентайдан бірге өскен сәулем едің,  
Екі көзің жәутендеп қалғаның ба?
2595. Ауылым көшіп барады Теректіге,  
Күміс шолпы жарасар желектіге.  
Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқам,  
Ұмыттым ұйқы-күлкі, қоректі де.
2596. Ауылым көшіп барады жасыл көлге,  
Бес қаруы жарасар батыр ерге.  
Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқам,  
«Сәлем айт» деп жалынам соққан желге.
2597. Айтайын, айтагенің меңдей болып,  
Қалады кескен терек жеңдей болып.  
Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқам,  
Көзіме кім көрінер сендей болып?
2598. Үстімде бір пешпетім көк дыраптан,  
Жоғалмас байдың малы Қыдыр баққан.  
Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқам,  
Даусыңнан айналайын, сылдыр қаққан.
2599. Ауылым көшіп барады таудан асып,  
Таудан асқан бұлтпенен араласып.  
Ауылың алыс кеткенде, беу, қарағым,  
Әлдекімге кетерсің бауыр басып.
2600. Ауылым көшіп барады Мұздыкөлге,  
Күзеу болған Мұздыкөл біздің елге.  
Ауылың алыс кеткенде, үміт үзсең,  
Қайта айналып келер ме мекен, жерге?
2601. Ауылым көшіп барады шеткі көлге,  
Ер салдым сасқалақтап етті керге.  
Кеткенде ауылың алыс, құрбыласым,  
Келмейді айтуға аузым кетті деуге.



2602. Ауылым көшіп барады Ыстықкөлге,  
Ақ жауынның айналар арты селге.  
Ауылың алыс кетсе де, қимас қалқам,  
Бір өзімнен басқаға көңіл берме.
2603. Ауылым көшіп барады Талдыөзенге,  
Көк майсалы, түңкелі сәнді өзенге.  
Сарғайып жаздай ғашық боп жүрсем де,  
Қалқатай, жарамадың «кел» дегенге.
2604. Қара суды қақ жарып қайық өтер,  
Ептеп бас аяғыңды тайып кетер.  
Барында тіршіліктің күліп-ойна,  
Бұл жалған жалғыз-ақ күн ғайып өтер.
2605. Ей, қалқа, сен дегенде неден жаздым?  
Сабағын сары қурайдың белден қаздым.  
Сен есіме түскенде, өттең, қалқам,  
Ас ішпей ала жаздай өле жаздым.
2606. Басында Қаратаудың қазылған жол,  
Сол жолдың қазған жанға сауабы мол.  
Түскенде сен есіме, құрбыласым,  
Кетпейді аш бүйірден таянған қол.
2607. Мінгенім дәйім менің жеті шыбар,  
Қайқайып Аққолдан ел көшіп шығар.  
Түскенде сен есіме, өттең, қалқа,  
Кейде сау, кейде ауру есі шығар.
2608. Қара су есік алды лай-ау деп,  
Қолымды сілтей салдым былай-ау деп.  
Түскенде сен есіме, қимас қалқа,  
Жылаймын жата қалып «Құдай-ау» деп.
2609. Базарға өзім барып қазан алдым,  
Болсын деп атқа жеңіл, арзан алдым.  
Түскенде сен есіме, өттең, қалқа,  
Теріс киіп тымақты, назаландым.

2610. Ауылым көшіп барады Алмалыға,  
Кім көнбейді Алланың салғанына.  
Атып қалған арқардай армандаймын,  
Қалқатайдан айырылып қалғаныма.
2611. Ей, қалқа, сен де арманда, мен де арманда,  
Жылайды екі арманда айырылғанда.  
Жөнелдің «құрбым» десем, бір қарамай,  
Нең кетеді артыңа қайырылғанда?
2612. Жылқыда екеу едің отардағы,  
Ет асып бер, көженді қотар дағы.  
Мойныңды боз жорғадай бұрып салған,  
Қайтейін, қылығыңды жатардағы.
2613. Қалқатай, кеттің бұлай, қалдым жылай,  
Қара су қой тоғытқан болады лай.  
Түскенде сен есіме, өттең, қалқа,  
Сабаймын қаракөкті жау малындай.
2614. Жоғалған Көкбастауда жүгенім-ай,  
Өкініп сол жүгенге жүргенім-ай!  
Түскенде сен есіме, өттең, қалқа,  
Ауызынан әріптестің сүйгенім-ай!
2615. Басы еді өлеңімнің алып Баян,  
Жүйрігі кішкентайдан көкше қоян.  
Бергенде өзің көңіл, қалқатайым,  
Түсіңнен мен дегенде, шошып оян.
2616. Жылқыда екеу едің сыбызғылы,  
Салмайды нелер күйге қыз қылығы.  
Беріп ең өзің көңіл, өттең, қалқа,  
Қайтейін, мына заман жүз құбылды.
2617. Сәлем де қалқатайға тірі болса,  
Шыт көйлек жуып кисін кірі болса.  
Сәлемді ұшқан құстан айтар едім,  
Қоңыр қаз айтып барар тілі болса.

2618. Қалқатай, апшақ екен маңдайыңыз,  
Төселген өлең сөзге таңдайыңыз.  
Жасым — құрбы, құрдаспыз Құдайы бір,  
Табыссақ, таусылар ед арманымыз.
2619. Барады қарға, құзғын бөрі алдында,  
Сөйлейді шешен жігіт төр алдында.  
Қолымда құнан атан шүйіншім бар,  
Ауылын қалқатайдың көре алдың ба?
2620. Пұл болар қойды сойып, сандасаңыз,  
Сарттардан барып сұра, нанбасаңыз.  
Бекем дос бел байлаған ол да кетер,  
Берген серт, сөзді жұтып, алдасаңыз.
2621. Ауылым көшіп барады Арасанға,  
Қайырсыз бай жарлыға қараса ма.  
Бір күн жолдас болғанға, мың күн сәлем,  
Сағынбасаң, қалқатай, жараса ма?
2622. Базардан алып келген темір қайрақ,  
Аспанға торғай ұшты, бұлбұл сайрап.  
Кеткенде алыс аулың, өттең, қалқа,  
Кетесің әлдекімге аманат боп?
2623. Аспанда қыран бүркіт айналады,  
Бозбала той дегенде сайланады.  
Өлеңді шу дегенде қоя бермей,  
Жақтары жамандардың байланады.
2624. Келемін жоғартынан төменгі елге,  
Ақ тоқым боялады қара терге.  
Барамын көз күп болып орала алмай,  
Қарағым, разы бол көрінгенге.
2625. Басында Қаратаудың арал бар ма,  
Ішінде аралының марал бар ма?  
Құдайым әуел баста қоспаған соң,  
Айырылдым қалқатайдан, амал бар ма?

\*\*\*

2626. Ақ көйлек жыртылмайды, кең болған соң,  
Ойнайды екі құрбы тең болған соң.  
Сөзімді көңілдегі айтқым кеп ед,  
Тоқтаттым, өттең, қалқа, сен болған соң.
2627. Мереке, табылмайды күнде тілеу,  
Пәндөнің қайғы ойлаған көңілі жүдеу.  
Азырақ той болған соң, өлең айттым,  
Ән салып отырмайды күнде біреу.
2628. Адырдан айтақтаса, қашар түлкі,  
Жігіттің қайда қалмас жиған мүлкі.  
Ағайлар, бір азырақ ән сап бердім,  
Артымнан ете көрме мені күлкі.
2629. Көшкенде жылқы айдаймын ақтабанмен,  
Болмайды жаман жақсы, мақтағанмен.  
Өлеңнен ат мінбедім, тон кимедім,  
Жоқ екен еш пайдасы, қақсағанмен.
2630. Көшкенде жылқы айдаймын бестіменен,  
Сауыққа құмар адам естір өлең.  
Аз сөйлеп бағанадан аяндадым,  
Атаққа қалмайын деп «бөсті» деген.
2631. Қойдан-қойға жүгірген қошқарыңыз,  
Екі етекте желбегей бос салыңыз.  
Той болса, тағы талай айтысармыз,  
Осымен, құрбыластар, қош бәріңіз.
2632. Мінгенім дәйім менің торы байтал,  
Белестен тойғаннан соң қойың қайтар.  
Кеткенде ауылың алыс, еске алып жүр,  
Осы еді ақырғы сөз өзіңе айтар.
2633. Қалқатай, кезіккенше аман боп тұр,  
Көңілім айырылысарда жаман боп тұр.

Қайда жүрсең, аман жүр, әріптесім,  
Сөзіміз осыменен тамам боп тұр.

2634. Кекілі кербестінің тарам-тарам,  
Келеді сөзге шорқақ әрбір адам.  
Таң атып қалған екен, қос әріптес,  
Қара өлең осыменен болсын тамам.
2635. Келемін таудан түсіп асуменен,  
Шәугімде шай қайнайды мосыменен.  
Қапталдата қара өлең қоя бердім,  
Тоқтатайын өлеңді осыменен.
2636. Шәугім жылдам қайнайды мосыменен,  
Құрбы тату болады досыменен.  
Таң атқанша өлеңді талмай айттық,  
Тоқтатайық аяғын осыменен.
- \*\*\*
2637. Жайылып мал асады аласадан,  
Қалмайтын қалқам едің тамашадан.  
Зарығып мына тойда отырғанда,  
Келдің бе, құрбыласым, есен-аман?
2638. Ендеше, ақтабан ат, ақтабан ат,  
Бәйгеден келмес шабан, мақтаған ат.  
Сағынып сарылғанда, қалқа шырақ,  
Келдің бе, аман-есен, сақ-саламат?
2639. Келіпті ақын қайдан, ақын қайдан,  
Әріптес, ру-тегің, салтың қайдан?  
Кісі егер кісі жайын біле алмаса,  
Жақындап болсын бірге жүру қайдан.
2640. Ұшады аққу көлден ебелектеп,  
Жаманға сыр айтпаймын не керек деп.  
Баласы жақсы ауылдың жайды білер,  
Тұсыңа келіп қалдым төңіректеп.

2641. Ауылым Сарысудың белінде отыр,  
Баяғы өзің көрген жерінде отыр.  
Тұсыңа құрбың келіп тізе бүкті,  
Заулатып өлеңді кел де отыр.
2642. Құрбылас көркің айдай, бойың талдай,  
Алтын шаш, күміс кірпік, ақша маңдай.  
Табарсың көңілімді көне көздей,  
Үйімде жатам қайтіп, іздеп бармай?!
2643. Үстінде Ақшоқының ай тұрады,  
Бай адам малайы көп жай тұрады.  
Жақсымен дәл өзіңдей болсақ жолдас,  
Лебінен тұрады есіп май шуағы.
2644. Ер едім тұлпар мініп, ту ұстаған,  
Сұңқар ем сұлуға кеп тыныстаған.  
Өзіңдей әйел заты бір сипаса,  
Кетуші ед денемнен жел құрыстаған.
2645. Ауылым беткейде отыр таңқұрайлы,  
Күлсе, ойнап құрбысымен жан қунайды.  
Жаралған періштедей, сәулем менің,  
Өзіңдей бағалы боп жан тумады.
2646. Текестің жайқаласың көк талындай,  
Еліңнің қыз баласың мақтауындай.  
Әріптес, ет жүректі елжіретіп,  
Көзіме көрінесің от-жалындай.
2647. Басы еді өлеңімнің айым-қайым,  
Көңілім желпінеді көрген сайын.  
Бағаңа бағаласам, жан жетпейді,  
Көрген жан бір өзіңе таласады.
2648. Мәпелеп сенің өсірді туған жерің,  
Қаракөк үзілмеген думанды елің.  
Қақсадым бағанадан өлең айтып,  
Өзіңе қол жетер ме, бұраң белім!

2649. Өзіңді мен мақтамай, кім мақтасын,  
Аяулы алтын тамақ, қиғаш қасым.  
Бағаңа бағаласам жан жетпейді,  
Жақсыны сендей сұлу қимас басым.
2650. Ауылым орманды алап, шат басында,  
Жарасар күміс ноқта ат басында.  
Аяулы, өріптесім, берсең көңіл,  
Жаудырап екі көзің, жат қасымда.
2651. Ауылым Құштайыңның қырқасында,  
Көктемі бораны бар бұрқасын ба.  
Оралса тал мойныңа білегімді,  
Аямай айтшы, сәулем, қырқасың ба.
2652. Басы еді өлеңімнің біссміллалап,  
Сыймайды бір кеудеге екі талап.  
Атымнан аударыла түсе қалдым,  
Баласы текті ауылдың сені қалап.
2653. Ендеше, сен де өлеңші, мен де өлеңші,  
Білейін өлеңіңді, өршеленші.  
Жер жарған шарапатың ақын болсаң,  
Тасындай тиірменнің дөңгеленші.
2654. Өлеңді айт дегенде, тіл айтады,  
Өзіңе қандай адам мін айтады!  
Барында оралыңның ойна да күл,  
Сен тұрғанда өлеңді кім айтады!
2655. Қолымда бір қамшым бар алтындаған,  
Ұстай алмай кей жаман қалтылдаған.  
Сен дағы жаңа талап, жас баласың,  
Киіздей жайлаудағы қарпылмаған.
2656. Мен өзім өлеңші емес, өрнек едім,  
Алыстан ат терлетіп келген едім.  
Барында оралыңның ойна да күл,  
Жақсыны мен өзіңдей көрмек едім.

2657. Ендеше, қара атымды, қара атымды,  
Жаямын саған қарап қанатымды.  
Ішінде шаршы топты араладым,  
Өзіңдей таба алмадым жарасымды.
2658. Ендеше, қу ырғайлы, қу ырғайлы,  
Отқа салса, қу ырғай дуылдайды.  
Көзім көріп мен сені мақтамаймын,  
Көрген жан сыртыңыздан шуылдайды.
2659. Әріптес, өлең десе, ағыламын,  
Көрмесем дидарыңды сағынамын.  
Күл де ойна, гүлің барда құрбыңменен,  
Адамды сенен басқа не қыламын?!
2660. Жорға тай жас шағымда тайпалмаған,  
Ішімде бір сырым бар, айта алмаған.  
Әйелге жастайымнан жағымды едім,  
Құрбылар талабыңды қайтармаған.
2661. Жай білмес жаман адам болады екен,  
Қортаңдап сырыңды айтсаң, қайқаңдаған.  
Өртенген жүрегімнің ашсам сырын,  
Дей көрме, мынау қандай сайтанды адам.
2662. Келеді жүні жылтыр көк қарғаның,  
Базарда жүзі — бір сом екпе алманың.  
Құрбыңды не қылсаң да, риза қыл,  
«Опасыз жігіт екен» деп қалмағын.
2663. Ауылым Суасудың алқымында,  
Алқымның бие байлар салқынына.  
Құрбылас, өле-өлгенше ынтызармын,  
Өзіңдей жолығуға жарқыныма.
2664. Аспанда ұшып жүрген ала қарға,  
Дүниеде сендей сұлу бала бар ма?  
Деуші едім өз ойымда «қосылармын»,  
Құдайға қоспай кеткен шара бар ма?!



2665. Барады көшіп аулым Шағылғанға,  
Жабырқау көңілім сені сағынғанға.  
Көргелі албыраған ақ жүзінді,  
Бір шаншу қадалып тұр қабырғамда.
2666. Бір себеп, өттең, шіркін, болар еді,  
Бір көрпе өзіңменен жамылғанда.  
Бейнеңді ақ қағазға сызып алып,  
Қараймын күндіз-түні сағынғанда.  
Ойнап-күл осындайда, құрбыласым,  
Мереке күнде мұндай табылар ма?!
2667. Мінүші ем той болғанда сұрша құнан,  
Көгеннің қозы ағыттым бұршағынан.  
Төрт болып екі көзім, алаңдаймын,  
Үйіңнің жолықсам деп сырт жағынан.
2668. Басынан қыран ұшқан Қаратаудың,  
Құйқалы қойнауынан қора салдым.  
Тартады лебің ыстық жұпар иісті,  
Суындай және жылы арасанның.
2669. Келемін жарып ішін ошағанның,  
Қыздары бәрі таныс осы араның.  
Өзіңе көрген жерде көзім түсіп,  
Қарашы, буынымның босағанын.
2670. Бал емген балалықтың қызығында,  
Таңғышын талай шаштім босағаның.  
Жүрсем де түн жосылып, жыл сабылып,  
Басымды бір жастықта қоса алмадым.
2671. Базардан базар барып алдым жібек,  
Көре алмай бір өзіңді қалдым жүдеп.  
Шіркін-ай, мәңгі ойнақтап тұрсаң еді,  
Алдымда атқан таңдай сен үлбіреп.
2672. Келеді жоғартынан тайды мінген,  
Айтады, міне, осылай жайды білген.

- Көргенде келбетіңді атқан таңдай,  
Лапылдап жүрегімде қан жүгірген.
2673. Баласы ақ інгеннің құла мойын,  
Үкілер бойжеткен қыз тұла бойын.  
Қараймын ары өтсем де, бері өтсем де,  
Артыма бір өзің деп бұрам мойын.
2674. Шаншуы жүрегімнің жазылғандай,  
Серт берсең «мендікпін» деп, тынар ойым.  
Мен әйтеу бір сен үшін жаралыппын,  
Қыпша бел, тобылғы рең, қына мойын.
2675. Ауылың, қалқам, сенің Алмалыда,  
Текестің көргем байтақ аржағын да.  
От салған өзегіме өзің едің,  
Балықтай іліндіріп қармағына.
2676. Ағашы шөлді жердің айда-сайда,  
Шашыңның күлтеленген түбі майда.  
Шілденің ұзақ күні-ай, үзілмеген,  
Жасырар құшағына түні қайда?!
2677. Өлеңді айтушы едім әліппемен,  
Жасымда сабақ алғам әліппеден.  
Сенсеңіз, сен дегенде өрттей лаулап,  
Өртенген жүрегімді жарып берем.
2678. Қаратау, басы биік заңғарым-ай,  
Орманды, жан сүйсінер аңғарың-ай!  
Бірге өсіп битімдейден, қайран қалқам,  
Аңырып амал барма, қалғаным-ай?!
2679. Не тәтті — тіршілікте сүйген тәтті,  
Сүйгенге қаны бұзық тиген қатты.  
Шіркін-ай, түсін түстеп кім біледі,  
От болып ғашығына күйген шақты?!

2680. Айғыры қысырақтың құла қасқа,  
Бір бөлек бауыр басқа, құда басқа.  
Ойымды ашсам, сәулем, дертім қалың,  
Әріптес, жайды білер, ұғынбас па?!  
Баласы жақсы атаның жайды білмей,  
Қасымнан шошығандай тұра қашпа!
2681. Мінүші ем той болғанда тақыркерге,  
Тақыркер жүгіруші ед жақын жерге.  
«Сендік» деп серт берейін қияметтік,  
Қолыңды бір ұстатшы, мақұл деуге.
2682. Айтушы ем өлеңімді айтар шақта,  
Көп түскен қайран басым тай-таласқа.  
«Мәңгілік сендік, қалқам, боламын» деп,  
Көңілді уәде бер, қайтармасқа.
2683. Хат жаздым ақ қағазға өзіңе арнап,  
Жолықпай, сенен алыс жүрмін зарлап.  
Сөзіңе уәде еткен опа қылмай,  
Құбылып, құрбыласым, кетпе алдап.
2684. Текестің барып жүрмін ар жағына,  
Жарасар алтын жүзік бармағыңа.  
Сен үшін отқа түссем, өкінбеймін,  
Жалтарсаң, қоям ата-әруағына.
2685. Қош, сәулем, қош-аман бол, жолыққанша,  
Тағы да жолығармыз бұйрық болса.  
Өзіңді қайда барсаң, табам іздеп,  
Тала ма, шапса нағыз жүйрік қанша?!
2686. Қаратау, қиям қайтып мекенімді,  
Аяулым, қалдым білмей көтеріңді.  
Мен де аман, сен де аман бол, көріскенше,  
Құйысқан қайтайын деп көтерілді.
2687. Ауылым Қаратаудың биігінде,  
Мыңғырған көз сүрінер киігіне.

Қайтейін, тағдыр саған қоспай кетті,  
Амал не, өртенсем де күйігіңе.

2688. Ауылым андас-андас алыстағы,  
Бар еді ата-анаңның таныс жағы.  
Аман бол, қайда болсаң, сәулетайым,  
Тырбансаң, тіршіліктің таныс бәрі.
2689. Ауылың арғы таудың адырында,  
Адырдың жылқым жатыр сауырында.  
Аман бол, қайда жүрсең, қалқатайым,  
Жетермін, болсам аман қадырыңа.
2690. Қалқатай, аман боп тұр, аман боп тұр,  
Көңілім айрыларда жаман боп тұр.  
Бай қызын кедей жігіт ала алмайтын,  
Амал не, әділетсіз заман боп тұр.
2691. Қош қалқа, қош-аман бол, екеуің де,  
Қазір-ақ көзім жетті кетеріңе.  
Сен үшін отқа күйіп, суға батсам,  
Мақсатыма сенім бар жетеріме.
2692. Ақ жүзді, алтын айдар, қалқашым-ай,  
Магниттей баурап мені тартасың-ай!  
Аман бол, қайда болсаң, қайран қалқам,  
Білмейміз кімдерге қол артасың-ай!
2693. Қайда барсам, қалқатай, ұмытпаймын,  
Ұмытпасқа бір ұрттам су ұрттаймын.  
Сен де сәулем, суытпа, еске ала жүр,  
Көңілімді мен дағы суытпаймын.
2694. Барады аулым көшіп Көлмекөлге,  
Көлмекөл алыс дейді көрмегенге.  
Қазірше айрылсақ та, үмітім бар,  
Келер жаз алыс емес өлмегенге.

2695. Тағы да бөз белбеуім, бөз белбеуім,  
Болса да жақсы-жаман өз белбеуім.  
Құйысқан қайтайын деп көтерілді,  
Аман жүр қайда жүрсең, көз көргенім!
2696. Арқардың баласы екен қызыл киік,  
Өрісте күнде жүрмін жылқы жиып.  
Астынан алты қырдың өн саламын,  
Өзіңе жолыға алмай ішім күйіп.
2697. Жар едің жаным сүйген бала жастан,  
Кезінде тай-құлындай араласқан.  
Сарғайып сары ағаштай күтем сені,  
Алыс деп арайлы аспан құшақ ашқан.
2698. Сен үшін өуреленіп асқар асып,  
Күйдірдім табанымды тасқа басып.  
Амал не, тал мойныңнан бір қыса алмай,  
Пышақтай жүзі қайтқан, жүрмін жасып.
2699. Шүйгиді көлден-көлге қаз баласы,  
Көрмедім тыным алып жаз баласы.  
Қайтейін, жүрмін күтіп ұйқы көрмей,  
Тағдырдың, амалым не, жазғаны осы.
2700. Басынан отын алдым Қаратаудың,  
Думанды алқапта кең қала салдым.  
Қайтейін, кетсең алыс, қалқатайым,  
Айықпас жүрегіме жара салдың.
2701. Жоғары мойны әдемі қыр садақтың,  
Малға жай, шөбі шүйгін тік қабақтың.  
Зарыға есіме алып, зар илеймін,  
Баураған лебізін ыстық ақтамақтың.
2702. Мінгенім астымдағы қара құнан,  
Ақ жалдың түлкі қақтым балағынан.  
Сағына есіме алам, кетсе де алыс,  
Қандырған құмарымды қарағымнан.

2703. Ай қандай, әуе қандай, барыс қандай,  
Ат міндім ала тұяқ сауысқандай.  
Күтемін сағындырған сәулетайды,  
Заулаған уақытпен тең жарысқандай.
2704. «Сәлем» деп өзіңе арнап жазамын хат,  
Кеудемде махаббаттың оты лаулап.  
Түскенде сен есіме, сенер болсаң,  
Орнымда мың бүктеліп кетем аунап.
2705. «Сәулем» деп хат жазамын сіздей жасқа,  
Түсіп тұр қасіретің біздің басқа.  
Ойласам, бір өзіңді ішім күйер,  
Басқандай бауырымды қара тасқа.
2706. Ай мен күн шырағы екен аспаныңның,  
Алқабы тыныс екен асқарыңның.  
Тек қана өзіңді ойлап еңіреймін,  
Ұстайын етегінен басқа кімнің?
2707. Қалқатай, сен дегенде қуанамын,  
Еңкейіп мыс шәугіммен су аламын.  
Кеткенде сен алысқа, өттең, қалқа,  
Мойнында асасы жоқ диуанамын.
2708. Астымда көк бестіні шаужайлаймын,  
Болсын деп қойға күзет айғайлаймын.  
Түскенде сен есіме, қимас қалқа,  
Жүректен тарқамайтын қайғы ойлаймын.
2709. Күн көрінер ақ жарқын маңдайыңнан,  
Ағылып тұр қара өлең таңдайыңнан.  
Қанат керіп талпынған, ақ сұңқарым,  
Адамзаттың жаралдың қандайынан.
2710. Мына беткей қай беткей, дала беткей,  
Ер жігітке бақ қонбас талап етпей.  
Құрбылас боп ауылда жетілдік біз,  
Күліп-ойнап қалайық заман өтпей.

2711. Ауылың отыр Ақкөлдің қырқасында,  
Сені іздесем шыдармын бұрқасыңға.  
Ақ білекті мойныңа арта салсам,  
Қайтер едің шықпаса, қырқасың ба.
2712. Бозторғай шырылдайды көкте тұрып,  
Іледі тұрымтай құс ептеп жүріп.  
Тең-тұсым осы арада сен екенсің,  
Ойнай бер құрбыңызбен ептеп жүріп.
2713. Бораны қара дауыл аңыраған,  
Гүл көрдім төңірекке жамыраған.  
Көргенде бір өзіңдей қызыл гүлді,  
Тырысқан тұла бойым жадыраған.
2714. Бораны кейбір күні бөсеңдейді,  
Бұл кезде жастық дәурен әсем дейді.  
Сөзіме менің айтқан сенер болсаң,  
Жарым болса, бір сендей, өттең, деймін.
2715. Иісі қызыл гүлдің өтір сасыр,  
Шыға алмай талай сөзім ойда жатыр.  
Шығарсам бұл сөзімді сізге қарай,  
Өзіңнен махаббаттың дәмін татыр.
2716. Қызыл гүл ойлаушы едім өзіңізді,  
Естимін дана-дәмді сөзіңізді.  
Ашылған қызыл гүлім қолға түссе,  
Шеліркеген басар ма көнімізді.
2717. Өзімдей сал, ән салсаң, баяулатып,  
Өткен әнге бұрынғы таяулатып.  
Алты қырдың астынан ән шырқасам,  
Дөтің қайтып шыдайды, ояу жатып.
2718. Барады көшіп аулым белден асып,  
Қалады сыйласасаң, көңіл жасып.  
Алысқа сапар шегіп кеткенімде,  
Тұрарсың құрбыңменен хабарласып.

2719. Тұрар ма өлең десе, ақын тосып,  
Текестің дариясындай ағып-шоршып.  
Алыстан сені іздеп келдім аңсап,  
Тарқатшы құмарымды көңіл қосып.
2720. Бисмилла, өлең басы — арыз өлең,  
Айтатыны арыз өлең, парыз өлең.  
Той жасап, қыз ұзатқан осындайда,  
Айтпасақ арыз өлең, қарыз өлең.
2721. Бисмилла, арыз өлең дей бастаған,  
Ежелгі ата жолын кім тастаған?  
Айрылып, қайран елім, кетем сенен,  
Жән болмас ел-жұртыммен қоштаспаған.
2722. Болсын-болсын дегенге, болған басым,  
Боз биенің сүтіне жуған шашым.  
Жеңгем тарап өсірген желге шашым,  
Қайтып көнер күйбіңге ғазез басым.
2723. Базардан алып келген құрым етік,  
Ауылың той жасапты ырым етіп.  
Бұрынғы пайғамбардан қалған мирас,  
Сол мұра соңғыларға келген жетіп.
2724. Мінесің ерте тұрып жорғанды енді,  
Беріп кет, тіккен шыт пен дорбаңды енді.  
Ауылдың әлпештеген баласы едің,  
Кетесің қайтып қиып орданды енді?
2725. Дайым менің мінгенім қара ала аяқ,  
Қараламды суардым жалаңаяқ.  
«Жүк жи» десе жимайтын, қайран бала,  
Енді қайтіп ұстайсың қазан-аяқ?
2726. Ойнаушы ең жас күнінде түйе болып,  
Сыртыңнан отыр біреу ие болып.  
Шай құй десе құймайтын, қайран бала,  
Қазан қайтып ұстайсың күйе болып?



2727. Мінесің ерте тұрып керіңді енді,  
Қалдырып өскен орта, жеріңді енді.  
Ауылдың әлпештеген баласы едің,  
Кетесің қайтып қиып еліңді енді?
2728. Көшкенде жылқы айдадым құрықпенен,  
Артқаным бір шаңырақ уықпенен.  
Дариға-ай, не шара бар бұл заманға,  
Өзіңнің сүйгеніңе бірікпеген?!
2729. Келіп жүр кеткен ордаң, мен кеткен соң,  
Мен кеттім, көздің жасын селдеткен соң.  
Артымда сіңілім қалды бойдай талай,  
Ол мені өгейлетпес ержеткен соң.
2730. Дариға-ай, көрмеп едім осындайды,  
Бекерге көздің жасы жосылмайды.  
«Кедейге мен қызымды бермеймін» деп,  
Амал не, әке-шешем қосылмайды.
2731. Өрнектеп кесте тіктім алашаға,  
Көрсін деп өнерімді бала-шаға.  
Жігітке түс тоқтатып қарамаушы ем,  
Бердің ғой жалғыз қызды қара шалға.
2732. Елу қой, отыз ешкі айдап келді,  
Жанына шабарманын сайлап келді.  
Көнбеп ем бармаймын деп, теңім емес,  
Өгей әке қолымды байлап берді.
2733. Үстіме қадағаным қалың тана,  
Үйреткен жастайымнан ақыл-сана.  
Жаңа ұшқан мен ұядан балапан ем,  
Айрылып қалдым сенен, қайран бала.
2734. Ендеше, аман боп тұр, аман боп тұр,  
Көңілім айрылғанға жаман боп тұр.  
Ел-жұртым, құрбы-құрдас, ұмытпаңдар,  
Басыма басқадай бір заман боп тұр.

2735. Ерке өскен бала едің жасыңдағы,  
Сіңлің киер бөркінді басыңдағы.  
Аға-інің, әке-шешең еске түссе,  
Көзіңнің тия алмассың жасын дағы.
2736. Жазған нәрсе кетпейді пешенеден,  
Қандай ыстық балаға шеше деген.  
Ардақтаған анаңның еркесі едің,  
Меймандай боп аттандың кеше келген.
2737. Киесің жасыл торғын шапанды енді,  
Көрісіп тарқатарсың қапаңды енді.  
Әлпештеп, еркелеткен баласы едің,  
Қайтып қиып кетесің апаңды енді?
2738. Еріңнің күмістеттің екі қасын,  
Еркелеп өсіп еді ғазез басың.  
Барасың, міне, кетіп бөтен елге,  
Құдайым бет алдыңнан жарылқасын!
2739. Қыз болып туылыпсың амал қанша,  
Қуанып құда түсіп мал алғанша.  
Өз елінен топырақ бұйырмаған,  
Қыз байғұс жаралмасын, жаралғанша.
2740. Шәйнекке шай сал десе, салмаушы едім,  
Күлкімен шеше тілін алмаушы едім.  
Еркелеп, ерке өскен, қайран басым,  
Қай жерде ойын десе, қалмаушы едім.
2741. Алыс жерге кеттім ғой, бар ма амалым,  
Қыздан басқа бар ма екен соры қалың?  
Ұл болсам, ойнап-күліп жүрмес пе едім,  
«Әкемнің басамын, — деп, — мүкәмалын.
2742. Дариға, қалар болды туған жерім,  
Сағынып, сарғаярмын қайран елім.  
Апамның еркелеткен баласы едім,  
Жат жерге келін болып кете бердім.

2743. Ақ отауым тіккен жер ойман болсын,  
Ақ жүзімді көруге айнам болсын.  
Алдымда да ата-енем болғанменен,  
Әкем менен шешемдей қайдан болсын.
2744. Әкем мені өсірді еркелетіп,  
Ойнап-күліп жүруші ем ерте кетіп.  
Қыздан басқа бар ма екен соры қалың,  
Мал бергенге жіберген жетелетіп.
2745. Бір Алла қыз береді ұл бергенге,  
Мұңын айтсын дейді екен тіл бергенге.  
Ата менен анама шағымым бар,  
Жетелетіп жіберген пұл бергенге.
2746. Дариға-ай, әке-шешем, сағынамын,  
«Балам» деп іздесеңдер, табыламын.  
Өсірген жас күнімнен еркелетіп,  
Пұлға сатып бергенге қамығамын.
2747. Шыңырау-шыңырау құдықтың суы тәтті,  
Әке менен шешенің діні қатты.  
Қаттылығы дінінің сол емес пе,  
Өз баласын жылатып, малға сатты.
2748. Қызыл уық, тағы да қызыл уық,  
Қыз байғұсқа не жуық, шеше жуық.  
Су аяғы құрдымға қыз кетеді,  
Сонан кейін болыпты әке суық.
2749. Мен қорқып ем шымылдық құруынан,  
Үкі тағып басына сыруынан.  
Қыз байғұсты жат жерге дәм айдаса,  
Жылап жүріп айрылар руынан.
- \*\*\*
2750. Ауылым ана отырған кемердегі,  
Жылқының көзі жаман тебердегі.

Асықпаған арбамен қоян алар,  
Бидайдың тиірмен екен келер жері.

2751. Ат жақсы арғымақтан қамшылаған,  
Дариядан зәмзәм артық тамшылған.  
Күніне сексен үйрек ілсе дағы,  
Заты артық ақ сұңқардың қаршығадан.
2752. Өуезің өуезіме өн құйғандай,  
Кілегей, судың беті май құйғандай.  
Қосылса жақсы менен жаман егер,  
Мысалы, қарағайға тал қиғандай.
2753. Дегенге жасыл алма, жасыл алма,  
Жақсыдан жақсы сырын жасырар ма.  
Өркімнің өзілдесер құрбысы бар,  
Сұңқарға қара қарға қосылар ма?
2754. Дүние ойлап тұрсам, баяны жоқ,  
Ажалдың тура келген аялы жоқ.  
Мысалы, әр нәрсенің сол секілді,  
Жүйріктің шабысы бар, аяңы жоқ.
2755. Дүние үш күн пәни кімге жолдас?  
Қас қылған жолдасына жігіт оңбас.  
Мысалы, әр нәрсенің бәрі сондай,  
Ағашқа саясы жоқ бұлбұл қонбас.
2756. Ерді Құдай, етікті нәл сақтайды,  
Бәйгеден келсе жүйрік алшақтайды.  
Құдыққа жығылса егер ерке құлан,  
Құрбақа құлағына ойнақтайды.
- \*\*\*
2757. Айтайын, айт дегенде, өй, құдаша,  
Қашады суда балық жар құласа.  
«Таңда жоқ бүгін көрген» деген сөз бар,  
Біз келдік, құшағыңды жай, құдаша.

2758. Айтамын қызып өлең қызды көрсем,  
Тебемін сырғанақты мұзды көрсем.  
Кез болған қиуада қалқам едің,  
Елжірейді іші-бауырым сізді көрсем.
2759. Айтады ақын өлең тұсыменен,  
Жаманның ісі бар ма кісіменен.  
Кеткенде аулың алыс, екі-ай, қалқа,  
Бермеші ерніңнің сөз ұшыменен.
2760. Айтагенің айтайын әри-айдай,  
Әри-айдай көп айтсам көңілге жай.  
Қиуада кез болған, қимас, қалқам,  
Ерітейін ішіңді сары майдай.
2761. Алтайдан жел соғады ызғырықтап,  
Аламын өлеңіммен қыз құрықтап.  
Көптен бері көре алмай жүруші едім,  
Ұстайын ақ білектен сізді мықтап.
2762. Атымды арқандаймын қазық қағып,  
Түнде ауыл аңдимын қызды бағып.  
Елеңдетіп ішімді күйдіресің,  
Шашыңа сылдырлатып шолпы тағып.
2763. Ат мініп іздемесең, жоқ табылмас,  
Іздесең, далаға атқан оқ табылмас.  
Ойнайық осындайда, құрбыласым,  
Дұшпандар көре алмаған түк те қылмас.
2764. Алып келген базардан мәсі-кебіс,  
Сілекейі қалқаның жидек-жеміс.  
«Жел тимесе, күн тимес» деген сөз бар,  
Сұлу қыздың айтқаны айып емес.
2765. Алты қыр асып келіп белесінен,  
Дәл түстім ауылыңның төбесінен.  
Сен мені ұмытсаң да, ұмытқам жоқ,  
Шықпайсың күндіз-түні бір есімнен.

2766. Ал, балалар, жылқыны жотаға айда,  
Айтып жүрген өлең бар әрбір жайда.  
Сені торып, құмар боп жүргенімде,  
Бір жолығып қалар ма ем терең сайда.
2767. Аң бар ма бұлан деген бұл өңірде,  
Қарайды ойын-тойда кім көңілге.  
Отырса кеткің келмей, жан әріптес,  
Менімен осы ауылда түне бірге.
2768. Аспанда бір жұлдыз бар ай секілді,  
Жылқыда бір құлын бар тай секілді.  
Бағаңа бағаласам, жан жетпейді,  
Ақ құйрық көңіл ашар шай секілді.
2769. Аспанда бір жұлдыз бар алтын қазық,  
Бәйгеден ат келеді баурын жазып.  
Қалқатай, ақша беттен бір сүйгізсең,  
Құрбыңа болар еді алты ай азық.
2770. Аспанда алты жұлдыз үркер ме екен,  
Түйені он екіден тіркер ме екен?  
Аузыма шайнағаным май қалампыр,  
Бетіңе ойнаған боп бүркер ме екем.
2771. Астында үкілі кер ноқталаған,  
Көрдің бе екі жігіт жоқ қараған?  
Ат сабылтып екеуі сандалып жүр,  
Жоғалтып екі бикеш шоқ қадаған.
2772. Асуын Асалманың аса алмадым,  
Жайқалтып жапырағын баса алмадым.  
Ойымда бір арманым, өттең, қалқа,  
Басымды бір төсекте қоса алмадым.
2773. Аулым көшіп барады Сарымсаққа,  
Жаман тоқты жарамас алымсаққа.  
Уәделескен жеріңе келмей қойдың,  
Ант берісіп, қос қолды алыссақ та.

2774. Ауылым көшіп барады көлге қарап,  
Аққу мен қаз ұшады көл жағалап.  
Көрмегелі көп айдың болды жүзі,  
Кешке таман аулыма кел жағалап.
2775. Ауылым көшіп барады Ырғайлыға,  
Ырғайлыда қалың мал жырғайды да.  
Көрмегелі көп айдың жүзі болды,  
Кешке барсам аулыңа, ыңғайлы ма?
2776. Аулым көшіп барады Қоғалыға,  
Бүркіт салған шығады Обалыға.  
Осы жасқа келгенше үйлендірмей,  
Әке-шешен қалыпты обалыңа.
2777. Аулым Алтын Алтай жаясында,  
Жайлаушы ек бие байлап саясына.  
Қалқатай, жеңіп кетсем осы тойда,  
Бұрынғы берген серттен таясың ба?
2778. Ауылым алты қырдан көктеп өтті,  
Жоғалттым көш жөнекей көк төбетті.  
Айрылып тағы сол күн қаршығамнан,  
Еңбегім баққан оны зая кетті.
2779. Ауылым екі судың ашасында,  
Белгісі жүйрік аттың шашасында.  
Қарайсың маған, құрбым, жалтақ-жалтақ,  
Аулыма кетсем ертіп, қашасың ба?
2780. Ауылым Қызылқайың беткейінде,  
Құдеке-ау, бұл сөзімді кек көрдің бе?  
Кеткен соң аулың алыс, жерің шалғай,  
Жатырқап, жан қалқанды жек көрдің бе?
2781. Ауылымның қонғаны Сырымбет-ті,  
Алтын ернеу кесенің сыры кетті.  
Қыздар барда күнде той, қызық еді,  
Қыз таусылып, ауылдың сәні кетті.

2782. Ажарың ақ түлкінің ажарындай,  
Жаманға салма, Құдай, назарымды-ай.  
Аулыңнан қыз кеткен соң қызық кетер,  
Тарқаған жәрмеңкенің базарындай.
2783. Арық жирен дегенде, арық жирен,  
Алғаныңдай болмайды барып жүрген.  
Ебін тауып ойнап-күл жас кезіңде,  
Несиеден көңілім қалып жүрген.
2784. Арасы екі ауылдың үйдек-түйдек,  
Сенімен айтыспаймын, жаман түйнек.  
«Жеңгемсің» деп желігіп, желкілдеме,  
«Кәрі кемпір» қайткенің мені сүйреп?!
2785. Ақ жайлау жон-жотасын жондаймысың,  
Су мынау, өріс мынау қонбаймысың?  
Жұтатып жылқы жылы бар малыңды,  
Әкеңе керегіңді қомдаймысың?
2786. Ақсу мен Қарасудың арасы бір,  
Үстіңе дүрия мешпет жарасып жүр.  
Сені мен өз көзіңе мақтамаймын,  
Сыртыңнан сексен жігіт таласып жүр.
2787. Алдыма айдағаным ылғи баран,  
Қалың беруге саған әкем сараң.  
Күндіз әйтеуір дүрмекпен күнелтемін,  
Айрылсам бір өзіңнен, күнім қараң.
2788. Өттең, айдың жарығы күндізгідей,  
Ер жігіттің қадірін қыз білгендей.  
Қыз байғұстың еркіне қоя берсе,  
Есік ашып үйіне енгізгендей.
2789. Өріштес, сен қайдағы, мен қайдағы,  
Ойласаң, еске түсер қай-қайдағы.  
Қытықтап сөзбен мені қаза берме,  
Біреудің мен де өзіңдей көз ойнағы.



2790. Әріптес, мен қайтейін шабаныңды,  
Өткіздің шабандықпен заманыңды.  
Кездіктей ұста соққан тойтармалап,  
Қайтсем де, табам ғой бір амалыңды.
2791. Әуеде ұшып жүрген қыран бүркіт,  
Тұрады жамандардан денем үркіп.  
Бар дейді жанқалтаңда иіс майың,  
Жіберші, сол майыңнан біраз бүркіп.
2792. Әуеден ұшып жүрген сары ала қаз,  
Өлең айтып берейін балаларға аз.  
Көлдібайдай көсілтіп ән білмеуші ем,  
Неге келді бұл тойға Көлдібай таз.
2793. Әуеден қатар-қатар қаз кетеді,  
Әріптес, кисең дағы нең кетеді?  
Үстімде қымқап мешпет арқауы алтын,  
Жамылсақ төртеуара, мол жетеді.
2794. Басында Қаратаудың қалың қайың,  
Сөйлесең, тамызасың сөздің майың.  
Ниетің, шын көңілің болса егер,  
Келіп тұр ауылыма күн-күн сайың.
2795. Басында Қаратаудың бір топ арша,  
Басында бір топ арша көк қаршыға.  
Сен, қаршыға, қалайша ұшып кетпей,  
Отырсың көпшіліктің арасында?
2796. Басында Қаратаудың шымшық отыр,  
Қанатын ұшайын деп қымтып отыр.  
Өлең айт тәуір-тәуір, қос әріптес,  
Қасымдағы жолдасым шымшып отыр.
2797. Басында Қаратаудың қара мысық,  
Алған жардан, жалған жар болады ыстық.  
Ыстығы жалған жардың сол емес пе,  
Көрген кезде тұрады көзін қысып.

2798. Басында Қаратаудың балуан тас,  
Көтере алмай көзімнен шығады жас.  
Жатқанда көтере алмай, көтеріскен,  
Айналам өздеріңнен, құрбы-құрдас.
2799. Басында Қаратаудың қайнар бұлақ,  
Қой келгенде маңырар жетім лақ.  
Мені шұнақ дегеннің өзі шұнақ,  
Қандай байдың қызы екен салпаң құлақ?
2800. Басында баянауыл байдың қосы,  
Қайнатқан бақыр қазан, талдан мосы.  
Болғанда сіз іздеген, біз сұраған,  
«Іздеген сұрағанға» деген осы.
2801. Басына Қаратаудың қақ тұрмайды,  
Даладан жалғыз құлан аттырмайды.  
Құдай-ау, не жазып ем қалқатайға,  
Жанына таяп кетсем, жақтырмайды.
2802. Басынан қарағайдың келі алайын,  
Келімді жерге қойып, дем алайын.  
Атадан артық туған, асыл қалқам,  
Берсем де бар малымды, сені алайын.
2803. Басынан қарағайдың келі алайын,  
Келімді көтере алмай дем алайын.  
Бергенде өзің көңіл, қимас қалқам,  
Астынан ақ тамақтың дем алайын.
2804. Басынан Қаратаудың ұшпа шықты,  
Ішер ме едім суынан үш қасықты.  
Көңілің шыныменен менде болса,  
Айтайын бір сөзімді, сыртқа шықшы.
2805. Басына Қаратаудың қақтым қазық,  
Қарагер қасқыр соққан бауыры жазық.  
Астынан ақ тамақтың бір сүйгізсең,  
Болады жылдық сусын, айлық азық.

2806. Басынан Қаратаудың қар борайды,  
Сері жігіт мойнына салы орайды.  
Салы ораса, ол өзі күнде орайды,  
Сол шіркіннің мойнына кім қарайды?!
2807. Басады алға таман ақтанау кер,  
Таусылар «а» дегенше аттаған жер.  
Толықсып тұрғаныңда толған айдай,  
Сыртыңнан көрген адам «өттең-ау!» дер.
2808. Барады қыздар суға месін алып,  
Барады месі жоқтар несін алып.  
Шын болса айтқан сөзің, құрбыласым,  
Жүргейсің бұдан былай есіңе алып.
2809. Барады басым ауырып, шеміршегім,  
Келмейді қара өлеңге еріншегім.  
Ішінен қалың қыздың таңдап жүрмін,  
Болса деп дәл өзіңдей келіншегім.
2810. Барайын өзім ертіп тұзға дейін,  
Көлшікті тұз алатын бұзба дейім.  
Құдайдың маған берген бір мінезі,  
Ежелден бір бүйрегім қызға бейім.
2811. Базардан алып келген темір қақпан,  
Қақпанмен түлкі алады ебін тапқан.  
Барып ем шақырған соң, өтей іздеп,  
Қалқатай ақбоз үйде ұйықтап жатқан.
2812. Базардан алып келген алтын сырға,  
Жүгіріп жалаң аяқ шықтым қырға.  
Шын көңілің, ынта-пейілің менде болса,  
Кісіге менен басқа мойын бұрма.
2813. Базардан алып келген сырлы қалақ,  
Қалқадан сұрап алдым бірді қалап.  
Қадірлі қалқам, менің ұсынғанда,  
Таңырқап, көрген жандар тұрды қарап.

2814. Базардан алып келген теңгем күміс,  
Тапсырса, орындар ем жеңгем жұмыс.  
Барғанда ауылына қалқатайдың,  
Отырмын болар-ау деп жеңгем тыныс.
2815. Базардан алып келген сырлы тегеш,  
Менімен, ей, әріптес, қылма егес.  
Арындап бағанадан көзге ілмедің,  
Әріптес, енді осылай жөніңе көш.
2816. Базардан алып келген жезден қасық,  
Білімді үйретсеңіз — үлкен кәсіп.  
Қос қалқа, жалтақтамай жақын отыр,  
Кете алмайсыз бұл тойда менен қашып.
2817. Базардан өзім барып теңге алғамын,  
Білемін сол теңгені жеңге алғанын.  
Бермесем, өкпелейді жеңгем маған,  
Сылтау қып базарлықтан кем қалғанын.
2818. Базардан өзім барып қант алдым,  
Өлеңмен өнерімді таныта алдым.  
Бердім де сол қантты қалқатайға,  
Айнымас татулыққа ант алдым.
2819. Базардан өзім барып көйлек алдым,  
Айтса да қымбатсынып, қой деп әркім.  
Ұрсар деп апармасам қалыңдығым,  
Күлдіре жолдастарды сөйлеп алдым.
2820. Базардан базар барып мата алайын,  
Орыстың қыздарынан хат алайын.  
Алдынан қақпасының өте шығып,  
Артынан герой жігіт атанайын.
2821. Базарда да базар бар — бір базар бар,  
Өзім ер, өзім мырза, мен кімге зар.  
Кісінің тұяқ батпас баласымын,  
Аулақ жүр көлеңкемнен, менде нең бар.

2822. Базарда істейді екен алым-сатым,  
Сан жерде саудагерге кетті хақым.  
Секілді тарпаң байтал қорсылдама,  
Үйреткен талай асау біздің тақым.
2823. Болғанда ой қызылқат, қыр қызылқат,  
Ойпаңнан алып жедім бір қызылқат.  
Кез болған қиуада, қос қалқатай,  
Келуге сыртқа шығып бар ма рұхсат?
2824. Болғанда ой қарақат, қыр қарақат,  
Ойпаңнан алып жедім бір қарақат.  
Шын көңілің, ынта-пейлің менде болса,  
Жолыма келетұғын қара да жат.
2825. Болғанда ой тошала, қыр тошала,  
Ойпаңнан алып жедім бір тошала.  
Шын көңілің, ынта-пейілің менде болса,  
Жүрейік ойнап-күліп жеке-оңаша.
2826. Болғанда үркер алтау ай қашады,  
Жерінен барымталы бай қашады.  
Жылқыңның жайылымы жақсы болса,  
Құнажын, байтал тұрғай, тай қашады.
2827. Бөрідей тау жебелеп түн қатқанда,  
Аулынан қайтушы едім таң атқанда.  
Шыдайды жігіт қайтіп ұзақ таңға,  
Толықсып, сары майдай қыз жатқанда.
2828. Бозторғай жазғытұрым талда ойнайды,  
Адам тұрғай, хайуан — мал да ойнайды.  
Әуелі өліп көрден тұрғандай боп,  
Біз тұрғай, кемпір менен шал да ойнайды.
2829. Бетінде ақ қағаздың сызығы жоқ,  
Қолында жаман қыздың жүзігі жоқ.  
Әнге сал, ойнап-күліп осындайда,  
Жалғанның бұдан басқа қызығы жоқ.

2830. Бес шал деймін, тағы да бес шал деймін,  
Қойға шамам келмейді, ешкі ал деймін.  
Ертең еру, бүрсігүн көшеді аулым,  
Өзің барып ешкіні кеште ал деймін.
2831. Берейін сөлкебайды апасына,  
Мені де қосып жүрсін батасына.  
Сандыққа сөлкебайды қойсын сақтап,  
Ұлының жыртысына атасын да.
2832. Биік тауға бітеді тал мен қайың,  
Қылған істің Аллаға бәрі дайын.  
Ебін тауып, ойнап-күл жас кезіңде,  
Мініп жүрміз Алладан жанның майын.
2833. Бір қамшым бар қолымда ат қамшылар,  
Алкүреңнің баурынан тер тамшылар.  
Сіз көйлекшең болғанда, біз жейдешең,  
Жақындасып қалғанда, не жан шыдар?
2834. Бір нәзік көк аспаннан сағым көрдім,  
Сол сағым сәулесіндей сағым көлдің.  
Отырған ойын-тойда әріптестің,  
Талмайтын өлең-жырға жағын көрдім.
2835. Біздің ауыл сұрасаң Шеміршекте,  
Шеміршек алыс болар еріншекке.  
Жан сырымды жасырмай айтушы едім,  
Қара көз, сіздей әйбәт келіншекке.
2836. Біз көштік туған мекен Шағанғолға,  
Құдайым бастамасын жаман жолға.  
Екі қыз, төрт келіншек тосып тұрып,  
Қаратпай әкетті ғой «аман болға».
2837. Дүние сізге де ортақ, бізге де ортақ,  
Кей жаман үйде батыр, түзде қорқақ.  
Айтқызбай көңілімді, өзің тапшы,  
Жан едім қызыл көрсем тілге өте шорқақ.

2838. Дегенге ақындаймын, ақындаймын,  
Мен ақын сен ақынға жақындаймын.  
Өріптес, жай-шамаңды ойлай отыр,  
Жеңем деп жеңе алмасаң, тақымдаймын.
2839. Ендеше, қош аман бол, қош аман бол,  
Дегенім қош аман бол, қайырлы жол.  
Аулыңа кешке барсам, шықпай ма деп,  
Өзгеңді не қылайын, уайым сол.
2840. Ендеше, сылдыр үзбе, сылдыр үзбе,  
Тұсыңа құрбың келді, білдіңіз бе?  
Тұсыңа құрбың келіп тізе бүкті,  
Қыларсыз не сый-сияпат енді бізге?
2841. Ендеше, өріктей боп, өріктей боп,  
Күн шығар Өріктіден бөріктей боп.  
Сенімен бір ойнасам, мен ойнаймын,  
Былғаған сары майға женттей боп.
2842. Ендеше, хат қараған, хат қараған,  
Қызық қой кешкі тойда ат қараған.  
Бергенде өзің көңіл, қимас қалқа,  
Көзіңнен, айналайын, жалт қараған.
2843. Ендеше, арба айдаған, арба айдаған,  
Оңбайды болмас іске борбайлаған.  
Әр жерде аңғал жігіт толып жатыр,  
Арбасын көзі көрмей жарға айдаған.
2844. Ендеше, тау кекілік, тау кекілік,  
Қалады қар жауғанда тау бекініп.  
Шын болса мына сөзің, замандасым,  
Қалмаңыз біз кеткен соң тауда өкініп.
2845. Ендеше, тақыр күрең, тақыр күрең,  
Сырыңды айтпағанмен, ақыр білем.  
Шын болса айтқан сөзің, құрбыласым,  
Өзіңмен өле-өлгенше жақын жүрем.

2846. Ендеше, ойдым-тойдым, ойдым-тойдым,  
Көргенде ақ жүзінді жаңа тойдым.  
Сен үшін басым сотқа кетсе дағы,  
Жанымды құрбандыққа арнап қойдым.
2847. Ендеше, ішім-сыртым, ішім-сыртым,  
Шыдатпай бара жатыр ішті құртың.  
Құмардан өттең сонда шығар едім,  
Өзіңмен ойнап-күлсем бір күн, бір түн.
2848. Етігім аяғымда құлын тісті,  
Етекке сіздің ауыл бұрын түсті.  
Ішінде мың адамның тұрғаныңда,  
Сағымдай жер бетіне нұрың түсті.
2849. Ей, қалқа, айналайын мінезіңнен,  
Келмеген шақырғанда кінә өзіңнен.  
Бағаңа, бағаласам, жан жетпейді,  
Садаға он бес әйел бір өзіңнен.
2850. Ей, қалқа, айттың ғой сен арманыңды,  
Айдап кел, арман етсең, бар малыңды.  
Бұл тойда балық аулар дария жоқ,  
Ала қайт ауылыңа қармағыңды.
2851. Ер қостым төрт ағаштан қиыстырып,  
Тізеңді жақын отыр тиістіріп.  
Кеп тұрған қыл бабына қыран құстай,  
Өлеңмен шеңбектермін бүрістіріп.
2852. Ерімнің күмістелген құйысқаны,  
Келіспес ер жігіттің ұрысқаны.  
Барған сайын жайраңдап жүруші еді,  
Бүгін кеште сорыма, құрысқаны.
2853. Жайырдың жайып сырмақ шалғынына,  
Кез болып ақын қыздың балғынына.  
Білмеймін бір жауап жоқ, әлі отырмыз,  
Өріптес ұйықтады ма, қалғыды ма?



2854. Жайырдың қоңыр салқын жазы қандай,  
Қаз қонып, үйрек ұшқан сазы қандай.  
Айтсасам осы ауылдың қыздарымен,  
Болады қос қанатым жазылғандай.
2855. Жылқымды айдап салдым тепсең жерге,  
Шықпайды тауға бидай ексем жерге.  
Ақшам мен екінтінің арасында,  
Тимейді, сені ойласам, өкшем жерге.
2856. Жылқымды айдап салдым шыбар төске,  
Мінемін көк жорғаны жылда көшке.  
Ауылың күншілік жер болса дағы,  
Түн қатып, барар едім күнде кешке.
2857. Жылқымды айдап салдым жоғартыдан,  
Басымда жекей тымақ шоқ алтыннан.  
Бағаңа, бағаласам, жан жетпейді,  
Соғылған жандайсың бір сом алтыннан.
2858. Жігітке өлең білген, ол да мерей,  
Кез болса әріптес бір айыр көмей.  
Сені мен осы арада жеңіп кетсем,  
Сірә да, жібермеспін, кергілемей.
2859. Жігітте те жігіт бар қыңырайған,  
Баса киіп тымағын, жымырайған.  
Аңдығаны кеш болса қыз, келіншек,  
Көзін қысып әркімге сығырайған.
2860. Келгенде жаяу көшіп қос аралдан,  
Жемеп ем өзің терген тошаладан.  
Қалқатай, айтқаныңда тұрмадың ғой,  
Демеп пе ең, тосып алам осы арадан.
2861. Келгенде қара өлеңге қақтырмаймын,  
Құйысқан, өмілдірік тақтырмаймын.  
Әріптес, маған қойған тәуір болсын,  
Біржақай қыз, қатынды жақтырмаймын.

2862. Келемін жоғартынан жорғамды айдап,  
Түр екен екі бала бие байлап.  
Шақырды атымды атап «Толғанай» деп,  
Мен бұрдым аттың басын «бұл қалай» деп.
2863. Кей жаман келе алмаған, кете алмаған,  
Таяздан тал бойлатып өте алмаған.  
Біреудің мен де өзіңдей құрағы едім,  
Жігіт боп шын сертіме жете алмаған.
2864. Кепешім күміс жіпті, жасыл барқыт,  
Көремін көп адамнан басыңды артық.  
Өмірің өстіп жүріп, өте шығар,  
Барады жыл-жыл сайын жасың да артып.
2865. Кемпірлер сақтайды екен «сары май» деп,  
Жаман қатын жинапты «бөрі май» деп.  
Онысы сасып-шіріп кеткен дейді,  
Жатқанда жалқаулықтан «жаным-ай» деп.
2866. Киіп ап түлкі тымақ басымызға,  
Сандалып қыз іздеуші ек жасымызда.  
Қайрандап, сол іздеген сұлу қыздар,  
Отыр ғой кемпір болып қасымызда.
2867. Көзіңнің, айналайын, қарасынан,  
Қасыңның хат жазайын арасынан.  
Қасыңнан шыр айналып шықпас едім,  
Жаманның қорқамын ғой жаласынан.
2868. Көзге жақсы көрінер көзгіл саулық,  
Әшекейге жарайды жібек жаулық.  
Жасымда қыздарменен ойнаушы едім,  
Баршындап, қартайған соң қатынға аудық.
2869. Көз жетер кімнің ертең өлмесіне,  
Мен кепіл өткен өмір келмесіне.  
Барында оралыңның ойна да күл,  
Келмессің қайта айналып он бесіңе.

2870. Көшкенде жылқы айдаймын жиыстырып,  
Ер қостым төрт ағаштан қиыстырып.  
Жанымда шағып алар шаяным жоқ,  
Бері отыршы, тізеңді тиістіріп.
2871. Кигенім үстімдегі күрең жарғақ,  
Қойыпты екеумізді сөзге парлап.  
Әріптес, айтарыңды айтып кетші,  
Бүгіліп жүрмесінші бірер бармақ.
2872. Кигенім аяғыма сырма етік,  
«Сырлы аяқ сыны қапты, сыры кетіп».  
Ағаштай өңі өзгерген күзді күні,  
Ағарған алма беттің нұры кетіп.
2873. Кім жетер, әзілдесе көз көргенге,  
Жалғанда сырыңды айтпа, сөзге ергенге.  
Тықыршып жүйрік аттай тұра алмаймын,  
Сұлулар сіздей-сіздей кез келгенде.
2874. Кім орнатқан қамшыңның шежемесін,  
Қоздырасың кісінің делебесін.  
Оралыңның барында ойна да күл,  
Көре алмаған дұшпаның десе, десін.
2875. Қарасу есік алды балғын талды,  
Айтысып әріптеспен жағым талды.  
Айтысып әріптесті жеңгеннен соң,  
Ішінде ақ отаудың қалғым келді.
2876. Қарасу есік алды терең бе екен,  
Қарагер мінсем жылдам желе ме екен.  
Сұрап ем қос қалқадан бір бұйымтай,  
Құлағы естімейтін керең екен.
2877. Қарасу есік алды қоғалы екен,  
Ақ боран оңды-солды соғады екен.  
Үзіліп, өлең айтып шақырғанда,  
Құрбыма бармай қойсам обал екен.

2878. Қарасу жағалауы терең екен,  
Теректен кессем бұтақ, керек екен.  
Барады айтқан сөзі жанға батып,  
Әріптес елден ерек зерек екен.
2879. Қара көз, сен де терең, мен де терең,  
Отырған «өлең айт» деп ел де терең.  
Не келсе ауызыңа, тартынбай айт,  
Сен айтқан әзіліңді мен көтерем.
2880. Қаратаудың басында қыраным бар,  
Қыран ұшса, көкқұтан қылады зар.  
Алыс аулың кеткенде, қимас қалқам,  
Саған арнап шығарған бір әнім бар.
2881. Қаратаудың басында ақ бұлт бар,  
Ақ бұлттан жауады ақ үрпек қар.  
Көзім неге тартады, қалқатайым,  
Көңілің мендік болудан жақсы үміт бар.
2882. Қаракөк жылқы ішінде бесті болсам,  
Ер салмас сетеріңдей есті болсам.  
Армансыз бұл дүниеден өтер едім,  
Ауылына сұлулардың кеште қонсам.
2883. Қаракөк жылқы ішінде дөнен болсам,  
Ұстатпас жамандарға елең болсам.  
Армансыз бұл дүниеден өтер едім,  
Ауылыңа келіп қонған бөлең болсам.
2884. Қаракөк жылқы ішінде дөнен болса,  
Шаң жұқпас шашасына, ерен болса.  
Армансыз дүниеден өтер едім,  
Ауылыңда күнде осындай өлең болса.
2885. Қаракөк жылқы ішінде құнан болсам,  
Мінгізбес арда емген бұлаң болсам.  
Армансыз бұл дүниеден өтер едім,  
Ауылыңа келіп қонған құдаң болсам.

2886. Қаракөк жылқы ішінде бесті болса,  
Кеудесі сала құлаш төсті болса.  
Тұрғанда ауылыңның сырт жағында,  
Қалқатай іздеп келер есті болса.
2887. Қаракөк жылқы ішінде атың болсам,  
Тігілген айдалада шатыр болсам.  
Армансыз бұл дүниеден өтер едім,  
Өлеңмен өзіңді алған ақын болсам.
2888. Қаракөк жылқы ішінде биен болсам,  
Артатын, ауылың көшсе, түйең болсам.  
Армансыз бұл дүниеден өтер едім,  
Ауылыңа келіп қонған жиен болсам.
2889. Қарайдың қыран болар ителгісі,  
Жігіттің қызға жақын икемдісі.  
Әріптес, барың болса, ортаға сал,  
Құрбыңның келіп отыр сүйкенгісі.
2890. Қараймын қарайғанға бұта ма деп,  
Бақырға бал қайнаттым, тұта ма деп.  
Аузыңа жарты мейіз жарып салып,  
Қараймын тамағыңа жұта ма деп.
2891. Қазанға қайнасын деп қарта салдым,  
Төсекке жайнасын деп көрпе салдым.  
Кез болған қиуадан, қимас қалқам,  
Мойныңа ақ білекті арта салдым.
2892. Қатырдым қайыстай ғып қарагерді,  
Басады қардан жаман қара жерді.  
Қоштасып қалқатаймен аттанғанда,  
Мөлтілдеп екі көзі қала берді.
2893. Қайынжан, қызыл шырай, қыр мұрынды,  
Тиіспеген кісіге кеп өзі ұрынды.  
Түбіне көк теректің байлап қойып,  
Тепкілеп артар ма еді итмұрынды.

2894. Қайың құрық, тал құрық, құрық-құрық,  
Қашағанды ұстадым зорықтырып.  
Сен есіме түскенде, жан қалқатай,  
Тұсаулы аттай қарғимын тұрып-тұрып.
2895. Қалқатай, таудан аққан бұлақтайсың,  
Таспадай жағадағы құрақтайсың.  
Ыңғайлы ер салуға даяр тұрған,  
Жаратып, байлап қойған құр аттайсың.
2896. Қалқатай. көз қарасың төуір еді,  
Мінезің салмақтының ауыры еді.  
Жауабың екі-үш күндей болмаған соң,  
Көз жасым жауындай боп жауып еді.
2897. Қалқатай, ауылыңнан келі алайын,  
Болмаса келі керек, неге алайын?  
Өлеңменен айтысып, мені жеңсең,  
Басым сотқа кетсе де, сені алайын.
2898. Қалқатай, сен дегенде ойым бөлек,  
Ақылға он жасымнан болдым зерек.  
Түбіне көк кесенің құйған шайдай,  
Көзіңнен, айналайын, дөп-дөңгелек.
2899. Құрбыжан, нешедесің, нешедесің?  
Өркімнің ашсын Құдай пешенесін.  
Ойнап қал, жастық дәурен бар кезінде,  
Кейбіреу көре алмаған десе, десін.
2900. Құрбыжан, сен де аласа, мен де аласа,  
Екі аласа ойналық таң-тамаша.  
Әлгі сөзің шын болса, жаным, құрбым,  
Төрге төсек салайын, жат жанаса.
2901. Құдай-ау, бай қылмадың, бай қылмадың,  
Көңілімді бір бай қылып, жай қылмадың.  
Қызыңа кедейшілік қырындап па еді,  
Етектен ұстап алып, айырылмадың.

2902. Құлахмет, ендеше Құлахмет,  
Құлын сойса болады бір асым ет.  
Бал мінез, бағлан ғып жұрт ұнатқан,  
Шешеңе сені тапқан, рахмет.
2903. Құба жел аңқылдаған екпін болды-ау,  
Қос қалқа, көрмегелі көп күн болды-ау!  
Бергенде өзің көңіл, екі-ау қалқа,  
Сарғайып ақша жүзім сепкіл болды-ау!
2904. Құдаеке өлеңінді айт, өлеңінді айт,  
Қос қалқа, көрмегелі көп күн болды-ай!  
Бергенде өзің көңіл, екі-ау қалқа,  
Сарғайып ақша жүзім сепкіл болды-ау!
2905. Қорадан айдап шықтым қалың қойды,  
Қойларым өрістегі шөпке тойды.  
Қосылған қиуадан, қимас қалқам,  
Сен едің қызда болсаң, терең ойлы.
2906. Қолымда бір қамшым бар бүлдіргелі,  
Өлең айтам қыздарды күлдіргелі.  
Қойнында сол қыздардың қоян жатыр,  
Жібердім қаршығамды ілдіргелі.
2907. Қолымда бір қамшым бар күмістеген,  
Апырмау, сол қамшыны кім істеген?  
Кей жаман сыландайды сырын бермей,  
Мысықтай жұрт көзінше түк ішпеген.
2908. Қолымда сары атаным жетелеген,  
Қиғаштап жолды тастап, төтелеген.  
Кісідей тез кел деген желе аяңдап,  
Шіркін-ай, неткен жансың, ентелеген.
2909. Қонғаны ауылымның Қызылқия,  
Бітіпті сол қияға бір түп мия.  
Жүрісің қандай тыныш, қызыл байтал,  
Мінер ме ем, былқылдатып жылқы жая.

2910. Қонғаны ауылымның топ қараған,  
Жоғалттым үкілі кер ноқталаған.  
Отырған қой күзетіп, қос бойжеткен,  
Көрдің бе екі жігіт жоқ қараған?
2911. Қонғаны ауылымның Ойқараған,  
Кім екен таңертеңгі қой қараған?  
Алыстан атыңды естіп жүруші едім,  
Кезіктің осы жерден ойламаған.
2912. Қыздар жақсы көрінер қырындарға,  
Келіншек жақсы болар ымдарға.  
Қыр мұрынды жігітпін, қара торы,  
Кемістердей бойымда мінім бар ма?
2913. Қыздарда да қыздар бар ту қояндай,  
Діңкемді қыздар құртты түнде оянбай.  
Оятсам суық қолмен, шоши ма деп,  
Ояттым орамалмен мен сормаңдай.
2914. Қыз емес қыздың аты — қызыл қыршын,  
Ойнаған қызықтырып ойның құрсын!  
Жерінді уағдалы айтып қоймай,  
Қойдың ғой сипалатып жүктің бұрышын.
2915. Қыздары жақсы ауылдың мақпал пішер,  
Бал берсе сырлы аяқпен, сақтап ішер.  
Қыздары кей ауылдың шекпен пішіп,  
Шелек-шелек көжені кептеп ішер.
2916. Қызыл қырғи, ендеше, қызыл қырғи,  
Қанатынан құйрығы ұзын қырғи.  
Бір апта көріспесек аңсайтұғын,  
Қасыңа келіп қалдық сырғи-сырғи.
2917. Қызыл құман, ендеше, қызыл құман,  
Шығады саздау жерге ши мен жусан.  
Құр қарайсың, ал неге тіл қатпайсың,  
Көзіңнен, айналайын, ашып-жұмған.



2918. Қызыл түлкі дейді екен қыз баланы,  
Алмаған да, алған да қызғанады.  
Қара қарға қарқылдап мазаны алды,  
Ілмеген соң Алтайдың мұз балағы.
2919. Қолыма ұстағаным қайың құрық,  
Өлтірдім құрығыммен тайымды ұрып.  
Ұрмас ем, көткеншектен жүрмей қойды,  
Келмекші ем қалқатайдың жайын біліп.
2920. Қабығын ақ теректің аршып алам,  
Мен сені асықтай-ақ қаршып алам.  
Болғанда сен ақ қоян секеңдеген,  
Ілуге кем емеспін қаршығадан.
2921. Қой күзетіп қорада қыздар отыр,  
Кейбіреуі қисайып, мызғап отыр.  
Өнге басып, қасына жетіп барсам,  
Қол-аяғы бүрісіп, мұздап отыр.
2922. Қиыннан өлең айтам қиыстырып,  
Жасадым кереге, уық жиыстырып.  
Жанымда шағып алар шаяным жоқ,  
Тізеңді жақын отыр, тиістіріп.
2923. Мінгенім дәйім менің арық жирен,  
Жаман ба қалыңдыққа барып жүрген.  
Басында өткен айдың өкпелетіп,  
Көңілім содан бері қалып жүрген.
2924. Мінгенім дәйім менің торы бием,  
Ішінен қалың қыздың сені сүйем.  
Бұл тойда саған үкі тағып қойдым,  
Айырылсам, қылығыңа жанып-күйем.
2925. Мінгенім дәйім менің құла болса,  
Төгілген жал-құйрығы бұла болса.  
Жүрегі қалқатайдың жарылмай ма,  
Біздің үй сіздің үймен құда болса.

2926. Мінгенім дәйім менің қасқа атым-ды,  
Мінбеймін қасқа атымнан басқа атымды.  
Құдайдың маған берген бір мінезі —  
Көремін қыздан тәуір жас қатынды.
2927. Мінгенім дәйім менің қара құнан,  
Үркеді қара құнан тарағынан.  
Шын көңіл, шын-пейілің менде болса,  
Сүйгізші үлбіреген тамағыңнан.
2928. Мінгенім дәйім менің құла мойын,  
Түзейді бойжеткен қыз тұла бойын.  
Күйеуің кеше түнде келіп кеткен,  
Аулақ жүр арамдамай судың бойын.
2929. Мінгенім дәйім менің ақ айыл көк,  
Аттаңдым ауылыңа барайын деп.  
Болған соң жасым құрбы, іздеп келдім,  
Өзіңмен өзілдесіп алайын деп.
2930. Мінгенім дәйім менің боз жорға ат,  
Мен мінбесем, мінбейін, сен жорғалат.  
Әріптес, пысық болсаң, бос отырмай,  
Астынан керегенің қол жорғалат.
2931. Мінгенім дәйім менің ақтабаным,  
Жетер ме сипатыңды мақтағаным?  
Алыстан ат арытып келдім іздеп,  
Бар болса, өкел бері, сақтағаның.
2932. Мінгенім дәйім менің тусыған көк,  
Далада жылқым жатыр жусаған боп.  
Көргенде қызды ауылды тоқтай алмай,  
Барамын сусын сұрап сусаған боп.
2933. Мінгенім дәйім менің қыл қара атым,  
Өзіме қанат, құйрық бұл қара атым.  
Алыстан өтей іздеп келгенімде,  
Бар еді не жазығым, бұлданатын?

2934. Мінгенім астымдағы сарым болса,  
Қолымда жетелеген нарым болса.  
Армансыз бұл жалғаннан өтер едім,  
Күлім көз, оймақ ауыз жарым болса.
2935. Мінгенім астымдағы қара қасқа,  
Байладым таң асырып қара ағашқа.  
Алыстан ат өксітіп келгенімде,  
Қалқатай, ант етіп пе ең, қарамасқа?
2936. Мінгенім көш алдында қызыл қасқа,  
Барады көшіп ауылым Қызылтасқа.  
Нұр жүзің осы жүрген жаннан бөлек,  
Көргенде шарам бар ма, қызықпасқа.
2937. Мен өзім әрі ақын, әрі батыр,  
Қайда жүр, ақын қыздар, бері шақыр.  
Ысқырып айдаһардай ақын келсе,  
Алдынан қарсы шықпай, қайда жатыр?!
2938. Мереке, міне, қызық ду болды ма,  
Сіздің ел біздің елден қу болды ма?  
Әріптес, сонша неге қудаладың,  
Етегі көйлегіңнің су болды ма?
2939. Мекені біздің елдің Бұлғын деген,  
Азайды ауыл-аймақ қырғынменен.  
Қолында сұм байлардың жүргенімше,  
Бірге өлсем, арманым не құрбымменен?
2940. Мылтықтың сыртың сұлу теміріндей,  
Қайыңның қасың қара көміріндей.  
Жақсымен ебін тауып ойнап-күлсең,  
Болады жамандардың өміріндей.
2941. Отырмыз Қайыңдының жазығында,  
Арқандап ат байлаймыз қазығына.  
Әркімнің өз алдына арманы бар,  
Жете алар қайсы бірі арманына?

2942. Осы ма, ақын жігіт, бар тапқаның,  
Тықыршып, бағанадан жан таппадың.  
Тиегін өлеңімнің ағытқанда,  
Жүрмеші білмей қалып, ант атқанын.
2943. Өлең ойдан болғанда, ән көмейден,  
Қиуада кез болдым бір егеймен.  
Барар жолды жаныңа өзің нұсқа,  
Көз жазбаймын, жан қалқа, қайтсем сенен?
2944. Өлеңді, кел айталық, қаласаңыз,  
Несіне қаламасаң, таласамыз.  
Шын болса, мына сөзің, жан қалқатай,  
Жарасып келеді енді тамашамыз.
2945. Өзім мінер ат қайда, тақыр кердей,  
Тойдың сәні келмейді ақын келмей.  
Ақындарға кеп қалдық айтып өлең,  
Неге отырсың қашқақтап, жақын келмей?
2946. Паналар елік, марал тауға қашып,  
Тұрған жоқ ақындықтан өлең тасып.  
Құдаша, бері таман, кел қасыма,  
Ұялмай төмен қарап, бетің басып.
2947. Пысқаны жөн әуелде сөз басында,  
Қисық ағаш жатпайды тез қасында.  
Бола ма деп отырмын, үміттеніп,  
Бұл, құдаша, бүгін түн өз қасымда.
2948. Сабағы сары құрайдың сары деймін,  
Жиырма беске келген қыз кәрі деймін.  
Сұрасаң, кәрі қыздың қалың малын,  
Ақтаған жалғыз аяқ тары деймін.
2949. Сенсінбесең, ендеше, сенсінбесең,  
Сені Құдай атпай ма, менсінбесең.  
Жанқалтаңда бар екен жарты мейіз,  
Бүтін берсең болмай ма, жесін десең.

2950. Секіретер тастан-тасқа шыбар туша,  
Көрінер қыздар сұлу белін буса.  
Сабын бер, әдемілеп шытыңа орап,  
Қуансын, жеңгем үйде бетін жуса.
2951. Судан балық ұстадым қармақ салып,  
Киіз үйдің тұрады оты жанып.  
Шыныменен көңілің мен де болса,  
Түнде қашып кетейік қосар алып.
2952. Сөз келді көмейіме қаулағалы,  
Отырмын сондықтан да заулағалы.  
Қалқатай, келдім сонау қиыр шеттен,  
Өлеңмен көңіліңді аулағалы.
2953. Тамағы жақсы қыздың қаймақ, балдай,  
Жігіттер, неге отырсың, ойнап қалмай?  
Өзіңмен ала жаздай бірге жүрсем,  
Жабар ем қабырғамды бойдақ малдай.
2954. Таймасаң уағдадан, жолығармыз,  
Тайсаңыз уағдадан, торығармыз.  
Құшақтап қу дізесін жалғыз жатар,  
Маңдайында төрт елі соры бар қыз.
2955. Таулардың қиын-қиын қиясы бар,  
Бетінде орып алар миясы бар.  
Отырсың «жеңемін» деп, желдей есіп,  
Өлеңнің таңдайымда ұясы бар.
2956. Тігесің ақ бұйрадан елтірі ішік,  
Ішіктің қынай белін келтір пішіп.  
Жалаңаш сары аязда сан жүгірдім,  
Демесең тез бітірші, «өлсін үсіп».
2957. Тозаққа алдыменен қызды айдаса,  
Бір емес сол қыздардан жүзді айдаса.  
Сылқита сары қымызға тойғызып ап,  
Артынан саусылдатып бізді айдаса.

2958. Төрт ат шектім арбаға күймелеген,  
Ауылыңа барайық күймеменен.  
Құдай берген жел сөздің арқасында,  
Келіншектер жаныма үймелеген.
2959. Ұшады парыменен сары ала қаз,  
Парымен жүргендердің бәрі де мөз.  
Қызығы дүниенің сол емес пе,  
Құрбыңның болып тұрса көңілі жаз.
2960. Ұшады аққу көлден балақтаған,  
Не сақтап, не қойды екен қарақ маған.  
Кез болған қиуада, қимас құрбым,  
Көзіңнен, айналайын, алақтаған.
2961. Үліңгір — малға жайлы екі жағы,  
Жағалай ауыл қонды келді дағы.  
Арасы екі ауылдың жақын болды,  
Құдайдың бұ да болса берген бағы.
2962. Үстінен көш жүргенде арай белдің,  
Қия алмай арт жағыма қарай бердім.  
Есіме әр уақыт сен түскенде,  
Шашымды айна алдында тарай бердім.
2963. Шилеуіттен қашады көкше қоян,  
Оны алатын қаршығаң болсын жоян.  
Кеткенде ауылың алыс, мені ойласаң,  
Ұйықтап жатқан жеріңнен шошып оян.
2964. Шығады аузымды ашсам, өлең гулей,  
Әкелдім он қап өлең аузын түйрей.  
Он қаптың біреуінің ауызын сөксем,  
Қашады құдағилар тонын сүйрей.
2965. Шіркін-ау, семіз қыздар не жейді екен,  
Арық қыздың әкесі кедей ме екен?  
Арық болды қалайша осы қыздар,  
Шешесі тары, талқан бермей ме екен?



ҒЫЛЫМИ  
ҚОСЫМШАЛАР







## ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

Қара өлең — түркі халықтары поэзиясында ерте замандарда туып қалыптасқан ең көне фольклорлық жанрлардың бірі екендігі мәлім. Дегенмен, түрлі қоғамдық өзгерістер мен рухани сұраныстардың ауысу үдерістері қара өлең үлгілерінің сапалық тұрғыдан да, жанрлық жағынан да түрліше дамуына ықпал етті. Әсіресе түркі халықтарының ислам дінін тұтынуы Орта Азияда қоныстанған бірқатар (түркімен, өзбек, ұйғыр, әзірбайжан) елдердің араб-парсы поэзиясының өлең өлшемдерін, кейбір жанрлық түрлерін қабылдауына жол ашты. Бұған қарағанда, Еуразия далаларын мекендеген қыпшақ тілдес қазақ, қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт, құмық т.с.с. халықтардың кейінгі ұлттық поэзиясында шығыстық өлең үзіндерінің әсері біршама аз орын алған. Бұл құбылыстың басты бір себебі — аталған халықтардың отырықшылыққа ерте бейімделуі, Иран елінің мәдениетіне мейлінше жақын аймақта өмір сүруі, тиісінше, араб-парсы лексикасын өз тілдерінде молынан қолдануына байланысты болса керек. Ал қыпшақтардың көпшілігі, негізінен алғанда, ұзақ уақыт бойы көшпелі тіршіліктің қамында болды және араб-парсы өркениетінің рухани әлемінен аулақтау өлкелерді мекен етті. Міне, қара өлеңнің қазақ топырағында өшпестей сақталып қана қоймай, XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап кең қанат жаюы осының жарқын дәлелі. Бір кездері Ш.Уәлиханов қара өлеңдердің алғашқы тармақтарының мәнсіз келетіндігін және халқымыздың осы өлең өлшемін көршілес татарлардан үйренгенін жазуына<sup>1</sup> қарамастан,

---

<sup>1</sup> Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. 5-томах. —А., 1961-1972. 1-том. —С.195

бүгінгі қазақ әдебиеттанушылары қара өлең — қазақтың байырғы поэзия түрлерінің бірі екендігіне шек келтірмейді. Оның үстіне қара өлең Шоқан заманына дейін-ақ, «Елімай» секілді тарихи өлең үлгілерінде де көп кездесетін болған. Яғни, А.Сейдімбек жазғандай, «қара өлеңді біржолала орнықтырған тарихи қолайлы кезең XVIII ғасырдан бергі уақыт»<sup>2</sup>. Шынында да, ғалым бағалағандай: «Қара өлең — қазақ қоғамының барша өмір салтының, дәстүрінің, моральдық — этикалық нормаларының, сұлулық туралы таным-түсініктерінің, сезім күйлерінің поэзиялық үлгідегі энциклопедиясы немесе галереясы»<sup>3</sup>.

Қазақтың қара өлең үлгілерін ілгері-кейінді бірқатар орыс, қазақ зерттеушілері сөз етсе де, кеңестік кезеңде бұл жанрда арнайы зерттеп, ғылыми пікір білдірген белгілі ғалым — Б. Уахатов<sup>4</sup>.

Сондай-ақ этнограф-саясаттанушы С.Ақатаевтың бірнеше ғылыми-танымдық мақалаларында да қара өлең тақырыбы мен табиғатына қатысты ойға қонымды пікірлер кездеседі<sup>5</sup>. Осы орайда алғаш қара өлең мәтіндерін жинақтап, баспадан шығарған қазақ қаламгерлері А.Сейдімбек пен О.Асқардың еңбектерін ерекше атаған жөн.

Бұған дейін «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша әзірленіп, «Бабалар сөзі» сериясының 70-томына енген қара өлең үлгілері қатарында жоғарыда аталған екі жинақтан (1989 ж.) басқа, ҚР БҒМ ОҒК және М.О.Әуезов атындағы ӨӘИ сирек қорларында сақталған Н.Шөкеев, Е.Баталов, С.Қазкенова, Е.Нығметов, Н.Исин, Т.Дәулетов, Т.Бадырақов, Қ.Сейітов, Ж.Нұрмаханов т.б. ел азаматтары Қазақстанның әр тұсынан жинаған қара өлең мәтіндері жарияланған болатын.

Ал кезекті 71-томға көршілес Қытай Халық Республикасында тұратын қазақтар арасында кең тараған қара өлең үлгілері енгізіліп отыр. Жалпы, Қазақстан мен елімізден тысқары аймақтарда тіршілік ететін отандастарымыздың ерте замандардан айтып келе жатқан халық өлеңдерінің тақырыптық,

<sup>2</sup> Сейдімбек А. Мың бір Маржан. — Алматы: Өнер, 1989. — 89-б.

<sup>3</sup> Сейдімбек А. Сонда. — 47-б.

<sup>4</sup> Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. — Алматы: Ғылым, 1974.

<sup>5</sup> Ақатаев С. Қазақтың көділгі қара өлеңі. «Қазақстан әйелдері», 1986. № 1

мазмұндық және жанрлық жағынан айырмашылықтары аз. Дегенмен, Қазақстанның батыс, орталық өңірлеріне қарағанда, оңтүстік-шығыс және шығыс аймақтарда мекендейтін қазақтардың қара өлең айтуға бейімділігі айқынырақ сезіледі. Мұндай ерекшелікті ертеректегі бір зерттеу мақаласында М.Әуезов те атап көрсеткен<sup>6</sup>. Жазушының XX ғасырдың 20-жылдарында Жетісу өлкесіне жасаған шығармашылық іссапары кезінде жазылған ғылыми мәні зор пікірлерінің жапсарлас Қытай қазақтарының әдеби-фольклорлық мұрасына да қатысы бар.

Қытай қазақтары арасында айтылатын қара өлең нұсқалары тақырыптарға бөлініп, көшпелі халық тұрмысының алуан түрлі әлеуметтік құбылыстарды және жеке адамның басындағы сезім, көңіл-күй ахуалын ақындық тілмен бейнелеп, әсем әуен аясында тамылжыта сыр шертеді. Тағы бір назар аударатын жайт — Іле, Тарбағатай, Құлжа, Алтай өлкелерін ертеден қоныстанған отандастарымыздың халық өлеңдерінде жергілікті тіл ерекшеліктері, яғни диалекті сөздер мол ұшырайды. Бұлардың арасында кәсіпке, зат-мүлікке, түр-түске, лауазымға байланысты біраз атаулар бар. Мысалы: салбурын, шілбір, зәңгі, үкірдай, сүлкі, шыбар, төжі (тайшы), кәмер т.с.с.

Қазақ арасында қара өлең айтудың өзіндік дәстүрі бар екендігі мәлім. «Амандасу өлеңі», «Жөн сұрасу өлеңі», «Тау өлең», «Су өлең», «Жер өлең», «Шай өлеңі», «Ата өлеңі», «Ет өлеңі», «Қоштасу өлең» дейтін өлеңдерге «Ауылдың алты ауызы», «Қонақ кәде», «Қайым өлең», «Ғашықтық өлеңдерді» қоссақ, қара өлең түрлері мен оның тақырыптық аясы қаншалықты кең құлаш жайғанын көру қиын емес. Осы құбылыс Қытай қазақтары айтатын қара өлең үлгілерінде де кездеседі. Атап айтқанда, «Түлік өлең», «Ата өлең», «Мұң-шер өлең», «Аң-құс өлең», «Көріс өлең», «Өтірік өлең», «Махаббат өлеңі», «Туған жер өлеңі» т.с.с. тақырыптағы қара өлең түрлері бар.

Томға еніп отырған қара өлең мәтіндері өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап Қытай еліндегі жергілікті ұлт баспаларында араб жазуымен (төте әліпби) жарық көрген халық шығармашылығы жинақтарынан алынып отыр. Бұл ретте 2009 жылы «Шинжаң халық» баспасынан шыққан «Қара

<sup>6</sup> Ауэзов М. Казахское народное творчество и его поэтическая среда // Тамыр : Альманах. Вып. 1 (3): искусство, культура, философия. — Алматы, 2001. — 104 с.

өлеңдер», 1992 жылы Үрімжі қалалық №14 орта мектеп баспаханасынан жарық көрген «Текес ауданының халық өлең-жырлары» (1-кітап) және 1989 жылы Үрімжі қаласында басылм көрген «Жігітке өнер де өнер, өлең де өнер» жинақтары басты назарға алынды. Аталған кітаптарға енген қазақтың қара өлең үлгілерін халық арасынан жинаушылар мына азаматтар: Дәулет Мазақұлы, Дүйсенбек Тұрлығожаұлы, Махат Есбайұлы, Бексұлтан Мұқанұлы, Махмұт Әбілхайырұлы, Құрынбай Сүлейменұлы, Ұшақбай Қайранбайұлы, Қауқиден Заманұлы, Омарқан Асылұлы, Зақан Омарұлы, Ғалымбек Өбетұлы, Жақсылық Сәмитұлы, Арғын Қанапияұлы, Мағаз Сүлейменұлы т.б.

Томды баспаға әзірлеу барысында мәтіндер араб әліпбиінен қазіргі кирилл жазуына түсіріліп, тиісті текстологиялық сараптаудан өткізілді. Талдау, жүйелеу, баспаға дайындық жұмыстары кезінде түпнұсқа мәтін мен өлеңдердің құрамында ұшырасатын жергілікті тілдік ерекшеліктер қаз-қалпында сақталды.

Реттік жүйемен дайындалған мәтіндердің сандық көрсеткіші төмендегідей:

«Қара өлеңдер» («Шинжаң халық» баспасы. Үрімжі, 2009) жинағынан алынған мәтіндер — 1-2686;

«Текес ауданының халық өлең-жырлары». (Үрімжі қалалық 14-орта мектептің баспа зауыты. 1992). 1-кітаптан алынған мәтіндер — 2687-2799;

«Жігітке өнер де өнер, өлеңде өнер» («Шинжаң халық» баспасы. Үрімжі, 1989) жинағынан алынған мәтіндер — 2800-2805.

*С. Қосан*

## МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ, ДІНИ ЕСІМДЕР МЕН РУ АТАУЛАРЫ

*Алла* (Аллаһ) — ислам дінінде бүкіл ғарышты, тіршілік дүниесін және қиямет қайымды жаратушы, баршаға бірдей, жалғыз және құдіреті күшті Құдай есімі.

Құран Кәрімде айтылғандай: «Ол Алла біреу-ақ, Алла мұңсыз (әр нәрсе Оған мұқтаж). Ол тумады да, туылмады. Әрі Оған ешкім тең емес».

Алла Тағала әлемді, жерді, өсімдіктерді, жануарларды және адамды жаратты. Ол адамдардың тағдыры — жазмышты белгілейді. Қияметте Алла барлық өлгендерді тірілтеді де, пәнидегі істерін таразылап, біреулерін — жұмаққа, енді біреулерін — тозаққа жібереді. Адамдарды дұрыс жолға түсіру үшін Алла Тағала оларға мезгіл-мезгіл пайғамбарларды жіберіп тұрған. Мұхаммед [с.ғ.с.] — Алланың адамдарға жіберген соңғы Елшісі; оған Алланың Құраны Жәбірейіл періштенің дәнекерлігімен жиырма үш жылда толық түсті.

Алланың нақты бейнесі жоқ және ол бейнеленуге тиіс те емес. Намаз оқып, сәждеге бас қою арқылы ғана оған берілгендікті білдіруге болады

Алла Тағаланың құдіреттілігін, әділеттілігін, қайырымдылығын т.б.с.с. өзіне ғана тән қасиеттерін оның тоқсан тоғыз есімі көрсетеді. Мысалы: Акбар (ең ұлық), Тағала (ең жоғары), Кәрім (жомарт), Рахман (мейірімді), Рахым (рақымды), Халық (жаратушы), Шариф (қасиетті), Ахад (жалғыз), Самад (мәңгі), Жаппар (құдіретті), Ғафұр (кешірімді) т.б.

*Абақ* — керей тайпасының бір тармағы. Керейдің «Төр шежіресі» керей этнонимінің Абақ (Әппақ) деген әйелімен байланыстырып, Абақ керей сол ананың ұрпағы дейді. Ел ішінде «Абақ — үйсін Сармырзаның қызы. Күйеуі қайтыс болған соң

Шымыр деген ұлын алып, төркініне кеткен. Нағашысы әлгі баланы кішкентайынан ашамайға мінгізіп «менің ашамайлы керейім» деп ертіп жүреді екен» деген аңыз сақталған. Абақ соңғы күйеуінен Құттықожа деген ұл туады. Одан Майқы (би Майқы емес), Майқыдан: Ермен-Изен, Жусан туады. Абақ керейдің қазіргі 12 атасы осыдан өрбиді. Абақ керей руы XVIII ғасырдың соңына қарай өздерінің атамекендері Қара Ертіс алқабына, Алтайға оралады.

*Адам ата, (Хауа ата, Хауа ана)* — діни аңыздар бойынша, Алла Тағаланың топырақтан жаратқан алғашқы адамы. Балшық мүсін ұзақ жылдар жансыз тұрады. Ақырында Алла Тағала Адамға жан кіргізеді. Адамның бір қабырғасынан Хауаны жасайды. Алғашында екеуі періштелер қатарында болып, олардың арасында беделді, құрметті орынды иемденеді. Періштелер Алланың жарлығы бойынша, Адам мен Хауаға бас иіп, ғибадат етеді. Бірақ Ібіліс атты періште бұл жарлықты орындаудан бас тартады. Сол үшін Алла Тағала Ібілісті жұмақтан қуып жібереді.

Осыған өкпелеген Ібіліс Адам ата мен Хауа анадан өш алудың жолын іздейді. Ақырында олар Ібіліс шайтанның сөзіне иланып, алдауға түсіп, тыйым салынған жемісті жейді. Осы күнәлары үшін Адам мен Хауа бейіштен аласталып, көктен жерге түсіріледі. Олардан бүкіл адамзат тарайды.

*Абылай хан (1711-1781)* — қазақтың ұлы ханы, мемлекет қайраткері, қолбасшы және дипломаты. Арғы тегі Жошы хан, бергі бабалары Қазақ ордасының негізін салған өз-Жәнібек, кейін ер Есім хан, Жәңгір хан. Абылай — Жәңгір ханның бесінші ұрпағы. Жәңгірдің екі әйелі болған: бәйбішесінен — Уәлибақы, қалмақ қатынынан — Тәуке хан туады. Уәлибақыдан — Абылай. Тұтқындарды аямай жазалағандықтан «қанішер Абылай» атанған. Абылайдан — Көркем Уәли, одан — Абылай (Әбілмансұр) дүниеге келеді. Ол «Ақтабан шұбырынды» жылдарында жетім қалып, үйсін Төле бидің қолында тәрбиеленеді. Аш-жалаңаштықтан жүдеген өңіне, өсіп кеткен шашына қарап Төле би оған «Сабалақ» деп ат қойып, түйесін бақтырады. Жаугершілік заманның талабы Абылайдың ел өміріне ерте араласуына себепші болды. Бұқар, Үмбетей жыраулардың мәліметтеріне қарағанда, Абылай хан жиырма жасында қан майданда ерлігімен көзге түскен. Қалмақтың батыры Ша-

рышты жекпе-жекте өлтіруі абыройының өсуіне себепші болады. «Абылайлап» жауға қарсы шыққан Әбілмансұрды жеңістен кейін Әбілмәмбет хан шақыртып алып танысады. Таныса келе туысқан адам болып шығады және кейінірек хандық тағын Абылайға (Әбілмансұр) береді. Абылай қаһарлы хан болуымен қатар, қазақ халқының рухани мұрасынан еркін сусындаған дарынды күйші ретінде де белгілі. Оның «Ақ толқын», «Алабайрақ», «Шаңды жорық» т.б. күйлері сақталған. Жетпіс жасында жорықтан келе жатып, Арыс өзенінің жағасында қайтыс болған. Сүйегі Түркістандағы Қожа Ахмет Йасауи кесенесінде жерленген.

*Албан* — қазақ халқын құрайтын ежелгі ірі тайпалардың бірі. Шежіре бойынша ұлы жүз құрамына кіреді. Албан атауы көне жазба тарихи деректерде кездеседі. V-VI ғасырларда Жетісу өңіріндегі Үрбі (Юебань) қауымдастығында чубань тайпасы аталып, дулу одағында болған. Шежіре деректері бойынша, Домалақ енеден (Нұрила) жалғыз ұл болған. Оның аты Тілеуберді болғанмен, Жарқышақ атандырған себебі — бала туғанда жарық шеке болып дүниеге келген. Содан оны алғашында «Жарықшеке», кейіннен «Жарқышақ» атап кеткен. Сол Жарқышақтан үш ұл: Албан, Суан, Дулат тарайды. Үшеуі өсе келе үш рулы елге айналады. Үлкені — албан, ортаншысы — суан, ең кенжесі дулат болып бөлінеді. Қазіргі кезде албандар Алматы төңірегі, Нарынқол, Шонжы, Кеген аудандарымен қатар, Қытайдың Құлжа, Текес, Нылқы, Мұңғылкүре, Шапшал т.б. аудандарында қоныс тепкен.

*Арғын* — қазақ халқын құраған көне тайпалардың бірі. Шежіре бойынша Орта жүздің құрамына енеді. Ежелгі қонысы — Ертіс, Нұра, Есіл, Торғай өзендерінің бойлары мен Балқаш көлінің солтүстігіндегі шөлейт өлке. Бұл тайпаның ежелден келе жатқанын Орхон жазба ескерткіштеріндегі, Қытай жазбаларындағы мәліметтер мен М.Қашғаридың, орыс зерттеушісі Н.Аристовтардың еңбектері айғақтайды. Қазақ шежіресінде арғындар бәйбіше арғын, тоқал арғын болып екіге бөлінеді. Бәйбішеден тарағандар «бес мейрам» аталып, қуандық, сүйіндік, бегендік (қозған), шегендік (қақсал), қаракесек деген аталарға бөлінсе, тоқалдан тарағандар «жеті момын» аталып: қанжығалы, тобықты, бөсентиін, қарауыл, атығай, сарыжетім, шақшақ болып жіктеледі.

**Әлімұлы** — қазақ халқын құраған тайпалардың бірі. Шежіре бойынша Кіші жүз құрамына енеді. Қаракесек деп те атайды. Әлімнің алты тармағы болғанына қарай, ел ішінде «Алты ата Әлім» деп те аталғаны мәлім. Белгілі ақын Көлдейбекұлы Ерiмбет (1850-1911) шежіресінде Әлімұлына жаманақты (шекті), қарамашақты (төртқара), айнықты (қарасақал), ұланақты (қаракесек), тегiнболатты (қарасақал), тойқожаны (ақ кетег) жатқызады. Мұны тарихшылар С.Толыбеков, Х.Маданов, зерттеуші Қ.Салғараұлы, шежіреші Ө.Ахметов те қостайды. Әлімнің тармағы алтау болғанымен, ұранға шыққаны — төртеу. Олар: жаманақ, ұланақ, қарамашақ, айнық.

**Байұлы** — қазақ халқын құрған тайпалардың бірі. Шежіре бойынша Кіші жүз құрамына енеді. Байұлына байланысты ежелгі Қытай деректері мен кейінгі жазба деректерде бірқатар мәліметтер ұшырасады. Мәселен, Орхон-Енесей жазбаларында Байырқу, ал Таң империясының жылнамасында Байегу делінеді. Байұлы алғашында Теле бірлестігінің құрамында болған. Түркі қағандығы оларды бағындырған соң, әуелі Шығыс Түркі қағандығының, кейіннен Батыс Түркі қағандығының құрамына енеді. Қытай деректері олардың Канганьхэ өзенінің бойын мекендегенін айта келіп: «бәрі де ауқатты, 60 мың адамдары бар, 10 000 әскер шығара алады» деп жазды. Билеушілерін «елтебер» деп атаған.

**Дәуіт** — Қасиетті Құранда есімі аталған пайғамбар, Сүлеймен пайғамбардың әкесі. Көне еврей тілінде Давид. Дәуіттің отыз баласы болған. Жаратқан Иеміз құдіретімен отыз баланың жанын бір мезетте алып кетеді. Мұны көрген Дәуіт Алла Тағалаға зар илеп жылайды. Сонда Алла: «Дәуіт, саған отыз балаңның орнына отыз бала берейін бе, әлде отыз балаға татитын бір бала берейін бе? — деп сұрағанда, Дәуіт: «отыз балама татитын бір ұл беріңіз» деген екен. Иеміздің берген ұлы осы Сүлеймен пайғамбар болатын. Сүлеймен мал-құстың тілін түсініп, сол тілде тілдесе білген.

**Жалайыр** — қазақ халқын құраған тайпалардың бірі. Шежіре бойынша Ұлы жүз құрамына енеді. Диқанбай батыр шежіресіне (Н.Аристов жазып алған) қарағанда, Үйсіннен — Ақсақал (абақ таңбалы), Жансақал (тарақ таңбалы) таратылады. Соңғысынан — жалайыр тарайды.



Басқа бір шежіреде Майқы биден тарайтын Жансақал мен Жалайыр бір адам деп тұжырымдалады. Жалайырдың шын аты Қабылан екен. Аңыз бойынша, жабайы құланның жалын айырып, содан Жалайыр атанған. Жалайыр сырманақ, шуманақ, бірманақ болып үшке бөлінеді. Шуманақтан — андас, мырза, қарашапан, орақты, ақбұйым (арықбұйым), қалпе, сыпатай аталары тарайды. Сырманақтан: арықтыным (байшегір), балғалы, қайшылы, күшік өрбиді. Бірманақтан тек сиыршы (байбөген) тарайды. Кейбір шежірелерде бірманақтың аты аталмай, сиыршыны сырманаққа жатқызады. Осыдан келіп он екі ата Жалайыр атанған.

**Жастабан** — Керей тайпасының бір атасы. Шежіре бойынша Орта жүз құрамындағы керей тайпасының абақ керей тармағынан тарайды. Жастабан руы бұрын Алтай тауының оңтүстік-батысында, Қара Ертіс пен Сауыр тауының оңтүстік-шығысына қоныстанған. Жастабан Бекназар (одан — Қожаберді, Құдайберді, Қойлыбай, Жәдігер), Қосай (одан — Еламан, Рысбетек, Жолай, Жолымбет, Құтыке) аталарына бөлінеді. Ұраны — Жобалай, таңбасы — абақ.

**Жәдік** — абақ керейдің 12 руының бірі.

**Жәнібек** — Жәнібек Бердәулетұлы (1792 жылы Қалба тауында қайтыс болған) — батыр, шешен. Қабанбай, Бөгембай т.б. батырлармен тізе қоса отырып, жоңғар шапқыншылығына қарсы соғысқа қатысады. XVIII ғасырдың екінші жартысында тарихи себептерге байланысты Ер Жәнібек керей тайпасын бастап, Сыр бойынан үдере көшіп, Қалба тауына келіп қоныстанады. 1760 жылы Жәнібек батыр абақ керей руын Алтай тауының қазіргі Шинжаң өлкесіне қарасты байырғы мекеніне апарып орналастырады.

**Жетіру** — қазақ халқын құрған тайпалар бірлестігінің бірі. Шежіре бойынша Кіші жүз құрамына енеді. Тарихшылар жетірудың арғы тегін ежелгі түркі тайпалары (телеу, рамадан, тама, табын, кердері, керейіт, жағалбайлы) бірлестігімен байланыстырады. Қазақ руларының тарихына қатысты зерттеулерде жетіру Тәуке хан кезінде осы атпен топтасқан қауымдастық деп түсіндіріледі. Жетіру туралы тағы басқа деректер халық аңыздары мен көне қытай жазбаларында (Алтай тарихы) кездеседі.

*Жүсіп-Зылиха* — шығыс халықтарына кең тараған «Жүсіп — Зылиха» атты әдеби-фольклорлық шығармалардың бас кейіпкерлері, махаббат пен сұлулық символы. Жүсіп-Зылиха есімдері ежелгі Інжіл мен Құран хикаяларында да аталады.

*Ителі* — Керей тайпасының бір тармағы.

*Керей, керейт* — қазақ халқын құрған ежелгі түркі тайпаларының бірі. Шежіре бойынша Орта жүз құрамына енеді. IX-XII ғасырларда керей тайпасы Керей хандығы аталған мемлекет құрып, Завхан, Тула, Сэлэнгәден Шығыс Моңғол құмына дейінгі сайын даланы қоныс етіп, батысы Найман хандығы, солтүстігінде меркіттер, оңтүстігінде татарлар, шығысында Ся мемлекетімен іргелес жатты. Ол кезде Керей хандығы керейт, жиркин, қонхойт, сақайт, тумаут, албат, тункайт-киркун деп аталатын тайпалардан құралатын. Аталған тайпалардың ең ірісі керейлер болғандығы мәлім.

*Көнсадақ* — Керей тайпасының бір бұтағы. Шежіре бойынша керей тайпасының абақ керей тармағына енеді. XX ғасырдың басында Қара Ертіс бойын, Қытайды мекендеген. Аңызда Жаппас (Жабай) атты батыр бабалары садағын көнмен қаптағандықтан, ру солай аталған деп айтылады. Көнсадақтан — Шолан, одан Ақтас таратылады. Ұраны — Жабай.

*Қаңлы* — қазақ халқының негізін құраған ежелгі тайпалардың бірі. Шежіре бойынша Ұлы жүз құрамына енеді. Қаңлы этногенезі мен тарихы туралы жазба деректер (қытай жазба деректері т.б.) мен оның шығу тарихы жөнінде ел аузында сақталған аңыз-әңгімелер аз емес.

Шығыстанушы Н.Аристов «Қаңлылар дулат тәрізді ежелгі түркі руы» десе, Ә.Қайдаровтың тектану кестесінде қаңлылардың атасы Майқы би болып саналады. Қаңлылар сары және қара қаңлы болып екіге бөлінеді. Оның үстіне Сырдария, Жетісу қаңлылары осылай жіктеледі. Ұлы жүздің Төбейден басталатын шежіресінде, Төбейден — Бәйтерек, одан — Қаңлы, одан — Қанкөжек, Келдібек таратылады.

*Қарақас* — абақ керей руының бір атасы. XVIII ғ-дың басында Семейдің Шұбартау өңірін мекендеген, саны мың түтіндей болған. Өз ішінде назар, байым, қосым, сары болып төртке бөлінеді. Қарақастардың жаз жайлауы — Күрті, Қобда қойнауы мен Боғда тауы, қыстауы — Еренқабырға мен Жайыр жерлері болған.

**Қоңырат** — орта жүз құрамындағы тайпа. Түркі халықтарының, соның ішінде қазақтардың этникалық тарихында қоңырат тайпасының өзіндік орны бар. Көбінесе Жиделібайсын, Сыр бойы мен Орта Азия далаларын мекендеген. Өзбекстанда Қоңырат қаласы бар. Алпамыс батыр осы қоңырат руынан шыққан делінеді.

**Қыдыр баба (Хызыр)** — көптеген шығыс халықтарының, сондай-ақ қазақтардың да мифтерінде, фольклорында, діни аңыздарында жиі кездесетін, аты аңызға айналған архаикалық образ. Оның генезисі, тұлғалық сипаты өте күрделі, әлі толық зерттеліп айқындалмаған. Бір ғалымдар Қыдыр бейнесін көне архаикалық түсінік, көзқарастармен байланыстырып зерттесе, кейбір ғалымдар — тек ислам ықпалымен пайда болған деп түсіндіреді. Қыдыр туралы әрбір халықтың ғасырлар бойы ұстанып келе жатқан түсінігі бар. Қазақ фольклорында Қыдыр баба (Хызыр) — ел аралап жүрген ақ киімді ақсақал кейпіндегі әулие, адамға қамқоршы, бақыт, дәулет беруші, әртүрлі қиындықтардан қорғаушы.

**Қыпшақ** — қазақ халқының, басқа да бірқатар түркі халықтарының негізін құрған ежелгі тайпа, орта ғасырларда Орта Азия мен Шығыс Еуропаны мекендеген аса ірі ұлыстардың бірі. Қыпшақ атауы алғаш ежелгі түркінің Шина Усу ескерткішінде кездеседі. Махмұт Қашқари еңбегі бойынша IX ғасырдағы қыпшақтардың құрамына қимақ, субар, қаңлы, қарабөрікті, тоқсаба, жете, бөрлі т.б. рулар мен тайпалар енген. Қыпшақтар түрік қағанаты ыдырағаннан кейін алғашында қимақ қағандығының құрамында болып, XI ғасырда бөлініп шықты. Шыңғысхан империясының батыс бөлігіндегі Жошы ұлысын (Алтын Орда) тарихшылар Дешті қыпшақ деп атаған.

**Ләйлі — Мәжнүн** — Таяу, Орта Шығыс, Оңтүстік Шығыс және Орталық Азия халықтарының «Ләйлі — Мәжнүн» атты әдеби-фольклорлық туындыларының кейіпкерлері. Мәжнүн өмірде болған, VII ғасырдың аяғы мен VIII ғасыр аралығында өмір сүрген араб ақыны. Ләйлі мен Мәжнүн қазақ фольклорында таза, өшпес махаббат, әділ ғашықтар символы ретінде суреттеледі.

**Мәуқара** — Орта жүз ұлысы, уақ тайпасының атақты биі, әрі батыры. Жаугершілік замандарда халқының қамқоршысы, елінің ұйтқысы бола білген тарихи тұлға.

**Меркіт** — қазақ халқының құрамындағы ру. Шежіре бойынша керей тайпасының абақ керей тармағына енетін, 12 атаның бірі. Кейбір зерттеушілердің айтуынша, «Меркіт» атауы мәргэд (мерген) ұғымынан шыққан. Өйткені Меркіттер «құралайды көзден атқан» хас мергендер болған. Рашид ад-Диннің айтуынша, олар орта ғасырлар мемлекет құрған. IX-X ғасырларда «Цзубу» одағына қарайтын 18 тайпа құрамында, қидан бірлігінде болған. Шыңғыс хан бастаған боржигендер тарих сөресіне шыққан тұста, күшті қарсылық көрсетті Тоқтыбек бастаған меркіттер 1205 жылға дейін моңғолдарға қарсылық көрсетіп, қазіргі Солтүстік Қазақстан жеріне шегінді. 1218 жылы меркіттерді қуып барған Шыңғыс ханның ұлы Жошы Ырғыз өзені бойында қыпшақтармен соғысып, Хорезм шаһ әскерлерімен кездесті. Меркіттердің көбісі қырылып, аман қалғандары Шыңғыс ханға бағынды. Қазіргі керей тайпасының құрамындағы меркіттер — осылар.

**Молқы** — Керей тайпасының абақ керей тармағындағы 12 атаның біріне жатады.

**Найман** — қазақ халқын құрған ежелгі түркі тайпаларының бірі. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, «найман» атауы моңғолша «сегіз» деген мағынаны білдіреді. Оғыз тайпасынан шыққан наймандар түркі тілдес болды. Олар XIII ғасырдан бастап «сегіз оғыз», кейінірек «цзубу» одағын құрды. XII ғасырдың 2-жартысында күшті мемлекет болғандығын тарихшылар жоққа шығармайды. Найман батысында қаңлы, қыпшақ; шығысында керей, меркіт; теріскейінде қырғыз; оңтүстігінде ұйғыр, таңғұттармен шекаралас, қоныстас болған. Шыңғыс хан шапқыншылығы кезінде найман хандығы құлап, ыдырағаннан кейін өздерінің байырғы ата қонысына таяу Ертіс, Алтай алабына қоныс аударып, Үгедей ханның ұлысына қарады. Қазақ халқының шежіре деректері бойынша найман ұлысы Орта жүзге кіреді. Найманнан: терістаңбалы (кейде елата), сарыжомарт (ергенекті найман), төлегетай деген рулар бірлестіктері тарайды.

**Нұқ, Нұх** — Құранда есімі аталатын пайғамбарлардың бірі. Інжілдегі Ной. Құран Кәрімде оның аты 43 рет аталады және 71-сүре осы Нұх пайғамбар мен оның әулеттеріне арналған. Дүние жүзі халықтарының көбінде Нұхтың есімі «топан су

оқиғасымен» байланысты айтылады. Аңыз бойынша, жер бетін топан су қаптағанда Нұх пайғамбар оны Алланың жәрдемімен алдын ала сезіп, алып кеме-күшпекті жасайды да, күнәсіз адамдар мен жан-жануарлардың әр түрінен жұптан алып, әлгі кемеге мінгізеді. Осы кемеге мінген тіршілік иелері апаттан аман қалып, өмір қайта жалғасады.

**Омар** — Әбубәкір өлгеннен кейін (634 ж.) мұсылман қауымына басшылық жасаған екінші әділетті халифа, исламның алғашқы кезеңіндегі ірі дін қайраткерлерінің бірі. Омар хазірет Мұхаммед пен Әбубәкір Сыдықтан соң мұсылмандықты одан әрі насихаттап, оны араб елдерінен тысқары өлкелерде таратуға көп күш жұмсады. Омар хазірет басшы болған он жыл ішінде ислам діні Ирак, Сирия, Египет және Ливия жерлеріне орнықты.

Омар халифа тұсында араб-мұсылман иеліктерінде дінге негізделген әкімшілік хұқықтың тәртіптері және алым-салық жүйесі құрылды.

Ол сондай-ақ мемлекеттегі шарият жолының үлесін күшейту мақсатында өзінің халифа лауазымына «Әмір әл-муминин» дәрежесін қосты.

638 жылы хазірет Омардың сахабалары Иерусалимді тізе бүктіріп, қаладағы қасиетті Сүлеймен храмының орнына намаз оқыды. VII ғасырдың аяқ шенінде үмийа халифы Әбд әл-Мәлік хазірет Омар намаз оқыған жерге «Куббат ас-сахара» деп аталатын күмбез тұрғызды.

**Оспан** — араб-мұсылман тарихындағы үшінші әділетті халифа. Ол — Мұхаммед пайғамбардың жолын ұстаған алғашқы сахаба-серіктерінің бірі, Расул Аллаға шын берілген үмийа әулетінен шыққан дәулетті жан. Хазірет Оспан әуелі Пайғамбардың қызы Ұрқияға, ол қайтыс болған соң Расулдың екінші қызы Үммігүлсімге үйленді. Сол себепті мұсылмандар Оспанға Зун Нурайн (екі шамшырақтың иесі) деген құрметті атақ берген.

**Пайғамбар (Мұхаммед)** — ең соңғы пайғамбар, Ислам дінінің негізін салушы. Мұхаммед (с.а.с.) 570 жылы Мекке қаласында дүниеге келген. Пайғамбардың әкесі Абдулла Мұхаммед өмірге келместен екі ай бұрын қайтыс болған. Ал анасы Әмина Расул Алла алты жасқа толғанда дүниеден өтеді. Мұхаммед Мұстафа (с.а.с.) алғашында сүт анасы Халиманың, онан соң ата-

сы Ғабдулмүтәліптің, ол қайтыс болған соң ағасы Әбутәліптің тәрбиесінде болған. Алғашқы уахи хазірет Мұхаммед Меккеден үш шақырым жердегі Хира үңгірінде ғибадат етіп отырған түні таң алдында рамазан айында түсті. Мұхаммед 610 жылдары 40 жасында Алланы, яғни бір Құдайға табынатын дін — Исламды уағыздай бастайды. Мұхаммед (с.а.с.) Ислам дінін жария еткенде арабтардың басым көпшілігі пұтқа табынатын. Олар Ислам дініне қарсылық білдіріп, түрлі қастандық жасады. Сондықтан б.д. 622 жылы Мұхаммед (с.а.с.) өзінің жақтастарымен бірге Меккеден Мәдина қаласына қоныс аударады. Бұл жыл Ислам жыл санауының басы деп есептеледі. Оның арабша атауы — «хижра», яғни «қоныс аудару» деген сөз. Мұхаммед Мұстафа (с.а.с.) бин Абдулла 633 жылы Мәдина қаласында қайтыс болды. Мұхаммед пайғамбардың «Мұстафа» (таза, нұрлы, сипатты), «Расул» (елші), «Хабибулла» (Алланың сүйіктісі), «Сағидулла» (Алланың көмекшісі) т.б. эпитет есімдері бар.

**Сары Қасаболатұлы (1690-1771)** — жоңғар басқыншыларына, Еділ қалмақтарына қарсы соғыста ерлігімен көзге түскен қолбасы, батыр. Баян батырдың ағасы. Жаугершілік заманда Орта жүздің уақ жасағының қолын басқарған. Көзсіз ерлігіне байланысты «Ер Сары» атанған. Сары батыр бейнесі Тәтіқара ақын, Үмбетей, Қожаберген жыраулардың туындыларында, Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» дастанында сомдалған.

**Сыбан** — қазақ халқының құрамындағы ру. Шежіре бойынша найман тайпасының ішіндегі рулардың бірі.

**Торғауыт** — бұрын ойраттар құрамында болған этникалық топ. Тәуекел хан кезінде қазақ хандығына бағынған. 1627 жылы батыстағы Еділ бойына қоныс аударған. Қазіргі торғауыттар Моңғол Халық Республикасында (Қобдо аймағы), Қытай Халық Республикасында (Шинжаң өлкесінде және Ішкі Моңғолияда) тұрады. Алтай тіл тобындағы моңғол тіл тармағына жататын ойрат тілінде сөйлейді. Негізгі кәсібі — мал өсіру. XVII ғасырда торғауыттардың бір бөлігі Ресей шекарасына өтіп, бірте-бірте қалмақтардың құрамына енген. Моңғолия жеріндегі торғауыттар ондағы басқа моңғол тектес халықтармен бірігіп кеткен.

**Түкеұлы Райымбек (1730-1814)** — жоңғар басқыншылығына қарсы күрескен батыр, қолбасшы. Сүйегі албан тайпасының алжан руынан тарайды. Атасы Ханкелді батыр 1733 жылы Ұлы

жүздің беделді адамдары Төле би, Қодар би, Сатай, Бөлек батырлармен бірге орыс патшасы Анна Иоановнаға елші жіберіп, Ресейдің қоластына алуын өтінген. Райымбек 17 жасында жоңғар шапқыншыларымен болған ұрыстарда ерлік көрсетіп, батыр атанған. Бейбіт кезеңде халық арасында әулие ретінде танылған, оның келешекті болжағаны туралы ел жадында көптеген аңыз, әңгімелер қалған. Райымбектің есімімен аудан, ауыл, көптеген көшелер аталады. Соның бірі — Алматыдағы өзінің зираты жатқан Райымбек даңғылы. Оның ерлігі мен өнегелі өмірі жөнінде көркем, публицистикалық шығармалар жазылды.

**Уақ** — Орта жүз құрамына кіретін тайпа. Шежіре деректерінде уақ аталарының бірі ретінде әйгілі Ер Көкше батыр мен оның ұлы Ер Қосай батырдың есімдері аталған. Уақтың шығу тегі туралы пікірлер де әртүрлі. Тарихшылар Ә.Марғұлан мен Н.Мыңжани (IX—XVIII) ғасырларда моңғол үстіртін мекендеген онғыттарды уақ деп есептеген. Ш.Құдайбердіұлы мен А.Левшин оларды қазақ хандығына XVI—XVII ғасырларда ғана қосылды деп санаған. Ал Ш.Уәлиханов Ер Көкше, Ер Қосай батырлар арқылы уақтар Алтын Орда ыдыраған кезден бастап көріне бастады дейді. Қазақ арасына кең тараған аңыз бойынша, уақ керей тайпасымен туыстас. Ұраны — Жаубасар, Бармақ; таңбасы — П < (босаға, ашамай).

**Үйсін** — қазақ халқының қалыптасуына негіз болған ежелгі түркі тайпаларының бірі. Ежелгі қытай жазбаларында Үйсін атауы б.з.б II ғасырдан бастап кездеседі. Ғұндардың күшеюінен қорыққан Қытай үкіметі өзіне одақтас іздеп, батыс елдеріне елшілік жібереді. Үйсін тайпалық бірлестігі бұл тұста Қытайдың батысындағы өзге елдермен дәрежесі тең қуатты да, құдіретті мемлекет болды. Үйсіннің шығу тегі, таралуы, қазақ халқының тарихындағы рөлі жайында тарихи-генеалогиялық зерттеулерде талас пікірлер аз емес. Оған себеп — жазба дерек көздері. Атап айтқанда VII ғасырдағы Қытай жазушысы Чингу «Батыс өлкенің өзге шетелдіктерінен Үйсіндердің едәуір айырмашылығы бар, олардың көзі көк, жирен сақалды» деп жазды. Жетісу үйсіндерінің шығу тегін анықтау жолында А.Н.Бернштам, К.А.Ақышев, Г.А.Қушаевтар археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді. Мәселен, Есік қорғанынан қазып алынған (1969-1970) алтын адам «сақ адамы» деп тұжы-

рымдалғанымен, соңғы зерттеулер «Үйсін адамы» деген пікірді алға тартады.

Ал қазақ шежіресіне жүгінсек, Ұлы жүздің негізін құрған тайпалар Бөйдібектің балалары болып саналады. Олар: албан, суан, дулат, шапырашты, ошақты, ысты, сарыүйсін. Шоқан Уәлихановтың жазбаларында Үйсін — бұл тайпалардың ғана емес, Ұлы жүздің барлық тайпасының түп атасы. Сонымен қатар үйсін қырғыз, қарақалпақ халықтарының құрамында да бар.

*Шеруші* — шежіре бойынша Орта жүздегі абақ керейден тарайтын он екі атаның бірі.

*Шимойын* — керей тайпасынан тарайтын ру. Шежірешілер шимойынды кейде абақ керейден, кейде ашамайлы керейден таратады. Соңғы дерек бойынша, шимойыннан — танаш, одан — сибан, балта, көшебе және тарышы болып тараса, келесі бір шежіре деректерінде шимойыннан: байназар, қайназар, есназар, ерназар, жанназар, маназар, алданазар, жолдыбай, жылқыбай, қосай, досай өрбиді. XX ғасырдың бас кезінде шимойындардың негізгі бөлігі Петропавл және Көкшетау уездерін, аздап Семей, Павлодар және Омбы уездерін қоныстанған. Ұраны — Ошыбай, таңбасы — ашамай.

*Шыбар айғыр* — шежіре бойынша абақ керейден тарайтын он екі атаның бірі.



## СӨЗДІК

**Ақирет** — Ахират, ахирет, ақырет /а/ — ақырет күні. Мұсылмандардың ұғымы бойынша, бұл күні қияметтің болуы, Алладан өзгенің жоқ екендігі, өлгеннен кейін сұрақтың қойылатындығы анық сезіледі. Пенделер тірі кезінде істеген күнәларына жауап беретін күн. Ары таза, күнәсі жеңіл болса, Алланың жақсылығын сезіп, ауыр болса, қабір азабын тартатын күн; о дүние деген ұғым; ақырзаман, дүниенің соңы.

**Ақшам** /намазшам/ — кешкі намаз оқылатын кез, ақшам

**Атқы** /моңғ./ — ағаштан жасалған құрал

**Ашмай** — түйеге жүк арту үшін жасалған әбзел

**Әлмисақ** — атам заманғы, баяғы; адамның алғаш сәждеге бас қойған заманы.

**Әптиеқ** /п/ — әліпби мен әбжаттан кейінгі діни оқу, құранның жетіден бір бөлегі. Діни медреседе өтілетін міндетті пәндердің бірі.

**Батсайы** — қалың жібек кездеме

**Бина** /а/ — құрылыс, ғимарат

**Бөртпе салы** — жібек жіптен тоқылған шашақты орамал; шәлі

**Даңсалы** /ж.с./ — атақты, даңқты

**Доғал** — қалай болса солай, домбалдай салған

**Дөдеге** — сән үшін үзіктің шетіне айналдыра бастыратын өрнектеген киіз

**Дырап** — матаның бір түрі

**Егерлесу** — ерегесу, егесу, сөз таласу деген мағынада

**Екінті** /п/ — бесін мен ақшам арасындағы намаз мезгілі

**Ершіндеу** — екпіндеу, аршындау

**Жаппар** — ұлы, құдіретті (Алланың 99 есімінің бірі)

**Залың** — мыңбасының орынбасары.

**Зертең** /ж/ — ауру, өкпе сырқаты.

**Кежім** — кестелеп, оюлап жасаған әдемі ат жабу

**Керене (кенере)** /ж.с/ — жиек, жаға, ернеу

**Көнки** — ағаштан парластырып, астына сырғанақ темір өткізіп жасалған, қыстың күні табанға байлап мұзда сырғанауға арналған құрал.

**Күсет** — жақсы, тәуір; саудасы күсет болды — қолы жүрді, жолы болды

**Қаймал** — қайымал, жас ұрғашы түйе, інген

**Құрқылтай** — денесі шағын, торғай тұқымдас құс

**Мешпет (бешпент)** /ж.с/ — жеңілдеу тігілген астарлы шапанша.

**Салбырын** — аңды бүркітпен аулау, бүркіт ұстап саятшы болу ісі

**Сарамас** /ж.с/ — жасамыс, көртең, көпті көрген, айлакер деген мағынада

**Сүңке (сүңгі)** /ж.с/ — бір нәрседен (шатырдан, қораның төбесінен т.б) сүйірленіп мұз болып қатқан тамшы

**Тағды** /ж.с/ — дағды, әдет

**Тарауық** /а/ — ораза айында кешкі ауыз ашардан кейін оқылатын намаз

**Тәжі** — ханның, патшаның, корольдің арнаулы бас кимі

**Үкірдай** — Қытайдың Чиң үкіметі (Мәнжу хандығы) кезіндегі, аудан әкімі дәрежесіндегі ескі мәнсап аты.

**Шұрайлап** /ж.с/ — шырайын келтіріп, өң беріп, әдемілеп деген мағынада

## ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

*Алатау* — Орталық Азиядағы тау жоталарының жалпы атауы. Оларға Күнгей Алатауы, Талас Алатауы, Қырғыз Алатауы, Іле Алатауы т.б. жатады.

*Алтай* — тау жотасы, аймақ. Түркілердің атамекені болған Алтай қазір орыс Алтайы, монғол Алтайы, қазақ Алтайы деп бөлініп еді. Оның үштен бірі Қазақстанның үлесінде. Қазақ Алтайы өз ішінде Өр Алтай, Кенді Алтай болып, Ертіс өзені арқылы екіге бөлінеді. Оларды Қалба жотасы жалғастырып тұр. Алтай тауы батыстан шығысқа қарай, яғни ең биік нүктесі Мұзтауға қарай биіктей береді. Алтайдың осы аймағын қазақтар Өр Алтай деп Катонқарағай мен Марқакөлдің арасындағы тау жотасын белгілеп жүр. Қазақ ішінде ол таулар Тарбағатай, Алтай жайлаулары делінеді.

*Аяғөз* — Алматы, Шығыс Қазақстан облысы аумағы арқылы ағатын өзен. Тарбағатай жотасының солтүстік сілемдерінен бастау алып, Балқаш көлінің солтүстік шығыс бөлігіне құяды.

*Баянауыл* — Павлодар облысындағы тау, аудан орталығы және аудан аты. Жергілікті қазақтар тауды «Баянаула», ал оның шығыс биік жотасын «Жаманаула» деп атап кеткен. Атаудың мағынасы «тау қыры көп, таулы жер» дегенді бідіреді.

*Бейжің (Пекин)* — Қытай Халық Республикасының астанасы. Ол қытай тілінде солтүстік астана (*бей* — солтүстік, *жиң* — астана) деген мағына береді. Көлемі жағынан Шаңхайдан кейінгі 2-ші үлкен қала. Солтүстік Қытай жазығының солтүстік шетіне Юндинхэ өзенінің алабына орналасып, үш жағынан тау жоталарымен қоршалған. Оңтүстік шығыс жағы жазық болып келеді. Бейжің елді-мекені жайлы алғашқы дерек көздері б.з.б. 2-мыңжылдықта кездеседі. Қала ежелден көптеген Қытай патшалығының астанасы болуымен қатар, ірі стратегиялық, сауда орталықтарының бірі болғаны тарихтан белгілі.

*Гималай* — Жер бетіндегі аса биік тау жүйесі. Тибет таулы қыраты (солт.) мен Үнді-Ганг жазығы (оңт.) аралығында. Үндістан, Қытай, Непал, Пакистан және Бутан мемлекеттері аумағында орналасқан.

**Ертіс** — Батыс Сібір мен Қазақстан жеріндегі өзен. Обьтың сол саласы. Монғол Алтайының оңтүстік батыс беткейіндегі мұздықтардан басталады. Өскемен, Павлодар, Қарағанды облыстарының өнеркәсіп орындары және шаруашылықтары өзен суын кеңінен пайдаланады.

**Жұмалама, Шұңмалаңма (Эверест)** — әлемдегі ең биік шың. Теңіз деңгейінен биіктігі 8000 м-ге таяу.

**Зайсан (Жайсаң)** — Шығыс Қазақстан облысының аумағында орналасқан көл. Солтүстігінен Нарым мен Күршім, Оңтүстігінен Сауыр — Тарбағатай жоталарының сілемдерімен қоршалған қазаншұңқырда жатыр. Зайсанға Қара Ертіс өзені құяды да, Ертістің (Ақ Ертіс) бір саласы ағып шығады.

**Құлжа** — Қытайдың солтүстік-батысында орналасқан Шинжаң Ұйғыр автономиялы ауданындағы қала. Іле Қазақ автономиялы облысының орталығы.

**Мекке** — Әлем мұсылмандарының қасиетті қаласы. Онда бас мешіт әл-Мәжид әл-Харам мен Қағба орналасқан. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед (с.а.с.) осы қалада дүниеге келген. Мұхаммед (с.а.с.) Меккеден кеткенімен Мәдинедегі жаңа құлшылық ету үйін Қағбаға қарама-қарсы қойған жоқ, қайта оның есігін соған қаратты (құбыла). Мұсылмандардың Меккені 630 ж. жаулап алуы оның діни орталық ретіндегі айрықша жағдайын қалпына келтіріп қана қоймай, одан да жоғары дәрежеге көтере түсті. Меккеге барып тәуап ету исламның бес парызының бірі болып саналады.

**Мөри** — Қытай Халық Республикасы, Шинжаң Ұйғыр автономиялы ауданына қарасты, қазақ автономиялы ауданының аты және орталығы.

**Сауыр** — Зайсан көлінің шығысында жатқан тау жотасы. Сауыр сөзінің топонимдік мағынасы: «таудың аяқталар жатаған тұсы».

**Семей** — Ертіс өзенінің жағасында орналасқан қала. Іргесі XVI ғасырда қаланған, алғашқы атауы — Доржынкент.

**Сібер, Сібір** — Азияның Орал таулары, Тынық мұхит, Солтүстік Мұзды мұхит жағалаулары мен Моңғолия шекарасы, Сарыарқа етегі аралығындағы бөлігі.

**Үліңгір** — Қытай Халық Республикасы, Алтай аймағы, Бурылтоғай ауданы аумағындағы көл атауы.

## ТОМҒА ЕНГЕН ҚАРА ӨЛЕҢДЕРДІ ЖЫРЛАУШЫ, АЙТУШЫ ҺӘМ ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

*Арғын Қанапияұлы* — ауыз әдебиеті мұраларын жинаушы, танымал фольклорист. «Қазақ өлең жырлары», «Қазақ мақал-мәтелдері», «Қазақ аңыз-әңгімелері» атты кітаптарды құрастырып, баспаға дайындаған. Ол 1936 жылы ҚХР-дың Алтай қаласында өмірге келген. Мәдениет төңкерісінен бұрын Алтай аймағы баспаханасында, «Мәдениет үйінде» қызмет істеген. Қазір зейнеткер, Алтай аймағында тұрады.

*Ғалымбек Әбетұлы* — ұстаз, ақын, жазушы, баспагер. 1937 жылы Алтай аймағының Қаба ауданында туған. Мәдениет төңкерісінің салдарынан 1958-1980 жылдар аралығында Тарым жаза лагерінде тұтқында отырды. 1985 жылдан бастап «Алтай аясында» журналының редакторы болып жұмыс істейді. Бірнеше повесть, өлеңдер жинағының авторы.

*Дәулет Мазақұлы (1929-1992)* — ұстаз, сазгер, мәдениет қайраткері. Қытайдың Іле Қазақ Автономиялы облысына қарасты Мұңғылкүре ауданында туған. Ол Шинжаң Ұйғыр Автономиялы аудандық «Мәдениет қоғамының» төрағасы, облыстық әдебиет-көркемөнершілер бірлестігінің «Музыканттар қоғамының», «Киношылар қоғамының» мүшесі болып, мәдениет саласында 40 жылдай қызмет еткен. Өмір жолында 100 аса шәкірт тәрбиелеп, мәдениет саласында өшпес із қалдырды. Сондай-ақ қазақ ауыз әдебиеті мұраларын жинауда да толымды еңбек етті. «Көкөзен» ән жинағының авторы.

*Дүйсенбек Тұрлығожаұлы (1940-1991)* — жазушы, ақын, халық ауыз әдебиеті мұраларын жинаушы. Іле Қазақ Автономиялы облысы, Текес ауданы, Шиліөзек ауылында туған. Ол жастайынан өлең, жырға құмартып, өсе келе танымал айтыс ақыны ретінде, додалы жарыстарда талай мәрте жүлде алған. Ол

ұзақ жылдар Шинжаң Ұйғыр Автономиялы аудандық «Фольклоршылар қоғамының» мүшесі болып, халық ауыз әдебиеті мұраларын жинау, жүйелеу, жариялау жұмыстарымен белсене айналысқан. Бірнеше өлең жинақтарының авторы.

**Зақан Омарұлы** — ақын, аудармашы, мәдениет қайраткері. Ол 1940 жылы Алтай аймағы, Жеменей ауданында дүниеге келген. 1959-1964 жылдары Шинжаң университетінің филология факультетін бітіріп, Лөнжу институтының әдебиет факультетінде 10 жылдай оқытушы болып қызмет істеді. 1975-1982 жылдары Алтай аймақтық мәдениет-ағарту басқармасының бастығы, 1982-1992 жылдары Іле Қазақ Автономиялы облысы оқу-ағарту басқармасының бастығы, 1992-2000 жылдары Іле Қазақ Автономиялы облысы әкімінің орынбасары, 2000-2006 жылдар Қытай Халық Республикасы, «Халық құрылтайының» тұрақты мүшесі сияқты қызметтер атқарып, 2006 жылы зейнеткерлікке шықты.

## ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ — М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

БҒМ — Білім және ғылым министрлігі

ОҒК — Орталық Ғылыми кітапхана

ҚҚ — Қолжазба қоры

Ш — шифр

дәп. — дәптер

/а/ — араб

/о/ — орыс

/п/ — парсы

/ж/ — жергілікті

/к.с./ — көнерген сөз

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Алавия М.* Узбек халық кушиқлары. — Ташкент, 1959.
2. Арабско-русский словарь // Составитель *Х.К.Баранов.* — Москва, 1968.
3. *Ахметов З.* Казахское стихосложение. — Алма-Ата, 1964.
4. *Әуезов М.* Шығармалары. XI т. — Алматы, 1969.
5. *Валиханов Ч. Ч.* Собр. соч. Т.1. — Алма-Ата, 1961.
6. *Гордлевский В. А.* Из наблюдений над турецкой песней // Этнографическое обозрение. 1908.
7. *Ғабдуллин М.* Қазақ халқының ауыз әдебиеті. — Алматы, 1979.
8. Древнетюркский словарь. — Ленинград, 1969.
9. *Жұмалиев Қ.* Әдебиет теориясы. — Алматы, 1964.
10. Жігітке өнер де өнер, өлең де өнер. — Шинжаң халық баспасы. — Үрімжі, 1989.
11. *Кенжебаев Б.* Салт өлеңдер.
12. Қазақ әдебиетінің тарихы. I том. Фольклор. — Алматы, Қазақпарат, 2008.
13. Қара өлең / Құрастырған — Оразақын Асқар. — Алматы: Жазушы, 1989.
14. Қарақалпақ халық қосықлары. — Нөкіс, 1965.
15. Қазақ тілінің сөздігі. — Алматы, 1999.
16. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі / Құрастырғандар: *Р. Сыздық, Н. Уәлиұлы, Қ. Жаманбаева, Қ. Күдерінова.* — Алматы: «Дайк-Пресс», 2001.
17. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі / Құрастырған: *І.К.Кеңесбаев.* — Алматы, 1977.
18. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 1-том. — Алматы, 2008.

19. Қара өлеңдері. — Үрімжі: «Шинжаң халық» баспасы, 2009.
20. *Радлов В.В.* Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной и Джунгарской степи. Ч. III. Киргизское наречие. — СПб., 1870.
21. *Сейдімбеков А.* Мың бір маржан. — Алматы: Өнер, 1989.
22. Татарско-русский словарь. — Москва: «Советская энциклопедия», 1966.
23. Текес ауданының халық өлең жырлары. 1-кітап. — Үрімжі қалалық №14 орта мектептің баспасы, 1992.
24. *Уахатов Б.* Қазақтың халық өлеңдері. — Алматы, 1974.
25. *Бісмайлов Е.* Ақындар. — Алматы, 1956.
26. Персидско-русский словарь / Под ред. *Ю. А. Рубинчика*. I-II т. — Москва, 1970.



## РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова продолжает подготовку материалов стотомного научного издания из серии «Бабалар сөзі» («Слова предков»), объявленного в рамках Государственной программы «Культурное наследие».

Предыдущие изданные шестьдесят девять томов серии были посвящены малым жанрам эпических произведений, загадкам и пословицам-поговоркам, считающимся одной из наиболее объемных, художественных форм. На сегодняшний день изданы тринадцать томов новеллистических дастанов, семь томов религиозно-нравственного содержания, одиннадцать томов дастанов романического (любовного) содержания, одиннадцать томов исторических поэм, двадцать томов героического эпоса, один том загадок, один том народных песен, а также пять томов пословиц и поговорок.

В 71 том вошли образцы древних народных песен (қара өлең), представляющих собой самостоятельный жанр казахского фольклора. «Народные песни» представляют собой четверостишия, которые неизменно состоят из одиннадцатисложника, четырех строк, одна из которых является кратким подведением содержания стиха. Содержанием народных песен являются изображение традиционной жизни народа, размышления о будущем народа, мировоззренческие представления, людские переживания, человеческие чувства, рассуждения об окружающем мире, природе, о силе красного словца.

Народные песни как образец казахской поэзии сформировались еще в глубокой древности, многие из них сохранились и дошли до нашего времени благодаря тому, что их исполняли под аккомпанемент саза. Народные песни в казахской поэзии

несут в себе синкретическое начало и им присуща своеобразная особенность. Поэтому не случайно народные песни являются неотъемлемой частью таких многочисленных празднеств, как проводы девушки, шилдехана — праздник рождения ребенка, приезд невесты в аул жениха, девичник, религиозных мероприятий, традиционных и обрядовых сборищ.

Заучивание и знание текста народных песен помогали людям с легкостью выйти из щекотливого, неожиданно сложного положения в беседе, а порой поставить на место собеседника. И, конечно же, за простоту слога и возможность исполнять под аккомпанемент домбры, а порой и исполнять стихи отдельно, этот вид народных песен получил название «четверостишие» или «народный стих». Фольклорной особенностью «қара өлең» является многовариативность, что и определяет саму суть песни-стихотворения. В этом жанре обычно джигит задает тон, сочиняя две первые строки, а затем девушка накладывает на эти строки свой ответ, добавляя две свои строки. Қара өлең — очень популярный и продуктивный поэтический жанр, широко распространенный во всех регионах казахской земли. Фольклористы наряду с этим отмечают, что этот вид народной поэзии особо развит в Семиречье (Жетысу) и в регионах КНР, где компактно проживают казахи, а также он сохранился в Центральном Казахстане и на востоке республики.

Издание текстов жанра «қара өлең» подготовлено в двух томах: в один том вошли стихи из сборника «Мың бір маржан» — «1001 жемчужина» (1989), которые в свое время собрал известный ученый-этнограф, профессор А. Сейдимбек, а также стихи из сборника «Қара өлең» — «Народные песни» (1997), изданные видным казахским поэтом О. Аскармом. Наряду с этим в этот том вошли тексты рукописей «қара өлең» из фонда редких рукописей Института литературы и искусства им. М.О. Ауэзова. Следующий, 71 том, состоит из материалов сборников, изданных в Синцзянском народном издательстве г. Урумчи (СУАР КНР). «Қара өлең» широко известны среди казахского населения Китая. Здесь можно встретить образцы стихов, которые были собраны у населения в различных регионах автономии, некоторые из них широкоизвестны, а другие их разновидности присущи только отдельным регионам. Например, в числе таких

ценных изданий можно назвать сборники, вышедшие в 1999 г. в автономных казахских районах Текес и Мори.

В процессе подготовки этого тома к изданию тексты переведены с арабской графики на современный казахский алфавит — кириллицу. Тексты выдержаны в рамках требуемого издания. Все публикуемые тексты систематизированы. В них сохранены стилистические особенности языка наших соотечественников за рубежом — диалект, говор, аргю.

С научной точки зрения текст снабжен научными приложениями и нумерацией. В паспортизацию входят: сведения о собирателях текстов, издателях, изданиях, научный комментарий, глоссарий, географические описания топонимов, указатель имен исторических личностей и религиозных деятелей, список источников и научных ресурсов, резюме на русском, английском языках.

Общий объем тома — 26 п.л.

## SUMMARY

M.O. Auezov Institute of Literature and Art guided by the State Program «Madeni Mura – Cultural Heritage» continues 100 volume scientific publication of the series «Babalar sozi» – «Words of ancestors».

Volume 70 of the previous series «Babalar sozi» has presented voluminous and interesting folklore genres: epic legends, genealogy, puzzles, bylichki, edification. As for the specifics of this work, by present period we have submitted for publishing «Fable epics» («Hikayalyқ dastandar») in 13 volumes, «Religious Tales» («Dini dastandar») in 7 volumes, «Love poems» («Gashiktik dastandar») in 11 volumes, «Genealogy» («Shezhirelik dastandar») in 1 volume, «Historical Tales» («Tarikhi zhyrlary») in 11 volumes, «Heroic stories» («Batyrlar zhyry») in 20 volumes, «Riddles» («Zhum-baktar») in 1 volume, «Proverbs, Sayings» («Makal-matelder») in 5 volumes, «Folk Songs» («Kara olen») in 1 volume. This edition also includes folk heritage of the Kazakhs who live in China (volumes 23-32).

Volume 71 which is intended for the wide circles of readers and scientists includes samples of the most ancient folk songs (kara olen) of Kazakh folklore which is representing a separate genre of artistic expression. «Folk Songs» represent quatrains, always consisting of eleven-syllable, four stanzas, one of which is a brief summary of the content of the verse. Folk songs are describing traditional life of the people, thoughts about the future of the people, philosophic ideas, human feelings, love, thoughts about the surrounding world, nature, strength of a witticism.

Folk songs as an example of Kazakh poetry emerged in ancient times; many of them survived and have reached nowadays due to

the fact that they were performed with the accompaniment of the saz. Folk Songs of Kazakh poetry have a syncretic beginning and they have a unique feature. Therefore it is not accidentally that folk songs are the integral part of different kinds of celebrations such as saying good bye to the girl, shildekhana — celebration of birth of a child, arrival of the bride to the groom's village, girls party, religious events, traditional and ceremonial gatherings.

Memorizing and leaning of the text of folk songs helped people to easily find a way out of a delicate, confusingly difficult situation in a conversation, and sometimes to put in a write place the companion. And of course, for the simplicity of the syllable and the possibility of performing with the accompaniment of dombra and sometimes to perform poems separately – this type of folk song was called «stanza» or «folk verse.» Folk feature of «kara olen» is a multi-option feature, which determines the essence of the song-poem. In this genre usually the jigit sets the tone- having composed the first two lines and then the girl puts her answer on these lines, adding her own two lines. Kara olen is a very popular and productive poetic genre, which is widely spread in all regions of Kazakhstan. Along with this the folklore specialists note that this kind of folk poetry is especially developed in Semirechie (Zhetysu) and in the regions of China populated by Kazakhs, and also it preserved in Central Kazakhstan and in the East of the country.

It is planned to publish the texts of the genre «kara olen» in two volumes: one volume includes poems from the collection «Myn bir marjan» — «1001 pearl» (1989), which was collected by a well-known ethnographer prof. A. Seydimbek and also verses from the book «Kara olen» – «Folk Songs» (1997), published by a prominent Kazakh poet O. Askar. Along with this, the volume contains the texts of manuscripts «kara olen» taken from the Foundation of rare manuscripts of the Institute of Literature and Art named after M.O. Auezov. Volume 71 consists of materials of the collections published in Xingjian People's Publishing House in Urumqi. Kara olen are widely known among the Kazakh population of China. Here you can find samples of poems that were collected from populations in different regions of the autonomy, some of them are very popular and others are specific to the certain regions. For example, such valuable books include collections, published in 1999 in the autonomous Kazakh regions such as Tekes and Moria.

In the process of preparing this volume for publication the texts were translated from Arabic script to a modern Kazakh alphabet – Cyrillic alphabet. The texts are arranged according to the requirements for publication. All published texts are systemized and have preserved stylistic features of the language of our compatriots who live abroad - dialect, speech, slang.

From the scientific point of view, the text is supplied with scientific annexes and numbering. The passport system includes: information about people who collected the texts, publishers, publications, scientific comments, glossary, descriptions of geographic names, index of names of historical figures and religious leaders, list of sources and research resources, summary in English, Russian and Kazakh languages.

The total size of the volume – 26 p.p.

## МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан .....	5
<b>Мәтіндер</b>	
Қара өлеңдер .....	11
<b>Ғылыми қосымшалар</b>	
Томға енген мәтіндерге түсініктеме .....	385
Мәтіндерде кездесетін тарихи, діни есімдер мен ру атаулары .....	389
Сөздік .....	401
Жер-су атаулары .....	403
Томға енген қара өлеңдерді жырлаушы, айтушы hәм жинаушылар туралы мәлімет .....	405
Шартты қысқартулар .....	406
Пайдаланылған әдебиеттер .....	407
Резюме .....	409
Summary .....	412

*Научное издание*

БАБАЛАР СӨЗІ

71 том

НАРОДНЫЕ ПЕСНИ  
(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства  
им. М.О. Ауэзова  
Министерства образования и науки Республики Казахстан

Шығаруға жауапты: *Р.Қ. Тұрлынова*  
Редакторы: *Ү.С. Тілегенова*  
Техникалық редакторы: *Ә.З. Заманбек*  
Компьютерге терген: *Е. А. Сманова*  
Компьютерде беттеген: *М.О. Ногайбаева*

Дизайнын әзірлеген «Бауыр» баспасы  
ИБ № 2540

Теруге 15.04.11 жіберілді. Басуға 27.05.11 қол қойылды. Пішіні 60x90<sup>1/16</sup>.  
Қаріп түрі «Мектептік». Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.  
Шартты баспа табағы 26,0. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс № 198.

«Фолиант» баспасы  
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды  
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

ISBN 978-601-292-368-1



9 786012 923681